

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

А.М.СМАНОВА

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ**

Оқу құралы

Алматы * 2012

УДК 94 (3) (075. 8)
ББК 63.3 (4/8) я 73
С 52

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
Редакциялық баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар: **Г.К.Көкебаева** – т.ғыл.докторы, профессор;
Л.Т.Қожақеева – т.ғыл. докторы, профессор

Сманова А.М.

С 52. Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы: Оқу құралы. /А.М.Сманова– Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 234 б.

ISBN 978-601-224-351-2

Оқу құралында Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы жаңа заман тарихының жалғасы болып есептеледі. Бұл кез Шығыс елдері тарихының үшінші-отарлау кезеңі. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Азия және Африка елдерінің басым көпшілігі ірі капиталистік мемлекеттердің тұтастай немесе жартылай отары болғандықтан Қазіргі заман тарихының өзекті мәселесі ұлт-азаттық қозғалыс болды. Бұл қозғалыс Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа сипат алып, жаңа бағытта дамыды. Соған байланысты Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы курсы, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Шығыс елдерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелері жаңа сипатта қарастырылды.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, жалпы тарих мамандарына арналған.

УДК 94 (3) (075. 8)
ББК 63.3 (4/8) я 73

ISBN 978-601-224-351-2

© А.М.Сманова, 2012
© ҚазМемҚызПУ, 2012

КІРІСПЕ

XX ғасырдың бірінші ширегі отаршылдар үшін «алтын ғасыр» болды, яғни метрополия-державалар әлемнің осы бөлігіндегі халықты барынша қанап, шикізаттарын молынан пайдаланып, негізінен саяси, экономикалық және технологиялық мүмкіндіктерін толығымен өз қолдарына алды. Сонымен бірге отар үшін бәсекелесіп қана қоймай өзара соғысып та отырды. Ал екінші жағынан бұл кезең отарлық жүйедегі ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болу салдарынан дағдарыстың етек алуына алып келді.

Бұл кезеңде Азия және Африка халықтарының өзара қатынасы әлдеқайда алшақтаған болатын, мысалы Таяу және Қиыр Шығыс Азия, Солтүстік Африка және Оңтүстік Азия, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия, яғни салыстырмалы түрде айтқанда Батыс және Шығыс Еуропа немесе Скандинавия және еуропалық Жерортатеңізі елдері сияқты болды. Дегенмен, осы XX ғасырдың бірінші ширегінде Шығыс халықтары артта қалған кедей және мәдениет пен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен болды, бірақ сонда да отарлық статустан арылып, бостандыққа ұмтылды. Сонымен, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік шаруашылық және халықаралық саяси байланыс бойынша экономикалық, қаржылық, әскери, бұқаралық-ақпараттық және идеологиялық мүмкіндіктер ауқымы кеңейді.

Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңі (1918-1945 жж.) өте ұзақ емес, дегенмен, осы аз ғана уақыттың ішінде әлемдік тарихта үлкен оқиғалар белең алды, яғни екі дүниежүзілік соғыстар, Ресей революциясы, 1929-1933 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, әлемдік үстемдікті басып алу үшін дүниежүзілік сахнада фашизмнің пайда болуы т.б. Осындай оқиғалардың барлығы Шығыс елдеріне үлкен әсер етті. Тап осы кезеңде көптеген елдер өздерінің егемендігіне қол жеткізді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көп жақты Шығыс қоғамында ұлттық болмыс беки түсті, модернизация және ғаламдану салдарынан олардың әлемдік қауымдастықтағы басқа елдермен өзара байланысы кеңейді. Осындай үрдіс салдарынан

Азия және Африка елдерінің бірқатары әлемдегі анағұрлым дамыған елдер қатарына қосылды. Алайда, бұл халықтардың дәстүрлі және мәдени-өркениеттік құндылығы ерекше болғанымен «қырғи-қабақ соғысы» жылдарындағы екі басты орталық күштің қарсыластығы да әсер етпей қоймады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде әлемде үлкен соғыс болмаса да зорлық-зомбылықтар көп болды. Қарулы азаттық революциялар, отарлық және мемлекетаралық қанды соғыстар, ірі мемлекеттердің қарулы басқыншылықтары, сонымен бірге екі алып державаның (КСРО және АҚШ) аймақтық және этносаяси шиеленістерді, азаматтық соғыстарды, әлеуметтік революцияларды, әскери бүлік және төңкерістерді қарудың күшімен басу нәтижесінен көптеген бейбіт халықтың зардап шегуіне алып келді.

Сонымен бірге, дәуір соңындағы ұлтаралық экстремистік топтардың пайда болуы да үлкен тарихи оқиғаларға айналды. Дегенмен, бұл даму кезеңінде Шығыс елдеріндегі зорлық-зомбылықтың пайда болуы мен рөлі шығыстану ғылымында жанжақты зерттелген жоқ. Сол үшін зорлық-зомбылық мәселесі зерттеу нысанының маңызына айналған батыстық пікір-таласпен санасуымызға тура келеді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия және Африка елдеріндегі этникалық рөлдің дамуына қатысты не отандық, не шетелдік ғылымда әзірге ешқандай ортақ тұжырым қалыптасқан жоқ. Әрине, кейде этникалық факторды әлеуметтік-таптық үрдістер мүддесімен салыстырады, алайда әлеуметтік-саяси өмірдегі ұлтаралық шиеленістерді нақты сараптама арқылы зерттеуді талап етеді. Оқу құралында кейбір мемлекеттердегі ұлтаралық соғыстарға қатысты оқиғаларға осындай сараптама жасауға талпыныс жасалған.

1-тарау

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ҚОҒАМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Отаршылдық адамзат дамуының қоғамдық кезеңіне ерекше тарихи жүйемен енді. Шығыстағы отаршылдық құрылым XX ғасырдың үлкен бөлігін қамтып, оның зардабы осы кезге дейін жалғасуда (жаһанданудың кейбір аспектісі), яғни отаршылдықтан кейінгі кеңістіктегі қоғамдық даму үрдісіне үлкен әсерін тигізуде. Оның негізін ХҮ ғасырдың соңындағы теңіз саяхатшылары (Васко да Гама, Христофор Колумб) Ұлы географиялық ашылулары осындай сыртқы саясат іргетасының қалануына түрткі болды. Ұлы географиялық ашылулар дәуірінде адамзат тарихы алғашқы рет әлемдік негіздің іргесін қалады. Дүниежүзінде әлемдік капиталистік шарттардың жүйесіне ортақ экономикалық аймақ құра бастады және кейбір мемлекеттер метрополияға айналды (бірқатар Еуропалық мемлекеттері, АҚШ, кейінірек-Жапония), ал әлемнің көптеген езілген халықтары - тәуелді (Азия, Африка, Орталық және Оңтүстік Америка елдері), яғни отар және жартылай отар елдерге айналды.

Дегенмен, отаршылдық дамыған капиталистік елдердің жасап шығарғаны емес, сондай-ақ еуропалық конкистадорларда отаршылдық жүйесін бірінші болып ашқандардың қатарына жатпайды. Алдыңғы тарихи дәуірде де көптеген ғасырлар бойы ірі отарлық империялар да өмір сүрді (б.з.б. ХҮІ-ХІ ғғ. египеттік, б.з.б. ҮІ-ІҮ ғғ. ирандық, б.з.б. I ғ. римдік, ІҮ ғ. қытайлық, монғолдық, османдық). Еуропалық отаршылдықтың негізгі ерекшелігі жоғарғы қарқынды ұйымдастырушылық технологиясы болды (ХҮІ-ХҮІІІ ғғ. мәдени-ғылыми жетістіктердің нәтижелері өнеркәсіп төңкерісіне алып келді). Тап осы еуропалық капитализм зорлық-зомбылықпен әлемді отарлық шаруашылық жүйесіне біріктірді.

§1. Жаңа кезеңдегі Шығыс қоғамындағы отаршылдық

Отар-алғашқы қор жинау көзі ретінде. Отарлық жүйе алғашқы кезден-ақ әлемдегі мемлекеттерді екі топқа бөлді: метрополия және отарлар. Бір жағында шамалы ғана капиталистік ұлттар, ал екіншісінде - басып шаншылған әлем халықтарының басым көпшілігі болды. Отарлық сауда ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда дами бастады, дегенмен, оның сыртқы тауар айналымы Азия және Африканың кейбір аймағында алғашқы қор жинау үлес салмағына әсер ете қойған жоқ. Өйткені алғашқы кездері Азия және Африкадан көбіне тауар енгізіліп емес, керісінше үнемі қымбат металдар, асыл бұйымдар мен құлдар сыртқа тасымалданып отырды. Отарлық басқыншылықтың кенеюі салдарынан сыртқы сауданың кірісі ғана ұлғайып қойған жоқ, (Азия және Африканың кейбір аймақтарында) сонымен қатар жергілікті халықты аяусыз басып-жаншып тұтастай тонаушылық етек алды (ХҮІ-ХҮІІІ ғғ. Молуккс аралы, 1615 жылдан бастап Сурат, Мадрас, Пурикат, ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Ява аралдары, ал ХҮІІІ ғ. бастап Бенгалия т.б.). Ал екінші жағынан әлемдік нарық жүйесі капитал техникалық жетістіктер мен қалалардың өсуіне алып келді (әсіресе портты қалалар) сондай-ақ, транспорт дамып, сақтандыру, банк істері т.б. қолға алынды.

Отар елдерден тасымалданған қымбат бұйымдар мен асыл тастарды тек метрополия ғана пайдаланды, сол жерде ғана ол капиталға айналды. Ал тонауға ұшыраған елдер үшін бұл орны толмас шығын болды, олардың шаруашылықтары күйзеліске ұшырады. Мысалға жүгінер болсақ, ағылшындық Ост-Инд компаниясы өзінің Үндістанға үстемдік құрудың алғашқы жүз жылында бұл жерден миллиард фунд стерлинг көлемінде қымбат заттар тасып үлгерген екен. Әрине, ағылшындар бұл байлықты жат жерден өз маңдай терлерімен тапқан жоқ, керісінше жергілікті халықты қанау, тонау арқылы қол жеткізіп, сосын Англияға жіберіп отырды. Мұның арты үлкен адам шығынына да алып келді, мысалы ағылшындардың салықтық қыртқыштығы салдарынан, 1770 жылғы аштық салдарынан бай және көп халықты Бенгалияда 10 млн. адам құрбан болды. Мұндай жағ-

дай голландық отаршылдар қолындағы Ява жерінде де болып, халықтың көбі аштықтан қырылып, ал қалғаны тауға қашып жан сауғалады.

Құл саудасының рөлі. Отарлық кезеңнің ең маңызды үрдісі құл саудасы болды. Ол Американың (Вест- Инд) батысындағы плантациялық шаруашылықтың ауқымы кеңейген кезде тіпті күшейе түсті. Мысалы, жүз жыл аралығында (1680-1780) Африкадан ағылшындардың солтүстік-америкалық отарларына 2 млн. 200 мың құл тасымалданды. Ал ХҮІІІ ғасырдың соңында құл тасымалдау жылына 80 мың адамды құрады.

Империялық жүйедегі отарлық саясат. 1870 жылдардан бастап капиталистік дамудың жаңа кезеңі басталды – ескідегі «еркін» монополиялық империализмге аяқ басты. Алдыңғы қатарлы өнеркәсіптер иеленген державалар арасында қандайда бір тиімді аймақтар үшін күшті ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде ірі отарлық империя құру дәуірі аяқталды, оның ішіндегі ең ірісі Шығыста Гонконгтан бастап Батыста Канадаға дейінгі аймақты алып жатты. Бүкіл әлем бөліске түсті, тіпті ешкімдікі емес деген территория мүлдем қалмады. Ұлы еуропалық басқыншылық дәуірі аяқталды. Сонымен, отарға айналған елдер өзін-өзі басқару құқығынан айырылды, ол жартылай отар елдер өздерінің дәстүрлі басқару жүйесін сақтап қалды. Дегенмен, аз ғана жартылай отарлар өздерінің егемендігі тек немқұрайлы түрде ғана болды. Теңсіз келісімдер, үлкен пайыздық несиелер және әскери одақтар нәтижесінде олар өнеркәсібі анағұрлым дамыған елдерге үнемі тәуелді болып отырды. Сонымен, өзінің әлеуметтік-экономикалық құрылымы жағынан жартылай отар елдер отарлардан еш айырмашылығы болған жоқ.

Отар және жартылай отар елдерді қанау әдісі. Дүниежүзіндегі көптеген елдерді отар және жартылай отар елге айналдырған монополия енді қанаудың қатыгездік түрімен миллиондаған жергілікті халықтың еңбегін тегін пайдаланды. Мұнда жұмыс күші өте арзан болды, ал отаршылдар бұрынғыдай шикізатты сыртқа тасымалдауды тоқтатқан жоқ. Отар және тәуелді елдерден капитал шығару дәстүрлі жолмен жүргізілді. Оның кең түрде қолға алынған түрі империалистік держава-

лардың банктері тәуелді елдердің басшыларына займ беру арқылы тұншықтырып ұстап тұру болды. Займдар метрополия банктерге жоғарғы табыс қана алып келген жоқ, сонымен бірге қарыз - елдерге өздерінің қаржылық бақылауларын орнатуға алып келді. Мұның өзі тіпті банктер бүкіл елге бақылау орнатуға дейін жағдай туғызды. Ал мұның арты бастапқы кезде экономикалық, ал артынша саяси тәуелділікке алып келді. Шикізатты сыртқа тасымалдау және қазба байлықтары олжасына қатысты көптеген өнеркәсіп орындарын да банктер иелік етті, мысалы Кореяда жапон банкі, ал Египетте Ұлттық банктің рөлі күшті болды, Түркия және Иранда ағылшын-француз Осман банкі және ағылшындардың Шахиншах банкі және т.б. болды. XX ғасырдың басында Англия ірі 50 отарлық банкті иемденді ал олардың әртүрлі қалаларда 5000-ға жуық бөлімшелері болды.

XX ғасырдың басында нарық жүйесі өзгерді, метрополия енді фабрикалық бұйымдар шығара бастады, осы кезеңде жаңа теңіз келісімдер жасалып метрополия мүддесіне сай кеден саясаты іске асты. Метрополия отар және жартылай отар елдердің жерін дөңді дақылдар және басқа шикізат көзі ретінде пайдалану үшін сатып алумен болды. Мысалы, Үндістанның шәй плантациясының көп бөлігін ағылшындар иемденді, голландық монополия Индонезияда үлкен көлемдегі плантацияны иемденді, ал француздар отты қарудың күшімен Алжирді тепкіге алып, әртүрлі алаяқтық салдарынан Марокко мен Тунистің жерін басып алды.

Азия және Африка елдерінің алдағы үрдісі капиталистік өндіріс үшін шикізат көзіне айналды. Метрополия отарларының ауыл шаруашылығында тек өздеріне керек өнімді шығаруды мақсат етті. Мысалы Ассам, Цейлон, Ява аудандары шәй өсірумен ғана айналысты. Бенгалияда ағылшындар кендір өндірісімен мамандандырылса, Иракта арпа, Солтүстік Африкада-зәйтүн, Вьетнамда-күріш, Угандада-мақта өсірумен айналысты. Сонымен бірге Мысыр жері де ағылшын өнеркәсібі үшін мақта өсірді.

Алайда, отар және тәуелді елдердегі маңызды орындар - теміржол, порттардың құрылысы, телеграф жүйесі және әскери-стратегиялық жұмыстар болды. Мысалы, неміс монополистері

Бағдад теміржолын салды, тек Оңтүстік-Африкалық Одақтың өзінде ғана бельгиялық және француздық монополиялар 7 мың миль теміржол салды, ал Египет территориясындағы Суэц каналы да отаршылдар мүддесіне сай қызмет жасады. Сонымен қатар, отар және тәуелді елдерде шетелдік өндіріс орындары ашылып жатты. Осындай мақсатты іске асыру үшін концессия (бір мемлекеттің өз өндіріс орнын басқа мемлекетке арнаулы мерзімге жалға беру шарты) шарты жасалды. Мұндай шарт Иранда ағылшын-парсы (кейін ағылшын-иран) мұнай компаниясы болды. Қытай жерінде де болды, ал кейін мұнай, көмір, қазба байлықтар, тау-кен, фосфат - барлығы шетелдік монополиялардың қолына көшті. Иран, Индонезия және басқа араб елдеріндегі мұнай компанияларын иемденді. Египет, Үндістан, Вьетнам, Түркияда тұзды өндіру және сату құқығына да шетелдіктер ие болды. Африка елдеріндегі алмаз және алтын кендері ағылшын, француз және бельгиялық компаниялары құзырына тиді.

Кеден саясаты да метрополияға тәуелді болды. Американдықтар - Филиппинде, француздар - Үндіқытайда, ағылшындар - Үндістан және Египет жерінде кеден және теміржолға баж салығын орнатты.

Отарлық жүйедегі саяси өзгерістер. Отаршыл – қоныстанушылар бастапқы кезде жат жерге біртіндеп орналаса бастады, осыдан кейін жергілікті халық шеткері және нашар жерлерге көшіп кетеді, ал қалғаны көп жағдайда бір-біріне сіңісіп кетеді (ассимиляция). Мұндай жағдай көбіне Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия жерлерінде болды, сонымен бірге бурлардың Оңтүстік-Африкалық республикасында кездеседі. Бұл жерлерде уақыт өте келе еуропалық үлгідегі мемлекеттер пайда болды.

Ал кейбір отар жерлер еуропалықтар үшін өте тиімсіз болды. Осындай жерлерде еуропалықтар аз ғана болды, тұтас Африкада, Индонезия және Океанияда. Бұл аймақтар үнемі әлсіздігімен ерекшеленді, саяси-әкімшілік және мемлекеттік мүлдем болмады. Бұл жерлер отаршылдар үшін шығынсыз табыс көзіне айналды.

Отарлық жүйедегі алғашқы шиеленістер. Шығыс қоғамының тәуелділігі ерте кезден-ақ басталды. Бастапқы кезеңіне

Испания мен Португалияны алар болсақ, ал кейін келе көшбасшылық орынға - Нидерланды, Англия, Франция көтерілді. Сонымен бірге өз мемлекетінің атымен сөйлеп және қолдануына ие болған монополиялық-компаниялар да (Вест-Инд, Ост-Инд, Левантия т.б.) болды. Осының артынша (XVIII ғ. ортасынан бастап) ағылшын-француз бақталастығы алдыңғы орынға шығып, ол XIX ғасыр бойы жалғасты. Тап осы бақталас державалар арасында екі үрдіс пайда болды: саяси және әскери шиеленіс. Африка жерінде Англия, Франция, Португалия, Бельгия және Германия белсенді отарлық саясат жүргізді. Франция Египетке табан тіреп тұрып алған кезде, Англия құпия келісім арқылы Тунисті басып алып, артынша Мароккоға жорыққа дайындық бастады. Ал кейбір жағдайда отаршылдар өз ықпалдарына қарай бөліп алу әдісін де пайдаланды. Осындай «ықпал аймағы» ретінде бөліске түскен Қытайды бірнеше еуропалық державалар иемденіп, кейін бұл (XIX ғ. соңы) оларға «ортақ клубқа» АҚШ пен Жапония да қосылды.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында империалистік державалар арасында алдағы дүниежүзілік соғыстың іргесін қалаған алғашқы ірі шиеленістер басталды. Бұл 1898 жылғы испан-американ соғысы, 1899-1902 жылдардағы ағылшын-бур соғысы, 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы болды.

XX ғасырдың басындағы метрополия және отар. XX ғасырдың басында бүкіл әлем дерлік ұлы державалар арасында бөліске түсті. Мұның нәтижесі жоғарыда атап өткендей тек қана отарлық соғыстар мен теңсіз келісім шарттар ғана болған жоқ, сонымен қатар жаппай қантөгіспен аяқталған ұсақ соғыстар да болды.

Азияда отарлық әкімшілік емес өздерінің монархтарының басқаруындағы тек 6 мемлекет (оның өзі немқұрайлы түрде) өз тәуелсіздігін сақтап қалды: Қытай, Сиам (Таиланд), Непал, Ауғанстан, Парсы (Иран) және Неджд (Аравияның ортасында); ал Африкада - Эфиопия. Англия, Франция, Германия, Ресей және Жапонияның бөлшектеуінен аман қалған Қытай жартылай отар күйіне түсіп, ықпал аймағына айналды. Непал шартты түрде британдық үндістандық империяға тәуелді болды. Парсы же-

рі Англия және Ресей арасында өзара бөліске түсіп, құпия түрдегі ықпал аймағына айналды. Сиам қарсылықсыз тізе бүгу режимімен (капитуляция) шырмалды, бастапқы кезде Ұлыбритания (1832 ж.), Франция (1856 ж.) ал кейін басқа да капиталистік елдер бұғауына түсті. Ауғанстан, I және II-ші ағылшын-ауған соғыстары барысында ағылшындардың армиясын талқандағанымен бәрі бір сыртқы саясатында ағылшындардың бақылауын мойындауға тура келді. Оның үстіне XIX ғасырдың екінші жартысында ауған әмірлігі Англия және Ресейдің қысымын сезіне бастады.

Англияның отарлық иеліктеріне айналғандар: Жерорта теңізінде Кипр және Мальта аралдары, Қызыл теңізге шыға берістегі Аден порты, Үнді мұхиты мен Парсы шығанағындағы кейбір араб князьдықтары болды. Сонымен бірге Үндістан, Цейлон (қазір Шри-Ланка), Бирма, Малая (Сингапурмен бірге), Солтүстік Борнео (қазір Калимантан), Брунейжәне Тынық мұхитындағы көптеген аралдар, ал Африкада Британдық Сомали (Сомалиленд), Кения, Зинзибар аралы, Уганда, Родезия, Бегуанленд (қазір Ботсвана), Нигерия, Алтын Жағалау (қазір Гана), Сьерра-Леоне, Гамбия, Ньясаленд (қазір Малави), Судан елдері Англия және Египет арасында ортақ басқаруға көшті. Англия Қасиетті Елена аралын да иемденді, ал Америка жерінде Тринидад, Тобаго, Ямайка, Багам және Бермуд аралдарын, Британдық Гвиана (қазір Гайана), Британдық Гондурас және т.б. Біраз сақталып қалған жергілікті аборигендерден саны жағынан басым ағылшындар қоныстанған бұрынғы Англияның отарлары халықаралық қатынастарда өзін-өзі басқару құқығымен доминион статусын алып, Британдық Ұлттар Достастығы құрамына кірді. Олар Канада, Ньюфаундленд (1946 жылы Канаданың құрамына кіреді), Оңтүстік Африка (1961 жылы Достастық құрамынан шығып кетеді), Австралия және Жаңа Зеландия.

Францияның отар иеліктеріне кірген елдер: Азия жерінде - Француздық Үндіқытай (қазір Вьетнам, Лаос және Камбоджа), Үндістандағы Пондишер порты, Африкада-Марокко, Алжир, Тунис (мұнда түрік сұлтандығының билігі уақытша сақталды),

Француздық Батыс Африкақұрамына: Сенегал, Француздық Судан (қазір Мали), Кот-д'Ивуар, Буркина-Фасо, Дагомей (қазір Бенин), Нигерия, Қызыл теңізде - Джибути, сосын Француздық Экваторлық Африка жерінде: Габон, Чад, Конго, Убанги-Шари (Орталық Африка Республикасы), Үнді мұхитында - Мадагаскар және бірқатар аралдар болды, ал Тынық мұхитында - Жаңа Каледония, Таити, Туамоту тағы бірқатар аралдар, ал Америка жерінде Француздық Гвиана.

Құрама Штаттар иелігі - Филиппиндер, Тынық мұхитында Гуам және Самао аралдарының бір бөлігі, сонымен бірге Кариб теңізінде Пуэрто-Рико және Панама каналының маңы болды. Батыс Африка жерінде АҚШ-тан келген қара нәсілділерден Либерия мемлекеті құрылды.

Италияның отарлық иеліктері- Триполитания, Киренаика және Фецан (Ливия), Африкада - Эритрея және Италиялық Сомали, Эгей теңізінде - Родос және Додекан аралдары болды.

Португалия Азорлық аралдарды иемденді (олар түгелімен португалданды), Жасыл мүйіз аралдары, Португалдық Гвинея, Ангола, Мозамбик, Үндістандағы Гоа порты және Индонезиядағы Шығыс Тимор жерлері болды.

Испанияның Батыс Африкада біршама ғана отар иеліктері болды, сонымен бірге Канар аралдары және Испандық Гвинея болды.

Голландияның (Нидерланды) отарлары бай Нидерландылық Үндістан (қазір Индонезия), сонымен бірге Жаңа Гвинеяның бір бөлігі және Нидерландылық Гвиана болды.

Бельгия Африкада ең үлкен территорияға иелік етті, ол-Бельгиялық Конго (қазір Заир). Бұл жер 1876 жылдан 1908 жылға дейін Бельгия патшалығына емес, Орталық Африканы зерттеу және көркейту мақсатында Халықаралық комиссия құрғаны үшін Бельгия патшасы II Леопольдтың жеке басына тиесілі болды. Нәтижесінде өркениеттік мақсатпен басып алынған территория отарлық күйзеліске ұшырап, халқы құлдыққа түседі, нәтижесінде осы отыз жылда жергілікті халық саны елу пайызға қысқарып кетті.

Германияның иелігі Того және Камерун, Намибия, Руанда-Урунди (қазір Руанда және Бурунди) және Танганьика (қазір Танзанидің үлкен бөлігі), Тынық мұхитындағы Жаңа Гвинеяның бір бөлігі және Самоаның бір бөлігі болды.

Жаңа кезең аяқталып - Қазіргі заман дәуіріне аяқ басқан уақытта әлемді отарлық бөлшектеу түбегейлі аяқталды: ал енді алда оны қанды жолмен қайта бөлісу күтіп тұрды.

§ 2. Ауыл және аграрлық шаруашылықтың капиталистік жолмен даму үрдістері

Отарлық жүйедегі плантациялық шаруашылық. Шығыс елдердің негізгі шаруашылық түрі әрқашанда ауыл шаруашылығы болды, ол халықтың үштен екі бөлігін қамтып ұзақ уақыт өзінің дәстүрлі әдісін сақтап келді. Дегенмен, ұлы державалар отар елдерінің аграрлық құрылымы және жер шаруашылығы жүйесін өздеріне тиімді болатындай етіп қайта құрулары, мұндағы елдің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық кешеніне үлкен әсер етті. Отар елдердегі аграрлық жүйенің құрылу әдісі неше түрлі болды. Әйтседе, ол негізгі екі ағыммен жүрді: біріншісі - дәстүрлі қауым шаруаларының өнімдерін экспортқа шығарылатын дәнді дақылдар өсіруге ауыстыру, экспорт секторында ұсақ тауар өндірісін құру, ал сосын отарлық жүйемен дамыған жеке меншік жерлер мен жалгерлік жерлерді помещиктік түрдегі ірі өндіріс саласына ауыстыру; екіншісі - ірі өндірістерді плантациялық шаруашылыққа айналдыру. Шетелдік плантациялық шаруашылық басқаларға қарағанда ерте және тез дамып, капиталистік өнеркәсіптерге көшті. Сонымен, плантациялық шаруашылықтың дамуы отар елдердің капиталистік жолмен дамуының негізін қалады.

Сонымен, плантациялық шаруашылықтың алғашқы түрі ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Молуккс аралында, ал кейін Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа аудандарында пайда болды. Тек ХІХ ғасырдың ортасынан бастап жаңа жерлерді өңдеу және бұрыннан пайдаланып келе жатқан жерлерде жаңа техникалық дәнді дақылдар өсіріле бастады. Плантациялық шаруашылықтың үлкен орындары Үндістанда, Индонезияда, Бирмада, Египетте, Малайяда, Шри-

Ланкада, Филиппиндерде және басқа елдерде пайда болды. Плантациялық шаруашылық салдарынан қалың ормандар жойылып, батпақты жерлер құрғатылды, суландыру жүйесінің көмегі және ауыр инженерлік-құрылыс жұмыстары салдарынан бөгеттер, каналдар және суландыру станциялары т.б. салынды. Плантациялар инфрақұрылымның дамуына жол ашты: темір жолдар және тас жолдар, қойма ғимараттары, жұмысшылар үшін тұрғын үйлер және шикізатты өңдеу үшін заманауи өнеркәсіптер салынды.

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бірінші жартысында Шығыс қоғамында отарлық-капиталистік синтез белсенді түрде жүрді, «отар-тәуелді елдер» жүйесі шеңберінде еңбекті өз бетінше отарлық бөлу басталды.

Жаңа экспорттық дақылдардың пайда болуы. Отаршылдар өздерінің экспорттық талаптарын қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығымен ғана күн көріп отырған жергілікті халықты қанауды күшейте түсті. Дегенмен тәуелді елдер сол кезден бастап-ақ бұрын өздерінде болмаған дақылдарды көп мөлшерде экспортқа шығара бастады - Үндістанда шәй, Индонезияда кофе, ал Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның барлық елдерінде каучук өндірілді. Сонымен, бірге отарларда мақта, кендір, қант, темекі, какос және пальма майлары, жүзім, цитрус секілді өздерінің бұрыннан бері өндіріп келе жатқан дәстүрлі шаруашылығының ауқымы кеңейіп, оларды да экспортқа шығара бастады.

Шығыстың кейбір елдерінде (мысалы Египетте) жеміс-жидек және мақта өсіру бойынша жер танабы компаниялары шаруашылықтың әртүрлі салаларын ұйымдастырды және оған қосымша дәнді дақылдар, малдың жем-шөбін, ірі мал өсіру фермалары құрылып, өз өнімдерін өңдеп шығару үшін заводтар салу құрылысы да қолға алынды. Мұндай шаруашылықтың капиталистік құрылысы Алжирде де қолға алынды. Сонымен ауыл шаруашылығында бәсекелестік көрсетіп отырған державалар біртіндеп жоғарғы кірісті шаруашылықты халықаралық нарыққа шығарды.

Плантациялық шаруашылықтың жергілікті экономикамен байланысы. Плантациялық шаруашылықтар құрылғаннан кейін акционерлік қоғамдар мен жекеменшік қожалықтарында жалдамалы жұмысшылар мәселесіне қатысты қиындықтар пайда болды. Шығыс елдерінде жалдамалы еңбек және жұмыс күшінің жаппай нарығы енді ғана құрылып жатқан болатын, сондықтан плантацияларда көбінесе келісім бойынша жұмысқа келген жұмысшылар, мерзімдік жұмысшылар, яғни біршама дамыған аудандардан уақытша келген мигранттар (мысалы, Қытайдан, Үндістаннан және Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдерінен).

Акционерлік қоғам негізінде құрылған ірі шаруашылықтар немесе орташа және ұсақ плантация иелерінің әкімшілік жұмысшыларымен емес тек басты жұмыс берушілермен келісімшарт жасап отырды. Шартқа қол қойып, алдын-ала келісілген ақшаны алғаннан кейін, келісім мерзімі аяқталғанша жанама түрде тәуелді болды. Мұндай шарт жүйесі немқұрайлы түрде 1920-шы жылы жойылғанмен, бірақ кейінгі жылдары да жалғаса берді.

Даму жолының келесі баспалдағы жергілікті экономиканың айырбас және қолданыс түрінің қауымдасу ағымы болды. Дегенмен, отарлардың шетелдік (заманауи) және жергілікті (дәстүрлі) секторлары арасындағы байланыс тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана басталды. Осы кездегі иммиграциялық жұмыс күші және акционерлік қоғам аясында құрылған капиталистік отарлық шаруашылық көп уақытқа дейін, капиталистік шаруашылыққа дейінгі құрылыммен бір-бірімен іргелес жұмыс жүргізді.

Ірі плантациялық шаруашылық отаршылдықтың теріс әрекетінде болды: шетелдік капитал, шартты жұмысшы, шаруашылықтың іргелес дамуы және т.б. Ең ауыры әлеуметтік-экономикалық зардап еді: аграрлық елді-мекендер құру, дәстүрлі сектордан плантация үшін ірі пайдалы жерді алу. Алайда, өз кезінде бұл іс-шара отарларда капиталистік даму процесінің дамуына үлкен үлес қосты.

Помещиктік жер иеленудің жаңа түрінің қалыптасуы.

Шығыстың көптеген елдерінде ұсақ шаруалар буржуазиясы құрылып, жаңа шаруашылық түрінде ірі жер иелігінде помещиктік капитализм дами бастады. Шығыстағы ауыл шаруашылығының капиталистік помещиктік түріне өтуі, яғни жалгерліктің неше түрі, жер рентасына шаруаларды бұғаумен ұстағандай болды. Өндірілген өнімдегі басты үлесінен және шаруашылықта еркіндігінен айырылған жалгер-шаруалар шығыстану әдебиеттерінде консервативті деп аталды. Онда аграрлық саладағы капиталистік дамудың батыстық үлгісінің ең төмен және нашар жақтары сақталған. Дегенмен, XX ғасырдың бірінші жартысында Шығысқа қолданылған нашар модель болса да, оның отарлық және тоқыраулық түрінің өзінен біртіндеп жаңа үлгідегі өндірісі құрыла бастады.

Помещик, ірі жер иеленуші немесе басқарма бастығы шаруаларға кішігірім учаскелік жерді, соқаға жегетін мал, бір-неше құрал-сайман, дөнді дақыл т.с.с. жалға беріп, осыдан кейін өндіріске бақылау жүргізе бастады, тіпті осы ұйымдастырудың кейбір құрылымдарын да өздері атқарды. Помещик немесе басқарма бастығының қызметі түсімді, қарызды және өсімкөр пайызды жинаумен ғана шектелген жоқ, олар жер иелері мен жалгерлердің жағдайын айтарлықтай өзгертті. Жериеленушілерден шаруашылық қызметіне қатысуы, құқықтары және ұйымдастырушылық құрылымдарының кеңеюі өтпелі кезеңде сыбайластық шаруашылықтың дамуына түрткі болды. Сонымен, Шығыс елдерінде жалгерлердің арнайы қоныстары пайда болды (Египетте-эзба, Филиппиндерде-баррио) мұнда тұрғындар өзінің дәстүрлі маңыздылығын жоғалтпаған, яғни үлкен экономикалық және саяси билікті иеленген жериелеріне тәуелді болды. Мұндай жағдай Шығыс қоғамында отарлық-капиталистік даму үрдісінің баяу жүргенін көрсеткенмен, жер шаруашылығының даму қарқыны жаңа заманауи қалыпқа түсе бастағанын көрсетеді.

§ 3. Қала экономикасындағы буржуазиялық даму үрдісі

Шығыс елдерінің дәстүрлі өнеркәсібі. Батыстық капиталистік даму үрдісі мен Шығыстың дәстүрлі өнеркәсібі ара қатынасы қала экономикасының дамуында үлкен қарама-қайшылық тудырып отыр. Батыс Еуропада өнеркәсіп төңкерісі жеңіл өндіріс саласынан басталды. Өнеркәсіптің импорттық арзан фабрикалық бұйымдары Шығыс елдерінде мақта-мата өндіру қолөнерінің жалпы аумағының қысқаруына түрткі болды. Батыстан фабрикалық түрде иірілген жіптер тасымалдана бастады.

Осы өндірістің ірі көлемде алғашқы рет араласуы отарлық кезеңде ондаған жылдарға дейін созылды. Мұндай жағдай үйдегі қолөнерін біртіндеп фабрикалық түрге ауыстыра бастады. Сонымен, жеңіл өнеркәсіп фабрикасының пайда болуы қолөнер шеберханаларын ығыстырды. Бұл үрдіс ең алғаш Үндістанда байқалды, яғни бір ғана фабрикада шығарылатын өнім, елде қолөнер саласы бойынша шығарылатын өнімнің жартысынан көбін қамтыды. Бұл кейін көптеген елдердің нарығына түсіп, оны одан әрі өздері игеру әдіс-тәсілін қолға алды.

Жергілікті шаруашылық және отарлық капитал. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде жергілікті өндірістің дамуына метрополия отарлық капиталының өндіріс жүйесінің өзара тәуелділігі кедергі жасап отырды. Мысалы, Үндіқытайда жергілікті француз фабрикалар (шеберхана, мақта-мата, қант, шәй, арақ-шарап, күріш тазалау т.б.) шикізатты сатып алу және жергілікті кәсіпкерлерді қамтамасыз етуді монополияландыруға талпыныс жасады. Шаруашылықтың кейбір саласында олар үлкен табысқа жете алған жоқ, мысалы бірінші кезекте жібек өндіру саласы бойынша, яғни жұмысшы мамандар ескі тәсілді пайдалана отырып өз өнімдерін еркін игеруді қалады. Ал, мақта-мата өндірісі саласы бойынша француз импорттық шикізатта жұмыс істеуші жіп иірушілер тек вьетнамдық мата өндірушілерді жіппен қамтамасыз етіп қойған жоқ, сонымен бірге мақта-мата мануфактура шеберханаларын да қамтамасыз етіп отырды.

Сонымен, Шығыс елдерінде өнеркәсіп капиталы арасындағы күшті бәсекелестік және дәстүрлі қолөнер шаруашылығы-

ның жалпы көлемінің қысқаруына алып келді. Бұл қант қайнату, бояу өндірісі, фарфор бұйымдарын шығару, колшатыр және колмен метал өңдеу салаларында да біліне бастады. Біртіндеп, тек тапсырыс бойынша жұмыс істейтін танымал ақсүйектерге ғана қызмет жасайтын қолөнер саласы ығыстырылды.

Көпжақты шығыс экономикасындағы шетелдік сектор. Экономикада шетелдік сектордың пайда болуы тау-кен, банктік-транспорт, коммуналды өнеркәсіп орындарында, өндірістің шетелдік капиталистік жүйесі пайда болды. Шығыс қоғамында капиталистік қатынастың дамуы дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымды артқа қалдырып, машина индустриясына қарай жол ашты. Осы қатынастар ұлттық жекеменшік кәсіпкерлері өндірісінің күрт өсуіне түрткі болды.

Өндірістің жаңа түрі, шаруашылық саласы, әсіресе Шығыста машина жүйесі Батыспен салыстырғанда біртіндеп керісінше игеріле бастады. Егер Батыс Еуропа және Солтүстік Америкада машинажүйесін бастапқы кезде өндіріс саласында пайдаланса, ал Шығыс елдерінде – транспорт түрінде қолданды. Бу параходтары, темір жолдар және телеграф, яғни осы техникалық жүйені отарлық және тәуелді елдер бірінші болып игерді.

Қолөнершілер көп шоғырланған Шығыста машина жүйесінің пайда болуы айтарлықтай өзгеріс әкеле қойған жоқ, тіпті үй шаруашылығындағы өндірісті фабрика-заводтық өндіріске тез ауыстыру мүмкін болмады. Дәстүрлі қолөнер мануфактурасына сатымен келе жатқан Шығыс үшін шаруашылықтың техникалық түрін қабылдап және іске асыруға айтарлықтай дайын емес еді. Техника өндірісі ішкі даму үрдісінде өзіндік өнім болып есептелген жоқ. Машина жасау шаруашылығы шығыста шетелдік фабрика-заводтар тарапынан іске асырылды, мысалы Үндістанда, Қытайда, Египетте, сонымен бірге Вьетнам, Бирма, Малайяда.

Шығыс елдеріндегі өнеркәсіп төңкерісі. XX ғасырда экономикалық және капиталистік қатынаста отарлық басқыншылықтың күшеюі тағы бір маңызды үрдісті күшейте түсті – урбандану, яғни қалалардың өсуі қаладағы халық санының көбеюі. Қалаларда жаңа үлгідегі көптеген сауда-өнеркәсіп орталықтары

пайда болды, ал дәстүрлі қалалар өздерінің бұрынғы бетінен қайтып, ауылдан көшіп келген мигранттар тарапынан өнеркәсіп түріне көше бастады. Заманауи үлгідегі қала орталықтарында инфрақұрылым пайда болды. Дегенмен, XX ғасырдың бірінші жартысында да Шығыс елдерінде өнеркәсіп төңкерісі әлеуметтік-экономикалық жағынан да немесе техникалық жағынан да толық аяқталған жоқ.

Шығыс елдері техникалық құрал-жабдықтарды сырттан тасымалдау үрдісіне тәуелді болды. Мысалы, Бирмада 1869 жылдан 1937 жыл аралығында күріш өнімінің құны 24 миллионнан 258,9 млн. рупийға дейін өсті, яғни 10 есе. Ал осы кездері күрішті экспорттау көлемі де дәл осындай көлемде болды. Шығыс елдерінде өнеркәсіп қарқыны ескі де жаңа да өнім шығару үрдісін пайдаланып, ішкі нарық дамып, ұлттық экономиканың қауымдасуына жол ашылды. Дегенмен, үлкен көлемде осындай табыстарға қол жеткізген күннің өзінде ірі көлемде айтарлықтай еш өзгеріс бола қойған жоқ. Көптеген елдер өз өнімдерінің бір бөлігін Еуропа, Америка, Африка және Азия елдеріне экспортқа шығарып отырды, ал метрополия қолына ғана шоғырланған күнделікті керек тауарлар мата, жүн, аяқ киім, өнеркәсіп және техникалық құрал жабдықтарды сырттан тасымалдауларына тура келді.

XX ғасырдың бірінші жартысында Шығыс елдері өнім шығарудың капитализмге дейінгі үлес салмағын сақтап келді – қолмен жіп иіру, мата, керамика ыдыстарын жасау, сонымен бірге металл мен ағаштан күнделікті қолданыстағы әртүрлі бұйымдарды да өздері жасады. Ал заманауи фабрика-заводтардың өндірісі, қаржы-несие мекемелері, банктер, сауда фирмалары, транспорттың жаңа түрі «жоғарыдан» өндіріліп, тек ұлттық капиталға ғана тиесілі болды (жеке меншік және акционерлік). Ал «төменгі» ұсақ тауар шығаратын жергілікті өнеркәсіп шаруашылық орындарының даму қарқыны ешқандай бақылауға алынған жоқ. Сонымен бірге аудандық және ауылдық жерлерде ескі жүйеде білім беру, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, құндылық, басқару орындары секілді салаларда да дәстүрлі өмір сүру салты ұзақ уақыт сақталып қалды.

2-тарау

ҚИЫР ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ

§ 4. Жапония

Жапония мемлекеті де Қытай секілді конфуциялық өркеніетке жатады, бірақ Қытай тарихы Жапониядан әлдеқайда көне. Мұнда *Күн Құдайы Апатэрасудың баласы Дзимму* таққа тек б.з.д. 660 ж. ғана отырды.

Жапония кезінде Қытайдан көп нәрсені: жер шаруашылығы, күріш, шәй өсіру; күнтізбе және жазуды үйренді. Тіпті XIII ғасырдан бастап Жапонияның ресми тілі «камбун» – яғни Қытайдың көне жазба тілі болды.

Ұзақ жылдар бойы Жапонияда кландар бір-бірімен өзара соғысып отырды. Ал біртұтас мемлекет тек - ХҮІІ ғасырдың басында ғана қалыптаса бастады. *Токугава әулетінен* шыққан князьдардың бірі көп жылдық соғыстан кейін сёгунат дәуірін орнатты.

1868 жылы сёгун құлатылды, билік император - *Муцухито* қолына берілді. Осы кезде Жапонияда маңызды реформалар жүргізіліп, нәтижесінде жаңа өндіріс орындары ашылды. Көп өндірістер жекеменшік қолына беріліп, оған мемлекет несие т.б. жеңілдіктер жасап отырды.

1889 жылы елде *Конституция* қабылданып, парламенттік жүйе құрылды. Саяси партиялар арасында күрес басталды. Императорға Конституцияны жою, парламент пен саяси партияларды тарату туралы талаптармен үндеу жіберілді. Ал экономикалық мүддені жекеменшік концерндер (Мицубиси, Мицуи т.б.) қорғап отырды - тап осылай олар Жапонияда үлкен беделге ие болды.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Жапония сыртқы саясатта басқыншылық жолды таңдады. 1904-1905 жж. орыс-жапон соғысында Ресейді жеңді, ал 1911 жылы Коряны жеңді. Осы кезден бастап Жапонияның экономикасы өте тез қарқынмен дамыды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жапон экономикасының «алтын ғасыры». Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жапония Антанта жағында соғысты. Германия және оның одақтастарына соғыс жариялаған Жапония Микронезия (Маршаллов, Каролин, Мариан) аралын және Қытайдағы Германияның әскери-теңіз базасы - Циндаоны басып алды. Осы кезде көптеген державалардың Еуропадағы соғыспен мұршалары болмай жатқанын пайдаланып, Жапония Қытайдың Шаньдун провинциясын түгел басып алды. Сонымен бірге әлсіз Қытай үкіметін «21 талап» деп аталатын құжатқа қол қоюға мәжбүрлеп, нәтижесінде Жапонияның Қытайға үстемдігі күшейе түсті. Соғыс жылдары Жапонияның экспорты бірнеше есеге өсті. Сол үшін мұны жапон экономикасының «алтын ғасыры» деп, тегін атамаса керек.

Әсіресе кеме жасау мен ауыр өнеркәсіп дамыды, Антанта елдерін қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды. Елдің қаржы жүйесі жақсарды. Соғыс аяқталған кезде Жапония алтын қоры жағынан әлемде екінші орынға көтерілді (АҚШ-тан кейін).

Соғыстан кейін Еуропа тауарлары қайтадан Азия нарығына шығарыла бастады. Сонымен бірге Еуропа мемлекеттері жапон тауарларымен бәсекеге түсе бастады. Бұл тез арада болған жоқ, тек 1920 жылы Жапония бәсекелестікті сезіне бастады, яғни оның экспорты 20%-ға қысқарды. Кейбір шаруашылық салаларында ол көрсеткіш өте жоғары болды, мысалы машина жасау 60%-ға қысқарды, тау-кен қазба жұмыстары 50%-ға қысқарды, ал кеме жасау тіпті 90%-ға қысқарды.

Инфляция тез өсіп кетті. Күрішке бағаның өсуі бүкіл елде «күріш бүлігіне» алып келді. 1919 жылы шаруалардың өз еріктерімен жерді басып алулары жиіледі. Елде ереуілдер болып, ол табыспен аяқталды: 8 сағаттық жұмыс күні, жұмыс жағдайын жақсарту, жалақыны көбейту, кәсіподақ ұйымын құру т.б.

Жапонияға тағы бір соққы болып тиген қиындық, ол 1919 жылы «4 мамыр» қозғалысынан кейін Қытайдың Шаньдун провинциясын қайтып алуы мен «21 талаптан» бас тартуы және Қытайда жапон тауарларына байкот жариялануы болды. Вашингтон халықаралық конференциясында Жапония дипломатиялық сахнада оқшауланып қалды, оны тіпті одақтасы Англия

да қолдаған жоқ. Нәтижесінде Жапония Шаньдун провинциясынан және Қытайға өзінің мүдделік танытуынан бас тартуына тура келді.

Осының барлығы, яғни жапон тауарларының қыспаққа алынуы, дипломатиялық оқшаулану, Қытайдан айырылуы, жапон халқының дамуына өзгеше әсер етті (ксенофобия). Мұнда Батыс бізді «жақсы көрмейді», сол үшін қыспаққа алып жатыр деген түсінік қалыптасты.

1923 жылы 1 қыркүйекте Жапонияда үлкен көлемде табиғат апаты болды - астанада жер сілкінісі болып, Токио толығымен қирады. Нәтижесінде 150 мың адам қаза болып, 4 млн. адам баспанасынан айырылды. Елде төтенше жағдай жарияланып, барлық саяси күштер өз жұмыстарын тоқтатты.

Осы қасіретті оқиға елдің экономикасының тоқырауға түсуіне нүкте қойды. Қалпына келтіру жұмыстары жұмыс күшін қажет етті, ал кәсіпорындар мемлекеттен үлкен көлемде субсидия алды. 1923 жылдың аяғында экономика қайта жанданды. Нәтижесінде 1925 жылы Жапонияда экономикалық даму 1919 жылғы деңгейге көтерілді.

Ішкі саяси демократияның дамуы. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ жапон монархиясының теоретиктері Жапонияның тарихи тәжірибесін пайдалана отырып, барлық адамзатқа «жаңа тұтас мәдениет» құру идеясын ұсынды.

Жапон танымының негізін («кокутай») профессор Т.Иноуи моральды конфуция ілімі негізінде жүргізді. Ал Токио университетінің профессоры Я.Ходзуми «мемлекет жаратылысы - жанұя» концепциясын ұсынды. Ол Жапонияның мемлекеттік құрылысы басқа елдермен салыстырғанда өзгеше екенін дәлелдеп шықты. Оның пікірі бойынша жоғары билік императорға беріліп, яғни Еуропадан ерекшелігі жергілікті дәстүр бойынша «ұлтқа сенім» беки түседі деп түсіндірілді.

Соғыс қарсаңында *1912 жылы император Мэйцзи қайтыс* болып, оның орнына *Тайсе* (1912-1926) император болды.

Соғыс кезінде Жапонияда өзіне тән саяси билік күшейе түсті. Биліктің барлық түріндегі алдыңғы рөлде Оңтүстіктің төрт кландарының қолында болды (Сацума, Тоса, Тесю,

Хидзэн). Осы кландардың мүшелері мемлекеттік аппарат, армия, теңіз корпусы, Генро Кеңесі (көсем) және Құпия Кеңесте қызмет атқарып, елдегі жекеменшік кәсіпкерлерімен тығыз байланыста болды.

1924 жылы мамыр айында парламент бірінші рет *жауапты үкімет* құруды қолға алды: партиялық негізде бірінші кабинет құрылды. Ол *Минсэйто партиясы* базасындағы *Като үкіметі* болды (ол ең ірі концерн «*Мицубисимен*» тығыз байланыс жасады). Ал 1925 жылдан бастап сайлау құқығы енгізілді (30 жастан жоғары ерлер үшін). Бұл демократияның маңызды жетістігі болатын. 1924 жылдан 1932 жылға дейін Жапонияны төменгі палатаға тәуелді үкімет басқарды. Тіпті жоғарғы палатаның мүшелері - ақсүйектер палатасы біртіндеп саяси партияларға тәуелді бола бастады. Құпия Кеңестің мүшелері бюрократтар емес ғалымдар, заңгерлер, профессорлар болды.

Ал 1927 жылы сәуірде Жапонияның экономикалық жағдайы тез нашарлап кетті; елді *Сэйюкай* деген басқа *партия басқарды* (ол ірі концерн «*Мицуймен*» тығыз байланыс жасады). Сыртқы саясатта бұл партия күшті басқыншылық жолды ұстанды. Тап осы үкімет билігі кезінде, яғни 1927 жылы мамыр айында Қытайға жапон экспедициялық корпусы жөнелтілді.

1930-шы жж. Жапонияның ішкі дамуындағы қайшылықтар. 1927 жылы Жапониядағы экономикалық құлдырау Қытайдағы жапон тауарларына байкот салдарынан ғана болған жоқ. Оның негізгі себебі жапон тауарларының сапасының нашар болуы сыртқы нарықта бәсекелес бола алмауынан болды. Сондықтан, экспорттың тоқтауы көптеген банктердің жабылып қалуына әкелді. Кәсіпкерлер үйреншікті тәсілге көшті: жұмысшылардың жалақысын қысқартты, жалдамалы жұмысты көбейтті, мемлекеттен жаңа субсидия талап етті.

Экономикалық жағдайдың нашарлауы үкіметті ауыстырды, жаңа үкімет басына Шити Танака әскерді Шаньдунға аттандырып, жағдайды жақсартпа алған жоқ.

1929 жылғы әлемдік экономикалық дағдарыс Жапонияға үлкен әсер етті. 1930 жылдың өзінде жапон экспорты 2 есеге қысқарып кетті.

Әсіресе ең қасіреттісі жапон жібегінің АҚШ-қа шығарылып тұруының қысқаруы болды. Осының барлығы өнеркәсіп өнімінің деңгейінің тез төмендеп кетуіне алып келді. Ауыр өндіріске мемлекеттік тапсырыс қысқарып кетті, жаппай банкрот болды. Әсіресе тас көмір өндірісі мен кеме жасау қысқарды. Ауыл шаруашылық өнімінің бағасының түсіп кетуіне байланысты шаруалар кірісі қысқарып кетті.

Дағдарыс Жапонияда жаппай жұмыссыздықтың өсуіне алып келді. 1930 жылдың өзінде жұмыссыздар саны 10 млн. адамға жетті. Жұмыстарынан айырылған жұмысшылар өздерінің бұрынғы орындары, яғни ауылды жерлерге барып, онда әлеуметтік жағдайды қалыптастырды. Жер иеленушілер арендалық төлемді көтерді. Бұл ауылдықжерлерде жерді басып алуға алып келді.

Осыдан келіп, халықтың *парламенттік демократияға* деген сенімі жоғала бастады. Көптеген елдер жапон тауарларын кіргізбеді. Сонымен, Жапония АҚШ және басқа Еуропа мемлекеттеріне *«реніш»* білдіре бастады.

Жапонияда тоталитарлық жүйенің қалыптасуы. 1930 жылы үкімет билігі үшін күрес нәтижесінде армияда бір-біріне қарсы екі топ пайда болды: *«император жолындағы топ»* («группа императорского пути») («Кодоха») және *«бақылаушы топ»* («группа контроля») («Тосейха»).

Біріншісі жаңа концендермен, радикалды ұйымдармен және офицерлермен, соның ішінде «Жас офицерлер» ұйымымен тығыз байланыс орнатты.

Олар елдің ішкі әлсіздігін пайдаланып, ірі капиталға қарсы шықты, «алыпсатар-капиталистерге», «саясаткер-сымақтарға» қарсы шықты. 30-шы жылдары оның өкілдері елдің маңызды орындарын иемденіп алды.

Билік үшін күресте радикалдар террорлық жолды тандады, саяси партиялардың офицерінде бомба жарып, қастандық ұйымдастырды. 1931 жылы 2 қастандық ашылды, оның бірінде елдің премьер-министрі Ханагути қаза болды.

1932 жылы 15 мамырда «Жас офицерлер» ұйымының бүлікшілері премьер-министр Инукайды өлтірді. Елде репрессия

жүріп, бірнеше террористер қамауға алынды, бірақ басшылары өз орындарын сақтап қалды. Тек 1932 жылы қазан айында 2250 адам қамауға алынды.

Армияның *екінші* тобы «Госэйха», олар бүлікшілерді жойып, «Жас офицерлерге» өз бақылауларын орнатуды қолға алды. Олар дәстүрлі ұлттық тұжырым идеологиясын ұстанып, қаржы топтары және император әулетімен тығыз байланыс орнатты. 1934 жылы «бақылау тобы» *Сэйюкай* партиясымен байланыс орнатады.

1931 жылы қыркүйек айында Жапония сыртқы саясатта басқыншылық тәсілге көшіп, Қытайдағы Маньчжурияны басып алды. Бұл тез арада АҚШ және Еуропаның басқа державаларымен ара-қатынасты нашарлатып жіберді. Ұлттар Лигасында талқыға түсіп 1933 жылы ақпанда Жапония бұл ұйымнан шығарылды. Бұл дипломатиялық оқшаулануға әкелді.

Жапония үлкен соғысқа дайындық жолында тұрды: 1934 жылы шілдеден бастап мемлекеттің ірі әскери тапсырыстарын орындау үшін ауыр өнеркәсіпті дамыту қолға алынды. Осы кезде жалдамалы жұмыс өсіп, жалақы төмендеп, жұмыс күні 11 сағатқа ұзартылды.

1935 жылы Жапонияның билеуші топтары арасында, азаматтар мен әскерилер арасында күрес жалғаса берді. 1935 жылдың басында Лондон конференциясында әскери-теңіз құқығына сәйкес Жапония дипломатиялық оқшаулану нәтижесінен өзінің әскери теңіз күшін қысқартуына тура келді. Бұл әскери адамдар жағынан үлкен сынға ұшырады.

Осы кезден бастап Жапонияда бюрократия рөлі күшейе бастады.

Жапония «үлкен соғысқа» дайындалып, жаңа үлгідегі қару-жарақ шығара бастады, әскери өнеркәсіптеріндегі кәсіподақ ұйымдарын таратып жіберді.

1936 жылы қарашада Германия және Италия мемлекеттерімен одақтық байланыс орнатты («Антикоминтерндік келісім шарт»).

1937 жылдан бастап Жапонияда оқытушыларды «моральдық жағынан қайта тәрбиелеу» туралы үндеухаттар таратыла

бастады. Осындай үндеу хаттар барлық мектептер мен университеттерге жіберілді. Онда әрбір оқу орнының басшысы «ұлттық сезім мен сананы оятып, мәдениеттендіруге» ат салысуы керек болды.

Ол үндеу хат «Кокутайдың негізгі қағидалары» (1937) деп аталды. Оның *бірінші* бөлімінде: императорлық билік туралы аңыздар айтылды. Ал *екінші* бөлімінде: жапон тарихының әдет-ғұрпы, өмір сүру дәстүрі, ұлттық ерекшелігі, салттық және моральдық принциптері, мәдени дамуының ерекшелігі, экономикасы және әскери ісі туралы айтылады. Қорытынды бөлімінде: Жапония Батыс мәдениетін бойына сіңіріп, яғни Батыстың техникалық жетістігін Шығыстың рухани құндылығымен байланыстырушы бірден-бір ел. Сонымен «Кокутай» Жапониядағы тоталитарлық режимнің арнайы идеологиясына айналды.

1937 жылы наурызда князь Коноэ басшылығындағы үкімет және армиядағы әртүрлі топтар, Сэйюкай партиясы Жапонияны тоталитарлық мемлекетке айналдыру идеясын қолдады. Осы 1937 жылы ұлттық рухты мобилизациялау Лигасы құрылды. Бұл ұйым елде милитаризмді насихаттауға кең жол ашты. 1937 жылы 7 шілдеде Жапония Қытайға соғыс ашты.

1938 жылы қарашада Коноэ үкіметі «Шығыс Азияда жаңа тәртіп» орнату тұжырымын ұсынды: Жапония «жаңа Шығыс мәдениетін орнату мақсатында» «туыстас халықтарды» «батыстық отарлаудан азат ету» рөлін өз қолына алды.

1939 жылы Коноэ кабинетінің ғалымдары «шығыстық қауымдастық» теориясын ұсынды - мұнда Жапония басшылығы бойынша Шығыс Азия халықтарының біртұтас мәдениеті үшін паназиялық, ұлтаралық қауымдастық құру керек болды. 1939 жылдың басында Жапонияда үкімет басына Хиранум келіп, ол алдыңғыдан да қатал саясат ұстанды. Ал 1939 жылы қыркүйекте Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Жапония соғысқа «араласпау саясатын» ұстанды. Алайда, Жапония Еуропадағы соғыс қимылдарын мұқият қадағалап отырды. 1940 жылы бүкіл Еуропа Германия қолында қалды, Франция тізе бүккені туралы құжатқа қол қойды. Еуропада тек Англия фашистік мемлекет-

терге қарсы жалғыз соғысты. Ал осыны пайдаланып, Жапония Францияның отары Үндіқытайға соғыс ашты.

1940 жылы шілдеде Коноэ үкіметі қайта билікке келіп, елдегі саяси жүйе толығымен соғысқа бұрылды. Жапония соғысқа дайындала бастады. «Ұлы шығысаяздық бірге гүлдену» идеологиясына енді қол жеткізуге кірісті. Жапония басқыншылығының ең басты аймақтары: Маньчжоу Го, сосын Қытайды, француздық Үндіқытайды, ағылшын отарлары Бирма және Малаяны, голландиялық Индонезияны, американдық Филиппиндерді басып алу болды. Жапония 1940 жылы қыркүйекте Германия және Италиямен «үштік келісімшартқа» қол қойды. Сонымен, Жапония қай жаққа бет бұратынын нақты шешті.

Тынық мұхитындағы соғыс (1941-1945). 1941 жылы 10 қазанда бұрынғы әскери министр генерал Тодзио Коноэ орнына келді.

Осы кезде АҚШ Жапониямен ара қатынасты бейбіт жолмен шешуді ұсынды. Жаңа сыртқы істер министрі Сигэнори Того 1941 жылы 25 қарашада екі елдің дипломатиялық байланысының орнауына уәде берді. Осындай мақсатпен 1941 жылы 17 қарашада АҚШ-қа жапон елшісі Сабуро Курусу келді, ал оны мемлекеттік хатшы Корделл Хэлл қарсы алды.

Американың соңғы үндеуі Жапонияға 1941 жылы 26 қарашада жіберілді. Онда: Қытайдағы жапон әскерін тез арада шығару, Үндіқытайдағы басқыншылықты тоқтату, т.б. айтылған. Алайда, осы 26 қараша күні Итуруп және Гавайаралдарына жапон әскери флоты жөнелтілді. 1941 жылы 7 желтоқсан күні түнде Жапония АҚШ-тың Тынықмұхиты флотына орналасқан ең басты әскери базасы Гавайдағы Пёрл-Харборға соғыс ашты. Сонымен Тынық мұхитында соғыс осылай басталды. Мұнда АҚШ-тың 18 ірі кемесі, 8 линкор және 300 ұшағы жойылды.

Осы күні жапон әскері Малаяға басып кіріп, сосын Бирма жерінде соғыс қимылдарын бастады. 1941 жылы 10 желтоқсанда жапондық ұшақтар ағылшындардың «Ханзада Уэльский» және «Рипалс» атты екі ірі әскери-теңіз кемелерін суға батырып жіберді. Бұл Жапонияның Тынық және Үнді мұхиттарындағы алғашқы жеңістері болатын. 1941 жылы 21 желтоқсанда Азиядағы

Жапонияның жалғыз ғана одақтасы Сиам екіжақты келісімге қол қойып соғысқа араласты.

Теңізбен әуеге үстемдік еткен жапон әскері өз табыстарын тез ұлғайтты. Гонконг және Гуамды басып алды, артынша Лусон аралындағы Филиппиндерге соғыс ашты. 1942 жылы қаңтарда американдық әскерлер Манильды тастап шығады, әскердің қалған бөлігі бірнеше ай қарсыластықты жалғастырып, 1942 жылы мамырда тізе бүкті, 70 мың адам тұтқынға түсіп Филиппиндер жеріндегі АҚШ әскерінің бас қолбасшысы генерал Макартур ұшақпен қашып үлгерді.

Малаяда жапон әскері күшті екпінмен соғыс қимылдарын жүргізіп, 1942 жылы қаңтарда Сингапурды басып алып, мұндағы 80 мың ағылшындарды тұтқынға алды. Сонымен бірге 1942 жылы қаңтарда голландық Индонезияда соғыс қимылдары басталып, жапондықтар Борнео, Ява және Сумарт аралдарына десант түсірді. Мұнда жапондықтар 1942 жылы ақпанда ағылшын-голланд эскадронын талқандап, үлкен жеңіске жетті, ал доктор Сукарноның ұлтжандылары жапондықтарды отарлық тәуелділіктен құтқарушылар ретінде қарсы алды. 1942 жылы наурызда Джакарта қаласын басып алып, голландық әскердің бір бөлігі тұтқынға түсті. 1942 жылы наурызда жапондықтар Жаңа Британия аралдарындағы Рабаулды басып алып, Жаңа Гвинеяға қарай жылжиды.

Нәтижесінде 5 айдың көлемінде жапондықтар үлкен табысты жеңіске қол жеткізеді. Олар халқы тығыз қоныстанған, шикізат қорына өте бай территорияларды басып алған болатын. Мұндағы жапондықтардың жеңісінің бірден-бір себебі күтпеген жерден болған жағдайға АҚШ-тың соғысқа дайын еместігі және Англияның басқа тылда соғыс қимылдарын жүргізіп жатқандығы еді.

Алайда, жапондықтарға қарсыластық ауқымы кеңейе түсті. Қарсы қозғалыс үшін американдықтар екі соғыс ошағын құрды: бірі - Австралияда (қолбасшысы-генерал Макартур), екіншісі - Гавайда (адмирал Нимиц). Ал Үндістан мен Бирмадағы әскерлерге қолбасшылық ағылшындардың қолында болды (генерал Маунтбеттен). Жапонияның ендігі көздеген нысанасы

Австралия және Жаңа Зеландия жерлері болды, бірақ мұндағы соғыс қимылдары 1943 жылдың ақпанына дейін жалғасып, нәтижесінде жапондықтар 40 әскери-теңіз кемелерінен, соның ішінде 2 линкорнан айырылды. Келесі маңызды шайқас Кораллов теңізінде болды. Мұнда жапондықтар Порт-Морсбиді басып алуды көздеген болатын, бірақ АҚШ және Англия флоты олардың жолын жауып тастайды.

Ал келесі маңызды шайқас 1942 жылы 4-6 маусымда Пёрл-Харборға 1150 миль жердегі Мидуэй шатқалында болды. Көлемі жағынан бұл тарихтағы ең ірі теңіз шайқасы болды. Мұндағы соғыс қимылдарына вице-адмирал Нагумо қолбасшылық етті, олар екі линкорнды және «Агаки» және «Каго» секілді алып әуе ұшақтарын тасымалдаушы 4 кемені пайдаланды, тіпті жапон әскери-флотының бас қолбасшысы адмирал Ямамотоның өзі «Ямато» линкормен көмекке де келді. Мұндағы күш тең емес еді, яғни жапон жағы басым түсті, дегенмен, кейін белгілі болғандай американдық тыңшылар Жапонияның дипломатиялық кодын жауып тастаған екен. Жапондық ұшақ әуеге көтерілген сайын оны АҚШ ұшақтары атып түсіріп отырды. Нәтижесінде Жапония төрт әскери ұшақ тасымалдаушы кемесінен, 332 ұшағынан айырылды. Сонымен бірге ең мықты маманданған әскери ұшқыштары мен әскери теңізшілерінен айырылды.

Осыдан кейін енді Жапония бұрын басып алған Малайя, Бирма, Филиппиндер және Үндіқытай жерлерінде жапондықтарға қарсы күшті партизандар қозғалысы басталды.

Жапонияға қарсы шешуші соғыс қимылдары. Соғыстың бұдан әрі жалғасуының екі нұсқасы келтірілді: жапондықтарды барлық басып алған жерлерінен ығыстыру немесе Жапонияны жаппай бомбалап тізе бүгуге көндіру. 1944 жылы қаңтарда Жаңа Британия аралындағы Рабаул азат етілді, 1944 жылы ақпанда Маршалов және Каролин аралдары жапон әскерлерінен тазартылды. Енді АҚШ-тың басты әскери күші Мариан аралдағына қарай бағытталды. 1944 жылы маусымда Сайпан өзені маңындағы шайқастан кейін Мариан аралы азат болды, сосын 1945 жылы американдық әскер Лусрн аралына түсіріліп, Филиппиндер толығымен азат болды. 1945 жылы нау-

рызда американдық ұшақтар Жапонияны бомбалап, бұл «отты дауыл» нәтижесінде Токионың өзінде 197 мың адам қаза тапты.

Жаппай бомбалаудан көптеген жапон қалалары қирады, әсіресе бейбіт тұрғындар зардап шекті. Бірақ Жапония қарсылауды тоқтатқан жоқ. 1 сәуір күні Жапонияның өз территориясы Рюкю-Окинав архипелагында соғыс басталды. Мұндағы шайқас 1945 жылдың маусымына дейін жалғасты. Бұл кезде Еуропада соғыс қимылдары аяқталғанмен американдықтар Жапонияға қарсы соғыс 1946 жылға немесе 1947 жылға дейін жалғасуы мүмкін деп шешті. Дегенмен, американдық ғалымдар атом бомбасын пайдалануға арналған - «Манхэттен» жоспарын аяқтаған болатын. Американдық мамандар: Жапонияға «қарсыластық соғысты не тоқтата алады» деп сұрақ қойғанда, «тек аяқ асты күтпеген оқиға» деп жауап қайтарады. Сосын американдықтар 1945 жылы 25 шілдеде жапондық үкіметке - ел шексіз тізе бұғуді қабылдау керектігін ескертеді. Ал 1945 жылы 6 тамызда Херосимаға, ал 9 тамызда Нагасакиге АҚШ үкіметі атом бомбасын тастады, нәтижесінде 450 мың адам қаза болып, жараланды. 1945 жылы 2 қыркүйек күні Жапония тізе бұғу туралы келісімге қол қояды. Соғыс аяқталды.

Соғыстан кейінгі оккупациялық режим (1945-1952).

Жапония Потсдам конференциясының шексіз тізе бұғу туралы ұсынысын қабылдады. Осының артынша одақтас державалар атынан қимыл жасаған американдық әскерлер оккупациялады. Осы уақыттан бастап 1952 жылғы Сан-Франциско бейбіт келісіміне дейін елдегі жоғарғы билік АҚШ-тың қолында болды.

Мемлекеттің ең маңызды салаларының барлығы Америка өкілдерінің қолында болды: қаржы жүйесі, мемлекеттік кіріс, сыртқы сауда, несие беру және полициялық аппарат, сонымен бірге парламенттің заңшығарушы билігін қысқартты. Жапон үкіметі басқа мемлекеттермен байланыс жасау құқығынан айырылды, сыртқы байланыстың барлық салалары оккупациялық биліктің қолында болды.

1945 жылы қыркүйекте армия және картельді ұйым, ұлттық ұйымдар таратылды. Дзайбацу (қаржы-өндіріс концерндері) таратылды, жер реформасы жүргізілді, помещиктік жериелену-

шілік жойылды. 1946 жылы 1 қаңтарда император көпшілік алдында өз династиялық билігінен кетті.

Мемлекеттік құрылымдағы маңызды өзгеріс 1946 жылы 3 қарашада жаңа конституцияның қабылдануы, ол 1947 жылы 3 мамырда күшіне енді (осы конституция қазірге дейін күшін сақтап келеді). Ол монархияның шексіз билігін жойды және императордың саяси билікке араласуын тоқтатты, ол тек ұлттық бірліктің символы ретінде сақталды. Халықтың егеменді билігі жарияланды. Жаңа Конституция бойынша ерлермен әйелдер тең құқылы азамат болып жарияланды. Жалпыға бірдей сайлау құқығы енгізілді, патриархальды отбасылық жүйе жойылды.

1947 жылдан кейін, әсіресе Кореядағы соғыстан (1950 ж.) кейін американдықтар кері бағыт жүргізді. Ол бойынша: оппозициялық қозғалысты жою (әсіресе кәсіподақ пен коммунистік); дзайбацуды таратуға қатысты саясатты қайта қарау; Жапонияны қайта қаруландыру. Радикалды қозғалыстарға қарсы репрессиялық шаралар қолданылды (жұмыстан шығару, баспаханаларды жабу т.б.), ереуілге тыйым салынды.

1949 жылға дейін экономиканы қалпына келтіру негізінен ірі монополияларға субсидия беру және американдық көмек арқылы іске асырылды. Үкіметте өндіріс орындарын дамытуға қанша күш жұмсалса да инфляция өсе берді. Сол үшін 1948 жылы желтоқсанда американдық үкімет тұрақтандыру жоспарын енгізді, ол бойынша жапон үкіметі мынадай міндеттерді қабылдауы керек болды: 1) мемлекеттік бюджетті қысқарту; 2) салықты көбейту; 3) субсидияберуді шектеу; 4) жалақы жүйесін қадағалау; 5) бағаға бақылау енгізу; 6) сыртқы сауда және шетелдік валюта жүйесін күшейту; 7) экспорт өндірісіне қатысты материалмен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту; 8) жергілікті шикізат өндірісін көбейту және импорттық тауарды шектеу; 9) азық-түлікті тасымалдау жүйесін жақсарту.

1949 жылы мамырда АҚШ Жапонияның репарация төлеу жоспарын жойды, сосын монополияға қарсы заңды қайта қарауды қолға алды, өндіріс пен капиталды шоғырландыруға жол ашылды.

1952-1960 жж. Жапонияның экономикалық дамуы.

Сан-Франциско бейбіт конференциясында АҚШ және Англияның билеуші топтары Жапониямен бітім шартына қол қойды. Бұған көптеген қызығушылық танытқан елдер конференцияға шақырылған жоқ немесе оларды қабыл алмады. Бейбіт келісіммен бір уақытта қауіпсіздік келісіміне қол қойылды, ол бойынша АҚШ Жапонияда өз әскерін ұстап тұруға құқық алды.

Жапонияға өзінің егемендігін қайтарып беру оның даму кезеңінің жаңа дәуіріне жол ашты. Кең танымал қаржы-өндіріс топтары қайта құрылды («Мицуи», «Мицубиси» т.б.), олар өз экономикалық құрылымын өзгертіп, бұрынғыдай Жапонияның экономикалық әлеміне бақылау жасады.

Осы кезден бастап көптеген жылдарға дейін Жапонияның саяси механизмі құрылды - Жапония Социалистік партиясы (ЖСП), ал 1955 жылы Демократиялық және Либералды партиялардың бірігуі негізінен Либералды-демократиялық партия (ЛДП) құрылды, осы кезде премьер-министр Хатояма өзінің үшінші кабинетін құрды. Хатояма сыртқы саясатта КСРО мен қарым-қатынасын жақсартты. Бұл қадам Жапонияның сыртқы саяси мәселелерін шешуге, БҰҰ-мен бағытын жақсарту үшін, сонымен бірге көрші елдермен тиімді экономикалық байланыс жасау, әсіресе балық аулау саласында. 1956 жылы Жапония БҰҰ-ның құрамына кірді.

1953-1954 жылдары дағдарыстық құбылыстардан кейін Жапонияның экономикасы даму жолына түсті. Ол 1957 жылға дейін созылып, соғыстан кейінгі елдің экономикасының құрылымының дамуына үлкен әсер етті. Өндірістің дамуы ішкі нарықтың дамуына жол ашты және жер реформасы жүргізіліп, қала халқының кірісі өсті.

1960-шы жылдары Жапония экономикасы жоғарғы қарқынмен дамып, 1970-ші жылдары капиталистік әлемде екінші орынға шықты (АҚШ-тан кейін). Икэда Хаятоның жаңа кабинеті, яғни ең көрнекті консервативті саясаткер экономикалық дамуға үлкен үлес қосты.

1964 жылы күзде премьер-министр Икэда денсаулығына байланысты отставкаға кетті, Либералды Демократиялық партия

ішіндегі күрестен кейін билік Сато Эйсаку қолына берілді, оны Жапонияның қаржыгер топтары қолдады.

Экономикалық даму (1960 ж. ортасы 2000 ж. басы).

Бүкіл 60-шы жылдар бойы Жапонияның экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. 1961-1970 жж. ішкі ұлттық кіріс 11%-ға өсті, ол кезде Ұлыбритания-2,8%, ал АҚШ-4,1% болған. Жапонияның өнеркәсіп өндірісі 1951-1970 жж. 15,2%, ал аталған елдерде 3 және 4% болды.

1960-шы жылдардағы Жапония экономикасының дамуын бірнеше факторлармен келтіруге болады. Жоғарғы өндірістік еңбекке өте төмен жалақы алып отырды. Жапонияда өндіріс орындарындағы жұмысшылардың нақты жалақысы 1969 жылы АҚШ, Ұлыбритания және ГФР-мен салыстырғанда 4 есе төмен болды.

80-ші жылдары Жапония үздіксіз дамушы елдер қатарында қала берді (АҚШ және ЕЭО). Артық алтын және валюта қорынан үнемі бірінші орынды иемденіп келді. Адам басына шаққанда кіріс жылына 18 мың долл. болды. Ауыл шаруашылығы да тамаша дамып, 125 миллиондық халықты азық-түлікпен қамтамасыз етті. 1991 жылы Жапонияның өнеркәсіп өндірісі Батыс Еуропа елдерін басып озып, АҚШ деңгейінен 90% көтерілді. Жапония көбіне өндіріс саласында электр заттары, компьютер, телевизор, бақылау-өлшеу заттары. Автоматтандыру заттары, биотехнологияларды шығарумен айналысты. Қазіргі кезде Жапония видеоаппараттардың әлемдік өндірісінің 90% шығарады.

Алайда, 1997-1998 жылдар «азияттық дағдарыс» Жапонияға үлкен шығын алып келді. Өйткені, Жапонияның сыртқы саудасының 28% Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне шығарылып тұратын, ал дағдарыстың нақты ошағы осы аймақтан басталды. Тек 1999 жылдан кейін ғана қайта экономикалық даму басталды.

2003 жылы және экономикалық қиындықтың бәрін артқа тастап, қайта даму жолына түсті. Ұлттық экономиканы дамытуда жапондық корпорациялар стратегиялық шикізаттың жаңа көзін пайдалануда. Бұл қайта күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды.

Қазір Жапония әлемдік өнімнің 14% игеруде, 400 млрд. долл. өнімді экспортқа шығаруда. Кеме жасаудан әлемде бірінші орында. Сөйтіп, жапон капиталы батыстық жобаларда да алдыңғы қатарда келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1920-шы жылдары жапон қоғамының демократиялық даму үрдісінен бас тартуына не себеп болды?
2. Жапония неге сыртқы саясатта басқыншылық жолды таңдап, дамудың тоталитарлық жолына түсті?
3. «Кокутай» ілімі нені білдіреді?
4. 1941 жылы соғысқа араласқан Жапония ұзақ уақыт шайқасқа неге қарсы тұра алмады?
5. АҚШ үкіметі Херосима мен Нагасакиге не үшін атом бомбасын тастайды?
6. Дзайбацу жойылғаннан кейін Жапонияда аграрлық реформа мен нарықтық қатынас қалай жүргізілді?
7. Жапон экономикасының «ғажайып дамуына» қандай факторлар әсер етті?
8. 1947 жылы қабылданған конституцияның 9 бабының ерекшелігін атаңыз.
9. Жапонияда өкімет басындағы Итора Хатояма қандай саясат жүргізді?
10. Жапония Шаньдуньді қай жылдары басып алды?

§ 5. Корея

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Корея. Бірінші дүниежүзілік соғыс Кореяда азаттық күресін одан әрі шиеленістіре түсті. Соғыстың соңына қарай жапон үкіметі біраз уақытқа қарсыластық күшін тоқтатып әскери басқару режимін тұрақтандырды. Бұл кезең Жапония үшін Азия құрылығындағы бұдан арғы іс-әрекеттерінде жарты аралды аграрлық шикізат көзі ретінде пайдалану болды.

Шаруалардың жерін тартып алып оны жапон компанияларына немесе қонстанушылардың жекеменшігіне беру туралы шаралар қабылданды. Сыртқы сауданы толықтай монополия жасады. Кәсіпкерлік істерде жергілікті халыққа шектеулер қойылып, жапондықтармен салыстырғанда барлық салада кәріс ұлтындағылар төмен жалақы алып отырды.

Осындай жағдай езілген халықты ұлттық тәуелсіздік үшін белсенді күресуге итермеледі. Жапондық отарлық үстемдікке қарсы алғашқы жаппай ереуіл болды.

1919 жылы ақпанда ұлтжанды бағытындағы бірқатар қызметкерлер тәуелсіздікті талап ететін құжат дайындап, оны бір мезгілде - жапон парламентіне, генерал-губернаторға және Париж бейбіт конференциясына жіберуге шешім қабылдады. Сосын оны елде бейбіт демонстрация өткізумен жалғастыру қолға алынды. Демонстрация өткізу уақыты 1 наурыз күні деп белгіленді. Осы күні көптеген демонстрациялар тәуелсіздік ұранымен Кореяның көптеген ірі қалаларында өтті. Біртіндеп жаппай толқулар бүкіл елді қамтып, ол бірнеше айларға дейін созылды. Жапон үкіметі оларға аяусыз шаралар қолданды, көп адам қаза болып, жараланды. Қазіргі кезде осы тәуелсіздік үшін болған корей халқының жаппай бас көтерулері болған 1 наурыз екі корей мемлекетінде де "Ұлттық мереке күні" деп тойланады.

Кореяда болған оқиға Жапония, Қытай және Ресейдегі корей елді мекендеріне де әсер етті. Шанхайда өмір сүріп жатқан корейлер 1919 жылы сәуірде Корея ұлттық конгресі, уақытша парламент және үкімет құру үшін жиналыс өткізіп, оны АҚШ бағытына қарай саясат ұстанған қайраткер *Ли Сын Ман* басқарды.

Жұмысшы және шаруалар қозғалысы. 1919 жылғы халық көтерілісінен кейін Корея дағдарыстан шығу жолдарын қарастырды. Елді әскери-террорлық тәсілмен басқарды, ал оны басында «мәдени» басқару деп атады.

Экономика саласына реформа жүргізіліп, өнеркәсіп, транспорт және басқа да салаларда жұмысшы табы өсіп, жұмысшы қозғалысы дами бастады. 1929 жылы өнеркәсіптердегі жұмысшылар саны 100 мың адамға жетті, ал жалдамалы жұмысшылар 1 млн-ға жетті.

1920 жылдың басында Корея жұмысшы қоғамы құрылып, 1921 жылдың өзінде олардың саны бірнеше мың адамға жетті. Жұмысшы қозғалыстары тез дамыды: 1920 жылдан 1925 жылға дейін 372 ереуіл болып, оған 26 мың жұмысшылар қатысты. Біртіндеп жұмысшы табына шаруалар да тартыла бастады. 1922 жылы тамызда Чинджу (Оңтүстік Кенсан провинциясы) шаруа-жалгерлердің бірінші съезі болып өтті, ал келесі жылы көктемде шаруалар жерді қайта бөлуде көптеген табыстарға жетті. Жұмысшылар және шаруалар ұйымдары арасында байланыс орнап, олар ұсақ буржуазия мен интеллигенцияны өзіне тартты. 1924 жылы сәуірде Бүкілкорейлік жұмысшы-шаруа одағы құрылды. Олар 130 жергілікті бөлімшелерді және бүкілкорейлік жастар және әйелдер ұйымдарын біріктірді.

Әлемдік экономикалық дағдарыс жылдары жұмысшы табы мен шаруалардың белсенділігі байқалды. Революциялық жағдай интеллигенцияны да қамтыды, мұның аяғы 1930 жылы Пхеньянда, Пусанда, Сеулде, Вонсанда, Ингхон және т.б. ірі қалаларда толқулар мен ереуілдер болып өтті.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Корея. 1931 жылы жапон армиясы Маньчжурияға басып кірді. Ал Жапонияның Қытайға қарсы басқыншылық жоспары Корея майдан алаңына айналып, соған байланысты елде әскери тәртіп енгізілді.

Жапонияның Қытайдағы әскери қимылдары басталысымен Маньчжурияда корей партизандық қозғалыстары белсенді жүре бастады. Корейліктер Қытай армиясына және партизандар армиясына кіре бастады, өздерінің қарулы топтарын ұйымдастырды, қытайлармен бірге жапондықтарға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Бұл жасақтарды коммунистер немесе ұлтшылдар басқарды. Партизандар бірнеше табысты жеңістерге де қол жеткізді, осыдан кейін олардың қолбасшыларының аттары да танымал бола бастады - Ким Ир Сен, Ким Чхэк, Цой Ен Ген (кейін олар КХДР-ның басшылары болды).

Сонымен бірге осы кезде эмиграциядағы уақытша үкіметтің қызметі де жандана түсті. 1933 жылы оның басшысы ретінде

Ли Сын Ман Ұлттар лигасына барып, Жапонияның Корея мен Маньчжуриядағы басқыншылығын талқыға алды.

1940 жылы жапондықтар партизандардың көптеген базаларын талқандады. КСРО-ға қарсы соғыс қимылдарын жүргізу үшін олар Маньчжурияны қытайлық және корейлік партизан жасақтарынан тазартты, яғни олардың қалғандары Қытай қарулы күшіне қосылды (Чан Кайши армиясы немесе коммунистердің ұлт-азаттық армиясы) және Кеңес Одағына қашып кетті. Осындай жағдайдан кейін жапондықтарға қарсы белсенді күш - корейлік ұлт-азаттық қозғалысындағы коммунистер мен ұлтжандылар әлсіреді. Осы кезде эмиграцияда жүрген буржуазиялық саясаткер Ли Сын Ман АҚШ саясатына қарай бағыт ұстанды. Ал 1941 жылы Жапонияға қарсы соғысқа кірісіп, Құрама Штаттар Кореяның егемендігін қалпына келтіреді деп сенім артты.

1945 жылы шілдеде Потсдам конференциясы барысында одақтас державалар Жапонияның шексіз тізе бұгуін талап етіп және Кореяның тәуелсіздігін қалпына келтіруді алға тартты. Кеңестік және американдық әскердің соғыс қимылдары Корея түбегі "38-ші параллель" деп белгіленді.

1945 жылы 8 тамызда Жапонияға соғыс ашқан Кеңес Одағы Қытайда, Кореяда және Тынық мұхитында кең көлемде соғыс қимылдарын жүргізді. Кореяны азат ету 2-ші қиыр шығыстық майдандағы 25-ші армия және Тынық мұхиты флотымен байланыс жасауына алып келді. Кореядағы соғыс өзінің қасіретімен ерекшеленеді, Жапония тізе бүксе де соғыс жалғаса берді (25-ші армия 4717 адамынан айырылды).

Түбекте екі мемлекеттің құрылуы. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Кореяның экономикасы айтарлықтай зардап шекті. Елдің солтүстігінде тау-кен өнеркәсіптері және ауыр өндіріс орындары шоғырланды. Ал оңтүстікте ауылшаруашылық өндірісі және жеңіл өнеркәсіптер болды. 1945 жылы Корея жарты аралын екі жеке мемлекетке бөлу дәстүрлі шаруашылық байланыстарынан ажырату болды.

Бастапқы кезде Кореяны 38-ші параллель бойынша бөлу уақытша болып жоспарланды, ол американдық және кеңестік әскерлердің жапондықтарға қарсы соғысын алдын алу үшін басталған болатын. Сосын азаматтық өмірді бір қалыпқа келтіру

және оны өзін-өзі басқаруға даярлау үшін жауапты аймақ болу керек болды. Алайда, АҚШ пен КСРО-ны соғыстан кейінгі әлемді бейбіт жолмен реттеудегі әртүрлі бастамалар «қырғи-қабақ соғыстың» басталуына алып келді, ал Корея жарты аралы көп жылдар бойы екі ұлы держава арасында әртүрлі әлеуметтік лагерьдің бәсекелестік сахнасына айналды.

Корея азат болған соң елде көптеген халық комитеттері, саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар құрылды. Солтүстік Кореяда коммунистер белсенділік көрсетті, ал 1945 жылы қазанда олар Корея Еңбек партиясына бірікті. Солтүстік Кореяда жер реформасы туралы заң қабылдады, транспортты, байланысты, банктерді, сыртқы сауданы, өндіріс орындарын мемлекет қарамағына өткізді, әйелдерге теңдік жарияланды.

1948 жылы мамырда Оңтүстік Кореяда Ұлттық жиналысқа сайлау болып, мемлекет *Корея Республикасы* (КР) деп жарияланды. Конституция қабылданып, елдің президенті *Ли Сын Ман*, ал астанасы Сеул қаласы болды.

1948 жылы тамызда Солтүстіктегі маңызды қадам Корея Халық жиналысына сайлау болып, басшысы *Ким Ир Сен*. Осы жылы қыркүйектің 9 күні (ХЖ-ның 1 сессиясында) *Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы* (КХДР) жарияланып, жаңа мемлекеттің астанасы Пхеньян қаласы болды.

Бөлек екі мемлекет құрылғанымен 38-ші параллель үнемі соғыс алаңы болып қала берді. Қайшылықтың өршуі салдарынан 1950 жылы 25 маусымда Солтүстік пен Оңтүстік арасында қарулы шиеленіс болды. Корея жеріне Американдық десанттар түсірілді, кеңестер де тәжірибелі әскери мамандар мен ұшқыштарды түсірді, оларға қытайлық жауынгерлер де көмекке келді. Тек 1953 жылы 27 шілдеде екі жақты келіссөз арқылы соғыс аяқталды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шаруалар мен жұмысшылар одағы қандай күрес жүргізді?
2. Корея қандай ендік бойынша екіге бөлінгенін атаңыз.
3. Корея түбегі неге екі мемлекетке бөлініп кетті?
4. 1950 жылғы Кореядағы соғыстың себебі не?

§ 6. Оңтүстік Корея

Ли Сын Ман режимі (1953-1960 жж.). 1952 жылы тамызда *Ли Сын Ман* Корея республикасының президенті болып сайланды, ал оған өзі құрған Чаюдан партиясы (Либералды партия) үлкен көмек көрсетті.

1954 жылы қарашада Ли Сын Ман Конституцияға жаңа өзгертулер енгізді, онда президент ретінде оған шексіз билік берілді. Мемлекеттің қауіпсіздігі туралы, саяси партияларды шектеу туралы, демонстрацияларға бақылау орнату туралы, баспаханалар ісі туралы т.б. заңдар қабылданды.

Осы іс-шаралар елде терең экономикалық дағдарыс кезінде қолға алынды, бұл жарты аралда әскери талқандау және солтүстікпен бұрыннан бергі дәстүрлі шаруашылықтың үзілуінен басталды.

1950-жылдары-ақ Ли Сын Ман үкіметі жер реформасын жүргізді, ауқатты жер иелерінің артық жерлері сатып алынып (3 мың га жоғары) оны шаруаларға бөліп берді. Нәтижесінде 900 мыңға жуық шаруалар жерге ие болды. Ал бұл кейбір деревняларда әлеуметтік қайшылықтар туғызды. Капиталистік кәсіпкерлікті дамыту үшін помещиктер мен ауқатты шаруаларға капитал бөлінді. Бірақ өндіріс орындары дамыған жоқ. Қалаларда жаппай жұмыссыздық етек алды, инфляция жоғары болды, ауыл шаруашылығының халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге шамасы жетпеді.

1960 жылғы сайлауда Ли Сын Ман тағы да президент болып тағайындалды, бұл халықтың наразылығын туғызды. 19 сәуірде Сеулде жаппай демонстрация болды, яғни онда сайлау қорытындысын қайта қарауды талап етті. Демонстрацияға шыққандардың көпшілігі студенттер болатын, Ли Сын Ман оларды басу үшін әскери күшті пайдаланды. Ал бұл ереуілдің ауқымын одан әрі кеңейте түсті. Парламенттің кезектен тыс мәжілісінде президенттің отставкаға кетуін және жаңа сайлау өткізу туралы шешім қабылдады. 27 сәуірде Ли Сын Ман биліктен кететіні туралы өтінішке қол қойып, елден кетіп қалды. Бұл оқиға *Корея Республикасының тарихына сәуір революциясы* деген атпен қалды.

Екінші және Үшінші республика жылдарындағы Оңтүстік Корея (1960-1972 жж.). Сәуір революциясы нәтижесінен елде өтпелі үкімет құрылды, ал 1960 жылы маусымда парламент конституцияға өзгеріс енгізіп, онда президентті екі палаталы парламент арқылы сайлау ұсынылды. Сайлауда Минчжудан (1955 жылы құрылған оппозициялық демократиялық партиясы) жеңіске жетті. Елдің президенті *Юн Бо Сон*, ал премьер-министрі *Чан Мен* болды. 1960 жылы 1 қазанда Оңтүстік Кореяда екінші республика орнады.

Сыртқы саясатта корейаралық қарым-қатынас жақсара бастады. Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы жетістіктер салыстырыла бастады.

Бірақ көп ұзамай елде генерал-майор *Пак Чжон Хи* бастаған офицерлер тобы әскери төңкеріс жоспарын жасады. Көтеріліс 1961 жылы 15-нен 16 мамырға қараған түні болды. Ұлттық жиналысты таратты, партия және қоғамдық ұйымдардың қызметіне, демонстрация және митингі өткізуге тыйым салынды, көптеген баспаханалар жабылды. Премьер-министр Чан Мен өзінің биліктен кететіні туралы арнайы хабарлады.

Үкіметтегі әскерилер 1962 жылы наурызда саяси қызметті реттеу, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың саясатпен айналысуына тыйым салатын заңдар қабылдады. Оңтүстік Кореядағы барлық алдыңғы қатарлы саясаткерлер «қара тізімге» алынды.

Әскерилер 1962 жылы желтоқсанда жаңа президенттік сайлауға дайындық бастады, жаңа конституцияға референдум өткізді, онда президенттің жеке билігі күшейтілді. Ол шексіз билікке ие болды: премьер тағайындау, келісімді немесе шартты бекіту, соғыс ашу немесе бейбіт бітім жасау, қолбасшы болу т.б.

Сайлауға қатысу үшін әскерилер 1963 жылы ақпанда Демократиялық Республикалық партиясын (ДРП) құрды, ал тамызда жақын арада әскери қызметтен кеткен Пак Чжон Хидің кандидатурасын ұсынды. Қайта құрылған Демократиялық басқару партиясы өз кандидаты етіп *Юн Бо Сонды* ұсынды. Ең негізгі күрес осы екеуінің арасында болады. 1963 жылы қазанда болған сайлауда Пак Чжон Хи жеңіске жетті. 1963 жылы қарашада Ұлттық жиналысқа сайлау болды, онда көпшілік орынға

ДРП ие болды. 1963 жылы 17 желтоқсанда салтанатты түрде *Үшінші республиканың* орнағаны туралы жарияланды, олар елге арнайы түрде конституциялық басқару түрін қайта енгізді.

1960 жылдардың ортасында Оңтүстік Кореяда экономикалық даму үрдісі басталды. Бастапқы кезде жеңіл өнеркәсіп, сосын ауыр индустрия дамыды, жаңа технологиялар пайда болды, халыққа қызмет көрсету мен сауда жүйесі дамыды. Біртіндеп халықтың әлеуметтік құрамы да өзгере бастады, яғни ауыл тұрғындарына қалалық жерлерден жаңа жұмыс орындары берілді. Дәстүрлі өмір салтына байланысты психология саласында үлкен алға жылжу байқалды, орташа және жоғарғы білім беру жүйесі дамыды.

Үкіметке қарсы шараларды басу үшін Пак Чжон Хи өзінің танымал идеясы, яғни КХДР мен байланыс орнатуды қолға алды. 1971 жылы тамызда Солтүстікпен келіссөз болды және төтенше жағдайға байланысты Ұлттық қауіпсіздік енгізілді. Сондықтан ол конституцияға қайшы келді.

1972 жылы 12 қазанда Сеул көшелерінде күтпеген жерден танклер мен әскер енгізіліп, олар университет ғимараттарын, оппозициялық партиялардың штаб-пәтерлерін, байланыс орталықтарын басып алды. Пак Чжон Хи радиодан әскери тәртіптің орнағаны туралы жариялады және келесі шаралар қабылданды: Ұлттық жиналыс таратылды, конституция қызметі тоқтатылды, ал жаңа конституция қабылдауды президент өз мойнына алды, яғни оны ұлттық референдум бекіту керек болды.

Төртінші республика (1972-1980 жж.). Осы кездегі конституция жәй немқұрайлы түрде ғана болды. 1972 жылы 21 қарашада ол өз күшіне еніп, елде *Төртінші республиканың* орнағаны жарияланды.

Жаңа конституция демократиялық үрдістерге қарсы бағытталды және азаматтардың бостандықтарын шектеді. Бұрын 6 жылға сайланған президент енді шексіз билікке ие болды.

Сонымен, 1972 жылы 23 желтоқсанда ешқандай бәсекелестерсіз-ақ *Пак Чжон Хи* президент болды. Ол әміршіл түрде билік жүргізді. Біртіндеп елде оппозициялық күштер пайда болды, оған саясаткерлер, кәсіпкерлер, діни қызметкерлер, интелли-

генция өкілдері және студенттер қатысты. Билікте үлкен дағдарыс басталып, 1979 жылы 26 қазанда аяқ асты Пак Чжон Хи өз төңірегіндегілердің қолынан қаза болды.

Елге төтенше әскери тәртіп енгізілді, бұл істі бұрын танымал емес әскери топты басқарған генерал-майор *Чон Ду Хван* басқарды. Ол негізінен әскери академияда және соғысқа бірге қатысқан достарының көмегіне сүйенді, ал ең жақын досы генерал-майор *Ро Дэ У* болды.

1979 жылдан 1981 жылдың ақпанына дейін *Чон Ду Хван*ның өтпелі кезеңін Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті басқарды. 1981 жылы ақпанда жаңа президенттік сайлау болып, *Чон Ду Хван* еш кедергісіз жеңіске жетті. Әскери тәртіп жойылса да 500-ге жуық адам саяси биліктен босатылды. Парламенттегі көпшілік орынды Әділетті Демократиялық партиясы (ӘДП), Кореяның Демократиялық партиясы (КДП) және Корея Ұлттық партиясы (КҰП) иемденді.

Бесінші республика (1981-1987 жж.). *Чон Ду Хван* президенттігі кезінде Корея Республикасының экономикасы жоғарғы қарқынмен дами түсті және өндірістің, сыртқы сауданың маңызды құрылымдары өзгерді. 1983 жылы Ұлттық кіріс 75 млрд. доллар болды. Өндірістің дамуы жылына 8,5%-ға өсті, ал экспорт 23,2 млрд. долларды құрады. Оңтүстік Корея үлкен жүк тасымалдайтын кемелер, электр заттарын, қару-жарақ түрлерін, жеңіл автокөліктерді экспортқа шығарумен айналысты. Сонымен, бірге ішкі инфрақұрылым, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау салалары жоғары дамыды. Оңтүстік Корея алпауыт мемлекеттермен бәсекеге қабілетті елге айналды (Сингапур, Тайвань, Ганконг т.б.). Нәтижесінде Азия құрлығында Жапониядан кейін екінші орынға көтерілді.

1987 жылы 16 желтоқсанда президенттік сайлау болып *Ро Дэ У* жеңіске жетті. Елде *Алтынышы республиканың* билігі басталды.

1980 жылдардың соңы - 2000 жылдың басындағы Оңтүстік Корея. *Ро Дэ У* тұрақты демократиялық қоғам құру, әскерилердің саясатқа араласуын шектеу, елдің халықаралық беделін көтеру істерін қолға алды.

Шығыс Еуропа елдері, Кеңес Одағы, Қытай және Вьетнаммен (1990-1992 жж.) дипломатиялық байланыс орнатты. 1990 жылы қыркүйекте Корея Республикасы КХДР-мен бір уақытта БҰҰ-ның құрамына кірді.

1990 жылы Оңтүстік Корея алдыңғы қатарлы индустриялы мемлекет деп танылды. 1993 жылы Ро Дэ Уды айналасындағылармен бірге парақорлықпен айыптап, сайлауда Ким Ен Сам жеңіске жетті. Бірақ 1995 жылы жаңа оппозициялық партия құрылып, ол Біріккен Либералды Демократтар деп аталды. Ал осы партия кезекті сайлау науқанында Ким Дэ Чжунның жеңіске жетуіне көмектесті. 1996 жылы тауар айналымы 280 млрд. долл. жетті, ал экспорт 130 млрд. долл. құрады. Оңтүстік Кореяның сауда серіктестері - АҚШ, Жапония, ЕО, АСЕАН елдері және ҚХР.

1997 жылы басталған экономикалық «азияттық дағдарыс» бүкіл Азия елдерін қамтып өтті. Осының салдарынан елде 17 мыңға жуық кәсіпкерлердің кәсіпорындары жабылып қалды. 1997 жылы 21 қарашада Оңтүстік Корея халықаралық валюта қорынан көмек сұрайды. Бұл дағдарыс ХХІ ғасырдың басында да сезілді, дегенмен корейлік үкіметтің реформаны нақты жалғастыру және экономиканы қайта дамыту үшін несие-банктерімен келіссөздер де тоқтаған жоқ. Дағдарыс басталғаннан-ақ Оңтүстік Корея әлемдік экономикалық қауымдастығы тез қарқынмен жүрді. Дамыған экономикаға сай нарықтық құрылымды дамытып, дағдарыстың алдын алуды қолға алды. Кейін келе Оңтүстік Корея компаниялары Батыстың алдыңғы қатарлы компанияларымен бәсекелес бола бастады. Оңтүстік Кореяның 11 фирмасы әлемдегі алдыңғы қатарлы 500 корпорацияның тізіміне енді. Ал 4 компания «Хендэ», «Самсунг», «Лаки Голдстар», «Дэу» әлемдегі 100 ұлтаралық корпорациялардың тізіміне кірді.

Ким Дэ Чжун сыртқы саяси қадамын КХДР-на қатысты «күннің жылуы» саясатынан бастады. Нәтижесінде 2000 жылы 13 маусымда Ким Дэ Чжун Солтүстік Кореяның басшысы Ким Чен Ирмен кездесіп, екі жақты келіссөзге қол қойды.

Оңтүстік Кореяның ең басты даму үрдісі - экономика сәтін болды. 2003 жылдың соңына қарай Оңтүстік Корея экономикасы үздіксіз даму жолына түсті. Ішкі нарықтағы күшті сұраныс жұмыс күшін жалдау барысынан көрінді. Оны мысалы

2004 жылы ішкі кірісті 5,3% деп жоспарлаған болса, ол 6% құрайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оңтүстік Кореяда Ли Сын Ман үкімет басынан қай жылы кетті?
2. Қай мемлекеттің саяси бағытын ұстанды?
3. Оңтүстік Корея Республикасында «Төртінші республика» қашан құрылды?
4. 1960 ж. Оңтүстік Кореяда «сәуір революциясы» не үшін болды?
5. Оңтүстік Кореяда Төртінші Республика қай жылы орнады?
6. Оңтүстік Кореяның ең танымал компанияларын атаңыз.

§ 7. Солтүстік Корея

КХДР-ғы социалистік қайта құрулар (1953-1956 жж.). Корея соғысы аяқталған соң КХДР-ның алдына қойған негізгі мақсаты қираған шаруашылықты қалпына келтіру болды. Соғыс жылдары Солтүстік Кореяның ірі қалалары апат болды, өндіріс орындары мен байланыс жүйелері толық қирады.

Сонымен бірге Корея Еңбек партиясының (КЕП) Орталық Комитетінде социалистік қайта құрулар басталды. КЕП-ның ОК-нің 1953 жылы 6 тамыздағы 6 пленумында қалпына келтіру жұмыстары 3 жылда аяқталуы керек деп жоспарланды (1953-1956 жж.).

Осы жылдары Солтүстік Кореяға КСРО, ҚХР және басқа социалистік лагерьдегі елдер көмекке келді. Адам күшін шоғырландырып, жұмыс жақсы нәтиже берді. 240 өнеркәсіп қайта қалпына келтіріліп, 80-і жаңадан салынды. 1956 жылы тамызда 3 жылдық жоспар аяқталған соң өнеркәсіп өнімі екі есеге өскен болатын.

Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру барысында – аграрлық секторда: бөгет, насосы станциялар, каналдар, көпірлер т.б. салынды.

Шаруашылықты қалпына келтірудегі жақсы даму КЕП және оның басшыларының беделін көтерді. Осы жылдары біртіндеп *Ким Ир Сеннің* жеке басына табынушылық қалыптаса бастады. Ол халықты бір жеңістен екінші жеңіске апаратын көсем болып көрінді. Ол 1930 жылдары жапондықтарға қарсы партизан соғысындағы мықты рөлі арқылы көзге түскен болатын.

Экономикалық және саяси даму (1957-1985 жж.). 1956 жылы сәуірде қалпына келтіру кезеңі жақсы аяқталған соң КЕП-ның III съезі өткізілді. Онда елді социалистік жолмен индустриаландыру бағыты қаралды, ұжымдастыру аяқталды, елде 1957-1961 жылдарға арналған бесжылдық жоспары қабылданды.

1960 жылдары Солтүстік экономиканың барлық түрінен жоғарғы көрсеткішіне ие болды. КХДР-да индустрия саласының жақсы дамуы сыртқы сауда байланысын дамытты, ал сауда с-ріктестері осы бесжылдық кезінде 10%-дан 40%-ға дейін өсті. 1950-1960 жылдары Ким Ир Сен *чучхе* идеологиясын даярлады (*чучхе*- «өз денеңе өзің қожайынсың» «сам хозяин своего тела»). Онда бүкіл корейлерді тек өз күшінен ғана тірек іздеу, таза ұлттық қасиеттерді дамыту, қандайда бір сыртқы, әсіресе шетелдік ықпалды қабыл алмау. Бірақ ол үлкен нәтиже берген жоқ. Ақша және еңбек ресурстарын шашу болды, ол халық шаруашылығында дағдарысқа алып келді.

1960 жылдардың ортасы 1970 жылдардың басында КХДР-ның экономикалық қарқыны бәсеңдей бастады. 1980 жылдары да бұл үрдіс тоқтаған жоқ.

КХДР-ның ішкі саяси өмірінде Ким Ир Сеннің үлкен ұлы Ким Чен Ирдің партиялық және мемлекеттік рөлі күшейе бастады. Солтүстік Кореядағы көптеген лидерлердің отбасыларындағы мүшелері КЕП- да және мемлекеттік аппараттағы жоғарғы орындарды иемденді. Ал 80-ші жылдары құқық және өкілеттілік жағынан кіші Ким мемлекетте екінші орындағы адам болды. Ол ішкі саясаттың барлық бағытына басшылық жасады.

Жаңа ғаламдану жағдайындағы КХДР. КСРО-ғы қайта құрулар КХДР-на кері әсерін тигізді. Пхеньянның дәстүрлі серіктестері бұрынғы социалистік мемлекеттермен және Батыспен сауда-саттық нашарлады. Нәтижесінде КХДР-да экономика қарқыны баяулады, халық шаруашылығының көп саласында дағдарыс орын алды.

1988 жылдан бастап КХДР-сы Шығыс Еуропадағы көптеген социалистік серіктестерінен айырыла бастады. Сосын КСРО. Ал 1990 жылдардан бастап Солтүстік Корея мемлекеті де басқа бұрынғы социалистік елдер секілді «жаңа өмірге» үйрене бастады.

1994 жылы шілдеде *Ким Ир Сен қайтыс болып*, оның орнына баласы *Ким Чен Ир* келді. Ким Чен Ир мемлекеттік-партиялық жүйені қайта жалғастырды. Дегенмен, 90-шы жылдардың ортасында бұл жүйенің қабілетсіздігі біліне бастады.

Қоғамдық азық-түлік, өнеркәсіп өндірісінің қарқыны төмендеді, электр қуаты, жанар-жағар май, шикізат және т.б. тапшылық күйге түсті. Ауыл шаруашылығында да тоқырау басталды: дәнді дақылдар, әсіресе тамақтың негізгі түрі - күріштің де түсімі нашарлап кетті. Сонда да елдегі басшылық мұндай жағдайдан шығу жолын бұрынғыдай әлеуметтік және экономикалық реформа арқылы шешуді қарастырды, яғни күшті тәртіп пен шектеулер.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Корея мемлекеті қай жылы екіге бөлінді?
2. Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы қай жылы құрылды?
3. 1948 ж. Солтүстік Кореяның басшысы кім болды?
4. Солтүстік Кореяда Ким Чен Ир қай жылы билік басына келді?

§ 8. Қытай

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытайдың ішкі жағдайы. Бұрынғы ерте кездің өзінде-ақ қытайлар ұлы өркениет құрады. Ұзақ уақытқа дейін Қытай өркениеті басқа мәдениеттен бөлек дамыды. Тек ХҮІІІ ғасырдан бастап Батыспен байланыс орнады. Бұл Қытайдағы маньчжур династиясы Цин империясының Қытайды сыртқы әлемнен толық «жауып» тастауға әкелді. Тек ХІХ ғасырдың ортасында *«апын соғысынан»* жеңілген соң ғана Қытай Еуропа елдеріне *«ашық»* бола бастады. Алайда «еуропалық варварлардан» жеңіліп қалғанына Қытай қатты күйзелді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында *1911 жылы Қытайда монархия құлады. Синхай революциясы Цин династиясын жойды.* Енді елде *не істеу керек?* деген сұрақ тұрды. Жаңа династия құру керек пе, әлде диктатура орнату керек пе?

Бұл жерде жақсы кандидат *Юань Шикай* болды, бірақ провинциаларда билікті әскери-губернаторлар (дуцзюни) басып алды, ал Юань Шикай 1916 жылы қаза болды.

Ендігі кезекте елдің саяси өміріндегі басты рөлде *Сунь Ятсен* болды, ол 1912 жылы *Гоминдан* партиясын (Ұлттық партия) құрды. Сунь Ятсен Оңтүстік Қытайда өте беделді саяси қайраткерлердің бірі болды. Қытайда монархия құласымен Тибет, Синьцзян, Монғолия өз алдына бөлек болып кетті, ол жерлердегі Қытай шенеуніктері қуылды.

Осы кезде Қытайдағы ең басты проблема бір саяси орталықтың болмауы еді. Соғыс жылдары елде екі үкімет пайда болды: *Оңтүстік* және *Солтүстік*. Олардың орталықтары *Гуанчжоу* және *Пекин* қалалары болды.

Оңтүстіктегі - билік үшін екі генералдар тобы күрес жүргізді (гуандундық және гуан топтары).

Солтүстіктегі - билік үшін күрес Пекинде жүрді: *Аньхой*, *Чжили*, *Маньчжур* топтары арасында.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа Қытай немқұрайлы түрде ғана қатысты. Өйткені, халықаралық жағдайын реттеп алу үшін оған жеңген елдер жағында болу міндеті болатын.

Бұл жапон саясатына қарсы тұру үшін де маңызды еді. *Жапония* 1915 жылы Германияға қарсы соғыс жариялап, герман иелігіндегі Микронезия (Маршалловы, Каролин, Мариан) аралдарын басып алды. Сонымен бірге Жапония Германияның Қытай жеріндегі әскери-теңіз базасы *Циндаоны* және бүкіл *Шаньдун* провинциясын басып алды. Барлық державалардың дүниежүзілік соғыста мұршалары болмай жатқанын пайдаланып, жапондықтар Қытайды қорлайтын «21 талап» құжатына қол қоюына мәжбүрледі.

Әлсіз Қытай үкіметі бұл талаптың барлығын орындауға көнді, сөйтіп нәтижесінде Жапонияға тәуелді болып қалды.

1919 жылы Париж бейбіт конференциясында Қытай осы «талапты» қайта қарауды ұсынды. Бірақ *1919 жылы 30 сәуірде* Қытайдың «*талабы*» қаралмады. Өйткені оны басқа халықаралық конференцияда қарауды жөн көрді. Мұнда, яғни Париж конференциясында Еуропадағы территориялық өзгерістер, Германия мәселесі, Ұлттар Лигасын құру сияқты проблемаларды қарау қолға алынды. Парижден келген мұндай жәйсіз хабар Пекинде наразылық тудырды.

1919 жылы 4 мамырда Қытай астанасында екі аптаға жуық студенттер демонстрациясы болды. Оған қатысушылар Париждегі Қытай делегациясын тез арада елге оралуларын талап етті. Сонымен бірге осы «21 талапқа» қол қойған шенеуніктерді жазалау, жапон тауарларына байкот жариялауды ұсынды.

Көп ұзамай жапон тауарларына байкот бүкіл елді қамтыды. Пекиндегі Дуань Цижунь үкіметі Париждегі Қытай делегациясын кері қайтаруға мәжбүр болды. Ал елдегі ереуіл біртіндеп Шанхайға қарай жылжып, көп ұзамай бүкіл Қытайды шарпып кетті.

1919 жылы 10 қазанда Сунь Ятсен Шанхайда Джунго Гоминьдан партиясын құрып (Қытайдың Ұлттық партиясы) Оңтүстіктегі саяси билік үшін күресті. Партия үш қағида бойынша жұмыс істеді: «ұлтшылдық» - шетелдіктердің зорлық-зомбылығын жою; «ұлттық билік» - милитаристерді үкімет билігінен қуу; «халықтың берекесі» - мемлекет халықты әлеуметтік жағынан қорғау.

1920 жылы шілдеде Пекиндегі Дуань Цижү үкіметін құлатып, оның орнына Чжилиден У Пэйфу келді, олар Англия мен АҚШ-тан қолдау іздеді. АҚШ және Батыс Еуропа мемлекеттері Қытаймен ара қатынасты жақсартуға кірісті, ал бұл Жапониямен қарым-қатынасты нашарлатып жіберді.

Мұндай жағдайда Жапонияның *Вашингтон конференциясында* толықтай оқшауланып қалуына әкеп соқты. Қытайдың қатысуымен болған бұл конференция 1921 жылы сәуірден 1922 жылдың ақпанына дейін жұмыс істеді. Конференцияның Қытай үшін ең маңызды нәтижесі «*Қытай туралы 9 держава*» келісімі болды. Онда Қытайдың егемендігі сақталды, территориялық тұтастығы қалпына келтірілді, «21 талап» бойынша Қытайдан тартып алған Шаньдун провинциясын Жапония қайтарып берді.

Сонымен келісім Қытайдың халықаралық позициясын бекіте түсті. Ал «4 мамыр» қозғалысы шаруалардың белсенділігіне түрткі болды.

Осы 1920 жылы *Қытайда бірінші рет маркстік үйірмелер* пайда болды. Оны Пекинде университет профессоры Ли Дачжао басқарды, Шанхайда Чень Дусю, ал Хунань провинциясының орталығы Чаншада *Мао Цзэдун* басқарды.

Ішкі саяси жағдайдың шиеленісуі. 1922 жылдары елдің ішінде өз позициясын күшейту үшін *Сунь Ятсен* Кеңес үкіметімен байланыс орнатуға кірісті. Ал 1923 жылы наурызда КСРО-дан Азамат соғысының батыры Павлов, В.К.Блюхер, сосын Михаил Бордин бастаған саяси және әскери кеңесшілері Қытайға келді. Олардың ұсынысы бойынша Сунь Ятсен коммунистермен байланыс орнатты. 1923 көктемде Қытай коммунистік партиясы Орталық Комитеті Гуанчжоуға орналасты.

1924 жылы қаңтарда Гоминьдан партиясы мен Қытай Коммунистік партиясының біріккен съезінде жаңа Бағдарлама мен Жарғы қабылданды. Жарғыда үш саяси бөлім қаралды: КСРО-мен одақ құру және жұмысшы, шаруаларға қолдау көрсету. Ал Бағдарламада келісім нысандарға қол жеткізу қаралды: 1) әскери бірігу; 2) алты жылдық қамқорлыққа алу кезеңі; 3) конституциялық басқаруға көшу. Сонымен бірге Сунь Ятсен-

нің жаңа «халықтық үш қағидасы» талқыланды: «ұлтшылдық»-шетелдіктердің зорлық-зомбылығын жою; «халық билігі»-милитаристерді үкімет билігінен қуу; «халық берекесі»-мемлекеттің халықты әлеуметтік жағынан қорғауы.

Гоминьдан партиясының Жарғысында үш саяси бөлім сақталды: Кеңестік Ресей және ҚКП мен одақ құру, жұмысшы, шаруаларға қолдау көрсету. Ал ҚКП-ның Бағдарламасында мынадай нысандар қаралды: 1) әскери бірігу; 2) алты жылдық қамқорлық кезеңі; 3) конституциялық басқаруға көшу. 1924 жылы мамырда Ванпу (Хуанпу) аралында (Қытайдың оңтүстігі) КСРО-ның көмегімен офицерлер мектебі ашылды.

Бірінші Азамат соғысы. 1924 жылы қазан айында Чжилидегі генералдар тобынан шыққан Фэн Юйсян Пекиндегі Чжан Цзолинге қарсы соғыс ашып, билікті өз қолына алды. Ол Сунь Ятсенмен, Гоминьдан партиясымен және ҚКП-мен байланыс орнатып, тіпті КСРО-дан да көмек сұрады. Ол әскерін Ұлттық Армия деп қайта жасақтады. Фэн Юйсяннің қолбасшылығында үш армия: біреуі - Пекинде, ал екеуі - Хунань провинциясында болды. Фэн Юйсян Қытайда коалициялық партия құру үшін Сунь Ятсенді Пекинге шақырды. Сонымен 1924 жылы қарашада Сунь Ятсен тұтас мемлекет құру үшін Пекинге келді. Бірақ ол кезде Сунь Ятсен өте қатты науқас болатын. Ауру өз дегеніне жетіп, 1925 жылы наурызда бірнеше ай Пекинде ауырып жатқан *Сунь Ятсен қайтыс болды*. Алайда, Қытайда одан басқа беделді қайраткер болған жоқ. Сунь Ятсеннің қазасынан кейін Гоминьдан партиясы ішінде билік үшін күрес басталды. Гоминьдандағы алдыңғы қатарлы рөлге таласып жүргендердің бірі, әскери қызметкер *Чан Кайши* болды. Дегенмен, Оңтүстіктегі үкімет билігін Ван Цзинвэй басып алды.

Екінші азамат соғысы. ҚКП-сы Чан Кайшидің төңкерісінен кейін-ақ Гоминьдан партиясының саясатына қарсы шықты. 1927 жылдың соңында ол бірнеше көтерілістер ұйымдастырды, бірақ барлығы сәтсіз аяқталды. 1928-1930 жылдары бірнеше аудандар коммунистердің бақылауына өтті, ол жерлерде Кеңестер құрылды. 1931 жылы Жулцзинде Кеңестер съезі болып, Қытай Кеңес Республикасы жарияланды. Орталық және Оңтүстік

Қытайда Гоминьдан мен коммунистер арасында Азамат соғысы болды. Алайда екі жақ 1937 жылы 8 шілдеде жапондықтарға қарсы жалпыұлттық ортақ майдан ашу үшін бірігуді қолға алды.

ҚКП-сы өздері бақылау жасап отырған аудандарда, әртүрлі мәліметтер бойынша 50-100 млн. адам жинады. «Сегізінші» және «Төртінші»- екі басты армия әскер саны жағынан 500 мың адамға жетті. Осы кезде ҚКП-сын, яғни кейінгі жылдары ұзақ уақыт ел басқарған *Мао Цзэдун* басқарды. Гоминьдан армиясының саны Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары 4600 адам деп есептелді.

1945 жылы тамызда КСРО Жапонияға қарсы соғысқа кірісіп, Маньчжурияны басып алды, Квантун армиясын талқандады. Олар Солтүстік Қытайдағы ҚКП-ның әскери базасымен байланыс орнатты. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып Қытай жеріне тыныштық орнағанмен, елде Азамат соғысының ең ауыр кезеңі басталды.

Жапондықтарға қарсы соғыс. 1937 жылы 7 шілдеде Пекинге жақын маңдағы Марко Поло көпірі маңында Жапония Қытайға қарсы кең көлемде соғыс ашады. Бұл басқыншылыққа қарсы ортақ күрес жүргізу үшін ҚКП мен Гоминьдан ортақ келісімге келеді. Бұл кезде Қытайда адам саны 2 млн-дай ірі көлемді жаяу әскері бар, бірақ талапқа сай қару-жарақтың жетіспеуінен ол армияның күші әлсіз. Артиллерия саласы ескірген, тек 20 ұшақ пен 75 танк қана қолданыста болатын.

Соғыс ашқан Жапония ұлы державаларға Шығыс Азияда «ортақ гүлдендіру мүддесін» алға тартады. Бірақ бұл ұсынысты еш мемлекет қабылдаған жоқ. Сол үшін Батыс тек Қытайға моральды қолдау ғана көрсетті. Нақты көмекті КСРО көрсетті, 1937 жылы 21 тамызда соғыс ашпау туралы келісіміне қол қойылған соң қыркүйекте Мәскеу қытайлық делегаттармен әскери құрал-жабдықтарды тасымалдау туралы келіссөз болды. Ал қазан айында Қытайға алғашқы көмек те келіп жетті: танк, ұшақ, артиллерия және қару-жарақ.

Бастапқы кезде жапон армиясы Пекин мен Тяньцзиньді басып алды, ал 13 тамызда Шанхайға жылжыды. Янцзы өзенінің ағысымен жоғары жылжып Оңтүстік Қытайда майдан ашты.

1937 жылы қарашада Шанхай құлады, сосын Нанкин қаласына баса көктеп кіреді. Үкімет бастапқы кезде Уханьға сосын Сычуань провинциясының астанасы Чунцинға көшірілді, тап осы жерде Чан Кайши армиясы орналасқан болатын. Жапония бұл науқанды үш айдың ішінде аяқтауға жоспарлаған еді, бірақ 1938 жылы мамыр айында да Чан Кайши армиясы қарсыласуын тоқтатқан жоқ. 1938 жылы қазанда жапондықтар үлкен шығынға тап болса да Қытайдың оңтүстігіндегі ең маңызды порты Гуанчжоуды басып алды, бірақ олардың шабуылы бәсеңдей бастады. Жер-жерде партизан жасақтары құрылып, жапондықтарға күшті соққы беріп отырды. Нәтижесінде 1939 жылы көктемде жапон армиясы үлкен зардап шекті.

Соғыстың алдыңғы екі жылы Чан Кайши үшін өте ауыр болды: барлық порттардан, теміржолдардан, байланыс жүйесінен айырылды. Бірақ қарсыласуды жалғастыра берді. 1939 жылы 1 қыркүйекте Еуропада Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Қытай өздеріне көмек қолын созу үшін АҚШ-қа делегаттарын жіберді. Тек 1941 жылы ғана АҚШ Қытайға 120 млн. долл. ақшалай көмек көрсетті. Бұл кезде жапондықтар Қытайда соғыс қимылдарын тоқтатып, басып алған жерлерінде өз саясатын жүргізуді қолға алған болатын. Олар 1940 жылы 30 наурызда Нанкин қаласында Ван Цзинвэй басшылығындағы қуыршақ үкіметін құрып, оған партизандарға қарсы күрес жүргізу үшін 800 мыңдық әскер жасақтау тапсырылды. Осы кезде Чан Кайши АҚШ-қа қайта арқа сүйейді. 1941 жылы қаңтарда Қытайға бірінші американдық ұшақтар мен ұшқыштар көмекке келеді. АҚШ конгресі Қытайға ленд-лиз заңы бойынша көмек көрсетуді қабылдайды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қытай. Соғыс басталған алғашқы жылдан бастап-ақ АҚШ үкіметі Қытайға көмек қолын созады. Ал 1941 жылы жапондықтар Пёрл-Харборға шабуыл жасағаннан кейін, яғни 1942 жылдың басында 600 млн. займ берді. Қытайға 14-ші әуе күштері корпусы түсіріліп, оны генерал Джозеф Стилуэлл басқарды. Осы кезде Қытай жері Жапония үшін Тынық мұхиты мен Оңтүстік-Шығыс Азияға шығатын маңызды шикізат көзі мен жөндеу жұмыстарын

жүргізетін алаңға айналды. 1942 жылы көктемде жапондықтар Нанчан ауданындағы Фуцзян провинциясына шабуыл жасайды. Сонымен Фуцзян провинциясында олар жеңіске жеткенмен, Нанчан ауданында жеңіліс табады.

1942 жылдың жазынан бастап жапондықтарды қырсық шала бастайды, енді олардың қарсыласуға шамалары келмей қалды. 1943 жылы жапондықтар Янцзыны тастап шығады. Ал 1944 жылы күтпеген жерден жапондықтар шегіне бастайды. Бастапқы кезде Хэнань провинциясын, сосын Хунань провинциясын, ал желтоқсан айында Гуанси және Гуйчжоуды тастап кетеді. Жапондықтардан азат болған аудандарда коммунистердің билігі күшейтіледі. Осыдан кейін Гоминьданның әсіресе Чан Кайчидің АҚШ алдында беделі күрт түсіп кетеді, әскердің қауқарсыздығы байқалды. Тіпті американдық генерал Дж.Стилуэллдің өзі де Гоминьдан жағына ауыр сын айтып, Қытайдан кетіп қалады.

Соғыстың аяқталу кезеңі. 1945 жылдың басында жапондықтар Чан Кайшимен қайта келіссөз жүргізуге талпыныс жасады, тіпті әскерлерін Қытайдан алып шығуға дейін дайын болды. 1945 жылы наурызда Чан Кайши соңғы жауабын да берді: жапон әскері елден толығымен шығарылғаннан және Ван Цзинвэйдің қуыршақ үкіметі жойылғаннан соң, сонымен бірге Жапония Қытайға көрсеткен шығынын төлеуге келіскен күнде соғыс тоқтайды. Бірақ бұл кезде соғыс та өз межесіне жетіп қалған болатын: американдық әскери ұшақтар жапон территориясын үзбей бомбалап, 1945 жылы сәуірде Окинаваға басып кіреді. Ал Германиямен соғысты аяқтаған соң, КСРО-да Жапонияға қарсы соғысуға тілек білдірді.

1945 жылы 6 және 9 тамызда жапондық қалалар Херосима мен Нагасакиге атом бомбасы тасталғаннан кейін, жағдай мүлдем өзгерді. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуын жылдамдата түсті. 1945 жылы 12 тамызда Чан Кайши елді толықтай жапондықтардан тазарту туралы бұйрық берді. 1945 жылы тамыз-қыркүйек айларында Американың жолаушы тасымалдайтын ұшағы көмегімен Чан Кайши әскері Қытай территориясының көп бөлігіне бақылау орнатты, ал порттарға американдық

теңіз флоты түсірілді (90 мың адам). Аз ғана уақыттың ішінде американдықтар 39 дивизияны толық қамтамасыз етуге болатын олжадан түскен қару-жарақ береді және Ван Цзинвэйдің қуыршақ армиясынан тәркіленген (750 мың адам) барлық қаруды осы Чан Кайши армиясы иеленді.

Кеңестік әскер осы кезде Маньчжурия және Ішкі Монғолияға қарай жылжиды. 1945 жылы қыркүйек-қараша айларында олжадан қолға түскен қару-жарақты қытай коммунистерінің 4-ші және 8-ші армияларына берді, соның ішінде: 250 мың-мылтық, 2300 пулемет, 5,5 мың-артиллерия қаруы, 900 танктер, 840 ұшақ және мыңдаған автокөлік. Бұл техниканың көп бөлігін жапондықтар пайдаланып үлгерген де жоқ еді. Ол кезде Қытайдың Қызыл армиясы 300 мың адамды құрады. Соғыс барысында олар Солтүстік Қытай территориясына бақылау орнатты: Ішкі Монғолия, Маньчжурияның үлкен бөлігі, Шаньдунның бір бөлігі, «Ерекше әкімшілік аудандар» (Шэньси-Ганьсу), сонымен бірге Аньхой және Цзянси провинцияларының кейбір территориялары - барлығы 120 млн. халқы бар 2 млн. кв.м.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай және Азамат соғысы (1945-1949 жж.). Соғыс аяқталысымен Қытайды саяси жағынан біріктіру мәселесі қолға алына бастады. Екі негізгі күш - ҚКП және Гоминьдан елдегі билік үшін өзара күрес жүргізді. 1946 жылы мамырға дейін КСРО және Қытай Республикасы арасындағы келісім бойынша Маньчжурия территориясында кеңестік әскер тұрақтап қалды. Бұл ауданда Маньчжоу-Го «қуыршақ» мемлекеті өмір сүріп тұрған кезде жапондықтар бұл жерді экономикасы дамыған аймаққа айналдырды. Нәтижесінде 1945 жылдың 10 қазанында Чунцинде ҚКП және Гоминьдан арасында бейбітшілік пен ұлттық бірлік орнату туралы келісімге қол қойылды. Алайда келіссөзге қатысушылар ҚКП-ның болашақ қарулы күшінің статусы туралы ортақ тілге келе алған жоқ. Чан Кайши әскерді таратып және азат етілген аудандағы билікті сол жерлердегі өкілдерге беруді ұсынды. Ал Мао Цзэдун бұған бара алмады және кері жауап берді. АҚШ үкіметінің қолдауына сүйенген Гоминьдан басшысы коммунистер бақылауындағы аудандарға басқыншылық әрекет жасауды қолға алды. Ел тағы да Азамат соғысының аясында қалды.

1946 жылы елде қайта Азамат соғысы басталды, ал оның бірінші кезеңі 1947 жылдың ортасына дейін жалғасты. АҚШ-тың қолдауындағы Чан Кайши армиясы бастапқы кезде үлкен табыстарға жетті. Соғыстың қорытындысы 1948 жылдың соңында 1949 жылдың ортасында ерекшелене бастады. Пэн Дэхуай басшылығындағы Бірінші армия елдің солтүстік батысына орналасты, Лю Бочэннің Екінші армиясы Орталық Қытайға, Чэн Идің Үшінші армиясы шығысқа орналасты, Линь Бяоның Төртінші армиясы Маньчжурия жеріне орналасты. Коммунистер бастапқы кезде Шэньян ауданын, сосын Чаньчунді, сөйтіп, біртіндеп Солтүстік-Шығыс Қытайдың көп бөлігін өз бақылауларына алды. 1949 жылы 21 қаңтарда Чан Кайши Қытай Республикасының президенттік орнынан бас тартты. 1949 жылдың күзінде тек Тайвань мен Тибет ҚКП-ның бақылауынан тыс қалды. Сонымен бірге Гонконг пен Макао бұрынғыдай Ұлыбритания мен Португалияның басқаруында қалып қойды.

1949-1957 жылдардағы ҚХР. 1949 жылы 1 қазанда Пекинде Қытай Халық Республикасының құрылғаны туралы арнайы жарияланды. Ал Чан Кайши өз жақтастарымен бірге Тайваньға кетіп қалды. ҚХР-сы құрылғаннан кейін Орталық Атқару халықтық үкіметі құрылып, оның төрағасы Мао Цзэдун, мемлекеттік әкімшілік кеңесінің премьері, көрнекті қайраткер Чжоу Энлай болды. Ұлт-азаттық армиясының Басқолбасшысы болып жапондықтарға қарсы соғыста және Азамат соғыстарында ірі әскери басшы болған *Чжу Дэ* болды. ҚХР-да мемлекеттік билік жүйесі жұмысшы және шаруа одағы негізіндегі жұмысшы табы басқарған халықтың демократиялық диктатурасы сияқты болып, көрінді. Орталық және жергілікті биліктің қатысуымен партия құрамында жоқтарды және буржуазиялық-демократиялық партиялардың мүшелерін коммунистер жағына тарта бастады.

Шетелдіктер Қытайға саяси блокада орната бастаған кезде 1950 жылдың 14 ақпанындағы кеңес – қытай арасындағы «Достық, одақ және өзара көмек» келісімінің маңызы күшті болды. Ол бойынша Қытай жерінде Порт-Артурда кеңестік әскер шығарылған жоқ, КСРО Қытайға 1%-ға жеңілдікпен ұзақ мерзімге 300 млн. доллар несие берді. Сонымен бірге, Қытай эконо-

микасын дамыту үшін КСРО-дан құрал-жабдықтар мен материалдар тасымалданды.

КСРО-ның көмегі Қытайда реформа жүргізуге көмектесуі болды. Ең маңызды әлеуметтік қайта құрулар жер туралы аграрлық реформа болды. Онда жерді, малды, құрал-саймандарды, үйлерді, сонымен бірге жері бар ауқатты адамдардың, храмдардың, шеберханалардың, мұралық жерлер мен артық жерлерді ауқатты байлардың дүние-мүлкін жері жоқ шаруалар мен жұмысшыларға бөліп берді. Ал өсімқор шаруалар өз жерлерін өздері немесе бірнеше жалгерлердің көмегімен өндесе, онда олардың жеріне тиіскен жоқ. Бос жатқан жерлер, сулы алқаптар, ормандар, шәй, бамбук, кендір, жібек өндіретін ірі плантациялар сонымен бірге жер қойнауындағы байлықтар да мемлекет қарамағына өтті. Нәтижесінде 1953 жылдың көктеміне қарай ауқатты жер иелері жері жойылып, бай шаруалардың экономикалық позициясы әлсіреді. Алайда, аграрлы реформа кедей шаруалардың деңгейін көтергенмен оларды табанды жақсы жағдаймен қамтамасыз ете алған жоқ. Көптеген шаруашылықта құрал-жабдықтар жетіспеді.

Бұдан басқа да қайта құрулар болды: әйелдер мен ерлердің тең құқығы жарияланды, мектеп және жоғары оқу орындарында демократиялық шаралар іске асты, еңбекшілердің сауатсыздығын жою шаралары жүргізілді. Ең маңызды жұмыстар экономика жағына бағытталды. Бұл кезде Қытайдың халық шаруашылығы мүлдем артта қалған болатын. Ауыр өнеркәсіп саны аз, ал өндірістің ең маңызды салаларында өнеркәсіп орындары мүлдем болмады. Бағаны тұрақтандыру үшін қаржы жүйесіне мемлекеттік бақылау енгізілді. Негізгі басы артық жеңіл өнеркәсіптер және бірқатар маңызды тауарлар мемлекет қарамағына өтті.

1952 жылдың соңында өнеркәсіп өнімін алдыңғы жылдармен салыстырғанда жоғарғы деңгейге көтеруге мүмкін болды. Транспорт дамып, елде теміржолдар салынды. Дәнді дақылдар өсіру саласы дамыды. Қытайда ұсақ тауарлы дәстүр сақталды – жекеменшік шаруа және қолөнершілер шаруашылығы, ұлттық буржуазияның өнеркәсіптері мемлекет қарамағына өткен жоқ. Бұрын гоминьдандық мемлекетке тиесілі болған ауыр өнеркәсіп, транспорт, қаржы және сыртқы сауда орындары мемлекеттік

секторға берілді. Халық шаруашылығын қалпына келтірумен бір уақытта мемлекеттік сектор да дамыды. Экономика саласында жаппай науқан басталып, қалада ұлттық буржуазия, ал деревняда кооперативті шаруалар қалыптасты. 1956 жылы 96%-ы шаруалар иелігі кооперативтерге берілді. Осы 1956 жылдан бастап жеке меншікті мемлекет қарамағына өткізу басталды, нәтижесінде жыл соңында тек 3%-ы жеке меншік капиталы қалды.

ҚХР-ның саяси өміріндегі маңызды оқиға ҚКП-ның ҮІІ съезі болды (1956 ж. қыркүйек). Сталиннің жеке басына табынушылықты сынға алған СОКП-ның XX съезі делегаттарға үлкен әсер етті. Бұл жағдайды келесі жыл толықтай өзгертті. Маоның пікірінше саясатта жақсы жол «арам шөпті тазалау». 1957 жылдың соңына қарай арнайы мәліметтер бойынша 10 мың оңшыл элементтер қуғын-сүргінге ұшырады.

«Үлкен секіріс» және оның зардаптары. Қытайдың кеңестік үлгі деңгейінде даму жолдарындағы жаңа қадамы әлеуметтік-экономикалық саясатта «үлкен секіріс» және деревняларды коммунистік жолға салу болды. 1958 жылы мамырда Мао Цзэдун ауылдарда халық коммуналарын ұйымдастыруға шақырды. Бұл саясат негізінде жаңа өмір құрылысында Кеңес Одағын басып озуға ұмтылу идеясы болды. Мұнда тек еңбек және негізгі өндіріс көзі ғана емес, сонымен бірге шаруалардың жеке меншігі де кірді. Кірісті бәріне бірдей бөліп беру орнады, ең бірінші кезекте ортақ асханалардан тегін тамақ ішу. Осының барлығы казарма түрінде болып, материалдық қызығушылық қағидасынан нақты бас тарту басталды. Ондағы басты ұран «үш жыл ауыр күрес-он жыл бақыт» деп аталды. Бірақ бұл одан да көп жылдарға созылды. Өндіріс өнімі 2,5 есеге өсті, елде жаңа өндіріс орындары мен жергілікті әдістер бойынша болат балқыту қолға алынды. Барлық жерлерде, ауылдарда, институттардың, мектептердің, емханалардың, театрлардың аулаларында жүздеген мың шойын және болат балқытатын пештер, тау-кен және қазбалар пайда болды. Сонымен Қытайды алдыңғы қатарлы державаға айналдыратын «үлкен секіріс» осылай басталды.

Алайда, халықтың үлкен күші жұмсалған көп көлемді еңбек шикізаты шығын болып, металдың көп бөлігі және басқа

өнімдердің сапасы өте төмен болды. Әсіресе ауыл шаруашылығы ауыр дағдарысқа ұшырады. 1959 жылдың өзінде ел аштықты сезіне бастады. Өз жекеменшігінен айырылған шаруалардың еңбекке деген белсенділігі төмендеді. Партия басшылары жағынан болған сарапшылардың саны қуғын-сүргінмен аяқталды. Мао Цзэдун идеясына қарсы шыққан армия арасында да тазалау басталды.

КСРО-мен байланыс нашарлады. 1950 жылдары КСРО Пекинге ұзақ мерзімге несие беріп, өз мамандарын жіберіп отырса, 1960-шы жылдары оларды кері қайтара бастады. Осы «үлкен секіріс» жылдары ҚХР-ның ауыл шаруашылық өнімі 3 есеге, ұлттық кіріс 4 есеге қысқарып кетті.

«Мәдени революция» (1966-1976 жж.). Бірінші кезеңі. 1960 жылдардың ортасында Мао Цзэдунның қызыметін насихаттау басталды. Оның еңбектері миллиондаған данамен таратылды. Алайда, Қытай қоғамы үшін бұған сену қиындай түсті. Сол үшін Мао өз тәсілін өзгертті. 1964 жылдың өзінде ҚКП ОК-нің жабық мәжілісінде партияны кең көлемде «тазалау» үшін кезекті науқанға дайындық мәселесі талқыланды. ЛюШаоци және Дэн Сяопин бұған қолдау көрсетті, алайда, Мао бұл жұмысты өз әйелі Цзян Цин және Линь Бяоның басшылығындағы радикалдар тобына берді.

1966 жылы мамырда болған ҚКП ОК Саяси бюросында жаңа науқанның негізгі идеяларын іске асыру үшін күрес басталды. Бұған бірнеше саяси қайраткерлердің мәселесі қаралып, жұмыстарынан босатылды, оның ішінде Пекин қаласының хатшысы Пэн Чжэнь, Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі Лу Динь. ҚКП ОК «мәдени революция» ісіне байланысты армия құрылғанын жариялады. Оны Маоның жақтасы, бұрынғы жеке хатшысы Чэн Бода басқарды, ал орынбасары Цзян Цин және Шанхай қаласының хатшысы Чжан Чуньцяо болды, кеңесшісі етіп Кан Шэнді тағайындады.

Мамырдың соңына қарай Пекин университетінде *хунвейбиндердің* (қызыл күзетшілер) бірінші әскері жасақталды. Кейінірек бүкіл Қытайда жастардан *цзаофиндар* (бүлікшілер) әскері құрылды.

1966 жылы тамызда болған ҚКП Орталық Комитеттің XI Пленумында көптеген делегаттар қуғын-сүргінге ұшыраған болатын, ал керісінше оның жұмысына хунвейбиндер өкілдері қатысты. Пленумнан кейін Пекинде Мао Цзэдун мен Линь Бяо қатысқан хунвенбиндердің бірнеше кездесу-митингілері болды. Осы кезде бүкіл елде хунвейбиндердің саны 40 млн. адамға жетті. Олардың басшылары буржуазиялық мәдениетке қарсы күреске шақырды: кітапханаларды талқандау, өнер туындыларын жою т.б. Оның орнына Маоны дәріптейтін жаңа туындылар қойылуы керек болды. Арнайы үгіт-насихаттың қолдауына сүйенген хунвейбиндер мен цзаофиндер Қытайдың зайырлы халқына қатыгез күрес жүргізді. Кітаптар, архитектуралық ескерткіштер және өнер туындылары жойылды. «Жауларды» қайта тәрбиелеу үшін арнайы лагерлерге жіберді, онда олар ауыр жұмыстар істеді.

1967 жылы қаңтарда хунвейбиндер мен цзаофиндер Шанхайдағы билікті толықтай басқарды десе де болады. Мао Цзэдун өз жақтастарына осындай жағдайды бүкіл Қытайға жүргізуге шақырды. Осы жылы хунвейбиндер Уханьда өз әрекеттерін жүргізді.

1968 жылы тамызда жоғарғы оқу орындары мен әртүрлі жоғары мекемелерде хунвейбиндер мен цзаофиндерді ұйымдасқан түрде жоя бастады, оларды қалалардан шалғай жерлердегі ауыл шаруашылық аудандарға жер айдады. 1968 жылы күзде ҚКП басшылары арасындағы әртүрлі топтар ішінде билік үшін талас басталды. Бүкіл елдің бұдан әрі даму мәселесіне қатысты болды. Өйткені 1967-1968 жж. өнеркәсіп өндірісі 15-20%-ға қысқарды, ауыл шаруашылығы құлдырап, елде тоқырау басталды. Астық шықпай қалды. Сауатсыздықты жою қарқыны бәсеңдеді. Өйткені жоғарғы оқу орындарының жұмысы тоқтап қалған болатын, ал көптеген ғылыми қызметкерлер мен инженер-техник мамандары қуғын-сүргінге ұшырады. «Мәдени революцияның» бірінші кезеңінің аяқталуына байланысты 1969 жылы көктемде ҚКП-ның IX съезінде Линь Бяо арнайы түрде Мао Цзэдунның ізбасары болып жарияланды. Сонымен бірге партия басшылығы құрамына Цзян Цин кірді. Партияның жаңа құрамы көсемге адал берілгендер қағидасы бойынша таңдап алынды.

Саяси бюро құрамында бұрыннан келе жатқан *Чжоу Дэ* және *Чжоу Энлай* ғана өз орындарында қалды.

1969 жылы «мәдени революцияның» *екінші кезеңі басталды*. Линь Бяо арнайы түрде Мао Цзэдунның ізбасары болып жарияланған соң Қытай басшылары арасындағы екі топ арасында мазасыздық пайда болды. Оның бірі «мәдени революцияны» ұйымдастырып, жүргізуші Мао Цзэдунның әйелі Цзян Цин, ал екіншісі Мемлекеттік кеңестің премьері Чжоу Энлай. Дегенмен, 1971 жылы түсініксіз жағдайда *Линь Бяо* әуе апатынан *қайтыс болды*.

1973 жылы басшылық құрамына Дэн Сяопин оралды, ол ҚКП Мемлекеттік кеңесі премьерінің орынбасары, Чжоу Энлайдың жақтасы болды. Алайда радикалдармен ауыр күрес жалғаса берді, оны тоқтату Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейін ғана мүмкін болды.

1976 жылы 8 қаңтарда *Чжоу Энлай* қайтыс болды. Ал ол ауырып жатқан кезде оның міндетін Дэн Сяопин атқарған болатын. 1976 жылы 9 қыркүйекте 83 жасында ҚКП ОК-нің төрағасы *Мао Цзэдун* қайтыс болды.

Мао Қытайды өте ауыр дағдарыс жағдайында қалдырып кетті. Арнайы мәліметтер бойынша елде 20 млн. жұмыссыздар, 100 млн. адам аштық күйін кешіп жатты. Негізгі азық-түлік карточка арқылы берілді.

1970-1980 жж. елдегі реформалар. «Мәдени революция» халық алдында коммунистердің беделін түсіріп жіберді. Сондықтан ел қандайда бір тосын өзгеріске дайын тұрды. Бірақ Қытайда осы күнге дейін саяси жүйе мен саяси бағытта айтарлықтай өзгерістер бола қойған жоқ. Дегенмен экономикалық бағытта үлкен өзгерістер басталды. Мао Цзэдун қайтыс болысымен күтпеген жерден елде үлкен өзгерістер басталды. 1976 жылы 6 қазанда ҚКП ОК-нің төрағасы Хуа Гофэн «төртеудің қарақшылары»- деп аталатын топтың басшылары Цзян Цин және оның күйеу баласы Яо Вэньюаньды, Саяси бюро мүшелері Чжан Чуньцяо мен Ван Хунвенді тұтқындап, оларды саяси сахнадан ығыстыруды қолға алды. Ал 1976 жылы 10 қазаннан бастап бұрын тұтқындалғандардың айып-кінәларына рақымшылық жасау

жұмыстары басталды. 1978 жылы ақпаннан бастап білім саласына қатысты саясатқа өзгерістер енгізіле бастады. Интеллигенцияға да көзқарас өзгерді: білімді адамдарды жұмысқа қайта алып, құрмет көрсетілді. 1978 жылы тамыз айында ҚКП-ның XI съезінде «төртеудің қарақшыларын» үлкен сынға алды. Ал 1980 жылы қарашадан 1981 жылдың қаңтарына дейін Пекинде осы «төртеу-дің қарақшыларына» ашық сот ісі болып, олардың барлығы айыпты деп танылды. Цзян Цин бастапқы кезде өлім жазасына кесіліп, артынан өмір бойына түрмеге жабылды, қалғандары да ұзақ мерзімге бас бостандықтарынан айырылды. ҚКП-ның ішінде «тазалау» жұмыстары жүріп, 350 шенеуніктің 290 өз орындарынан кетті. Съезд Дэн Сяопиннің беделін көтерді, ол 1977 жылы шілдеде ақталып, жұмысына қайта оралған ол, өте талантты саясаткер және өте беделді болатын. Партия және мемлекеттің маңызды орындарын Дэн Сяопиннің түрмеден ақталып шыққан жақтастары иемденді.

Хуа Гофен өз мүмкіндіктерінің шектеулі екенін білді. Сөйтіп, 1979 жылы 7 қыркүйекте ол премьер-министр орнынан кетіп, оның орнына Чжао Цзыян келді. Ал 1980 жылы ақпанда Ху Яобан ҚКП Орталық Комитетінің бас хатшысы болып тағайындалды. 1979 жылы желтоқсанда болған ҚКП ОК-ның 3-ші Пленумында өткен саяси жүйенің атына күшті сын айтылып, енді болашақта стратегиялық реформа жүргізу керектігі сөз болды.

1982 жылы қыркүйекте ҚКП-ның XII съезінде Дэн Сяопин кеңесшілер ұйымын құруды ұсынды, ал өзі Кеңесшілер орталық комиссиясын басқаруды қолға алды. Сөйтіп, партияның, мемлекеттің жоғарғы орындарын көп жыл басқарған мамандар осы кеңесшілер құрамына кіріп, олардың орындарын әрі жас және білімді мамандар иемденді.

Осы кезде «кеңестік үлгісі» бойынша жүргізілген экономиканың тағдыры тығырыққа тірелді. 1973 жылы мұнай бағасы тез көтеріліп кеткен кезде әлемнің дамыған елдерінде өтпелі постиндустрия революциясы басталды: экономика құрылысы түгел ауысып, жаңа технология мен құрал-жабдықтар пайда болды. Тек «социалистік әлем» ғана бұл үрдістен шеткері қалды. Бұл экономиканы мемлекеттік жоспарлаудың уақыты өтке-

нін көрсетеді. Мұны Қытай көршісі Тайваннан байқады, яғни ол 70-жылдардың соңында аймақтағы дамыған төрт «азиаттық жолбарыс» мемлекеттерінің қатарына қосылды.

Қытай үшін ең маңыздысы Батыс елдерімен қарым-қатынас орнату болды. 1971 жылы ҚХР-сы БҰҰ-ның құрамына кірді, ал 1972 АҚШ президенті Р.Никсон Қытайға ресми сапармен келді. 1979 жылы қаңтарда АҚШ пен ҚХР-сы арасында толық дипломатиялық байланыс орнайды. 1979 жылы ақпанда Дэн Сяопин ресми сапармен АҚШ-қа барып, сонымен бірге Қытай реформасына көмек көрсету үшін Батыс кәсіпкерлерімен де кездесті. Ал 1980 жылдан бастап қытайлық студенттер әлемнің танымал оқу орындарына оқуға жіберіле бастады.

«Төрт модернизация» реформасы және оның нәтижесі. 1979 жылы ҚКП-ның кезекті мәжілісінде ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, ғылым және техника, әскери сала бойынша «төрт модернизация» реформасын жүргізу туралы арнайы жарияланды:

Ауыл шаруашылығына модернизациялау

1978 жылдың өзінде Сычуань провинциясында отбасы мердігерлік туралы тәжірибе жасалды. Мұның табысы өте жоғары көрсеткішке ие болды: бидай өндіру және басқа ауыл шаруашылық өнімі тез қарқынмен дамып, шаруашылық кірісі бірнеше есеге өсті. 1979 жылы қыркүйекте болған ҚКП ОК-нің Пленумында бұл тәжірибені бүкіл елге тарату туралы қарастырылды. 1980-ші жылдардан бастап жеке меншік кооперативтер ашыла бастады. Ауыл шаруашылығын кең көлемде қайта құру 1981 жылы жаздан басталды: жерге жеке меншік болған жоқ, тек 15 жылдан 50 жылға дейін жалға алу енгізілді. Бұл да ауыл шаруашылығының тез қарқынмен өсуіне түрткі болды.

1987 жылға қарай Қытай өзін-өзі іштей азық-түлік және ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету мәселесін шешіп, енді тамақ өнімдерін экспортқа шығаруды қолға алды.

Өнеркәсіпті модернизациялау

Техникалық жабдықтарды жақсарту үшін экономиканы мемлекеттік жоспарлаудан енді нарықтық жүйеге көшу, ал бәсекелестікті дамыту үшін «әлемге ашылу» керектігі алға тартылды. Қытайда көптеген көне өнеркәсіп орындары бар бола-

тын, бірақ оларды түгел жауып тастауға да болмайды. Өйткені, халықты жұмыспен қамтуда үлкен проблема туындайды.

Осы өнеркәсіп саласы бойынша да 1979 жылы Сычуань провинциясында тәжірибе жүргізілді: мемлекет тапсырысын орындаған өнеркәсіптер қалған кірісті өз бетінше жұмсауға мүмкіндік алды. Нәтижесінде жақсы көрсеткішке ие болып, өнеркәсіп 80%-ға өсті. Ал 1981 жылы бұл тәжірибе елдің барлық аймағына тарады. Елде жеке меншік өнеркәсіптер ашыла бастады, ал осы кәсіпкерлер бастапқы кезде 5 сосын 15-50 жалдамалы жұмысшылар иемденуге рұқсат алды. 1987 жылы ҚХР-да жеке меншік өнеркәсіптер саны 25 млн. жетті. Қытай экономикасы жанданып әр отбасы - теледидар, кір жуғыш машина, магнитофон т.б. иемдене бастады.

Ғылым мен техниканы модернизациялау

Ең бастысы Қытайда интеллигенция және білімді адамдарға деген көзқарас өзгерді. Сонымен бірге жұмысқа орналасуда білім ең маңызды жетістік болып саналды. Барлық түрдегі оқу орындарына мемлекет қаржылай көмек көрсетіп, оқытушылардың еңбек ақысы көбейтілді. Қабілетті студенттер шетелде және әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде мемлекет есебінен оқуға жіберіле бастады. Сонымен қатар әр отбасы өз қаржысымен балаларын шетелдерде оқытуға мүмкіндік алды.

Қорғаныс күштерін модернизациялау

1979 жылы Вьетнаммен шиеленіс жойылған соң әскери шығынды қысқарту қолға алынды. 1984 жылы әскери шығын 1979 жылмен салыстырғанда 2 есеге азайды. Қытай армиясының санын да қысқарта бастады: 1979 жылдан 1981 жыл аралығында 1/3; ал 1985 жылы тағы ірі қысқарту салдарынан 1 млн. адам жұмыстан босатылды.

Әскери өнеркәсіп қайта құрылды: өндіріс орындары тек әскери емес азаматтық өнім шығара бастады. Көптеген әскери орындар, қоймалар жеке меншік қарамағына өтті. Сонымен бірге Қытай ядролық қару жасауды қолға алды. Соңғы жылдары армия үлкен экономикалық күшке айналды: оның жеке меншігінде заводтар, фабрикалар, ауыл шаруашылық өндірісі, кен орындары, шахта, сауда фирмалары тіпті арақ-шарап заводтары

да болды. Әскерилер біртіндеп мемлекеттің көмегінсіз-ақ өзі-өзі қамтамасыз ету деңгейіне жетеді.

Реформа жолындағы қиындықтар. Қытайда 1980 жылдың басында паракорлар саны көбейіп, көпшілігі сотқа тартылды. Саны 20 млн. адамға жеткен мемлекеттік аппараттағыларды қысқарту басталды. Ал жаңа мамандар жастығымен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, партияға тек интеллигент, білімділерді тарта бастады. Реформа нәтижесі тек экономиканың дамуын тездетіп қана қойған жоқ. Жұмыссыздық пен инфляцияға да жол берілді.

1987 жылы XIII съезде *Ху Яобан* партия басшылығы қызметінен алынады. Оның орнына *Чжао Цзыян* иемденеді, ал мемлекеттік кеңестің жаңа басшысы болып *Ли Пэн* сайланады. Саяси жүйедегі реформа туралы пікірталас күшейе түсті. Коммунистерді сынға алу көбейіп, цензураны жою талабы күшейді.

1989 жылы көктемде *Ху Яобан* қайтыс болады. Оны Пекинде жерлеу рәсімі суденттер мен жастардың жаппай демонстрацияға шығуына түрткі болды. Оған наразы болған жұмысшылар мен интеллигенция қосылып, бұл толқу елдің 80 ірі қаласын шарпып өтті. Тяньаньмэнь алаңына жиналған студенттер саяси реформа жүргізуді талап етті.

1989 жылы 20 мамырда Пекинге төтенше жағдай енгізіліп, Дэн Сяопин демонстраттарды қууға рұқсат береді. Әсери күш қолданып, жүздеген адам қаза болады. Осы кезде *Чжао Цзыянның* орнына *Цзян Цзэминь* келеді.

XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы Қытай. 1989 жылы маусымда Тяньаньмэнь алаңындағы оқиғадан кейін саясатты өзгертуге мүмкіндік жоқтай болып көрінді. Дегенмен, 1991 жылы Дэн Сяопин ҚКП ОК-ң Әскери кеңесі төралығы орнынан бас тартады, ол кезде ол 87 жаста болатын. Бірақ мемлекеттегі басшылық орынды сақтап қалды.

1992 жылы *Дэн Сяопин* Шанхай, Ухань және тағы басқа оңтүстіктегі экономикалық қалаларды аралап, нарықтық қатынасты қайта қалпына келтіру керектігін айтады. 1992 жылы қазанда ҚКП XIV съезі болады. Бұл уақытта өзінің беделін күшейтіп алған, партияның жаңа көшбасшысы Цзян Цзэминь съез-

де баяндама жасайды. Онда нарықтық реформаны қайта қолға алу керек екендігі айтылады.

1997 жылы 19 ақпанда «реформаның атасы» *Дэн Сяопин* қайтыс болады. Алайда реформаны жалғастыру үшін Цянь Цземинь өз позициясын күшейтіп алған еді. 1998 жылы көктемде Қытайдың премьер-министрі болып Чжу Жунцзы тағайындалады. Жұмысқа өте қабілетті, белсенді *Чжу Жунцзыны* Қытайда - «экономика патшасы» ал шетелде - «Қытайдың Людвиг Эрхарды» деп атаған. Премьер-министр тағайындалғаннан кейін Чжу Жунцзы шешуші реформаны мемлекеттік аппараттан бастады, оның санын екі есеге қысқартуды қолға алды. Қартайған шенеуніктерді жұмыстан шығарып, оларды орнынан біршама жаяу (50 жастан төмен) және кәсіби мамандармен ауыстырды.

2002 жылы ҚКП-ның XVI съезінде Цзян Цземиньбас хатшылық орнынан отставкаға кетеді. Оның орнына 59 жасар *Ху Цзинтао* сайланады, 2003 жылы ҚКП-ның төрағасы орнына да өтеді.

Қытайдың экономикалық жетістіктері. Оңтүстік Шығыс Азия (Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Индонезия, Малайзия, Тайланд) елдерінен басталған «азиаттық дағдарысқа» қарамай-ақ реформа жалғаса берді. Бұл Қытайға да қатысты болды, өйткені оның экономикасы осы елдермен тығыз байланыста болатын.

1997 жылы жазда ҚХР-ның құрамына кірген Гонконг ең маңызды рөл ойнады. Бұл әлемдегі үшінші банк орталығы, ал 1987 жылдан бастап әлемдегі ең ірі порт. 90-шы жылдары Қытайда экономиканың орташа өсу қарқыны 9%-ы, өнеркәсіп 9,7%-ға өсті.

2000 жылы Қытай экономикасы әлемде үшінші орынға көтерілді (АҚШ, Жапониядан кейін). Әлемдік банктің мәліметі бойынша 2010 жылы экономика ауқымы жағынан ҚХР-сы АҚШ-ты басып озады, ал 2020 жылы 1,4 есеге басып озып, XXI ғасырдағы көшбасшы елге айналады деп атап көрсетілген. Сонда да Қытай болат, теледидар, цемент, таскөмір өндіруден әлемде бірінші орында. Өнеркәсіп өнімдерінің экспорты 80%, экспорт көлемі 200 млрд. долл. құрайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1919 ж. «4-ші мамыр» қозғалысы қай елде болды?
2. Қытай Кеңес Республикасының құрылған жылы?
3. Қытайдағы Азамат соғысының басталған жылдары?
4. Қытайдағы Маньчжоу-Го қуыршақ өкіметі қай жылы құрылды?
5. Қытай Халық Республикасын Кеңес Одағы қай жылы мойындады?
6. Қытай Халық Республикасының тұңғыш Конституциясының қабылдануы?
7. Қытай Халық Республикасының 1-ші бесжылдық жоспары, қабылданған жылдары?
8. Мао Цзэдунның «Үлкен секіріс» саясатының зардаптарын атаңыз.
9. ҚХР-дағы «Мәдени революция» үшін күрес жылдары?
10. Пекиндегі студенттер қозғалысы не үшін болды?
11. «Шанхай бестігіне» қандай елдер кіреді?

3-тарау

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ

§ 9. Вьетнам

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндіқытай. XIX ғасырдың 60 жылдардың өзінде-ақ Франция Үндіқытайға басқыншылық жасап, Вьетнамның Оңтүстік бөлігі – *Кохинхинді* - өзінің отарына айналдырып, ал басқа бөлігі - *Тонкин және Аннамды* - протектораты етіп алған болатын. Сонымен бірге *Лаос және Камбоджия* корольдықтарына да француздар протектораты орнады. Ал 1884-1885 жылдардағы француз-қытай соғысынан кейін Үндіқытайдың барлық территориясы француз отары деп жарияланып, мұндағы француздардың билігі 1940 жылға дейін өте мықты болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Вьетнам (Камбоджия және Лаоспен бірге) *Үндіқытай Одағы* деп аталатын Францияның отарлық иелігі құрамында қала берді. Осы кезде Вьетнам әртүрлі әкімшілік статус бойынша үш бөлікке бөлінді: Орталық және Солтүстік Вьетнам протектарат болып, оларды француз резиденттері басқарды, ал Оңтүстік Вьетнам француз губернаторларының иелігіндегі отар деп есептелді. Вьетнамдағы Нгуен монархиялық династиясы өз билігін тек орталық, солтүстік жерлерде ғана сақтап қалды.

1920 жылдары Вьетнамға француз инвестициясы келіп, экономика дами бастады. Каучук, кофе және шәй плантациялары пайда болып, тау-кен өндірісі, өңдеу жұмыстары, банк жүйесі, сауда және транспорт салаларын дамыту қолға алынды. Соғыстан кейін Вьетнамда ұлт-азаттық соғыстар жалпыұлттық және буржуазиялық-демократиялық ұрандармен жүрді. Елде көптеген саяси партиялар мен саяси ұйымдар құрыла бастады, олардың ішіндегі ең ірісі 1925 жылы құрылған Революциялық Вьетнам партиясы және Сайгонда құрылған Конституциялық партия болды. Олар Вьетнамға француз және вьетнамдық басқару құқығындағы доминион статусын беруді талап етті. 1930 жылы бірінші маркстік ұйымдардың бірігуінен Вьетнам

Коммунистік партиясы құрылып, ол кейін *Үндіқытай Коммунистік партиясы* (ҮКП) деп аталды. Жұмысшы және коммунистік қозғалыстарды ұйымдастыруда, болашақ азаттық күресінің өкілі *Хо Ши Миннің* рөлі ерекше болды. Осы кезден бастап елде француздарға қарсы күрес басталды. Солтүстік Вьетнам жеріндегі Ненбай гарнизонында, Фу-тхо, Хай-аюнг, Тхай-бинь, Ханое провинцияларында 1930 жылы құрылған Вьетнам ұлттық партиясының ұйымдастыруымен француздарға қарсы қарулы бас көтерулер болды. Ал ең ірі революциялық күрестер Орталық Вьетнамдағы Нге-ан және Ха-тинь жерлерінде болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Вьетнамдағы саяси жағдайға 1936 жылы Францияда құрылған Халық майданының әсері күшті болды. Үндіқытай компартиясы жалпывьетнамдық ортақ майдан құруды да қолға алды. 1937 жылы елдегі барлық коммунистік, социалистік және реформистік ұйымдардың бірігуімен Демократиялық майдан құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Вьетнамға жапондық басқыншылықтан үлкен қауіп төнді. Жапондықтар басып алған Аннама, Тонкин және Кохинхин территорияларында Вьетнам автономды мемлекеті құрылды. 1941 жылы Үндіқытай жерін Жапония бейбіт жолмен оккупацияға көндірді. Мұндай бейбіт жолмен жүрген тізе бұту салдарынан Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдерімен салыстырғанда француздар мұнда өз отарлық әкімшіліктерін сақтап қалды. 1941 жылы ҮКП ОК-нің ҮІІІ Пленумында ортақ ұлт-азаттық майданын құру үшін Вьетнам тәуелсіз Лигасы Вьетминьді құру туралы шешім қабылдады. 1943 жылы Вьетминьға Демократиялық партия, Ұлттық партия, отанды қорғау жолындағы қоғамдық және мәдени қайраткерлер қосылып, ауқымы кеңейе түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндіқытай. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Үндіқытайды басып алған жапондықтар Аннама, Тонкин және Кохинхин территорияларында Вьетнам автономды мемлекетін құрды. Вьетнамды азат ету Ұлттық комитетінің төрағасы *Хо Ши Мин «Вьетнам тәуелсіздігі үшін күрес лигасын» құрды («Вьетмин»)*. Жапондықтар бұл жерден кеткен соң ол *Ханойда Вьетнам тәуелсіз республика-*

сын жариялады, алайда ел толықтай басқыншылардың қолында болды: солтүстіктен 16-шы параллельге дейін - Гоминьдан әскері, ал оңтүстікке қарай - ағылшындар басып алды.

1945 жылы тамызда елде революция болып, ал қыркүйек айында *Вьетнам Демократиялық Республикасы (ВДР) құрылды*. Алайда, 1945 жылы Потсдам конференциясының шешімімен француздар мен ағылшындар мұнда өз әскерлерін түсіріп, Сайгонды сосын бүкіл Оңтүстікті басып алды. 1946 жылы Қытай және Англия бұл жерден өз әскерлерін шығарды, яғни олар француздардың қайта оралуына жол ашып кетті. Алайда француздар келген кезде Солтүстік территорияның көп бөлігі Хо Ши Мин үкіметінің қол астында, яғни бас кеңесшінің орны Аннам императоры Бао Дай қолына көшкен болатын.

Бастапқы кезде француздар Солтүстіктегі үкіметті француздар Француз одағы құрамындағы автономия ретінде мойындады, бірақ Аннам, Тонкин және Кохинхинді біріктіру туралы Хо Ши Мин талабын қанағаттандырған жоқ. Нәтижесінде 1946 жылдың соңында соғыс басталып, ол 7,5 жылға созылды.

Франция коммунистерді Вьетнамдағы басқа ұлттық қозғалыстардан оқшаулап тастауға тырысты. Сондай мақсатпен император Бао Дайға елдің үш бөлігін біріктіруді ұсынды. Арнайы *Вьетнам мемлекеті 1949 жылы маусымда жарияланды*, орталығы Сайгонда болды, ал желтоқсанда ол Француз одағына біріктірілді; осындай статус Лаос пен Камбоджияға да осындай ұсыныс жасалды.

Осы кезде көрші Қытай жеріндегі коммунистердің жеңісі Хо Ши Минға күш берді. Оңтүстік бөлікте француздар конституциялық түзетулер туралы Бао Даймен нәтижесіз келіссөздер жүргізіп жатқан кезде, генерал Во Нгуен Зиан басшылығындағы коммунистердің армиясы 1950 жылы соғыс қимылдарын бастады.

Француздар армиясы сәтсіздікке ұшырады; 1950 жылы желтоқсанда генерал Латр де Тассиньи Үндіқытайдың жоғарғы комиссары және армияның басқолбасшысы болып тағайындалды. 1950 жылы ВДР мен КСРО арасында дипломатиялық байланыс орнады. 1951 жылы ақпанда ҮКП-ның II съезінде

Вьетнам коммунистері партиядан шығатыны туралы жариялады. Осы кезде УКП-ның вьетнамдық бөлігі өздерін Вьетнам Еңбекшілерінің Партиясы (ВЕР) деп атай бастады.

1953 жылы француздардың жағдайы тым нашарлап кетті, әскери қимылдар *Лаос* территориясына қарай бағытталды. Мұндағы Вьетмин майданын *Патет-Лао* басқарды, тіпті армия басшылары арасында Лаос патшасының жанұя мүшесі ханзада Суфанувонгта болды. Патет-Лао Лаостың солтүстіктегі екі провинциясына бақылау жасайды, ал француздарға өз армиясын Лаостың Құмыралар Жазығына түсіруіне тура келді. Француздар бақылауындағы тағы бір патшалық - *Камбоджияда* – Норodom Сианук патшада өз елінің толық тәуелсіздігін талап етті.

Соңғы шайқас Вьетнамның солтүстік-батысындағы *Дьенбьенфу* қамалында болды. Лаоспен шекаралас орналасқан бұл жер өте маңызды болатын. Соғыс барысында Дьенбьенфу бір қолдан екінші қолға өтіп отырды, алайда 1953 жылы қыркүйекте француздардың бақылауына өтті.

1954 жылы қаңтарда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы А.Даллес Оңтүстік-Шығыс Азияда «коммунизмнің орнығуына» кедергі жасау үшін халықаралық әскери күшті ұйымдастыруды алға тартты. Бірақ бұған Англия жағы қарсы шықты. Сонымен бірге АҚШ армиясының генералы Риджуэй, американдық Конгресстің мүшелері, қоғамдық қайраткерлер де қарсылық білдірді. АҚШ президенті Д.Эйзенхауэрдің өзі де жаңа ғана аяқталған Корея соғысынан кейін мұндай айлакерлікке барғысы келген жоқ.

Женевада халықаралық конференция 1954 жылы 24 сәуірде болды, ал 7 мамыр күні *Дьенбьенфу* маңында француз әскері тізе бүкті. Франция үкіметі отставкаға кетіп, жаңа премьер-министр Мендес-Франс Үндіқытайдағы жағдайды реттеу үшін төтенше жағдай енгізді. 1954 жылы шілдеде Женевада үш келіссөзге қол қойды. Соғыс тоқтатылды, Француздар Үндіқытайдан кетті, Вьетминь Лаос және Камбоджиядан әскерін алып шықты. Вьетнам демаркациондық сызық бойынша 17-ші параллельмен екі мемлекетке бөлініп кетті: Солтүстік Вьетнам – астанасы Ханой, Оңтүстік Вьетнам - астанасы Сайгон.

Женевадағы келіссөз декларациясында 1956 жылы 20 шілдеде Вьетнамның екі бөлігінде де сайлау деп белгіленіп, құжат талқылануға берілді. Сонда да Хо Ши Мин коммунистерге толық жеңіс алып келеді деп үміттенді, бірақ Бао-Дай Женевада қабылданған шешімнің бәрін мойындаудан бас тартты. Үндістан, Польша және Канада өкілдерінің қатысуымен және Қытай, КСРО, Англия және Францияныңкепілдігімен келісімнің орындалуына бақылау жасайтын комиссия құрылды.

Оңтүстік-Шығыс Азияда Филиппиндер, Таиланд, Пәкістан, АҚШ, Англия, Франция, Австралия және Жаңа Зеландияның қатысуымен Ұйым құру үшін (*СЕАТО*) 1954 жылы қыркүйекте *Маниль келісімішартына* қол қойылды. Бұл ұйымның міндеті 2030 солтүстік ендікке қарай, Оңтүстік-Шығыс Азияның барлық территориясына, бүкіл Вьетнам, Лаос және Камбоджияны қосқанда осы жерде болатын қандайда бір басқыншылыққа қарсы тұру болды.

Ел екіге бөлінгеннен кейін Солтүстік Вьетнамда католиктерге қарсы қуғын-сүргін басталды. Халық босқынға айналды. Оңтүстік Вьетнамға Солтүстіктен 1 млн-нан жоғары қоныс аударушылар келді. 1954 жылдан бастап Франция бұл аймақтағы саяси бақылауынан айырыла бастады. Француздарды қолдап отырған император Бао Дай орнына 1955 жылы АҚШ саясатын қолдаушы *Нго Динь Дьем* келді. Ол Оңтүстік Вьетнамды Республика, ал өзін – президент деп жариялады.

Алайда, Нго Динь Дьем демократ болған жоқ, ол 1956 жылы сайлау жүргізуден бас тартты. Өзінің бауыры Нго Динь Ну және басқа туыстарымен бірге елде үлкен паракорлықтың дамуына жол ашып берді. Елдегі діни ұйым – буддистерге қарсы шықты. Территорияның көп бөлігін алып жатқан тау халықтарына қарсы саясат жүргізді.

1961 жылы елде соғыс басталды. Оңтүстікте коммунистік оппозиция - *Вьетконг* құрылды, ал 1960 жылы *Оңтүстік Вьетнамды азат ету Ұлттық майданы* құрылып оны *Неуен Хыу Тхо* басқарды. Хо Ши Мин 1956 жылғы сайлаудың табысты боларынан үміттеніп Женевалық келісімді мойындауға келісті. Қытайдағы ұжымдастыру үлгісімен ол елде индустриялық

және аграрлық реформалар жүргізе бастады. Бұл елде наразылық тудырып, шаруалар көтерілісіне алып келді, кейін ол басып жаншылды (50 мыңнан аса адам зардап шекті).

Камбоджияда Народом Сианук патша 1955 жылы күтпеген жерден тақты әкесіне беріп өзі премьер-министр болды. Ол елдің беделін көтеру мақсатында кең халықаралық байланыс саясатын жүргізді. 1956 жылы ҚХР-мен бір-бірінің ісіне араласпау туралы келісімге қол қойды және Мәскеу, Прага, Белград, Мадрид және Лиссабонға ресми сапармен барып қайтты. Ал 1960 жылы Н.Сианук мемлекет басшысы деген атақты тағы алды.

Үндіқытайдың басқа елі - **Лаоста** жағдай ауыр болды. Онда үш саяси күш: солшылдар, бейтарапшылдар мен оңшылдар ортақ тілге келе алмады. Патет-Лао солтүстіктегі екі провинцияға бақылау жасауын жалғастыра берді, Ханой және Пекинмен тығыз байланыс орнатты, ал 1956 жылы ханзада Суфанувонг бұл жерлерге сапарда болды.

1957 жылы Патет-Лао бейтарапшылдардың басшысы ханзада Суванна Фумамен одақтасады. 1960-шы жылдары Лаоста күшті жағдай орын алды: 1959 жылы желтоқсанда оңшылдардың басшысы генерал Фуми Носаван билікті басып алды, ханзада Суфанувонг және басқа Патет-Лаоның басшылары тұтқынға алынды. Бірнеше айдан кейін капитан Конг Ле төңкеріс жасады, ал оны бейтарапшылдардың басшысы Суванна Фума қолдап отырған болатын. Сөйтіп, 1961 жылы үш ханзада да Швейцарияда кездесіп Лаостың егемендігі үшін келісімге келді.

Соғыс аясындағы Үндіқытай (1961-1975 жж.). 1960 жылы Нго Динь Дьем режимінде жағымсыз жағдай басталды: осы жылы төңкеріс жасау қолға алынды, ал Хо Ши Мин Оңтүстік Вьетнам партизандарына көмек көрсетуге шешім қабылдады. 1961 жылы Вьетконг Оңтүстік Вьетнамның көп бөлігіне бақылау жасады. 1962 жылы Халықаралық бақылау комиссиясы, яғни Солтүстік Вьетнам Оңтүстіктегі азамат соғысына араласып жатыр деп жариялады. *Нго Динь Дьем* үкіметіне АҚШ көмек көрсету нәтижесінде 1962 жылы жағдай біршама жақсара түсті. Қорғаныс мекемелері мен әскер жасақтау қолға алынды.

1963 жылы Нго Динь Дьемнің буддистермен шиеленісі басталды. Тхит Чи Куанг және басқа монахтар репрессияға қарсы шығып, өздерін-өздері өртеп жіберді; Нго Динь Дьем үкіметіне АҚШ көмек көрсетуден бас тартты; 1963 жылы қарашада төңкеріс салдарынан ол қайтыс болды.

Одан кейін елдегі билікті генералдар бірінен кейін бірі ауыстырып әскери төңкерістер басталды. 1965 жылдың екінші жартысында екі генерал - Нгуен Као Ки және Нгуен Ван Тхиу билікті өзара екіге бөліп алды.

Тап осы жылдары АҚШ-тың бұл аймақ ісіне араласуы басталды. 1961 жылдың өзінде-ақ АҚШ президенті Дж. Кеннеди Оңтүстік Вьетнамға американдық көмекті көбейту туралы шешім қабылдаған. Американдық әскери әуе күштері партизандарға қарсы күрес жүргізді, АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы Вьетнамда құпия әрекеттер жасады, өздерінің әскери кеңесшілерін жіберіп отырды. 1964 жылы мұндағы американдық әскердің саны 390 мың адамға жетті.

1964 жылы тамызда Тонкин қақтығысы басталды, яғни американың әскери кемелері Тонкин шығанақ Солтүстік Вьетнамның әскери қайықтарына шабуыл жасады. АҚШ президенті Л.Джонсон Конгрестен Солтүстік Вьетнамға қарсы әскери-теңіз күші операциясын бастауға өкілеттілік алды. 1965 жылы ақпанда Солтүстік Вьетнам территориясын американдықтар жаппай бомбалай бастады, ал 1965 жылдан бастап американдық әскер Оңтүстік Вьетнамдағы әскери қозғалысқа кең түрде араласа бастады.

Бұл соғысқа басқа мемлекеттердің де көңілі бұрыла бастады: Оңтүстік Вьетнамға Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Филиппиндер және Таиланд қолдау көрсетті, ал Солтүстік Вьетнамға КСРО көмек көрсетем деп уәде берді, сонымен бірге Вьетнамға Қытай 50 мың солдат көмекке жіберді.

АҚШ-тың өзінде бұл соғысқа қарсы наразылық басталды, журналистер, студенттер т.б. бомбалауды тоқтатуды талап етті. 1966 жылы жазда Ханой және Хайфонды бомбалау басталды. Осы жылдары Вьетнамдағы АҚШ әскерінің саны 550 мың адамға жетті. 1967 жылы Солтүстік Вьетнамда американдық

бомбалау жаңа күшіне енді. Көп ұзамай Вьетконгтің - «Тет» операциясы басталды, үлкен қалаларды басып алу. Ондаған Оңтүстік Вьетнамның қалаларына Вьетконг әскери күштері шабуыл жасады, американдықтар 6 мың адамынан айырылды.

1968 жылы 31 наурызда президент Л.Джонсон Солтүстік Вьетнамды бомбалауды тоқтату туралы хабарлады, ал 1968 жылы мамырда Парижде АҚШ пен Солтүстік Вьетнам арасында алдын ала бейбіт келіссөз басталды. 1968 жылы қарашада Республикандық партиядан кандидат Ричард Никсон демократ Губерт Хэмфриден басым түсіп, АҚШ-тың президенті болып сайланды. Ол соғысты тоқтатуға уәде берді. 1969 жылдың шілдесінен бастап американдық әскерді Вьетнамнан шығара бастады, бірақ Никсон соғысты «ветнамдау» туралы жариялады, яғни соғыстың негізгі ауыр жүгі вьетнамдық армия мойнына түсті. 1969 жылғы *Хо Ши Миннің* қазасы соғысқа еш әсер еткен жоқ.

1969 жылы Камбоджияны территориясын бомбалау басталды, яғни ол «Хо Ши Миннің соқпақ жолы» деп аталды, ол Солтүстіктен көмек алып отырған жол болатын. 1971 жылы американдық әскери әуе күшінен қолдау тапқан Оңтүстік Вьетнам әскері Лаосқа басып кірді, олардың да мақсаты - «Хо Ши Миннің соқпақ жолын» басып өту болатын. Дегенмен, Вьетнамның айналасында соғыс өртін тарату ешқандай әскери табыс әкелген жоқ.

1972 жылдан бастап АҚШ пен Солтүстік Вьетнам арасында байланыс орнай бастады. Ал 1973 жылы қаңтарда АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Вьетнам сонымен бірге Вьетконг басшыларының Парижде кездесулері болды. Онда Вьетнам жерінде соғысты тоқтату және сайлауға дайындық туралы мәселе қаралды. 1973 жылы сәуірде американдық әскери бөлімше Оңтүстік Вьетнамнан кетті, ал осы жылы тамызда АҚШ Конгресі Оңтүстік Вьетнам мен Камбоджияға қаржылай көмек көрсетуді тоқтату туралы заң қабылдады. Сонымен 1973-1974 жылдары Оңтүстіктегі Нгуен Ван Тхьеудің миллиондаған армиясы 200 мыңдық Солтүстік Вьетнамның және 100 мыңдық Вьетконг армиясынан жеңіле бастады. Нәтижесінде 1975 жылдың басын-

да американдықтарды сатқындар деп айыптаған *Нгуен Ван Тхиеу* отставкаға кетті. Үкіметті генерал *Зыонг Ван Минь* басқарды. 1975 жылы 30 сәуірде Солтүстік Вьетнам әскері Сайгонға басып кірді. Оңтүстік Вьетнамдағы Нгуен Ван Тхиеу режимі құлады.

Вьетнам Социалистік Республикасының құрылуы. 1975 жылы Сайгондағы «Хо Ши Мин операциясы» салдарынан билік коммунистердің қолына көшіп, елдің қайта бірігуіне мүмкіндік туды. 1976 жылы Ұлттық жиналыста Вьетнамның екі бөлігі де *Вьетнам Социалистік Республикасына (ВСР) біріккені туралы жарияланды*, елдің премьер-министрі Фам Ван Донг, ал президенті Тон Дык Тханг, Ұлттық жиналыстың төрағасы Нгуен Хыу Тхо болды. Сосын біртіндеп саяси ұйымдар біріге бастады. 1976 жылдың соңында Вьетнам еңбекшілер партиясының ІҮ съезінде бұл партия коммунистік деп атын өзгертті, яғни оның басты мақсаты 20 жыл көлемінде Вьетнамда социалистік құрылысты толық орнату болды. Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы *Ле Зуан* елді басқарды. 1980 жылдардың соңында елдің жаңа Конституциясы қабылданды.

Солтүстік және Оңтүстік біріккеннен кейін Вьетнам осы аймақтағы алдыңғы қатарлы елге айнала бастады: КСРО-мен байланыс жақсарды, Камбоджияны басып алды, тіпті көтерме сауданың көп бөлігін иеленіп тұрған қытайлықтарды қуа бастады. Оның үстіне кеңестік экономикалық көмек тоқтай бастаған кезде көрші Қытайда 1980-жылдары Дэн Сяопиннің басшылығымен күшті экономикалық реформа басталды.

XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы Вьетнам. 1991 жылы Вьетнам компартиясының ҮІІ съезінде Қытай үлгісімен реформа жүргізу туралы мәселе қаралды. Ауылда шаруалар жалға жер ала бастады, ал қалаларда жеке меншік өнеркәсіптері пайда болды. 1987 жылы шетелден инвестиция алды. 1989 жылдары Вьетнам күрішті экспортқа шығара бастады. Нарықтық реформаның нәтижесінде 1996 жылы экономика жақсы дамыды, ішкі кіріс 13%-ға өсті. Табысты шетелдік капиталдың арқасында инвестиция өсті. Қазіргі кезде

Вьетнам Азия мемлекеттері ішінде азық-түлікті экспортқа шығарудан бірінші орында, ал күрішті экспортқа шығарудан әлем бойынша екінші орында.

1985 жылы елде ақша реформасы болды, күшті мемлекеттік бақылау енгізілді. Мемлекет тек электр энергиясына, цемент, мұнай өнімдері және транспортқа ғана баға қойып отырды.

1992 жылы Вьетнамның жаңа Конституциясы қабылданды. Қытаймен қарым-қатынас жақсарды. Соғыстан кейін ұзақ жылдарға дейін АҚШ-пен қатынас нашар болып тұрды, тек 1995 жылы барлық мәселе шешілгеннен кейін дипломатиялық байланыс орнады. Ішкі кіріс өсіп, Вьетнам АСЕАН елдерімен экономикалық байланыс орнатты. Ал осы жылдары Вьетнам АСЕАН-ның толыққанды мүшесі болды.

2000 жылы Вьетнам көп елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, Азия елдері ішіндегі тез дамушы елге айналды.

2001 жылы 22 сәуірде Вьетнам Коммунистік партиясының кезекті съезінде жаңа бас хатшы болып *Нон Дук Мэн* тағайындалды. Вьетнам Ұлттық жиналысының төрағасы болып *Нгуен Ван Ань* болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Хо Ши Миннің коммунистік партиясы қай мемлекетте?
2. I дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның Вьетнамдағы саясатының негізі?
3. 1954 жылы Оңтүстік Вьетнамдағы Сайгон үкіметіне билік жүргізген қай мемлекет?
4. Солтүстік пен Оңтүстік Вьетнам қай жылы бірікті?
5. Хо Ши Мин қай мемлекеттің басшысы болған?
6. Елдің экспортқа шығаратын басты өнімін атаңыз.

§ 10. Индонезия

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Индонезия.

Индонезия - Оңтүстік-Шығыс Азиядағы халық саны жағынан да (200 млн. жоғары), территория жағынан да (13 600 аралдан көп), қазба байлығы жағынан да (басты байлығы мұнай) ең үлкен ел болып табылады. XIX ғасырдың соңында бұл жер Нидерландының отарына айналды, ал екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Жапония басып алды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін де Индонезия бұрынғыдай Голландияның отары болып қала берді. Сонымен бірге архипелагқа одан да ірі державалар Англия, АҚШ және Жапонияның капиталдары кіре бастады. Сонда да голландиялық капитал ең ірі кофе, қант т.б. плантацияларды иемденді. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Нидерланды өз отарлық жүйесін өзгертпей ұстап отырды. Соғыстан кейін жағдай тым нашарлап кетті. Явадағы халықтың 60%-ы аштықты сезіне бастады. Елде көтерілістер және голландық шенеуніктерді өлтіру байқалды. Қалаларда пролетариат, ұлттық буржуазия және интеллигенциядан жаңа топтар құрыла бастады. «*Буди утомо*» («Жоғарғы нысана»), «*Сарклат ислам*» («Ислам одағы») деген ұйымдар мен 1920 жылы Индонезия Ұлттық партиясы құрылды. Олардың басшысы *Сукарно* болды.

1923 жылы ауыр экономикалық дағдарыс болып, ол Индонезияда 1936-1937 жылдарға дейін жалғасты. Отарлық және индонезиялық өнімнің, яғни шикізаттар-каучуктің, арпаның, дәм-татымдардың, тіпті мұнай мен қанттың да бағасы түсіп кетті. Нәтижесінде экспорт 59%-ға қысқарды. Осы дағдарыс жылдары салық 70-80%-ға өсті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Индонезия. Ал 1939 жылдары Индонезия экономикасы қайта жандана бастады, олар ауыл шаруашылық өнімдерін, каучукты, мұнайды т.б. өнімдерді АҚШ, Англия т.б. елдерге экспортқа шығара бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Голландияны Германия басып алған соң, оның отары Индонезияны 1942 жылы Жапония басып алды. Енді елде жа-

пондықтарға қарсы күрес басталды, осы мақсатпен Халық Күшінің Орталығы (Путера) ұйымы құрылып, оны Сукарно басқарды. Ал 1943 жылы Индонезия мұсылмандарының Консультативті кеңесі (Машуми) құрылды. 1944 жылы жапон үкіметі 2 жылдың ішінде Индонезияға тәуелсіздік алып берем деп уәде берді. Елде тәуелсіздікке дайындық үшін Зерттеу комиссиясы құрылып оны да Сукарно басқарды. 1945 жылы Сукарно комиссиясының мәжілісінде бірінші рет тәуелсіз елдің *Панча шила* қағидасы бойынша философиялық негізі жасалды.

Тәуелсіздік үшін күрес (1945-1950 жж.) Сукарно. Ағылшын әскерлері мұндағы жапондықтарды тізе бүктірген соң *1945 жылы 17 тамызда* доктор Сукарно басшылығындағы Ұлттық қозғалыс *Индонезияны тәуелсіз мемлекет* деп жариялады. Келесі күні *елдің президенті Сукарно* болды.

Отарлық жүйесін қайта қалпына келтіру үшін Индонезияға голландық әскер келген кезде, ол күтпеген жағдайға тап болды. 1946 жылы қарашада Индонезия Голландиямен келісімге қол қойып, ол бойынша Индонезияның халықаралық құқық статусы мойындалды. Бірақ «қырғи-қабақ соғыстың» басталуына байланысты екі мемлекет арасындағы шиеленіс тоқтаған жоқ. Тек 1949 жылы тамыз айында ғана Голландия Индонезия Құрама Штаттарының (ИҚШ) тәуелсіздігін мойындады. Бұл ИҚШ құрамына Голландиялық Индонезиялық одақ кірді. 1950 жылы 15 тамызда Индонезия Республикасы деп құрылып, яғни оны бірінші кезекте КСРО және ҚХР мойындады. Конституциялық талаптарға сай елдегі жоғарғы заң шығарушы билік Ұлттық консультативті конгресс (ҰКК) қолында болды. Индонезиядағы беделді саяси партиялар Индонезия Коммунистік партиясы (ИКП) және Индонезия Ұлттық партиясы (ИҰП) болды. 1950 жылдардың ортасында елдің саяси билігіндегі беделдісі ИҰП және Машуми болды. 1963 жылы Индонезия Голландиядан қалып қойған территория Ирианды өзіне қосып алды. Ал 1965 жылы Индонезия БҰҰ құрамынан шығады.

Сухарто билігі кезеңіндегі Индонезия (1965-1998 жж.). 1965 жылы 1 қазанға қараған түнде «30 қыркүйек қозғалысы» деп аталатын әскери төңкеріс кезінде үкіметті армия басшысы,

генерал *Сухарто* басып алды. Сонымен Индонезияда коммунистердің бүлігін басқаннан кейін генерал Сухартоның авторитарлы режимі орнады. Бұл орынды отыз жыл иемденген ол саяси тұрақтылыққа және экономиканың жоғары қарқынмен даму жолына қол жеткізді. Осы кезден бастап Индонезия дамудың капиталистік жолына көшті. Сухарто үкіметін Батыс қолдады. 1967 жылдың ортасында Сухарто «жаңа тәртіп» деп аталатын өз үкіметін құрып алды. 1973 жылдардан бастап елде мұсылмандар партиясының рөлі күшейе түсті. Ал 1982 жылдан бастап Индонезия біртұтас идеологиялық негіз ретінде экономикалық реформаларды жүзеге асырып, ол жақсы көрсеткіштерге жетті. Нәтижесінде Индонезия «азияттық айдаһарлар» қатарына енді. Ол Азияда ең үлкен көлемде табиғи каучук, пальма майын, темекі, кофе сонымен бірге дәм-татымдар мен теңіз өнімдерін экспортқа шығарушы елге айналды. Индонезияда өндіріс орындары жақсы дамып, олар техникалық заттарды, электр бұйымдарын, әуе ұшақтары мен кеме жасау кең қолға алынды. Бірақ ел әлі де жаңа индустриясы дамыған елдер қатарына қосылған жоқ, бұған 2020 жылы қол жеткіземіз деп жоспарлады. Экономиканың дамуы бірқалыпты болған жоқ: 1989 жылы мұнайды сатудан түсетін кіріс төмендеген кезде, Индонезия тіпті валютаны құнсыздандырып жіберді. Сонымен бірге 1989 жылы Индонезия ҚХР және КСРО мен қарым-қатынас орнатты, алайда осы уақытта басты мәселе орнықты исламға қарсы күрес болды.

1990 жылдардың ортасында ішкі ұлттық кіріс 7,5% құрады. Кедей күйде болған елдегі көп халық төртінші ширекте-ақ төрт есеге азайды. 1995 жылы Индонезияда ұлттық дамудың 25 жылдық жоспары жасалды. Бұл жоспар бойынша ел Азия мемлекеттері ішіндегі экономикасы жағынан анағұрлым дамыған елдердің қатарына қосылуы керек болды.

Саяси тұрақтылық Индонезияда 90-шы жылдардың басына дейін сақталды, сосын оппозиция тарапынан билік әлсірей бастайды, ислам партиясының белсенділігі күшейді. 1997 жылы Индонезияны «азияттық дағдарыс» тұншықтырды: елдің экономикалық даму қарқыны тез төмендеп кетті, ал ішкі кіріс 15-

20 %-ға қысқарды, ал сыртқы қарыз 117 млрд. долл. құрады (Бразилия және Мексикадан кейін әлемде 3-ші орында). Бұл халықтың жаппай толқуына алып келді: саяси демократияға қайта оралу талаптары қойылды, ал Сухартоны паракор деп айыптады. Нәтижесінде 1998 жылы 21 мамырда *Сухарто* президенттік орнынан отставкаға кетуге мәжбүр болды.

XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы Индонезия. Сонымен, 1997 жылдың басында азияттық нарықтағы дағдарыс Индонезияға үлкен ауыр соққы болып тиді: ішкі кіріс тез төмендеп, ұлттық валюта курсы түсіп, күнделікті қолданыстағы тауар бағасы құнсызданды. Халықтың 40% кедейшілік күйге түсті.

Осы жылғы сайлауда елдің бірінші президенті Сукарноның қызы *Мегавати Сукарнопутри* мен әскерилер қолдауындағы *А.Хабиби* сайлауға түсіп, президент болып *А.Хабиби* тағайындалды. Елдің саяси тұрақтылығын қайта қалпына келтіру мақсатында билікке келген жаңа президент өз бәсекелесі *М.Сукарнопутриді* үкімет басшылығындағы екінші орын, яғни Индонезияның вице-президенті орнына тағайындады. Тұрақтануға жасаған қадамдар өз нәтижесін берді, бірақ елдегі дағдарысты жағдай сақталып қалды.

1999 жылы қазанда болған кезекті сайлауда *Б.Ю.Хабиби* жеңіліс табады, өйткені 1975 жылы Шығыс Тиморды басып алуға қатысты мәселе Индонезияның халықаралық беделін түсіріп жіберген болатын. Ұзақ жылдар бойы бұл жерді индонезиялық әскерлер қарудың күшімен ұстап тұрды. Ал 1999 жылы осы іске қатысы бар Индонезияның азаматтық және әскери басшыларына қарсы көтеріліс басталады. Бұл іске БҰҰ-ның өкілдері араласып, Шығыс Тиморға қатысты кінәлі адамдарға Джакартада сот ісі басталады. Міне, тап осы Шығыс Тимор мәселесіне қатысты дауға байланысты *Б.Ю.Хабиби* жеңіліс тауып, оны *А.Вахид* ауыстырды. Ол да ұзақ отырған жоқ, 2001 жылы импичментке тартылып, яғни паракор деген жалған айыппен орнынан кетуге мәжбүр болды.

2001 жылы үкімет басына *Сукарнопутри* келіп, ол армия альянсы мен исламшылдарға сүйенді.

Дегенмен, Индонезия тарихында бірінші рет мемлекет басшысын сайлау арқылы тағайындау 2004 жылы 5 шілдеде болды (оған дейін президент және вице-президентті ХКК-тің жоғарғы органдары тағайындады). Сайлау науқанына бес кандидат қатысып, нәтижесінде отставкадағы генерал *Суило Бамбанг Юдхойоно* (Демократиялық партиядан) жеңіп шықты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Индонезия мемлекетінің президенті және Ұлттық партияның лидері кім болды?
2. Қай мемлекеттің отары болды және тәуелсіздігін қай жылы алды?
3. Индонезия Ұлттық партиясы қай жылы құрылды?
4. Сукарно қай жылдары мемлекетті басқарды және қандай саясат жүргізді?
5. Индонезияда өндірілетін басты тауарды атаңыз?
6. Сухарто президенттік биліктен не үшін кетті?

4-тарау

ОҢТҮСТІК АЗИЯ ЕЛДЕРІ

§ 11. Үндістан

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндістандағы отарлыққа қарсы күрес. Үндістанның үлкен бөлігі британ отары болды, қалған бөлігі-600-ге жуық князьдықтар-Англиямен екіжақты келісім орнатып, олар да Британ империясының құрамына кірді. Соғыста Үндістан ағылшындар жағында болып, Антантаның жеңуіне үлкен үлесін қосты. Жарты миллионға жуық үнділіктер британ армиясының құрамында әскери қозғалысқа қатысып, үлкен шығынға да ұшырады. Үндістанда 13 млн. адам соғыс кезінде аштық пен аурудан қаза болды. Англия Үндістаннан 150 млн. ф. ст. займ және 200 млн. ф. ст. тауар түрінде алды. Ағылшын үкіметі өз отарының экономикалық күшін пайдалану мақсатында ол жерде ірі өнеркәсіптер мен банктер ашты. Соның нәтижесінде соғыс жылдары Үндістанда кәсіпкерлік дамыды, әсіресе металл өңдеу, гидроэлектростанция жасау және банк жүйесі дамыды.

Алайда, мұнда денсаулық сақтау мен білім беру жүйесі екінші кезекке қалып қойды және Атқарушы кеңес (үкімет), провинциялардағы вице-король қызметі де нашар жүрді. Сол үшін барлық басқаруды өз қолына алу мақсатында ағылшындар 1919 жылы парламент арқылы «Үндістанды басқару» заңын қабылдады.

Сатьяграх қозғалысының бірінші кезеңі. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Үндістанға Оңтүстік Африкадан *Мохандас Карамчад Ганди* келді. Ол Оңтүстік Африкадағы үнділік қоғам арасында үлкен беделге ие болған және *сатьяграх*-әдісін қолданды - тәуелсіздік үшін күрестің *күш қолданбау* түрі. 1915 жылы Үндістандағы өзінің туған жері Ахмадабадқа келіп, шәкірттер даярлай бастады. Сатьяграхи ұстанымы бойынша ешкім күш көрсетуге бармау керек.

Сондай мақсатпен олар бірінші кезекте ағылшын үкіметінің әкімшілігіне, заң жүйесіне, мектеп пен оқу орындарына,

ағылшын тауарына, салық жүйесіне байкот жариялады. Сонымен, бұл ұлттық психологияға әсер ететін - карма идеясы болды.

1919 жылы 6 сәуірде бүкіл Үндістанда демонстрация болып, дүкендер жабылып, базарлар жұмыс істеуін тоқтатты. Бірақ 13 сәуір күні Пенджаб провинциясында қайғылы оқиға орын алды, онда Джалианвалл Баг алаңында полиция ереуілге қатысушыларға оқ атып, нәтижесінде мыңға жуық адам қаза болып, екі мыңдай адам жараланды.

Соғыс кезінде Үндістандағы суннит-мұсылмандар соғыстан мүлдем бас тартып, өздерінің діни басшылары - халиф титулын иемденген түрік сұлтанына ғана бағынады. Нәтижесінде Үндістандағы ағылшын үкіметі мен *Мұсылман Лигасы* арасында қайшылық тудырды.

1919 жылы 6 желтоқсанда болған *Үндістан Ұлттық Конгресінің* (ҰҰК) сессиясында Мұсылман Лигасының өкілі *Мұхаммед Әли Джинна* және Халифат комитетінің басшылары ағайынды Мұхаммед және Шукат Әли қатысты. 1920 жылы сәуірде М.К.Ганди Халифат комитетіне өзінің азаматтық міндеткерлік туралы бағдарламасын ұсынды. Бұл сатьяграхи әдісін өте жақсы қабылдаған мұсылмандар тіпті М.К.Гандиді халифат комитетінің төрағалығына сайлады. Үндістан Ұлттық Конгресінің мүшелері, Үндістан қоғамының зайырлы өкілдері, яғни танымал адвокаттар, заңгерлер, отарлық әкімшіліктің көрнекті өкілдері, ағылшынша тәрби мен білім алған адамдар болды. Сонымен, бірге конгрестің көптеген қызметкерлері жоғары кастаның (аксүйектер) мүшелері болатын. Ал М.К.Ганди төменгі кастаның адамы болатын.

ҰҰК-сі сатьяграх табыстары талқыланып екі сессия: қыркүйекте - Калькутта және желтоқсанда - Нагурде. 1920 жылы конгресс мүшелер 10 млн. адамға жетті. Ал М.К.Ганди өзі харизматтық¹ тамаша лидер ғана емес мықты ұйымдастырушы да болды. Ол алдын ала не істейтінін хабарлап, оқып отырды.

¹ Харизма - гипноз сияқты бүкіл аудиторияға әсері, митингтерде мыңдаған адам оның энергиясынан қуат алып отырады.

Ганди ақша қорын жинау үшін «*Б.Тилак² Қорын*» ұйымдастырды. Сөйтіп бұл қор ҰҰК-нің басты қаржы жүйесіне айналды. Үнемі айналымда ақша болды - ал оны ағылшын үкіметінің тәркілеуіне еш мүмкіндік болмады.

Жергілікті жерлердегі ҰҰК ұйымдары үлкен жұмыстар жүргізді, шаруалар комитеті-сабхлар құрылды. Қалаларда жұмысшылар ереуілдерін ұйымдастырды. 1920 жылы 200 ереуіл болды. 1920 жылы мамырда Бүкілүндістандық кәсіподақтар конгресі құрылды. Ал 1921 жылы ҰҰК осы кәсіподақтармен байланыс жасау үшін арнайы комитет құрды.

1921 жылы 17 қарашада Үндістанға ағылшын тағының мұрагері ханзада Уэлский келді. Жергілікті халық демонстрацияға шықты. Ағылшын үкіметі мұндай тәртіпсіздікті ұйымдастырушы ретінде жаңадан құрылған Конгрестің жастар ұйымы «Севал»-дан көріп, оның қызметіне тосқауыл қойды.

Елдегі саяси жағдай. Елде ағылшындарға қарсы бас көтеру бәсеңдеген соң 1922 жылы ҰҰК-нің саны күрт азайды, әсіресе партиядан мұсылмандар шығып кетеді. ҰҰК-нің алдыңғы қатарлы өкілдері түрмеге қамалып, осы кезде ҰҰК-сі үшке бөлінеді:

1. *М.К.Гандидің жақтастары*
2. *Өзгерісті жақтаушылар* немесе «*свараджистер*» (көшбасшысы Мотилал Неру Джавахарлал Нерудің әкесі).
3. *Солшыл қанат.* Олар доминион емес, тәуелсіздік үшін күресті (көшбасшысы Джавахарлал Неру).

1923 жылы желтоқсанда Англияда үкімет басына лейбористер партиясының өкілі *Д.Р.Макдональд* келді. Өз кезінде олар Үндістандағы саясатты өзгертеміз деп уәде берген болатын. М.К.Ганди және ҰҰК-нің басқа өкілдері түрмеден босатылды. Үндістанда реформа жүргізумен статусын өзгертуге үміт пайда болды. Сол үшін М.К.Ганди ағылшын тауарына байкот жасауды тоқтатуды қолға алды. Елде ұлттық оқу орындары ашылып, Мұсылман Лигасымен байланысты күшейту қолға алынды.

² Б.Тилак - XIX ғ.аяғында ҰҰК-нің радикалды фракциясын басқарған, 1920 жылы қайтыс болды.

Бірақ олардың мұндай үміті ұзаққа барған жоқ. 1924 жылдың соңында Англияда үкімет басына қайтадан консерваторлар келді. Үндістан мәселесі жөніндегі министр лорд Биркинхед болды, ал онымен келіссөз жүргізу еш нәтиже бермеді.

Саймон комиссиясының құрылуы және ағылшын үкіметі мен ҰҰК арасындағы шиеленіс. 1927 жылы Саймон комиссиясының құрылғаны туралы жариялады (ағылшын заңгері). Дж.О.Саймонның құрған бұл комиссиясының мақсаты Үндістанның жаңа Конституциясының жобасын жасау болды, бірақ бұл жобаны жасаушылардың құрамы тек ағылшындар болуы керек болатын. Алайда, комиссия мүшелері үнді саяси партиялары және ұйымдарымен ақылдасып отыратыны хабарланды. Бірақ Үндістанның қаншалықты өзін-өзі басқаратынын ағылшындар шешетін болды. Үндістан саяси партиялары бұған наразылық білдіріп, комиссия жұмысына байкот жариялады.

1927 желтоқсанда ҰҰК-нің Мадраста болған сессиясында өздерінің Конституциясының жобасын жасауға арнайы комиссия құрылды. Оны Мотилал Неру басқарды («Мотилал Комитеті»). 1928 жылы шілдеде комиссия «Неру Конституциясының» жобасын ұсынды. Дегенмен, 1928 жылы желтоқсанда Калькутта болған партия аралық конференцияда бұл сәтсіздікке ұшырайды. Орталық заңшығару жиналысында Мұсылмандар Лигасы 1/3-орын сұрайды. Осыдан кейін мұсылмандар өкілі Мұхаммед Әли Джинна конференциядан кетіп қалды. Осы жылы ҰҰК-нің сессиясы Мотилал Неру жобасын қолдап, оны ағылшындарға табыс етуді көздеді. 1929 жылы желтоқсанда: ҰК-нің кезекті сессиясында Үндістанға тәуелсіздік беру туралы мәселе қаралды.

Алайда, осы жылы *дүниежүзілік экономикалық дағдарыс* басталды. Әлемдік депрессия ауыл шаруашылық өнімін одан әрі түсіріп жіберді. Салық өсті. Жері бар шаруалар жерге салық төлеу үшін қатты қиналды. Олар жерге салықты төлей алмаса: не жерінен айырылды, не қалаға кетулері керек, сол үшін барлық үнді әйелі мұралық асыл бұйымдарынан айырылды. Тап осы жылдары өте үлкен көлемдегі - қымбат тастар мен металл бұйымдары Үндістаннан Англияға ағылып жатты, ал бұл ағыл-

шындардың өз экономикасын тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Үндістанның бәсекелестікке келе алмайтынын біліп, ағылшын-дар өз тауарларын көптеп енгізуге кірісті.

1930 жылдардың басындағы сатьяграх. 1930 жылы қаңтарда ҮҰК-ті Заңшығарушы жиналыс құрамынан шығып кетті. Осы кезде М.К.Ганди *сатьяграхтың екінші кезеңіне* дайындала бастады, ал 1930 жылы наурызда оның *«Гандидің II бөлімінің»* жобасы жарияланды. Осыдан кейін оны көпшілік қайта қолдай бастады. Ондағы талаптар: әскери шығын мен жерге салықты қысқарту, Үндістанға кіргізілетін тауарларға тариф қою, тұзды өндіру мен сатудағы ағылшын монополиясын жою т.б. болды. Әрине мұның бәрі екінші кезектегі талаптар болатын, сондықтан бұл талаптарды ағылшын үкіметі қанағаттандыра алады. Ал Ганди өзінің мақсаты, яғни үкімет пен ҮҰК-сі арасында Конституцияның жобасын қайта қарауға қол жеткізді.

1930 жылы елде тағы сатьяграх болып, бұл жолы Ганди ереуілге үнді әйелдерін де шақырды. Үйде отыратын үнді әйелдері енді ағылшын тауарларын кіргізбеу үшін дүкендерді қоршап алды. Сатьяграхтың бірінші айында 100 мыңдай адам тұтқынға алынды. 1930 жылы мамырда ҮҰК-нің өкілдерін тұтқындау басталып, Мотилал және Джавахарлал Неру тұтқындалды. ҮҰК қызметіне тыйым салып, олардың активтері мен мүліктерін тартып алды.

1930 маусымда Үндістандағы саяси партияларды талқылау туралы Саймон комиссиясы жасаған баяндама Англияға жіберілді. 1930 жылы қарашада Лондонда жаңа үнді Конституциясының жобасын талқылау үшін «дөңгелек үстел» деп аталатын Конференция ашылды. Оған Мұсылман Лигасы, Либералдар партиясы, Хинд махасабха ұйымы, тіпті өз алдына жеке үнді кастасының князьдары мен өкілдері қатысты. Конференцияға ҮҰК өкілдері ғана шақырылған жоқ. Алайда, Лондондағы «дөңгелек үстел» Конференциясы өз жұмысын бастағанымен Үндістандағы ең ірі саяси күш ҮҰК-нің қолдауынсыз ол ешқандай мағынаға ие болмайтын еді. Тіпті ҮҰК-нің өкілдері түрмеде отырса да елде сатьяграх жалғаса берді.

1930 жылдың аяғында отарлық үкімет ҰҰК-нің өкілдерімен келіссөз жүргізе бастады. Бірінші келісім түрмеде болды, сосын 1931 жылы саяси келісім шартына қол қойылды. Англия ҰҰК-нің мүшелерін Лондонға шақырады. Ал ҰҰК-сі болса сатьяграх науқанын тоқтатуға уәде береді. 1931 жылы наурызда Карачиде болған ҰҰК-нің кезекті сессиясында келісім бекітілді. Тап осы сессияда болашақ тәуелсіз Үндістанның әлеуметтік және саяси қайта құрылуы туралы бағдарлама қаралды. Сонымен бірге ҰҰК бірінші рет Үндістанның тілдік ерекшеліктеріне қарай әкімшілік-территориялық реформасы туралы айтылды.

Ағылшындар түрмеден бәрін босатқан жоқ, "террористер" деп айыпталғандар босатылмады. Сондықтан Ганди-Ирвинг келісім шарты да бұзыла бастады. 1931 жылы қыркүйекте Ганди Лондонға «дөңгелек үстел» Конференциясына келді. Бірақ көп ұзамай бұл жерді тастап кетуіне тура келді.

Теңіз арқылы еліне оралған Ганди сатьяграхты қайта ұйымдастыра бастады. Бірақ үкімет Гандиді және оның жақтастарын түгел түрмеге қамады, ал ҰҰК-нің жұмысын конгресте заңсыз деп жауып, оның қаржы жүйесі мен қорын тоқтатып тастады. Бұл науқан 1933 жылы мамыр айына дейін жалғасты.

1933 жылы Ганди түрмеден босатылды. Осы кезде ҰҰК-нің қызметі де өз жұмысын қайта бастады. 1934 жылы ҰҰК-сі сайлауға қатысып, үлкен табысқа ие болды. Ал, Ганди ҰҰК құрамынан шығып кеті. Бұл кезде оның беделі өте күшті болған еді. Сондықтан ол қандайда бір басқа саяси қызметпен айналысуды ойлады.

1935 жылы тамыз айында Үндістанның жаңа Конституциясы қабылданды. Онда отарлық билік вице-корольдің қолында болатындығы туралы айтылды, сол үшін бұл конституцияны «құлдық» деп атады. Вице-корольді бұрынғыдай ағылшын королі тағайындады және толық атқарушы билік құқығына ие болды. Үндістанда провинциалық автономия құрылды.

1936 жылы мамырда Лакхнау қаласында ҰҰК-нің сессиясы болды, онда партияның солшыл қанаты күшейе түсті. ҰҰК-нің президенті болып жас көшбасшы *Джавахарлал Неру* сайланды.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде ҮҰК-сі британ үкіметімен байланыс орнатып, олардан соғыстан кейін тәуелсіздік беруді сұрайды. Бірақ бұл кейінге қалдырылды. 1940 жылы жазда Батыс Еуропада соғыс қимылдары тез жүріп Франция тізе бүгеді. Ал Англия Гитлер және Муссолинимен бетпе бет жалғыз қалды.

1940 жылы маусымда ҮҰК бұрынғы талаптарын Англияға қайта қойды, сонымен олар Үндістанға соғыстан кейін тәуелсіздік беруге уәде берді.

1940 жылы наурызда Лахорда болған Мұсылман Лигасының сессиясы тарихи оқиға болды. Онда олар Үндістан құрамынан шығып - Пәкістан мемлекетін құруды қолға алатындарын жариялады.

Үндістанда отарлық жүйенің күйреуі (1945-1947).

1946 жылы 15 наурызда Үндістанға доминион статусы берілді.

1946 жылы маусым айында вице-король Дж. Неруге үкімет құруды тапсырады. Ал Мұсылман Лигасы жаңа үкіметтің құрамына кіруден бас тартып, 1946 жылы 10 тамызда Мұхамед Әли Джинна бүкіл мұсылмандарды Пәкістан мемлекетін құруға шақырды.

1947 жылы 22 наурызда ағылшын үкіметі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Үндістандағы әскердің басқолбасшысы болған лорд Маунтбеттенді Үндістанның вице-королі етіп тағайындады. Ол жұмысты белсенді түрде жүргізді. 1947 жылы 3 шілдеде лорд Маунтбеттен Үндістанды екіге бөлу жоспарын жасады. М.К.Ганди мұнымен келісті.

1947 жылы 15 тамызда екі мемлекет - *Үндістан* және *Пәкістанның тәуелсіздігі жарияланды*. Үндістанның премьер-министрі *Джавахарлал Неру*, генерал-губернаторы *Ч.Раджагопалачария* болды. Пәкістан мемлекетінің басшысы *Лишкат Әли хан* болды, ал *Мұхаммед Әли Джинна* генерал-губернатор болып тағайындалды.

1948 жылы ақпан айында Цейлон (Шри Ланка), Непал және Бирма тәуелсіздігін алды.

“Неру дәуірі” кезіндегі Үндістандағы экономикалық мәселелер (1947-1964). *Үндістанның екіге бөлінуі* үлкен мәселе

тудырды. Бөлінген кезден бастап жаппай адам өлтіру *Үндістан мен Пәкістан* арасындағы жауластық ондаған жылдарға дейін созылды. Көшіп-қонуға ілесе алмаған адамдар тағдыры өліммен аяқталып та отырды. Нәтижесінде 1948 жылдың қаңтарына дейін 2 млн-ға жуық адам зардап шекті.

Осы кезде Үндістанның әртүрлі аудандарында көшіп-қонуға мәжбүр болған адамдардың үлкен лагері құрылды: сонымен, Дели маңында Пенджабтан қашқан 400 мың босқындардың лагері талқандалды. "Хинду Махасабха және Раштрия Сваямсевас Сингх" деп аталатын шовинистік ұйымдар да бас көтерді. Елдегі шиеленісті жою үшін армия мен әкімшілік органдарын пайдалану өте қиын болды, өйткені онда да дініне қарай бөліну болып жатқан болатын.

1948 жылы 12 қаңтарда М.К.Ганди аштық жариялады. 18 қаңтарда барлық діни қауым өкілдері Делиге жиналып, күш көрсету актісін тоқтату туралы ант берді. Бірақ М.К.Ганди, Дж.Неру және басқа ҰҰК-нің өкілдеріне мұсылмандарға қолдау көрсетіп отыр деген кінә тағылды.

Қастандық жасау басталды. Осы кезде *М.К.Ганди* өзіне арнайы берілген күзеттен бас тартты. Сонымен, 1948 жылы 30 қаңтарда миллиондаған адам қатысқан митингі кезінде *М.К.Ганди* Хинду Махасабхи діни ұйымының мүшесі, фанат-үндінің қолынан **қаза тапты**.

Үндістан үшін М.К.Гандидің өлімі өте ауыр ұлттық қасірет болды, алайда оның қазасы ғана кескілесуді тоқтатты, адамдарды ойлануға мәжбүрледі.

Елдің бөлінуі ортақ инфрақұрылымның жұмысын бұзды: теміржолдарда поезд жұмысы тоқтап қалды, электр жүйесі істен шықты, мысалы мұнда электр энергиясы бір елде өндіріліп, ал оны екінші ел де пайдаланып отырған болатын.

Пәкістанға ауыл шаруашылығы өндірісі мол аудандар өтті: мақта, кендір, астық; ал Үндістанға ең маңызды өндіріс орындары салынған аудандар өтті. Осыған байланысты тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап-ақ Үндістанда азық-түлік пен шикізат тапшылығы біліне бастады. Дж.Неру үкіметі ең маңызды өнімді шетелден сатып алуды қолға алды.

Тағы бір басты мәселенің бірі князьдықтар қауымдастығы болды: Маунтбеттен жоспары бойынша князьдар екі мемлекеттің қайсысына қосылуын өздері таңдауы керек болды.

1947 жылы 15 маусымда-ақ ҰҰК-нің шешім қабылдады. Онда: а) князьдықтар өз алдына тәуелсіз бола алмайды; б) жергілікті халықтың талабын орындап және демократиялық іс-шараларды сақтаулары керек; в) жан-жағын Үндістан территориясы қоршаған князьдықтар Пәкістанға қосыла алмайды.

Тәуелсіздік жариялануға дейін-ақ көпшілік князьдықтар (565-тің 555-і) Үндістан құрамына кіруге шешім қабылдады. Олардың кейбіреуі штаттар құрамына кірді, ал кейбіреуі ерекше одақтық территория құрды, ал тағы бірі федерация құрды.

1960-1970 жж. ішкі шиеленістің күшеюі. Отарлық кезеңде әлеуметтік шиеленістер кейінге қалып отырған, өйткені көпшілік халықтың алдына қойған мақсаты ұлттық тәуелсіздік болатын. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң елде әртүрлі әлеуметтік-саяси күштердің күресі басталды. Ұлттық конгресте Үнділіктер партиясы, Коммунистік партия, Социалистік партия, Шаруа-жұмысшы халық партиясы, т.б. радикалды қозғалыстар мен топтардың оппозициясы байқалды. Осындай саяси шиеленісте Джавахарлал Неру өте күшті беделге ие болды. 1964 жылы *Д.Неру* қайтыс болған соң, ҰҰК-нің оңшылдары белсенді ішкі саяси жұмыстар жүргізді.

1967 жылы сайлауда ҰҰК елдегі ең беделді партия болса да парламент пен штаттардың Заң шығару жиналысында біршама орындарынан айырылды. Парламентте көпшілік орындар мен мандатты оңшылдар партиясы мен коммунистер иемденді. ҰҰК-нің жергілікті ұйымдарында ішкі саяси күрес басталды. Конгрестің беделін көтеру үшін 1966 жылдан үкіметті басқарып отырған Индира Ганди (*Д.Нерудің қызы*) жана реформалар жүргізуді қолға алды.

И.Ганди 14 ірі банктерді мемлекет қарамағына өткізу туралы, сосын көтерме сауданы дамыту үшін заң қабылдады. Осындай шаралардан кейін бүкіл елде банктердің еншілес бөлімшелері ашылып, депозиттер көбейді. Үкімет монополиялардың қызметіне де шектеу қойды, кішігірім жер учаскелеріне са-

лық азайтылды. Мұндай шаралар ҰҰК-нің беделін көтерді және 1971 жылы сайлауда жеңіп шығуына әкелді. Сайлаудан кейін де реформалар жалғаса берді. Бұл мемлекеттік сектордың беделінің түсуіне, бюрократияның күшеюіне алып келді. Оның үстіне 1971 жылы Пәкістанмен соғыс, Бангладештің құрылуы, 1972 жылдан 1975 жылға дейінгі қуаңшылық, Үндістанға миллиондаған босқындардың келуі, 1973-1974 жылдардағы мұнай дағдарысы елдің саяси және экономикалық өміріне өте кері әсерін тигізді.

1970 жылдардың ортасында саяси күрес өрши түсті. Оппозиция күштері мемлекетті төтенше шаралар қолдануға мәжбүрледі. Осындай жағдайда консервативті саяси партия «*Джаната партия*» блогын құрып, олар 1977 жылы сайлауда жеңіске жетті. Сонымен Ұлттық конгрес тәуелсіздік жылдарында бірінші рет жеңіліс тапты.

Елде азық-түлік бағасы, салық пен инфляция өсті. Осының барлығы *Индира Гандиге* және оның жақтастарына 1980 жылғы сайлауда жеңіске жетулеріне алып келді.

Қазіргі кездегі Үндістанның даму кезеңдері. 1980 жылы И.Ганди және ҰҰК елдегі төтенше мәселелерді шешу керек болды. Олардың алдына қойған мақсаты: елдің экономикалық тәуелсіздігін күшейту, әлеуметтік шиеленістерді болдырмау, орталық билік және штаттар арасындағы қайшылықтарды реттеу, этностар арасындағы діни шиеленістерді тоқтату т.б. болды.

1979 жылғы болған құрғақшылық тағы үлкен қиындықтар әкелген болатын. Сонымен бірге мұнайдың әлемдік нарықтағы бағасы өсіп кетті. Ол импорттың бағасының өсуіне алып келді. Осындай жағдайдан шығу үшін Үндістан Әлемдік Валюта Қорынан 5 млрд. долл. несие сұрайды: ол мемлекеттік секторды, экономиканы көтеруге, салықты азайтуға, өндіріс орындарын реттеу т.б. жұмсалыу керек болатын. 1981 жылы қарашада бұл бағдарлама өз уақытына жетпей-ақ (1984 ж.) тоқтатылды. Оның 3,9 млрд. долл. жұмсалды.

1980 жылдардың ортасында сикхтар көп тұратын Пенджаб тағы басқа бірқатар штаттарда лаңкестік оқиғалар орын алды. Олар Үндістаннан бөлініп, «Тазалар елі» Қасиетті

Халистан мемлекетін құру үшін күресті. 1984 жылы мемлекеттік армия оларды қарудың күшімен тоқтатты. Осыған жауап ретінде 1984 жылы 31 қарашада сикх тайпасынан шыққан оққағары *Индира Ганди* атып өлтірілді.

Оның орнына баласы *Раджив Ганди* премьер-министр болды. Осы кезде Пенджабтағы дағдарыс шешілмей жатып, 1990 жылы тәуелсіз мемлекет құру үшін Кашмир штатында жағдай шиеленісіп кетті. Ал экономикалық бағытта Р.Ганди либералдану және әлемдік шаруашылыққа көшуді алға қойды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдері дамыды. 1990 жылы экономикада дағдарыс басталды. Үндістанның сыртқы қарызы 23 млрд. долларға өсті. Ал, бұл 1990-1991 жылдардағы Парсы шығанағындағы соғыс нәтижесінен кезекті мұнай дағдарысына алып келді. Үндістанда қаржы дағдарысы басталып, инфляция өсті.

1991 жылы кезекті сайлау науқаны кезінде тамильдік (Оңтүстік Үндістан халқы) террористер *Р.Гандиге* қастандық жасап, нәтижесінде ол қаза болды.

Жаңа премьер-министр болып *В.Нарасимха Рао* тағайындалды. Бұл үкіметте көп күштерін экономиканы реттеуге бағыттады. Мемлекеттік жоспарлауды тоқтатқан жоқ.

1996-1998 жылдары Үндістанда үш коалициялық үкімет билік құрды. Ал 1998 жаңа коалициялық үкімет билікке келді, оның басшысы *А.Б.Ваджапал* болды.

Үндістандағы тағы бір үлкен проблема халық санының шамадан тыс өсуі болды. 2000 жылы халықтың саны 1 млрд. адамға жетті. Сондықтан мемлекет «жоспарлы жанұя бағдарламасын» енгізіп отыр, яғни бір отбасына 2 бала. Үндістан жаңа мыңжылдықты күшті тауар-қаржы жетістіктерімен қарсы алды. Елдің ішкі кірісі 1991-1992 жылдан бастап 2003-2004 жж. аралығында 6,4% дейін өсті. Өнеркәсіп саласының даму қарқыны баяу көрсеткішке ие болғанмен қызмет көрсету саласы (әсіресе ақпараттық технология) үнемі тұрақты даму жолына түсті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.И.Гандидің «сатьяграхия» - қағидасы нені білдіреді?
2. Үндістан тәуелсіздік алғаннан кейінгі елдің әлеуметтік экономикалық және саяси дамуы қалай болды?
3. И.Гандидің дүние этникалық проблемаларды шешу саясаты қалай жүргізілді?
4. Пенжаб, Бомбей, Гуджараптағы британдықтарға қарсы саяси ахуалдардың басталуы?
5. «Хинду Махсабхи» қандай қоғамның мүддесін қорғаған?
6. «Мұсылман Лигасы» қандай қоғам, кімдердің мүддесін қорғаған?
7. Мохандас Карамчад Гандидің «Күш көрсетпеу саясаты» анықтаңыз.
8. Индияда «Құлдық Конституциясының» жариялануы?
9. Үндістан мемлекетінің Конституциясы қай жылы қабылданды?
10. Джавахарлал Неру қандай саясат жүргізді?

§ 12. Пәкістан

Ішкі саяси даму (1947-1957 жж.). 1947жылы 15 тамызда Орта Азия территориясында жаңа тәуелсіз мемлекет пайда болды. Оның бірінші генерал-губернаторы Мұсылман Лигасының және тәуелсіздік үшін күрестің басшысы *Мұхаммед Әли Джинна* болып тағайындалды.

Сонымен, діни қауымдық принцип бойынша Британдық Үндістан екіге бөлінді. Елдегі маңызды фактор әлеуметтік-экономикалық және мәдени артта қалу, экономиканың артта қалуы, дәстүрлі әлеуметтік және саяси құрылымның күшеюі, халықтың саяси танымының төмендігі, діннің мемлекет ісінің барлық саласына араласуы болды.

1954 жылға дейін елдің саяси өмірінде ХХ ғасырдың басында құрылған Оңтүстік Азия мұсылмандарының мүддесін

қорғаушы Мұсылман Лигасы беделді орында болды. Ал 1950-ші жылдары Пәкістандағы көптеген проблемаларды шешу жолында бірінші оппозициялық буржуазия-демократиялық партия құрылды: Авамалиг (Халық партиясы), Азад Пәкістан (Еркін Пәкістан) т.б.

1951 жылы 16 қазанда Пәкістанның премьер-министрі *Лишкат Әли-хан* қастандық салдарынан қаза болды, ал оның орнына шығысбенгальдық саяси өкіл *Қожа Назимуддин* келді. Билік үшін күрес оның үкіметінің отставкаға кетуіне мәжбүрледі. Батыс және Шығыс Пәкістан өкілдері әртүрлі екі орталықта партиялық-саяси жүйе құрды.

1956 жылы 29 ақпанда Құрылтай жиналыс Конституцияны қабылдап, яғни 23 наурызда британдық доминион енді "*Пәкістан Республикасы*" деп жарияланды.

Партиялық топтардың күресі нәтижесінде 1957-1958 жылдары Х.Ш.Сухравардидің коалициялық кабинетін И.И.Чундригар ауыстырды, ал көп ұзамай оны Республикалық партия М.Ф.Нун ауыстырды.

1958 жылғы әскери төңкеріс. Азаматтық үкіметтің әлсіздігі 1958 жылы 8 қазан күні Пәкістанда әскери төңкеріске алып келді, нәтижесінде үкімет басына генерал *Мұхаммед Айюб-хан* келді. Орталық және провинциялық үкіметтер бірікті, биліктегі заң шығарушы орган таратылды, саяси партиялардың жұмысы тоқтатылды. 1956 жылғы Конституция жойылды, премьер-министр орны алынып тасталды. Сонымен, 3,5 жылдай Пәкістанда әскери режим орнады. Барлық билік Жоғарғы Қарулы күштердің қолына шоғырланды. Заңды Бас әскери әкімшілік, яғни М.Айюб-хан өзі шығарып отырды. Әскери тәртіпті бұзғандар әскери сотқа тартылды. Барлық жоғарғы азаматтық орындарды әскерилер иемденді. 1960 жылға дейін М.Айюб-хан барлық Атқарушы билікті өзі басқарып отырды.

Әскери режим репрессиялық түрге ие болды: митингі, демонстрация, ереуілдерге тыйым салынды, баспаға цензура енгізілді. Демократиялық партия және қоғамдық ұйымдардың басшылары қамауға алынды. Оларға "әскери әкімшіліктің тапсырмасын бұзды" деп айыптар тағылып жаза қолданылды, тіпті

өлім жазасына дейін барды. Алайда, 1960 жылдың басында *М.Айюб-хан* өзін "президент" деп жариялаған соң, жағдай жұмсара бастады. Біртінде, елдегі партиялық-саяси өмір қалпына келтіріле бастады. Жаңа үкімет экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін тез арада төтенше шаралар жүргізді, контрабанда және алыпсатарлыққа қарсы күрес жүргізіп, оған мемлекеттік бақылау орнатты.

Капиталистік даму тек өнеркәсіпке ғана емес ауыл шаруашылығына да қатысты болды. Аграрлық реформа бойынша жер иеленушілердің жері қысқарды. Сыртқы сауда жүйесі және ұлттық өндіріс пен кіріс дамыды.

1960-шы жылдардағы Пәкістан. 1962 жылы 1 наурыз күні Пәкістанда екінші рет Конституция қабылданды. Федеративті құрылымды сақтау үшін билік түрі өзгертілді: "Пәкістан президенттік республика" деп жарияланды.

Ұлттық жиналыс бір палаталы болып қала берді. Конституцияға сәйкес 1962 жылы сәуірде парламентке (Ұлттық жиналыс), ал мамыр айында провинциялық Заңшығару жиналысына сайлау болды. Ұлттық жиналыстың бірінші мәжілісінде әскери жағдайды және саяси партиялардың қызметін жою туралы жариялады.

М.Айюб-хан 1963 жылдан бастап Мұсылман Лигасы партиясын өзі басқарды. Одан оппозициялық Мұсылман Лигасы құрылып, оны бастапқы кезде *Қожа Назимуддин* және *Сардар Бахадур-хан* басқарып, кейін *М.М.Дулатан* және *А.Кайюм-хан* ауыстырды.

1964 жылдың соңында 1965 жылдың басында бес ірі оппозициялық партияның блогы құрылды (ПХП, Авама лиг, Оппозициялық Мұсылман Лигасы, Джамаат-и ислам және Низам-и ислам). Олардың мақсаты алдағы сайлауда *М.Айюб-хан* үкіметіне соққы беру болды.

Діни қауымдық партия конституцияға біршама ислам қағидаларын енгізу туралы ұсыныс жасады. Ол да енгізілді: «*Пәкістан Республикасы*» енді «*Пәкістан Ислам Республикасы*» деп аталатын болды. Алдағы президенттік сайлауға оппози-

циялық партияның кандидаты Фатима Джинна болды (Мұхаммед Әли Джиннаның қарындасы).

1965 жылы 2 қаңтарда елде президенттік сайлау болды. М.Айюб-хан тағы да президент болды, ал наурыз сосын мамыр айларында сайлаушылар коллегиясы провинциялардағы Ұлттық жиналыс пен Заңшығарушы жиналыс мүшелерін тағайындады. Барлық заң шығарушы органдарда, орталық және екі провинциялық үкіметте Мұсылман Лигасы билеушілері көпшілік орынға ие болды.

Мемлекеттік биліктің әміршілдік өктемдігі елді демократияландыру, президенттік сайлау түрін парламенттік басқарумен ауыстыруға, жалпыға бірдей сайлау, әкімшілік-саяси жүйені өзгерту және оны ұлттық-лингвистикалық негізбен ауыстыру үшін күреске шақырды.

Шығыс Пәкістанда ұлттық шиеленіс болып, нәтижесінде Шығыс Пәкістанға аймақты өзін-өзі басқару құқығы берілді. 1967 жылы елде Пәкістан Халық партиясы (ПХП) құрылып, оны *Зұлфиһар Әли Бхутто* басқарды.

А.М.Яхья-ханның әскери режимі. Саяси оппозицияның күшеюі және Шығыс Бенгалияның аймақтық автономиясы үшін жаппай қозғалыстың өсуі 1969 жылы Пәкістанда саяси дағдарыстың орын алуына және генерал *А.М.Яхья-ханның* билікке келуімен елде саяси тәртіптің орнауына түрткі болды.

1970 жылы саяси партиялардың жұмыс істеуіне және парламенттік сайлау жүргізуге рұқсат берілді. Оған 22 саяси партия қатысты, олардың ішіндегі ең беделдісі Авама лиг, ПХП, Ұлттық-Халықтық партия, Бүкілпәкістандық мұсылмандар лигасы болды. Жеңіске Шығысбенгальдық Авами лиг партиясы жетті. Олар Шығыс Пәкістандағы Ұлттық жиналыста 160 орынға (162 орынның), ал Заңшығарушы жиналыста 288 орынға (300 орынның) ие болды. Батыс Пәкістан Халық партиясы жеңіске жетті.

Авами лиг партиясының лидері *Муджибур Рахман* орталықта да Шығыс провинцияда да үкімет құруға құқық алды. Ол Шығыс Бенгальияға аймақтық автономия беруді талап етті. Ал бұл талапты орындаудан бас тартқан А.М.Яхья-хан әрекеті бү-

кіл Шығыс Пәкістанды қамтыған азамат соғысы науқанына алып келді.

1971 жылы наурыздың 25-нен 26-на қараған түні әскери әкімшіліктің бұйрығымен Муджибур Рахман тұтқынға алынып, Авами лиг партиясының қызметі тоқтатылды. Шығыс Бенгальяға әскер түсіріп, елдегі азамат соғысы өте қантөгіспен жүрді.

Осы қарулы күрес барысында Шығыс Бенгальдықтардың провинциялық автономия үшін көтерілісі өрши түсті. Нәтижесінде 1971 жылы 26 наурызда азамат соғысы жеңіспен аяқталып, Шығыс Бенгалья Пәкістаннан бөлініп, тәуелсіз *Бангладеш* мемлекеті құрылды.

3.Ә.Бхуттоның ішкі және сыртқы саясаты. 1971 жылы 20 желтоқсанда генерал А.М.Яхья-хан отставкаға кетіп, орнына 1970 жылғы сайлауда Батыс Пәкістан провинциясында жеңіске жеткен, Пәкістан Халық партиясының басшысы *3.Ә.Бхутто* келді. 1971 жылы Пәкістан тарихында жаңа кезең басталды: көп жылдарға созылған *М.А.Айюб-хан* (1958-1969) және *А.М.Яхья-ханның* (1969-1971) әскери режимдерінен кейін билік азаматтық әкімшілікке берілді.

Үкімет басына келісімен ПХП-сы әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құруларды қолға алды. Бұл елдің капиталистік дамуы және қоғамдағы әлеуметтік құрылымды модернизациялауға негіз болды. Экономикалық стратегияны дамыту үшін мемлекеттік сектордың көлемін кеңейту, монополияға қарсы заң шығару, сақтандыру компанияларын және жеке меншік банктерді мемлекет қарамағына өткізу, мақтаның экспорттық саудасын дамыту, мемлекеттік жоспарлауды еңбек қатынасын заңдастыру (реформалау), жер иеленушілікті қысқарту. Бұл үкімет әскери әкімшіліктен ерекше болды. Сыртқы саяси бағытта да өзгерістер болды: Пәкістан СЕАТО және Британдық Ұлттар Достастығынан шығып кетті, Үндістанмен қатынасын жақсартты (1972 ж. Симл келісімі), Бангладеш Республикасын мойындады, КСРО-мен қарым-қатынас орнатты, басқа салалар бойынша да халықаралық байланысын кеңейтті.

ПХП-сы өз қызметінде үш негізгі қағиданы ұстанды: «Ислам-біздің дініміз; демократия-біздің билік түріміз; социализм-біздің экономикамыз». Елде 21 бөлімді бағдарлама жасалды, онда пәкістандық қоғамды демократияландыру үшін бірқатар шаралар қаралды.

Жаңа биліктің тағы бір маңызды акциясы 1973 жылы тамыздағы жаңа (үшінші) Конституцияны қабылдау болды, оны биліктегі партияның қайраткерлері жасады. 1973 жылы Конституцияға сай *Пәкістан Федеративті парламенттік Республика* болып жарияланды. Ислам елдің мемлекеттік діні болды.

Пәкістан төрт провинциядан тұрды: Пенджаб, Синд, Солтүстік-Батыс шекаралық провинция және Белуджистан. 1977 жылы қаңтарда жалпыға бірдей сайлау болатыны хабарланды, яғни 1977 жылы 7 наурызда Ұлттық жиналысқа, 10 наурызда провинциялардағы Ұлттық жиналысқа. Сайлау нәтижесі бойынша ПХП-сы Ұлттық жиналыстағы 200 орынның 155 орынға ие болып, 77,5 пайызбен жеңіске жетті.

М.Зия уль-Хактың әскери режимі. 1977 жылы 5 шілдедегі аяқ асты болған саяси тұрақсыздық салдарынан әскери төңкеріс басталып, елде үшінші рет әскери режим орнап, үкімет басына *Мұхаммед Зия уль-Хак* келді. ПХП-сы мүшелеріне қуғын-сүргін болып оның басшылары түрмеге жабылды, ал партия басшысы *З.А.Бхутто* 1979 жылы 4 сәуірде мемлекетке қарсы саясат жүргізді деген айыппен өлімжазасына кесілді.

Пәкістандағы *М.Зия уль-Хактың* әскери режимі елдің ішкі және сыртқы саяси бағытын түбегейлі өзгертті. Азаматтық үкімет биліктен аластатылып, оны әскери әкімшілік ауыстырды. Олар буржуазиялық-демократиялық институттардың қызметін шектеп, экономикалық және әлеуметтік саясатта өзгерістер орнатты. Бұрын мемлекет қарамағына өткен өндіріс орындары жеке меншікке қайта берілді.

Елге төтенше жағдай енгізілді, территория 5 зонаға бөлінді, ал оларды жоғары шендегі армия офицерлері басқарды. Трибунал құрылды.

М.Зия уль-Хак біртіндеп барлық билікті өз қолына алды: 1978 жылы 13 қыркүйекте ол елдің президенті болды. Бас әскери әкімшіліктің орнын да өзіне қалдырды.

Әскери режимнің ең басты көздеген мақсаты Пәкістанда нақты ислам тәртібін орнату - «Низам-и ислам», ал З.А.Бхутто саясатын исламға қарсы деп айыптады. Сонымен бірге елде қоғамды толықтай исламдандыру және ислам саяси құрылымын орнату саясаты жүрді. Пәкістанда жалпыға бірдей теңдік қоғамын орнату үшін әскерилер діни-қауымдық партиялар және діндарлармен бірге жұмыс жүргізді. Дәстүрлі жазалау түрлері енгізілді (көпшілік алдына шығарып жазалау, саусағын кесу т.б.), федеральды шарифат соты енгізілді, онда жазалау Құран мен Сунна заңдары арқылы жүргізілді, исламды насихаттау үшін оқу жоспарлары өзгертілді, экономиканы исламдауға байланысты да шаралар жүргізілді-пайызсыз несие беру, дәстүрлі исламдық салық жүйесі т.б.

1981 жылы 24 наурызда Уақытша конституциялық заң енгізілді, ол 1973 жылғы конституцияны түбегейлі өзгертті. Бұл заң бойынша президентке шексіз билік берілді. Федеральды консультативті кеңес және Министрлер Кеңесінің қызметтеріне шектеу жасалды.

Әскери режим мұсылман фундаментальдық партиясы өкілдерімен жақсы байланыс орнатып, 1982 жылы олар Мұсылман Лигасымен бірігіп, барлығын М.Зия уль-Хак өзі басқарды.

1980 жылдардың соңы, 2000 жылдардың басындағы Пәкістан. 1988 жылы Пәкістанның ішкі саяси өмірінде үлкен өзгеріс болды. Генерал М.Зия уль-Хактың 11 жылдық әскери билігінен кейін елге азаматтық демократиялық билік қайта орнады.

Билікке ПХП-сы келді. Елдің премьер-министрі болып 1979 жылы өлім жазасына кесілген З.А.Бхуттоның қызы *Беназир Бхутто* тағайындалды. Сайлау науқаны *М.Зия уль-Хак* 1988 жылы тамызда әуе апатынан қаза болған соң төрт айдан кейін болды. Азаматтық қоғам құру және сайлау қорытындысына байланысты әскерилер оңшыл мұсылман партиясымен бірге әкімшілік аппаратта, парламенттің жоғарғы палатасында

Пенджаб провинциясындағы билікте өздерінің күшті оппозициясын сақтап қалды. Олардың қол шокпарлары президент *Гулам Исхак-хан* болды. Осындай жағдаймен Б.Бхутто үкіметі ешқандай еркін әрекетке бара алған жоқ, олар үнемі армия басшылығының позициясымен санасуына тура келді, әскери арнайы қызметтің ерекше жағдайы сақталып қалды. Үндістандағы Кашмир мәселесіне қатысты ішкі жағдайдың шиеленісуін пайдалана отырып, Пәкістан президенті 1990 жылы тамызда парламентті таратып жіберді. "Б.Бхуттоның үкіметін" қабілетсіз, паракор және бас пайдасын ойлаушы деп айыптады.

Осы жылдары конституцияға жаңа өзгертулер енгізілді, онда президенттің кейбір құқықтары шектелді, әсіресе премьер-министрдің ісіне қатысты тұстары. Саяси істерге қатысты армияның рөлі шектелді.

1996 жылы қарашада президент *Сардар Фарук Ахмед* Ұлттық ассамблеяны таратып және Б.Бхуттоның үкіметін отставкаға жіберді. 1997 жылғы сайлауда Пәкістандық Мұсылман лигасы партиясы жеңіске жетті. Үкіметті *Наваз Шариф* басқарды. Оның кабинетінің билікке келуі тұрақсыз болды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемалар шешілмеді. Саяси партиялардың арасындағы шиеленістер ұлтаралық және діни-қауым негізіндегі қақтығыстарға алып келді.

1999 жылы күзде Пәкістанда тағы да әскери төңкеріс болып, үкіметті генерал *Первез Мушарраф* басқарған армия қол астына өтті.

2001 жылы 11 қыркүйекте Пәкістан лаңкестікке қарсы әлемдік коалицияға кірді. Бірақ көптеген пәкістандықтарға Америка тек лаңкестерге ғана емес бүкіл мұсылмандарға қарсы тұрғандай болып көрінді. Осындай сыртқы саяси бағыт ұстанған *Первез Мушаррафқа* қастандық жасалды. Ол бұл қылмысқа террористерді айыптап, елде «тазалау» жұмыстарын жүргізді. 2003 жылдан 2005 жылға дейін пәкістандық армия АҚШ-пен бірігіп, әскери операция жүргізді.

Мұндағы қарсыластары Пәкістанның шекаралық аудандарында қоныстанған «Талибан» әскери ұйымының қалған мүшелері болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұхаммед Әли Джинна қандай саясат жүргізді?
2. Үндістан мен Пәкістан тәуелсіз мемлекеттері қашан құрылды?
3. Пәкістан мемлекетінің бірінші премьер-министрі кім болды?
4. Пәкістан мен Үндістан арасында қандай территория талас тудырды?
5. Пәкістанда «бархыт төңкерісі» қай жылы болды?
6. Мемлекетте әскерилер қандай саясат жүргізді?
7. Пәкістан Федеративті парламенттік Республика болып қай жылы жарияланды?
8. 1979 ж. премьер-министр З.А.Бхуттоны не үшін өлтірді?
9. Пәкістанда М.Зия уль-Хак қандай тәртіп орнауды көздеді?

5-тарау

ТАЯУ ЖӘНЕ ОРТА ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ

§ 13. Түркия

Осман империясының құлауы. 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Осман империясында *үштік-нұсқа* диктатурасы орнады: Энвер, Талаат және Джемал - олар бүкіл соғыс бойына елді басқарып отырды. Осман империясы мұсылман өркениетіне жатты; ол ХІҮ-ХҮІ ғасырларда басқыншылық соғыстар нәтижесінен пайда болды. Сосын дағдарыс процессі басталды, яғни ол ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басында империяның құлауына түрткі болды. Мұсылман менталитетінің ерекшелігі сол, барлық жақсының бәрі мұсылмандарда бар, басқа өркениеттен алудың еш керегі жоқ деген ұғым ХҮІІІ ғасырдың соңында олар Батыстың кейбір жетістік элементтерін игере бастады, бірақ дәстүрлі құрылым тарапынан қатал сынға ұшырап отырды.

1879 жылдан бастап елде «зұлым» деспоттық билігі орнады. Онда еуропалық өркениеттің барлық тармақтарына қатысты қарсылық күшейе түсті; барлық еуропалық білім алғандарға сенімсіздікпен қарады. Панисламизм тез арада тарап кетті.

Ел халықаралық банкротдеп жарияланды. 1908 жылы жалпы дағдарыс салдарынан жас түріктер революциясы басталды. Олар бірнеше реформаларды іске асыруға қол жеткізді, бірақ 1912 жылы үкімет басына басқа топ келді - «Бостандық және келісім». Алайда олар билікте ұзақ бола алған жоқ. Өйткені Балкан соғыстарындағы сәтсіздік 1914 жылы жас түріктердің үкімет басына келіп, өз диктатурасын орнатуына түрткі болды.

Осман империясы бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия және оның одақтастары Австрия-Венгрия және Болгария жағында соғысты. Түрік армиясы соғысқа белсене араласып, жақсы соғысты, бірақ олар жеңіліп, империя территориясы басып алынды. 1918 жылы 30 қазанда Мудросс бейбіт келісіміне қол қойып, жеңген елдердің өкілдері елді тастап шықты, ал жастүріктер тарап кетті.

Антанта елдері империяны бөлшектеу жоспарын жасауға кірісті: сыртқы иеліктердің барлығы тартып алынды, ал олардың тағдырын 1919 жылы Париж бейбіт конференциясында қарау алға қойылды. Империяның түріктерге тиесілі емес иеліктерінің барлығы Ұлттар Лигасының мандатына берілді.

Тіпті түріктердің өз иеліктерін бөлу жоспары да жасалды. Онда Түркияның құрамынан екі автономия шығаруды қолға алды - Армения және Күрдістан; ал Қара теңіз жағалауындағы Трапезунда жерінде гректердің Понтий мемлекетін құру жоспарланды.

1919 жылы 15 мамырда грек әскерлері Измирді басып алды, ал оған Италия да үміттенген болатын. Сонымен бұл өткелде халықаралық бақылау орнатылды. Антанта державалары өз флоттарын енгізіп және комиссарлар сайлады. 1919 жылы билік басына «Бостандық және келісім» ұйымының либералды топтары келді, бірақ нағыз билік Антанта қолында болды. Түрік армиясы таратылды, әскери базалар жеңген елдер қолына көшті. Осы кезде ел толығымен Батыс билеушілері қолына көшті десе де болады.

Анатолидағы қарсыластық қозғалысы. Түркиядағы Батыс елдерінің іс-әрекеті халықтың наразылығын тудырды. Бастапқы кезде 1919 жылы бүкіл елде қарсыластық ошақтары пайда болды. 1919 жылы қаңтарды партизандық қозғалыстар елдің оңтүстігінде басталып, ал мамырда - Анатолидің батыс бөлігіне ауысады. Жергілікті интеллигенция мен офицерлердің басшылығымен «халықтың құқығын қорғау қоғамы» құрылды.

Сондай басшылардың бірі, барлық соғыста көзге түскен, 39 жасар генерал *Мұстафа Кемаль-паша* болды. Ол Германияның қарсыласы, өз елінің ұлтжанды азаматы ретінде танымал болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң М.Кемаль армиядан шығып, Стамбулға кетеді. Сосын 19 мамырда Самсун қаласына келіп жергілікті партизан отрядын құрады. Оның басшылығымен 1919 жылы 23 шілдеде Эрзерумде «құқықты қорғау қоғамының» съезі болды. Шығыс вилайяттерде (провинция) Ат-

қарушы комитет құрылып, оның басшысы М.Кемаль болды, ол "Туркияның бөлшектенуіне жол бермеймін" деп уәде берді.

1919 жылы 4 қыркүйекте Сивас қаласында «құқықты қорғау қоғамының» жалпытүріктік съезі болып өтті. Съездің талабы бойынша сұлтан үкімет билігін ауыстырып, парламенттік сайлау енгізілді.

Сайлау болды, парламент сайланды, алайда көптеген депутаттар Стамбулға барудан бас тартты, олар Анкараны таңдады.

1920 жылы 28 қаңтарда Стамбулдағы парламент тәуелсіздік декларациясын қабылдады. Онда: түрік территориясының тұтастығы, шетелдік экономикалық және қаржылық бақылауын жою т.б. қаралды, ал Антанта елдері бұған келісе алған жоқ.

Түркияны Антанта талаптарына көндіру шаралары.

1920 жылы 16 наурызда сұлтанның келісімімен Стамбулға ағылшын десанттары түсірілді. Парламент таратылды, ал оның депутаттарын ағылшындар тұтқындап, сосын Мальта аралына жер аударды, барлық түрік үкіметі ағылшын комиссарларына бағынды.

Осындай жағдайға байланысты 1920 жылы 23 сәуірде Анкараға жаңа парламент шақырылды - Ұлы Түркияның Ұлттық жиналысы (ҰТҰЖ). Оның құрамына Стамбулдан қашқан 105 адам және бұрынғы парламент мүшелері де кірді. Ұлы Түркияның ұлттық жиналысының төрағасы М.Кемаль болды. Сұлтан бұл Анкарадағы жаңа үкіметті бүлікшілер деп айыптады. Оған қарсы өз армиясын жіберді, бірақ олар партизандар тарапынан жеңіліске ұшырады. Сонымен 1920 жылы маусымда М.Кемальға қарсы Измидан грек армиясы жылжи бастады. Сөйтіп, *грек-түрік соғысы* осылай басталды. 1920 жылы 10 тамызда Париж бейбіт конференциясында әлемдік бейбіт келісімге сай Түркия мәселесі де қаралды. Севр бейбіт келісіміне қол қойылды. Онда: түріктердің иелігіне жатпайтын территорияның барлығы Ұлттар Лигасы мандатына берілді (мандатты тек Англия мен Франция алды). Түркия территориясы бөлшектеніп кетті. Шығыста Армения және Курдистан мемлекеттері құрылды. Шығыс Фракия мен Адрианополь Грецияға берілді. Ал

Түркияға тұтас Антанта елдері қаржылық бақылау орнатты. Армия толық қарусызданды.

Мұндай талапқа байланысты елде наразылық күшейді.

Мұстафа Кемальдың реформалары. 1922 жылы 1 қарашада Ұлы Түркия ұлттық жиналысы сұлтандықты жою туралы заң қабылдады. *Сұлтан IV Мехмед* елден қашып кетті, ал халифат мұсылман әлемін біріктіруші институт болғандықтан, уақытша сақталып қалды. Барлық мұсылмандардың халифы болып сұлтан әулетінің өкілі *II Абдул Меджит* сайланды.

1922 жылы 20 қарашада Лозан конференциясы болды. Бұл конференция 1923 жылы 24 маусымда Лозан келісіміне қол қоюмен аяқталды. Ол бойынша Түркия өзінің территориясын тұтас сақтап қалды және Стамбулдағы әскери адамдар саны 12 мыңнан аспауы керектігі айтылды. Барлық елдерге өткел арқылы бейбіт кезде емін-еркін жүруге құқық берілді. Шексіз тізе бұгу жүйесі жойылды.

Төменгі кедендік салық шетелдіктер үшін Түркияда 5 жылға дейін сақталуға уәде берілді. Грециямен арадағы шиеленіс реттелді. Гректердің Түркияға түріктердің Грецияға қоныстануына рұқсат берілді. Барлық шетелдік әскерлер Түркия территориясынан шығарылуы да қаралды. 1923 жылы 6 қазанда ең соңғы ағылшын әскері елден шығарылды.

1923 жылы қазанда Түркияда Халықтық партия құрылды, ал кейін ол Халықтық-республикалық партия деп аталды. Осы партия елді билеп, оның өкілі М.Кемаль болды. 1923 жылы 29 қазанда Түркия "республика" деп жарияланды. Оның астанасы Анкара, ал президенті М.Кемаль-Исмет-паша.

Модернизацияның бастамасы. 1923 жылы президент М.Кемаль Түркияны шетелдік интервенциядан азат ету кезінде көзге түскен ол, елде үлкен беделге ие болды. М.Кемаль қысқа уақыт ішінде реформа жүргізуді қолға алды. Реформаның ең басты бағыты етіп - елді модернизациялау қолға алынды.

Барлық жақсы оларда бар деген мұсылман менталитетін жақсы білетін М.Кемаль реформаны тап осы діннен бастады.

1924 жылы 3 наурызда мәжіліс халифатты жою туралы шешім қабылдады. Ал халиф *II Абдул Меджит* отбасымен ел-

ден кетуіне тура келді. Монастыр, діни істер жөніндегі министрлік жойылды. Сәуірде діни сот жүйесі жойылды. Медреселер жабылды. Барлық мектептер ағартушылық министрлігі қарамағына өтті.

Реформаның бірінші кезеңі осылай - діннің мемлекеттен бөлінуінен басталды. 1924 жылы 20 сәуірде Түркия Республикасының Конституциясы қабылданды, ол екінші рет 1928 жылы 9 сәуірде бекітілді.

Заңға сәйкес Түркия бір палаталы республика болып жарияланды. Мажоритарлы жүйе бойынша.

Елде қатал диктатура орнады. Орталықтандыру күшті қолға алынды. Ел округ-вилаяттерге бөлінді.

Халифатты жою тек Түркияда ғана емес, бүкіл әлемдегі мұсылмандардың ашу ызасын тудырды.

Реформалық саясат. Лозан конференциясында Антанта елдерімен ара қатынасты реттеу мүмкіндігіне ие болды. Осы конференцияның жұмысы барысында (1922 ж. қараша - 1923 ж. шілде) М.Кемальдың жақтасы Исмет Инен бастаған түрік делегаттары ең бастысы Түркияны тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық мойындауға қол жеткізулері болды.

Осы тәуелсіздік үшін күрестен кейін Түркия экономикасы артта қалған елдер қатарында болатын. Шексіз тізе бұғу режимі аяқталған соң кемалшылдар экономиканы дамытуды қолға алды. Үкімет бұрын шетелдіктер қолында болған барлық өндіріс орындарын, теміржолды өздеріне қаратып алды, шетелдік «Режи» темекі монополиясын мемлекет қарамағына өткізді, сонымен бірге орталық билік құрылды.

Экономикалық саясаттағы маңызды қадам барлық мемлекеттік қорды өнеркәсіп, теміржол транспортына, т.б. шаруашылық салаларын дамыту үшін жұмсау керек деп шешті. Этатизм-мемлекеттік капитализм түрі, онда шетелдік капитал қызметін шектеп, түрік ұлттық буржуазиясының позициясын күшейтуді қолға алу болды. Үкімет мұндай ұлттық экономиканы ғана қолдап, саясат жүргізсе де, жеке меншік капиталы өнеркәсіп құрылымына көп қор бере алған жоқ.

1923 жылы қарашада астана Стамбулдан Анкараға ауыстырылды. Тағы бір қайта құруда дінді мемлекеттен бөлу болды. 1924 жылы наурызда Түркияны алты ғасыр басқарған Халифат және Осман династиясының барлық мүшелері жойылып, елден қуылды. Діни және вакуфтар істері жөніндегі министрлік құрылды, діндарлар өздеріне тиесілі байлықтарынан айырылды. Медреселер жабылып, оқу орындарына ағартушылық министрліктер бақылау жасады. Жаңа әкімшілік басқарулар енгізілді, вилайеттар (губерниялар) енді орталыққа бағынды.

Халықтық-республикалық партиясы (ХРП) 1925 жылдан бастап, бір партиялық жүйеге көшті. 1925-1928 жылдары жаңа еуропалық үлгідегі қылмыстық және азаматтық кодекс енгізілді. Онда көп әйел алуға тыйым салынды, неке және ажырасуда әйелдер ерлермен бірдей құқықтарға ие болды. Еуропалық күнтізбе, еуропалық киім үлгісі, сонымен бұрынғы араб қаріптерінің орнына латын қаріпі және фамилия енгізілді.

Мұстафа Кемаль Ататүрік басшылығымен жүргізілген Түркияның реформасынан кейін экономика және қоғамдық өмір жандана түсті. Этатизм саясаты кезінде және буржуазиялық реформа барысында кемализм (ататюркизм) идеологиясы пайда болды. Кемализмнің негізгі принциптері - республикашылдық, ұлтшылдық, этатизм, ланицизм (исламды мемлекеттен және халық ағартушылығынан бөлу), түрік халқының бірлігі, революцияшылдық (имамшылдық және реформаға сенім идеясы) болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Түркия. 30-жылдардың ортасында кемалистік қайта құрулар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Саяси және экономикалық жағдай жақсарып, көрші елдерде Түркияның беделі өсті. Сыртқы саясатта да анкаралық үкіметтің әлемдік сахнадағы рөлі күшейді.

Ататүрік өмірінің соңғы жылдары және оның қазасынан кейін (1938 ж.) елдегі бір партиялық жүйе әлсірей бастады. Алайда, оның жақтасы және ізбасары Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық жағдайды ескере отырып, осы жүйені сақтауға тырысты. Соғыс басталғанда Түркия бейтараптық жариялады, өз шекарасын сақтап қалу үшін бірде «белдік»

елдермен, бірде гитлерлікке қарсы коалициядағы одақтастармен әртүрлі ойынға көшті. Тек 1945 жылы ақпанда түрік үкіметі Германия және Жапонияға қарсы соғыс ашты. Осының өзі Түркияға БҰҰ-ның Құрылтай жиналысы арасындағы елдермен бірдей болуға мүмкіндік берді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Түркия. Соғыстан кейін ХРП арасында бөлшектену басталды. 1946 жылдың басында Демократиялық партия (ДП) құрылады. Алайда олардың бағдарламасы ХРП партиясынан еш өзгеріс болған жоқ. Заң жобалары бір партиялық жүйеден көп партиялық жүйеге көшті. Көп ұзамай елде 30-ға жуық партия құрылды. Олардың ішінде ең белсендісі ДП болды. ДП бағдарламасында жеке меншік капиталы жеке меншік мүддесі екендігі туралы қаралды. Түрік қоғамының дамуында Түркия мен АҚШ жақындығы тез байқалды.

Экономика саласында министрлер кабинеті жеке меншік мүддесіне қатысты саясат жүргізді. Сонымен елге сырттан капитал келе бастады.

1950 жылы майда парламенттік сайлауда Демократиялық партия жеңіске жетіп, елдің президенті *Д.Баяр*, ал премьер-министрі *А.Мендерес* болды. ДП елді он жыл басқарды.

1950-ші жылдардың соңында елде демонстрациялар болды. ДП басшылығы партияның беделінің жоғалып бара жатқанын біліп, басқа тәсілге көшті. Мендерес үкіметі оппозицияны басу үшін шара қолданды. 1960 жылы 27 сәуірде Стамбулда студенттер митингісі болды. Елде жаппай тәртіпсіздік орын алып, грек және басқа шетелдіктерге шабуыл жасалды. Осыны пайдаланған генерал *Кемаль Гюрсель* 1960 жылы 27 мамырда елде әскери төңкеріс жасап, әскерилерден құрылған Ұлттық бірлік комитеті (ҰБК) ел билігін өз қолдарына алды. *Д.Баяр* және *А.Мендерес* тұтқындалып, жазаға тартылды. Сонымен бірге бұрынғы басшылардан 15 адам тұтқындалып, түрмеге жабылды. 1924 жылғы Конституция жойылды, парламент таратылды, саяси партиялардың қызметіне тыйым салынды. Түркия Республикасының өмір сүру дәуірінің бірінші кезеңі осылай аяқталды.

Екінші республика: саяси либералдану кезеңі. ҰБК-нің ұсынысымен елдегі алдыңғы қатарлы заңгерлерге жаңа конституцияның жобасын жасау тапсырылды, оған 1961 жылы шілдеде референдум болып, халықтың қолдауына ие болып, нәтижесінде елдің Басты заңы күшіне енді.

Конституция бойынша Түркия әлеуметтік-құқықтық мемлекет болды. Конституция авторларының пікірінше, яғни мемлекет өз міндетін тек, жоспарлы экономиканы дамыту арқылы қол жеткізеді деп атап көрсеткен болатын. Аграрлық реформа жүргізіліп, жеке меншік өнеркәсіптер мемлекет қарамағына берілді. Түркия осы жылдары артта қалған мемлекет болып есептелсе де экономика төрт есе, өндіріс өнімі жеті есеге өсті.

Екінші республиканың саясаткерлерінің жақсы және жаман нәтижелері болды. Экономика дамып, Түркия аграрлы-индустриалы елге айналды, ал саясатта этатизмді жақтаушылар мен либералдану және жеке меншікті кеңейту мүддесін қорғаушылар арасында бәсекелестік болды.

Осы кезде елде беделді 2 партия болды: Халықтық-демократиялық партия (ХДП) немесе «Сұр қасқырлар партиясы» және таратылған Демократиялық партияның орнына құрылған Әлілет партиясы (ӘП). Елдің президенті *Кемаль Гюрсель*, премьер-министрі ХДП-нан сайланған *Исмет Инёню* болды. Елдегі екі партия арасында күшті бәсекелестік басталды.

1964 жылы наурызда Түркия мемлекеттік экономикалық ұйым туралы Заң қабылдады. Ал 1965 жылғы сайлауда ХДП партиясының бәсекелесі ӘП жеңіске жетіп үкімет басына *Сүлейман Демирель* келді. Ол өте ақылды және сөзге шешен саясаткер, Түркиядағы ең алдыңғы қатарлы саяси қызметкерлердің бірі болатын. С.Демирель жеке меншік саясатына үлкен көңіл бөлді. Осы кезде Түркияда бірінші рет КСРО-ның көмегімен ірі мемлекеттік өнеркәсіптер салынды.

60-шы жылдардың соңында елдегі ереуілдер, студенттер толқулары, күрттердің сепаратистік қозғалысы - Түркияны қайтадан анархия табалдырығына апарып тастады, яғни елдегі саяси жағдайдың барысына тағы да армияның араласуына әкеп соқты. 1971 жылы 12 наурызда елде қайта әскери төңкеріс болып,

С.Демирель биліктен кетті. Ел билігі Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің бақылауына өтті, оның құрамына президент, үкімет басшысы, барлық министрліктер, әскери штаб бастығы және басқолбасшы кірді. Саяси партияларға тыйым салынған жоқ, бірақ осы күрделі уақытта елді басқару әскерилер қолында қалды.

70-ші жылдардағы саяси дағдарыс. 1973 жылы іскери басқару жалғаса берді. Армия мемлекет және экономикалық істерге араласып отырды. 1961 жылғы Конституцияға өзгертулер енгізілді, атқарушы биліктің құзіреттілігі күшейтілді, азаматтардың құқықтары мен бостандығы шектелді, төтенше істерді қарайтын ұлттық қауіпсіздік соты құрылды, мемлекеттік қызметкерлер кәсіподақ және ұжымдық келіссөз жүргізу құқықтарынан айырылды.

1972 жылы Исмет Инөнүді Халықтық-республикалық партиясының көшбасшысы Бюлент Эджевит ауыстырды. Осы кезде Түркияның саяси өмірінде екі партия пайда болды. Оның біріншісі - Ұлттық қозғалыс партиясы, басшысы А.Тюркеш, екіншісі - Ұлттық құтқару партиясы, басшысы Неджметдин Эрбакан. 1973 жылы күзде Түркиядағы төтенше жағдай жойылды; Ұлы ұлттық жиналысқа сайлау болып, елді коалициялық үкімет басқарды: ХДП мен ӘП, яғни Б.Эджевит және С.Демирель бір-бірін кезек-кезек ауыстырып отырды. Осы кезде экономика тез нашарлап кетті, бұл 1973 жылғы қарашадағы мұнайға жаңа бағаның қойылуымен байланысты болды. Әлемнің дамыған елдерінде экономикалық тоқырау басталды. Түркия мұнай өндіріп отырған Таяу Шығыс елдерінен займ алып, экономикалық дағдарыстың алдын ала білді.

1970-ші жылдардың ортасында дағдарыс үстіндегі экономика қайта жандана бастады (8%). Бірақ ол ұзақ уақытқа бара қойған жоқ. 1974 жылы Кипрға жасалған әскери жорық елге үлкен шығын алып келді. Түрік армиясы аралға түсіріліп, оның 40% территориясын басып алды. Бұл Грециямен ара қатынасты шиеленістіріп, тек 1986 жылы ғана қайта байланыс орнай бастады.

1975 жылғы сайлауда С.Демирель А.Тюркештің ұлтжандыларымен одақтасып коалициялық үкімет құрады. Бірақ бұл

мықты бола қойған жоқ. 1977 жылы бұл коалициялық үкімет ыдырап кетеді. Ұлы ұлттық жиналысқа сайлауда үкіметті А.Тюркештің қолдауымен қайта С.Демирель басқарды, ал 1978 жылдың қаңтарынан бастап ХДП партиясынан *Б.Эджевит* басқарды.

Бұл кезде тәртіпсіздік бүкіл елді жайлап кетеді: саяси кісі өлтірушілік, күрт сепаратистерінің қозғалысы, лаңкестік оқиғалар - тек екі жыл ішінде (1978-1980) қастандықпен 5241 адам қаза тапты. Б.Эджевит әскери төтенше жағдай енгізуіне тура келді. Ереуілдер мен демонстрациялар қуылды, мыңдаған адам қамауға алынды, баспасөз ұйымдары жабылды. 1979 жылы мұнай бағасы тағы да көтеріліп кетеді, бұл ішкі кірістің 3% қысқаруына әкеп соқты. 1979 жылы қазан айында Б.Эджевит отставкаға кетіп, үкіметті қайтадан Әділет партиясының көшбасшысы С.Демирель басқарады.

1980-ші жылдары жағдай қайта нашарлады: экономиканың көрсеткіші төмендеді, инфляция және сыртқы қарыз өсті. Елде қайта күрттердің сепаратистік ұйымы, лаңкестер пайда болды. 1980 жылы қаңтарда С.Демирельдің экономикалық көрсеткіші, бірнеше жыл АҚШ-тағы Әлемдік банкте жұмыс істеген *Тұрғыт Озал* түрік экономикасын тұрақтандыру жоспарын жасады. Ол экономикалық саяси бағытты түп-тамырымен өзгертуді қарастырды. Жекелей алғанда мемлекеттік өнеркәсіптерді қайта жабдықтау, Түркияда шетелдік капитал қорын еркін айналымға енгізуге қолайлы жағдай жасау, экономиканы экспортқа бағыттау болды. Бұл Халықаралық Валюта Қоры мен батыстық экономистер жағынан қолдау тапты, бірақ елдегі саяси жағдайға байланысты оны іске асыру мүмкін болмады.

Азаматтық басқаруға көшу және экономикалық реформалар. 1980 жылы 22 наурызда парламентте президенттік сайлау басталды. Алайда 1980 жылы 12 қыркүйекте бас штабтың басшысы Кенан Эврен басшылығындағы армия үкіметті басып алды. Ел тағы да Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің қолына көшті, үкіметті Түркияның бұрынғы әскери-теңіз флотының адмиралы Бюлент Улусу басқарды. Елге төтенше жағдай енгізіліп, саяси партиялар таратылып, 2 айда 43 адам тұтқындалды. Кәсіп-

одақ, ереуіл, демонстрацияларға тыйым салды. Бұқаралық-ақпарат ұйымдарының көпшілігі жабылады, лаңкестік және күрт сепаратистеріне қарсы белсенді күрес басталды.

1981 жылы 16 қазанда саяси партиялардың жұмысына тосқауыл болатын арнайы Заң қабылданып, олардың мүліктері мемлекет қарамағына өтті. Кәсіподақтар қызметіне мүлдем тыйым салынып, ереуілдер мен студенттер демонстрациялары тоқтатылды. Жаңа конституция жобасын жасау үшін Құрылтай мәжіліс құрылды. Оның құрамына Ұлттық қауіпсіздік Кеңесі және Кеңесші мәжіліс кірді: құрамы 60 адам. Ол 1982 жылы 7 қарашада болған референдумнан қолдау тапты, яғни оған халықтың 91% қолдау көрсетті.

Елде экономикалық либералдану саясаты басталды: мемлекет бағаға күшті бақылау орнатудан бас тартты, оның еркін құрылуына мүмкіндік жасалды; мемлекеттік экономикалық ұйымдардың қызметкерлері мен басшыларының саны екі есеге дейін қысқарды. Мемлекеттік секторға қарайтын өнеркәсіптердің несие, шикізат және қызмет көрсетудегі жеңілдік алу мүмкіндіктері жойылды. Шетелдік салымшылар үшін шектеулер алынды, нәтижесінде жыл сайын 17 мыңға дейін ортақ өнеркәсіптер ашылды.

Осыдан кейін әскерилер билікті азаматтық басқару қолына беруді жөн көрді. 1983 жылы 22 сәуірде Түркияда саяси партиялар құру туралы Заң қабылданды: онда 5 жылдан 10 жыл аралығында елдің саяси өміріне араласқан бұрынғы саяси партия басшылары мен танымал саясаткерлер қызметіне тосқауыл қойылды. Заңда жоғарғы оқу орындарының саяси қызметі мен студенттердің саяси күресіне де тыйым салды. 1983 жылы 10 қазанда сайлау туралы Заң қабылданып, онда да көптеген іс-шаралар қаралды. Тұрғыт Озал тек танымал экономист қана емес, сонымен бірге көрнекті саясаткер де бола білді. Ол өзі құрған Отан партиясында үлкен беделге ие болып, алдағы сайлауға жақсы дайындалды.

1983 жылы 6 қарашада парламенттік сайлау болып, Т.Озалдың Отан партиясы жеңіске жетті. Екінші орында ХП, үшінші орында ХДП болды. Тұрғыт Озал тез арада экономикаға

мемлекеттік бақылау орнатты. 1984 жылы мемлекеттік сектордың кейбір бөлігі жекешелендірілді. 1985 жылы маусымда еркін сауда аймағы туралы Заң қабылданды. Экономикалық қайта құрулардың нәтижесі өте жақсы болды. Ішкі кіріс 5,5%-ға өсті, экспорт 10 млрд. долл. құрады. Түркия тез арада гүлденді: тас жолдар жаңа коммуникация, халықаралық байланыс, туризм, қызмет көрсету саласы т.б. дамыды.

1989 жылы қазанда Т.Озал тағы да президент болып сайланды, ал премьер-министр Б.Эджевит болды.

1993 жылы *Тұрғыт Озалдың* кенеттен қайтыс болуына байланысты елдің президенті Сүлейман Демирель болды.

1995 жылы 24 желтоқсанда кезектен тыс парламенттік сайлау болып, *Н.Эрбаканның* Игілік партиясы көпшілік дауысқа ие болды, екінші орында Отан партиясы, ал үшінші орында Әділ жол партиясы. Осы сайлаудан кейін премьер-министр *Тансу Чиллер* басқарды, ал 1996 жылы қыркүйекте үкіметті Игілік партиясының көшбасшысы Н.Эрбакан басқарды. 1998 жылы Н.Эрбаканның орнына премьер-министр болып Демократиялық солшылдар партиясынан Б.Эджевитт сайлады.

2000 мамырда Түркияның жаңа президенті *Ахмед Недждет Сезер* болды. 2002 жылы 4 қарашада парламенттік сайлау болып, Әділет партиясынан *Реджеп Эрдоган* жеңіске жетті.

Түркияның сыртқы саясаты. Сыртқы саясатта Түркиямен қарым-қатынас нашарлады, алайда екі мемлекет те НАТО құрамына кіргеннен кейін жағдайды өршіте алмады.

1960 жылы Кипр тәуелсіз болып жарияланды. Бірақ мұндағы түріктер мен гректердің қақтығысы ұзақ жылдарға дейін тоқтаған жоқ. Оны 1988 жылы Тұрғыт Озал Афинаға барып шешті.

1989 жылы КСРО-ның ыдырауы Түркияның сыртқы саяси байланысын күшейте түсті. Орта Азияда тәуелсіз мемлекеттер: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан пайда болып, Т.Озал осы мемлекеттердің барлығына ресми сапармен барды, ал олардың басшылары Түркияға барып байланыс орнат-

ты. Сонымен бірге Түркия Қара теңізі жағалауы елдерімен және Иран, Пәкістанмен де дипломатиялық байланыс орнатты.

2003 жылы Түркияның жаңа парламенті американдықтарға өз территориясындағы әскери базаны пайдалануға беруден бас тартты. Бұл Ирактағы дағдарысқа байланысты пайда болған еді. Алайда бұл өз кезегінде Түркияның Еуропалық Одаққа мүше болып кіру туралы келіссөздеріне кедергі болуы әбден мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Түркияда әскери үкімет қашан құрылды?
2. Қай мемлекет Мұстафа Кемальдың мемлекетін бірінші болып мойындады?
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркия қай мемлекетке жақындайды?
4. М.Кемаль Ататүріктің ең бірінші жүргізген реформасы қай саланы қамтыды?
5. 1983 ж. қарашада Тургут Озалдың «Азаматтық үкіметі» қандай саясат жүргізді?
6. Түркия экономикасының дамуына не әсер етті?

§ 14. Иран

Иран өте өркениетті ел. Олар мұнда YII ғасырда арабтар жаулап алғанға дейін өмір сүрді.

Иранда исламның шейттік тармағы енгізілді. Бұл ағымды таратушы Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы - имам Әли болды. Сол кезден бастап Иран әлемдегі шейттердің орталығына айналды. Шейттер әлемдегі мұсылмандардың 1/10 пайызын құрайды. Ерекшелігі 12-ші имам жерге түседі деп сенеді. Ең бастысы шейттер зайырлы билікті мойындамайды. Олар заңды билік пайғамбардың тікелей ұрпағы деп мойындап, сол үшін Иранда шейттік дін бұрыннан-ақ шах билігін заңдастырды. Иранда орталық билік әрқашан да әлсіз болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, 1915 жылы наурызда Иранды бөліп алу туралы орыс-ағылшын келісімі бекітілді. Ағылшындар өз әскерін Иранның оңтүстігіне, ал орыстар солтүстігіне кіргізді.

Алайда Иранда беделді үстемдік етіп тұрған Германия мен Түркия болды. Керманшахтағы түріктер жаулап алған территорияда 1916 жылы нағыз германдық үкімет құрылды, ал осы кезде Тегеранда Ресей және Англия кабинеті құрылды. Дегенмен, екі үкіметтің де билігі нашар болды.

1917 жылы Ресейдегі ақпан революциясынан кейін Ирандағы орыс әскерлерінен солдат комитеттері, сосын жұмысшы және солдат депутаттар Кеңесі құрылды. 1917 жылы 24 қарашада совнаркомның «Шығыс пен Ресейдің барлық еңбекші мұсылмандарына» деген үндеуінен кейін Парсына бөлу келісімдері күшін жойды. 1917 жылы желтоқсанда Ираннан орыс әскерлерін тез арада көшіру туралы хабарланды.

1918 жылдың басында солтүстікке ағылшын армиясы енгізіліп, Решт және Энзели порттарын өз бақылауларына алды. Сосын ағылшындар солтүстік шығысқа қарай жылжып Закаспий облысын өздеріне қаратты. 1918 жылы тамызда бүкіл елге өз бақылауын орнатты.

1918 жылы күзде ағылшын-иран келіссөзі болып, ол 1919 жылы 9 тамызда келісімге қол қоюмен аяқталды. Оның нәтижесі бүкіл Иранда Англияның протектараты ету болатын.

Бұл халықтың наразылығын тудырды. Елде көтерілістер басталды, ал Ахмед-шах Каджар осы кезде шетелде болатын. Орталық билік болмады десе де болады. Мұның барлығы 1919-1920 жылдарда болды. Иранның ұлттық аудандарында (Әзірбайжан, Хоросан, Глилин, Күртстан) жергілікті сепаратистік үкіметтер құрылды.

1920 жылы маусымда нағыз ағылшындықүкіметі Восуг эд-Доуле отставкаға кетті. Ал жаңа үкімет ағылшын-иран келісімін мойындаудан бас тартты, оның үстіне оны мәжіліс бекіткен жоқ болатын. 1920 жылы қыркүйекте Англия Ираннан тез арада келісімді мойындауды талап етті, алайда ирандық үкімет өз

делегациясын Мәскеуге жіберді, екі жақты қарсыластық кезінде мүмкіндікке ие болам деп үміттенді.

Осы кезде саясатқа армия араласты. Бригада базасынан жаңа құрылған девизия командирі подполковник *Реза-хан 1921 жылы 21 ақпанда өз бөлімшесін Тегеранға кіргізіп*, мемлекеттік төңкеріс жасады. Ол өзі әскери министр орнын иемденіп, үкіметті ауыстырды.

1921 жылы 26 ақпанда Мәскеуде кеңес-иран келісіміне қол қойылды. Кеңестік Ресей Каспий теңізіндегі бірнеше аралды Иранға берді. Ал 5-6 бапта Иран территориясына орыс әскерін кіргізу туралы айтылды.

1921 жылы мамырдан бастап елдегі нақты билік әскери министр *Реза-ханның* қолына көшеді. 1921 жылдың күзінен 1922 жылдың көктеміне дейін ол Ирандағы сепаратистік көтерілістерді басты. Оның талабы бойынша ағылшын әскері, қаржыгер кеңесшілері Иранды тастап кетті.

Орталық билік бекіді: ел 6 облысқа бөлініп, оның әрқайсысында әскери жағдай енгізіп, билік әскери губернаторлар қолына көшті. Барлық түрдегі әскери бөлімшелер әскери министр, яғни олар тікелей Реза-ханға бағынды.

1923 жылы Реза хан елдің батысындағы күрдтер мен лурлардың сепаратистік бас көтерулерін толық басып жаншыды. Сөйтіп өзінің - *«Жаңару»партиясын құрды.* 1923 жылы қазан айынан бастап *Реза-хан премьер-министр болды.* Ол Ахмедшахты біржолата шетелде қалдырды. Оның жеке беделі тез өсе бастады.

1925 жылы ақпанда мәжіліс оған Жоғарғы қолбасшы титулын берді (Иранда ол шах). Осы кезде Реза-хан құрған «Жаңару» партиясы - алыпсатарлықты жою, Иранның ұлттық беделін күшейту туралы реформа жүргізу үшін насихат жұмысын жүргізді.

Реза-хан шейт дініне қолдау көрсетеді. Спирт өніміне тыйым салады т.б. діни мораль. Ол үкімет құрамына көрнекті діни өкілдерді кіргізеді. Осы уақыт ішінде Каджарлар әулеті біржолата жойылды.

1925 жылы 31 қазанда шах орнын мәжіліс Реза-хан қолына береді. Ал 1925 жылы 12 желтоқсанда шақырылған Құрылтай жиналыс Реза-ханды жаңа династия Пехвелидің шахы деп тағайындады.

Елдегі модернизация. Реза-шах билігін елді орталықтандырудан бастады. Ол барлық ұлттық және феодалдық сепаратистерді аяусыз жойды, олардың әскерлерін құртып, басшыларын сотқа тартты. Реза-шах дәстүрлі әкімшілік бөлінуді өзгертті, губернатор құқығын қысқартты. Оларды жергілікті жерден емес, Тегеран арқылы сайлады.

1936 жылы Иранда жаңа әкімшілік бөлім енгізілді - ел он провинцияға бөлінді. Нәтижесінде орталық үкімет билігі күшейді.

Реза-шах әскери күшті күшейту керектігін түсінді. Сол үшін 1926 жылы жалпыға бірдей әскери міндеткерлік енгізілді, армия 150 мың адамға көбейді. Әуе күштері, танк роталары пайда болды. Офицерлер құрамы арнайы жаттығудан өтті. Оған орташа топтың адамдары да кірді. Шах билігі тұсында армияға мемлекеттік бюджеттің үштен бір бөлігі жұмсалып отырды.

Біртіндеп Реза-шах дінге көзқарасын да өзгерте бастады. Ол шарият сотының өкілеттілігін алып тастаудан бастады. Елде еуропалық үлгідегі азаматтық, қылмыстық, коммерциялық жаңа кодекс жасалды.

М.Кемаль үлгісін пайдаланып, 1928 жылдан бастап Иранда киім киюдің еуропалық түрі пайда болды. Кейінірек фамилия енгізілді. 1935 жылдан бастап елдің арнайы аты өзгертілді: Парсының орнына Иран деп аталды. Әйел құқығы туралы заң қабылданды. Әйелдер мектепте, жоғары оқу орнында оқуға, мемлекеттік қызмет атқаруға мүмкіндік алды. 1935 жылы әйелдерге бет пердені алып тастау туралы заң қабылданды.

Білім беру төңірегінде де үлкен өзгерістер болды. 1927-1934 жылдардағы реформа кезінде міндетті түрде тегін бастаушы мектепте білім алу заңы қабылданды, ал орташа және жоғарғы білім алу ақылы болды. Елде жаңа мектеп салу құрылысы іске қосылды. Оқу ғимараттары өзгертілді, дін мемлекеттік бақылауға алынды. Көптеген жоғарғы оқу орындары, соның

ішінде 1934 жылы Тегеранда университет ашылды, сонымен бірге ауыл шаруашылығы және педагогикалық институт ашылды. Жүздеген ирандық студенттер жыл сайын шетелдегі әлемнің танымал университеттерінен білім алуға аттанды.

Реза-шах ирандық патриотизмді насихаттауға да үлкен мән берді. Әрбір реформада ол осыны баса көрсетуге көңіл бөлді. Осы рухта ұлттық саясатты да көтерді. (Иранда әртүрлі халықтар тұрады, ал ирандықтар соның жартысын ғана құрайды). Елде «ирандану» пайда болды, иран ұлтының бірлігін насихаттады.

Реза-шах иран зайырлы тобында сирек кездесетін қасиетімен ерекшеленді: жинақылық, талапкерлік, жоғары еңбек қабілеттілігі осының барлығы халықты таңдандырып отырды. Сол үшін оған қарсы шығушылар болған жоқ.

Реза-шахтың экономикалық саясаты. Сепаратистерді жою барысында тайпа көсемдері мен басқа да жериеленушілердің жері тәркіленді. Аудандарда 80% жер тәркіленді. Бұл жерлер Реза-шахтың жақындары мен оның офицерлеріне берілді. Осындай тәсіл бойынша 2,5 млн. га жер қайта бөлінді. Ал оны пайдалануда ештеңе өзгерген жоқ: жаңа қожайындар да, бұрынғылар секілді шаруалардан төлем ақы алып отырды.

Тек 1928 жылы ғана жерге жеке меншік туралы заң қабылданды. Жеке адамдарға мемлекеттік қор арқылы жерді сату басталды. 1930 жылы бір уақытта жеке меншіктегі жерге тиіспеу туралы заң қабылданды, яғни жерді күштеп тартып алуға қарсы. Осы жылы мемлекеттік Ауылшаруашылық банкі құрылып, ол ауыл шаруашылық өндірісін дамытуға несие бере бастады.

Техникалық мәдениетті дамыту үшін мемлекет осы бағытта жеңілдік несие және салықты қысқартып отырды. Алайда, Иранда ауыл шаруашылығында дәстүрлі қатынас сақталып қалды. Шаруалар жерді жалға алды, ал оны түскен өнімнің жартысымен өтеп отырды; су, мал, құрал-сайман үшін де төлеуге тура келді. Жалға төлем түскен өнімнің 1/2-нен 4/5-не дейін барды. Тек 1939 жылы ғана арендалық төлем ақыны реттейтін заң қабылданды.

Экономикалық саясатты жүргізу нәтижесінен ұлттық егемендікті бекіте түсті, шетелдік капиталдан тәуелсіз болды. 1928 жылы-ақ Иранның ұлттық банкі құрылды, оған біртіндеп Ағышын банкінің өкілеттілігі беріле бастады.

Үкімет өнеркәсіп саласын дамытуды қолға алды. 1930 жылдан бастап машина мен құрал жабдықты лицензиясыз кіргізе бастады, импорт пен кедендік баж салығына жеңілдік берілді, яғни егер ол өнеркәсіпті дамытуға жұмсалатын болса. Қайта құрылып жатқан өнеркәсіп орындары 5 жылға дейін әртүрлі салықтан босатылды.

Химия, целинит, қант шығару секілді ірі өнеркәсіптердің құрылыстары салынды. Тау-кен, жеңіл өнеркәсіп саласы дамыды, әскери техника өндірісі өсіп, ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу өсті. Иранның барлық өнеркәсібіне мемлекеттік қордан инвестиция бөлінді.

Ағылшын ықпалын жою үшін Реза-шах Германияның экономикалық көмегін қабылдады. Елге көптеген неміс техникалық мамандары шақырылды, немістің құрал-жабдықтары тасымалданды. 1931 жылы Иранда сыртқы сауданы дамыту үшін мемлекеттік монополия құрылды, ол арқылы импортты қысқартып, кез келген жолмен экспортты дамыту қолға алынды. Тіпті ағылшын-иран мұнай компаниясы арасындағы келісімді қайта қарау қолға алынды.

Ондағы келісімде Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ, 60 жыл мерзімге ағылшындар иемденіп алған болатын. Келісім бойынша Иран үкіметі кірістің белгілі мөлшерін ғана иемденіп отырды. Бұл Иран үшін тиімсіз болды. 1932 жылы Иран келісімді жойып, Англиямен қайта келіссөз бастады, ол жаңа келісім жасаумен аяқталды.

Жаңа концессия тағы да 60 жыл мерзімге жасалды (1933 ж. басталды), бірақ пайдалану ауданы және оның ауқымы қысқартылды. Мұнда табыс көлемі Иран пайдасына шешілді.

Ирандағы ағылшындардың экономикалық жеңілдіктері көп қысқарды. Ал Иранның шетелдіктерге тәуелділігі біршама азайды.

Иранның сыртқы саясаты. *Реза-шах* сыртқы саясатта Батыс және КСРО арасындағы мүддені бірдей пайдаланып отырды. Әрине, ол КСРО-мен жақсы қатынасты сақтады, яғни кеңестік экономикалық және дипломатиялық қолдауды пайдаланды. Батыс елдерімен де осындай байланыста болды.

КСРО-мен қарым-қатынас 1937 жылы Иран Саодабад пактісіне қол қойғаннан кейін нашарлап кетті (Түркия, Ирак, Ауғанстан елдері қатысты). 1938 жылы Иран КСРО-мен сауда жөнінде жаңа келісімге қол қоюдан бас тартады.

Осы жылы Англияның күштеуімен Иран Шатт-эль-Араб өзенінің ауданында шекаралық жерлерге байланысты Иракпен келісімге қол қояды, ол бойынша екі жағалау да Иракка беріледі, яғни халықаралық талапқа сай емес мұндай келісімнің аяғы иран-ирак соғысына алып келді.

Ирандағы КСРО-ның сауда орнын енді Германия иемденді. 1939 жылдың өзінде Иранның сыртқы саудасында оның үлесі 41 пайызды құрады, ал 1940 жылы 45% өсті. Иранда өте көп герман импорты мен әскери және саяси кеңесшілері келіп жатты.

КСРО Екінші дүниежүзілік соғысқа тартылған кезде Иранға кеңес және ағылшын әскерлері кіргізілді - бұл 1941 жылы 25 тамызда болды. 1941 жылы 27 тамызда Иранда жаңа үкімет құрылды. Германияның барлық миссиясы елден қуылды. Реза-шахтың сыртқы саяси жоспары жойылды. 1941 жылы 16 қыркүйекте тақтан кетіп, орнын кәмілетке толмаған жас баласы Мұхаммед Реза Пехлевиге қалдырды.

1942 жылы қаңтарда *Мұхаммед Реза Пехлеви* КСРО және Англиямен жаңа келісімге қол қойды. Оның территориясының барлығын соғыс уақытына байланысты КСРО мен Англия иемденіп, КСРО-ны Батыс одақтастарымен жалғастыратын байланыс жолдары салынды (телефон, телеграф т.б.). Осы келісім бойынша соғыс аяқталған соң 6 айдан кейін шетелдік әскерлер Иран жерінен кетеді деп көрсетілді.

Иранды оккупациялау орталық биліктің тез әлсіреуіне әкеп соқты. Ал одақтастар тек әскери жабдықтау жолдарына ғана бақылау орнатқан болатын.

Ұлттық аудандарда сепаратистік «үкіметтер» пайда болды, радикалды топтар өсе бастады. Соның ішінде кеңестік оккупациялық зонада 1941 жылы қазанда Туде партиясы (коммунистер) құрылды.

1943 жылы Тегеран конференциясы алдында одақтастар Ирандағы қысымын күшейте түсті. Елді Германия тыңшыларынан тазалау басталды, ал 1943 жылы 9 қыркүйекте Иран антифашистік коалиция жағында соғысатыны туралы жариялады.

Елге АҚШ әскері де енгізіле бастады. Соғыс жылдары шейт дінбасыларының консервативтік ұйымы да күшейе түсті. Олар барлық реформаға қарсы шықты, еуропалық үлгіге қарсы болды. Олар ислам нормаларын қайта қалпына келтірді. 1944 жылы мәжіліс депутаттарының көпшілігі осылар болды.

Осы жылдары Реза-шахтың барлық қайта құруларының күлі көкке ұшты.

Шах Мұхаммед Реза Пехлеви билігі тұсындағы Иран.

1941 жылы ағылшын және кеңес әскерлері Иранға кірген соң сонымен бірге Реза-шах биліктен алынған соң, орталық билік әлсіреп кетті. Реза-шахты Маврикий аралына айдауға жіберіп, 1944 жылы ол Оңтүстік Африкада қайтыс болды. Оның орнына баласы Мұхаммед Реза Пехлеви соғыс жағдайына байланысты орталық билікті күшейте алмады.

Иранның солтүстігінде кеңестік оккупациялық территориясында Туде партиясы (Иранның Халық партиясы) құрылды, сепаратистер белсенділігі күшейді. 1945 жылы қарашада Азербайжанда, ал осы жылдың желтоқсанында Күрдстанда автономиялы үкімет құрылды.

1946 жылы Иран үкіметі елден кеңестік әскерді шығару туралы БҰҰ-на ұсыныс жасады. Осы жылы өте қабілетті *Кавам эс-Салтане* елдің премьер-министрі болды. 1946 жылы ақпанда ол Мәскеуге келіп, Солтүстік Иранның мұнай көздерін пайдалануға КСРО-ның қатысуын, ал Иран үкіметі Азербайжан және Күрдстандағы автономиялы үкіметті мойындап және Туде партиясының үш мүшесін Иран мемлекетінің құрамына кіргізу туралы Сталинді көндірді. Әрине бұл екі жақты ойын болды. 1946 жылы сәуірде кеңестік әскер Иран территориясынан шыға-

рылған соң, «Иран мәселесі» БҰҰ-ның күн тәртібінен алынды; мұнайды игеру туралы кеңес-иран келісіміне қол қойылды, енді тек бекіту қалды. Ал ағылшын армиясы елден 1946 жылы наурызда шығарылды. 1946 жылы желтоқсанда Азербайжан және Күрдстан автономиялы үкіметтері талқандалды.

1946 жылдан бастап премьер-министр Кавам эс-Салтане өз билігін күшейте түсті. Ол мәжілісті таратуға, сенат депутаттарынан жартысын тағайындауға құқық алды; көңілі толмағандарға қуғын-сүргін жүргізді; Туде партиясының қызметін тоқтатты; жүздеген адамды қамауға алды.

Шах АҚШ-қа қарай бағыт ұстап, Ұлыбритания мен КСРО-ға тәуелділіктен құтылғысы келді. 1947 жылы қарашадан бастап Ирандағы американдық әскери миссияның өкілеттілігі күшейе түсті. 1950 жылы мамырда қорғаныс жөнінде американо-иран келісіміне қол қойылды: АҚШ-тан қару тасымалданып, әскери іспен үйретуді қолға алды. Порттар, тас жолдар және басқа инфрақұрылымдар салу қолға алынды. 1950 жылы қазанда Иранға АҚШ-тың техникалық көмегі туралы келісімге қол қойылды, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы туралы. Сонымен қатар американдық «Стандарт Ойл» мұнай компаниясымен келісім жасалып, нәтижесінде Иранда американдық импорт тез өсті.

Көп ұзамай мұнай мәселесі Иранда ұлттық сана-сезімді оята бастады. 1933 жылғы ағылшын-иран мұнай компаниясының (АИМК) келісімі бойынша Иран кірісті мұнайдан түскен үлеспен төлеу керек болатын. Содан бері төрт есе өсті. Оның территориясында (Абадан қаласы) әлемдегі ең ірі мұнай тазалау заводы болды. Сондықтан мұнай сатудағы кіріс Иранды қанағаттандырған жоқ, сөйтіп АИМК келісімді қайта қарау шараларын жүргізді.

1949 жылы ағылшын-иран мұнай компаниясының жаңа келісімі болып, ол бойынша Иран кірістің 50%-ын иемдену керек болды. 1950 жылы қаңтарда генерал *Әли Розмара* Иранның премьер-министрі болды; осы кезде елде АИМК-сын мемлекет қарамағына өткізу туралы қозғалыс пайда болды, олар

мұнайдан түскен барлық табысты ирандықтардың мүддесіне жұмсау керек деген талап қойды.

1949 жылы күзде *Мұхаммед Моссадык* бастаған Ұлттық майдан саяси партиясы құрылған болатын. 1950 жылы ақпанда-ақ М.Моссадык мәжіліс сайлауында табысқа жетті, ал маусымда оның басшылығымен парламентте мұнай мәселесі туралы арнайы комиссия құрылды.

1951 жылы 14 наурызда «Исламды жақтаушылар» ұйымының діни жанкүйерлері қолынан *Әли Розмара* қаза болды. Ал келесі күні мәжіліс АИМК-ын мемлекет қарамағына өткізу туралы шешім қабылдады. Атқарылатын іс-шараның барлығы *М.Моссадыкқа* жүктелді, яғни ол 1951 жылы 29 сәуірде Иранның премьер-министрі болып тағайындалды.

Мұнай компаниясын мемлекет қарамағына өткізу үшін күрес. М.Моссадык өте табанды жұмыс істеді: екі айдың ішінде барлық мұнай шикізаттары арнайы құрылған Иран мұнай компаниясының қолына берілді, ал 1951 жылы қазанда Иранда жұмыс істеп жүрген барлық ағылшындар қызметтерінен босатылды. Алайда, АИМК-ның акциясының көп бөлігі ағылшын үкіметіне тиесілі болатын, сондықтан бұл жағдайдың барлығы саяси шиеленіске алып келді.

Англия тез арада Гаагадағы Халықаралық сотқа жүгінді, яғни онда статус-квоны сақтай отырып, бұл жанжалды келіссөз арқылы шешу туралы ұсыныс жасады. 1951 жылы күзде М.Моссадык ресми сапармен АҚШ-қа барып президент Г.Трумэнмен арнайы келісім жасады. Нәтижесінде Америка Иранға займ беруден бас тартты.

Көп ұзамай Иранда мұнай өндіру шиеленіске байланысты тоқтап қалды, Абадандағы мұнай тазалау заводы тоқтады, басқа да мұнай өндіру орындары жабылды. Англия мұнай өндірісіне керек жабдықтар мен кемелерді алып кетті, Иранды мұнай өндіру каналдарынан айырды, шетелдегі Иранның қаржы жүйелерін тоқтатты. Бұл Иран экономикасына өте ауыр соққы болып тиді, елдің қаржы жүйесі нашарлады. М.Моссадык бұған қарсы әрекет жасады, 1952 жылы 30 шілдеде Ирандағы барлық ағылшын банкінің қаржы операциялар тоқтатылды және Ирандағы 9

ағылшын елшілігі жабылды. Алайда мұның барлығы Иранның экономикалық мәселесін шеше алған жоқ.

1953 жылы 19 тамызда М.Моссадык орнынан кетті, жаңа премьер-министр шахтың күйеу баласы, генерал *Захеди* М.Моссадықты тұтқынға алды, сөйтіп ол 2 жылын түрмеде өткізді. Ал осы жылдары Англиямен болған даулы мәселе реттеле бастады. 1953 жылдан бастап дипломатиялық байланыс қайта орнады, ал 1954 жылы сәуірде Халықаралық мұнай консорциумын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның мәні мынадай болды: АИМК-ның 60% акциясы 7 шетелдік компанияға берілді, яғни олар 390 млн. фунт ст. көлемінде ақы төлеу, оның 240 млн. ф.ст. қолма-қол берді, 5% акция - американдық компанияға берілді, 14% - ағылшын-голландтық «Ройал-Датч-Шелл» корпорациясына, 6% - француздарға т.б.; ал 40% акция АИМК-тың өзіне тиесілі болды. Консорциум Ирандағы мұнай өндірісін және мұнай тазалау заводтарын 25 жыл пайдалануға құқық алды. Айта кету керек, ол кезде ирандық мұнайдың табысының 1 тоннасы - 1,2 долларды құрады, ал кіріс тоннасына - 12,5 долл. болды, бұл әлемдегі мұнай бизнесінің ең жоғарғы кірісі болатын.

60-шы жылдардағы шах режимінің күшеюі. 1955 жылдары өзінің сыртқы саясатын Батысқа бағыттады: ел Бағдад келісіміне кірді. Иран «Трумэн доктринасының» 4-ші бөліміне сай ең бірінші Америкадан көмек алған мемлекет болды, яғни коммунист емес елдерге әскери-экономикалық көмек. 1959 жылы шах Лондонға ресми сапармен барып келді, ал осы жылы АҚШ президенті *Д.Эйзенхауэр* Тегеранға келді. Онда иран-американ әскери келісіміне қол қойылды.

Экономика жылына 5% өсті. 1955-1962 жылдардағы жоспар бойынша мемлекеттік өнеркәсіптер салу, инфрақұрылым т.б. жасау туралы шешім қабылданды. Осыны іске асыру үшін бюджеттен 1 млрд. долл. көлемінде қаржы бөлінді.

Мұхаммед Реза-шах Пехлеви орталық билікті күшейтуге де көңіл бөлді, жергілікті өзін-өзі басқаруды кеңейту қолға алынды. Иранда аудандық және ауылдық кеңестер құрылды. М. Реза-шах Пехлеви өте білімді адам болатын, сондықтан елде

табысты модернизация жүргізу үшін ескірген экономикалық құрылымды түбегейлі өзгерту керек деп шешті. 1959 жылы желтоқсанда аграрлық реформа туралы бірінші рет заң қабылданды: жер иелігі 400 гектардан аспауы керек, ал қалғанын мемлекет қазынасына немесе шаруаларға бөліп беру керек деп көрсетілді. Жерге меншікті шейттік дін басы *аятолла Рухолла Хомейни* сынға алды. Ол шахтың аграрлық реформасын «Құдайға қарсы шығу» деп айыптады. Елде оппозиция пайда болды.

1963 жылы 28 қаңтарда референдум болды.

Ирандағы «Ақ революция» реформасы. 1963 жылғы қаңтардағы референдумда 6 мәселе қаралды: 1) аграрлық реформа туралы; 2) ормандарды мемлекет қарамағына өткізу туралы; 3) мәжіліске сайлау заңын өзгерту туралы; 4) жұмысшылардың өнеркәсіп кірісіне қатысулары туралы; 5) реформаны қаржыландыру үшін мемлекеттік кәсіпорындардың бір бөлігін сату туралы; 6) «ағартушылық корпус» армиясын құру. Референдум шах үкіметіне 99,9% жеңіс әкелді.

«Ақ революцияға» байланысты Иран 1962-1972 жылдары әлемде тез қарқынмен экономикалық дамушы елдер қатарына қосылды.

Атом электростанциялары салынды.

«Ағартушы корпусы» ирандық армиядан құрылды, олар арнайы 4 айлық дайындықтан өтіп, әскери қызметкерлерді 14 айға сауатсыздықты жою үшін ауылдық жерлерге жұмысқа жіберіп отырды. Сонымен 10 жыл ішінде 100 мың адам осындай жұмысқа тартылып, олар 1 млн. балаларды және 0,5 млн. ересектерді оқытып шықты, осы корпус 1972 жылы ЮНЕСКО-ның Халықаралық сыйлығымен марапатталды.

Елде жоғарғы оқу орындары салынды, 1964 жылы Иранда 27 жоғарғы оқу орындары болса, 1974 жылы олардың саны 148-ге жетті. Студентер саны өсті, мемлекет есебінен жылына 18 мың студент әлемнің танымал университеттерінен білім алды.

Ирандағы «Ислам революциясы». Шах реформасына қарсы Парижде эмиграцияда жүрген аятолла Рухолла Хомейни елде үгіт насихат жүргізе бастады.

1. Дәстүрлі саладағы шетелдік капитал және импорт тауарға қарсы шықты;

2. Жеке меншік, мемлекеттік, экономикада және бизнес саласындағы шенеуніктер шахтың туған туыстары (олар 17 банктің, 25 металл өндіру заводтарының, 10 құрылыс, 8 таукен компанияларының, 26 сауда ұйымдарының акцияларын иемденді);

3. Ауыл шаруашылығында аграрлық реформа нәтижесіне көңілдері толмады;

4. Барлық өндіріс орындары инфляциямен күресті;

5. Жастар мен студенттер саяси еркіндіктің жоқтығына, жоғарғыдағылардың паракорлығына наразы болды;

6. Иран интеллигенциясы «империализм мәдениетіне» қарсы шықты;

7. 1976 жылы шах барлық саяси партияларды таратып жіберді, тек - Иранның қайта өркендеу партиясы қалды (Возрождение Ирана);

8. Шах діндарларды 1978 жылы мемлекеттік жағынан қаржыландыруды тоқтатты.

Шахты айыптаудың және мұнайдан түскен кірістің көп бөлігін қару-жараққа жұмсауы болды. Басты наразылық - «қару-мұнай» келісімі болды, оған 13 млрд. долл. жұмсалып, осы ымыраласу бойынша 1976 жылы Иран АҚШ-тан соңғы үлгідегі қару-жарақ сатып алды. 1977 жылы АҚШ президенті *Дж.Картер* Тегеранға келгеннен кейін қарсылық одан әрі өрши түсті.

1978 жылы 8 қыркүйекте Тегеранда үкіметке қарсы демонстрация болып, оған 1 млн. адам қатысты. Демонстрация таратылып, астанаға әскери жағдай енгізілді. Ереуіл экономика және мұнайды экспортқа шығару тоқтап қалады. Елден сыртқа капитал шығарыла бастады, яғни күн сайын 50 млрд. долл. шығарылды.

Оппозиция өкілдері осы жағдайды сынға алды. Санджаби, Шариат, Мадари, Бактиар ымырашыл арыздарын білдірді, ал Хомейни шах билігі жойылғанға дейін күресті жалғастыруға шақырды. 1978 жылы қарашада шах бұйрығы бойынша

көптеген көрнекті қайраткерлер тұтқынға алынды, сонымен бірге ұзақ жылдар бойы шахтық премьер-министр Ховейда тұтқындалды. 5 қарашада студенттер көшеге шығып, бүкіл қала орталықтарын талқандады.

1978 жылы желтоқсанда шах түпкілікті әлсіреді, ол оппозициялық лидердің бірі *Шахнур Бактиарды* премьер-министр етіп тағайындады, ал өзі 1979 жылы 16 қаңтарда елден кетеді. Ш.Бактиар міндетті қабылдайды, бірақ сол күні Ұлттық майдан партиясынан шығарылды.

1979 жылы 1 ақпанда Тегеранға аятолла Рухолла Хомейни келеді. Үкімет қызметіндегі көп адамдар жұмыстарынан босатылды. 1979 жылы 5 ақпанда ол *Мехти Базарганды* премьер-министр етіп тағайындады, ал Ш.Бактиар елден қашып кетеді. Сонымен Иранда шах билігі жойылды.

Ішкі саяси жағдай. Әртүрлі саяси күштердің қозғалысы нәтижесінен шах билігі жойылды. 1979 жылы Ирандағы саяси партиялардың саны 200-ге жетті. Олардың ішінде ең ірісі: Ұлттық майдан партиясы (Санджаби) және Иранның бостандығы үшін күрес партиясы (М.Базарган) болды.

1979 жылы 19 ақпанда Ислам республикалық партия (ИРП) құрылды, ол елдегі халықты әртүрлі мораль және ұлттық құндылық негізіндегі исламдануға шақырды. Оның белсенді мүшелері елді өз бақылауларына алды.

Барлық жерде пасдарлар жасақтары құрылды - «Ислам революциясының күзетшілері», яғни билік орындарын өз бетінше қолдарына алғандар. Олар көшелерде-ақ тергеусіз сот жүргізді, тұтқындап, айып тағып, үкім шығарып оның 10 минуттың ішінде орындалуын қадағалады. Сонымен Иранда бірнеше күннің ішінде 8 мыңнан жоғары адам тұтқындалды, оның ішінде 23 генерал, 400 офицер және 800 жоғары азаматтық шенеуніктер болды. САВАК-тың (1957 жылы құрылған құпия полиция) бұрынғы басшысы генерал *Насыр Хомейнидің* резиденциясының шатырында атылып тасталды. М.Базарган үкіметін ешкім мойындаған жоқ. Ал Хомейнидің өзі Ирандағы діни орталық Кум қаласына кетіп қалды.

Уақыт өте Хомейни бір-біріне қарама-қайшы тапсырмалар беріп отырды. Соның ішінде сырттан келген (импорт) тоңазы-тылған ет өнімдерін жою - онда мал мұсылман салтымен бауыздалмаған деп түсіндірді, сонымен елде ет өнімінің бағасының қымбаттауына әкеп соқты. Екінші тапсырмасы қаладағы барлық жеке мүлкі жоқтарға электр қуаты мен суды тегін пайдаланумен қамтамасыз ету, қоғамдық көлікті тегін пайдалану, бұл қаланы электрмен және сумен қамтамасыз етіп отырған компаниялардың жаппай банкрот болуына алып келді. Мұхаммед пайғамбар жазбаларының талабына сай банктерде пайызсыз несие беру орын алды.

1979 жылы 1 сәуірде Иран Ислам республикасы деп жарияланды. Діндарлардан құрылған Кеңес елдің Конституциясының жобасын жасауды қолдарына алды. Тез арада діни қағидалары енгізілді: арақ ішуге, музыка, би, кино, шахмат ойнауға т.б. тыйым салынды, ал 1980-ші жылдардың басында Иранда барлық театрлар жабылды. Әйелдер міндетті түрде дәстүрлі киімдерімен жүру керек болды. Зайырлы саяси партиялар қуыла бастады, олардың штаб-пәтерлеріне басқыншылық жасалды. Иранның Солтүстігіндегі күрд сепаратистері қайта бас көтерді, олардың өзі екіге бөлінді: солтүстіктегі суннитер мен оңтүстіктегі шейттер үнемі өзара қақтығысып отырды.

1979 жылы жағдай тым нашарлап кетті, 4 қараша күні жастар тобы Тегерандағы Американың елшілігін басып алып, 53 адамды кепілге алды. *М.Базарган* өз үкіметінде билік жоқ екеніне көзі жетіп, отставкаға кетті. Американдық дипломатардың 15 ай тұтқында отыруларына тура келді.

1979 жылы 3 желтоқсанда Иран Ислам республикасының Конституциясы қабылданды. Елдегі жоғарғы рахбар (басшы) Хомейни болды. 12 танымал аятолалардан Бақылаушы Кеңес құрылды; ол барлық қабылданған заңдардың шариғат заңдарына сай екенін бақылап отырды.

1980 жылы 25 қаңтарда Конституцияға сай жоғары атқарушы билікте президенттік сайлау болды. Елдің президенті болып, «Хомейнидің рухани баласы»- *Абдулхасан Бонисадр* болып тағайындалды, ол зайырлы интеллигент, «исламдық экономика»

теориясы идеологтарының бірі. 1980 жылы наурызда мәжіліске сайлау болып көпшілік дауысты Ислам республикалық партиясы жеңіп алды.

1980 жылы 22 қыркүйекте Ирак Иранға соғыс ашады, сөйтіп иран-ирак соғысы басталды. Соғыстың себебі Шатт-эль-Араб өзені маңындағы 200 км шекаралық жерге талас болатын.

1980 жылы 20 қаңтарда американдық дипломаттар босатылды. Сонда да АҚШ Хомейни режиміне жауластықпен қарады. Оны басқа ислам елдеріндегі саяси ұйымдарды, сонымен бірге Таяу Шығыстағы «Хесболлах» партиясында «Хамас» қозғалысында лаңкестікті таратушы деп айыптады.

1981 жылы 11 маусымда Хомейни А.Бонисадрды биліктен кетіреді, яғни оны американдықтармен байланысы бар деп айыптады. Оны тұтқындай алмады, шетелге қашып үлгерді. Оған моджахеддер көмектесті, 28 маусымда олар Ислам республикалық партиясының штаб-пәтерін жойды. Нәтижесінде 72 адам қаза болды, соның ішінде елдің премьер-министрі Бехештиде қазаға ұшырады. 30 тамызда лаңкестік оқиға салдарынан жаңа президент Раджай және премьер-министр Бахонар қаза болды. Елде 4 мыңнан аса адам жараланып, 1 мыңнан аса адам қаза болды.

Ислам режимінің тұрақтануы. Иранда зайырлы қоғамды шектеген соң исламдану үрдісі күшейе бастады. Әділет басқармасы құрылды; зайырлы білім алған заңгерлер қызметтен тыс қалды. Сот ісі шариғат заңы бойынша іске асты: арақ ішкендерге 30 дүре соғылды; ерлі-зайыптылардың опасыздығы үшін – өлгенше ұра берді; тіпті музыка тыңдағандар үшін, шахмат ойнағандары үшін, икра жегені үшін және т.с.с. 50 рет дүре соғылды. Сонымен, бірге көзін ағызу, тісін жұлу, құлақ, мұрын, аяқ кесу секілді де жаза түрлері болды.

Ерлер жұмыс істейтін жерлердің барлығында әйелдер жұмыс істеуге тыйым салынды. Олар мұсылман қағидаларына сай киім киюдің қатаң нормасы хиджаб киіп жүрулері керек болды.

1981-1983 жылдары Иранда барлық жоғарғы оқу орындары жабылды, оқытушылар мен студенттер арасында «тазалау» басталды. 1983 жылы мамырда Туде партиясының қызметіне

тыйым салды, оның басшыларына сот ісі жүрді. Осы жылдары Иранның президенті Хосейни-Хаменей, ал премьер-министрі Мусави-Хаменей болды. Дегенмен, ең басты күрес мәжіліс төрағасы Хашеми-Рафсанджани мен ішкі істер министрі аятолла Әли Акбар Мұхташеми арасында болды.

Иракпен соғыс осы жылдары тығырыққа тірелді. Сирия территориясы арқылы Жерорта теңізіне шығатын мұнай тасымалдау жолдарын Ирактың талабы бойынша Сирия жауып тастады.

Соғыс 1988 жылдың 8 тамызында аяқталды. Иранның жалпы шығыны 700 млрд. долл. құрады, жыл сайын соғысқа 14 млрд. долл. жұмсалды. Осы соғыс жылдары Иранның 60% өнеркәсібі тоқтатылды, 1 млн. астам адам қаза болды.

1988 жылдан бастап саяси партиялар құруға рұқсат етілді. Бүкіл әлем Иранды халықаралық лаңкестіктің ошағы және ислам фундаментализімін таратушы ретінде қабылдады.

1989 жылы 14 қаңтарда аятолла Хомейни ағылшын жазушысы Рушдиға фетва шығарды, яғни оны өлім жазасына кесті. Фетва әлемдегі барлық мұсылмандардың заңының күшіне енді; әрбір адам оны жағдайға қарамай-ақ өз бетінше орындауға талпынды. Сонымен Рушдиға «аңшылық» басталды, әлемдегі кітап дүкендері мен баспаханаларға басқыншылықтар жасалды. Бұл қоғамдағы исламға деген жеккөріністілікке әкелді. Фетваны *аятолла Хомейни* өзі жоюға күші келген жоқ - 1989 жылы 4 маусымда ол қаза болды.

XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы Иран. Хомейни қаза болған соң оның орнын *Әли Сәйед Хаменей* иемденді, премьер-министр орны жойылды, ал президент болып *Хашеми-Рафсанджани* тағайындалды; ол барлық атқарушы билікті өз қолына алды. Оның позициясы 1992 жылғы мәжіліске сайлаудан кейін күшейе түсті.

Ирактың жеңілісімен аяқталған Парсы шығанағындағы соғыстан соң Иран өзін осы аймақтағы алдыңғы қатарлы держава секілді сезінді. Ол Батыс елдерімен де қарым-қатынасты жақсартта бастады. 1990 жылдардың ортасында Иранның ішкі кірісі 6,5%-ды құрады, ал соңында 10%-ға өсті. Бірақ экономикалық

жағдай нашар күйінде қалды. Өнеркәсіп орындарының көбі жабық болды, сыртқы қарыз өсті, ақша құнсызданды, шетелдік инвестиция да өте аз күйінде қала берді.

Біртіндеп елдегі исламдық батыл әрекеттерді қолдаушылар әлсірей бастады. Қоғамдағы көшбасшылық үшін үш саяси күш ерекшелене бастады:

- 1) Центристер - президент Рафсанджанидің жақтастары;
- 2) Консерваторлар - бұрынғы діни өкіл Әли Саяед-Хаменеидің жақтастары;
- 3) Мұхаммед Хатами төңірегіндегі реформаторлар.

1997 жылы 69,7% дауыспен М.Хатами президент болып сайланды. Бұл мәжіліс басшысы *Натек Нури* мен дінбасыларына соққы болып тиді. М.Хатами бұрын өзі де исламдық батыл әрекеттерді қолдаушы болған: 1980 жылдары аятолла Хомейнидің халық алдында айтатын сөздерін даярлаған, 1979 жылы Тегерандағы американдық елшілікті басып алуға қатысты, исламды дәріптеді. Билікке келісімен М.Хатами сыртқы істер, ішкі істер, мәдени т.б. министрлік орындардың барлығына өзінің жақтастарын қойды; елдің бірінші вице-министрі әйел болды. 1998 жылы Хатами АҚШ-пен қарым-қатынасты жақсарту мақсатында 1979 жылғы оқиға үшін кешірім сұрады.

1998 жылы маусымда Иранның әлемдік футбол чемпионатына қатысуы зор жеңіспен жүрді; 1999 жылы Ирандық «Тәңір балалары» фильмі АҚШ-ғы «Оскар» сыйлығына ұсынылды. 1998 жылы елде поп музыка, спутникті телевидениеге, галстук тағуға рұқсат берілді. 1999 жылы иранда интернетке деген қызығушылық етек алды. Тегеранның өзінде 400-ден астам Интернет-кафелер жұмыс істеді.

Коммуникацияның жаңа үлгісінің дамуы елдің оқшаулануын шектей бастады. Реформаторлардың қолдауымен елде «жаңа ирандықтар», әйелдер, білімді жастар көбейді. Қазірдің өзінде студенттердің 40% әйелдер құрайды. Жоғарғы оқу орындарына және мәжіліс депутаттарының 1/3 бөлігі әйелдер. Иранның беделді қызметкерлерінің әйелдері мен әйел туыстары қазір елдің әйелдер қозғалысының көшбасшылары.

2000 жылы ақпанда Иранда парламенттік мәжіліс сайлауы болды. 290 орынның 163-ін *М.Хатамидің* Исламдық майдан партиясы иемденді; имам Хомейнидің ізбасарлары тек 44 орынға ие болды. Бұдан Иранда реформалар саясаты күшейіп, алдыңғы қатарлы өкілдердің парламентке бақылауын жоғалтқанын көруге болады.

Алайда, Иранда бұрынғы іргелі адамдардың билігі түбегейлі жойылған жоқ. Мысалы факих орындағы *А.С.Хаменеи* күшті тетікті иемденуде және Бақылаушы Кеңес, яғни елде болып жатқан оқиғаны 12 дінбасы мұқият бақылап отырды.

Танымал реформатор, жас молда Мохсед Кадиварды 18 айға қамауға алды. Ол елдегі саяси билік шейттік идеологтарға емес халыққа тиесілі болу керек деген болатын.

Иранның Ресеймен қарым-қатынасы табысты дамыды: екі елдің сауда байланысы 1990 жылмен салыстырғанда 2000 жылы 20% өсті. 1995 жылдан бастап Ресейдің қатысуымен Ирандағы Бушир қаласында атом электростанциясының құрылысы басталды. 2001 жылы наурызда Иранның президенті М.Хатами Мәскеуге ресми сапармен келіп, ресейлік президент В.В.Путинмен кездесті. Ресейдің басшылығымен екі жақ ұзақтығы 7 мың км «Шахиб-3» зымыран ұшағын сынақтан өткізді.

2001 жылы сәуірден бастап Ирандағы реформистердің беделі әлсірей бастады: 36 либералды баспахана жабылды, мыңдаған адамдар, олардың ішінде М.Хатамидің көрнекті жақтастары тұтқындалды. Бірақ 2001 жылы маусымда сайлау М.Хатамиға тағы да жеңіс алып келді, ол 88% дауысқа ие болды, ал оның бәсекелесі тек 61% ие болды. Алайда «жауына өте жұмсақ қатынасы» үшін президент аятолла жағынан үлкен сынға ұшырады.

2001 жылдан кейін Иран «халықаралық лаңкестікті тараушы» деген айыптан арыла бастады. «Хесболла» ұйымының қауіпсіздік қызметінің бұрынғы басшысы елден қуылды. Ливан, Судан және Боснядан 700 ирандық кеңесшілер елге шақырылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1930 жылы ағылшын-ирак келіссөзі не үшін болды?
2. 1943 жылы Тегеран конференциясы неге Иранда болды?
3. Аятолла Хомейни Иранда «Ислам революциясын» не үшін жүргізді?
4. Иран-Ирак соғысы қай жылдары болды және себептерін атаңыз.
5. Иранда ислам дінінің қай саласы насихатталған?
6. Иранда Реза шах Пехлеви династиясы қай жылы билік басына келді?
7. XX ғ. І ші жартысында Иран мұнайы қай мемлекеттің қолында болды?
8. «Ақ революция» реформасы не үшін жүргізілді?

§ 15. Ирак

Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі Ирак. Иракта Осман империясының бір бөлігі болып Бірінші дүние жүзілік соғысқа қатысты. Әскери қимыл онда онша жүрген жоқ, тек 1917 жылы 17 наурызда ағылшын әскері Бағдадқа кірді. Үш Осман вилайеттарының территориясының орнына Ирак мемлекеті құрылды. Мұнда мандатты 1920 жылы Англия алды.

Бұл күдікті іс болды: мұнда иесіз араб тайпасы курдтар іс жүргізу керек. Сонымен бірге елдің территориясында барлық мұсылман-шиитерге қасиетті қала Неджеф және Кербела болды олар танымал автономияны пайдаланды. Ағылшындар тез арада шиитерді қарудың күшімен жоюға кірісті, мұндағы жағдай 1920 жылдың соңына қарай ғана тұрақтана бастады.

1921 жылы тамызда Иракта *Абдулланың* бауыры әмір *Фейсал* билігіндегі монархия орнады. 1922 жылғы ағылшын-ирак келісімі бойынша Англия Иракта кеңесшілерін, жоғарғы комиссарларын және өз әскерін сақтап қалды. Бірақ ағылшындарға Иракта *Әбу ат-Тимман* және *ас-Садр* бастаған ұлттық күштер қарсы шықты.

1930 жылғы ағылшын-ирак келісімі бойынша Ирак тәуелсіз мемлекет деп жарияланды, ал 1932 жылы Ұлттар Лигасына мүше болып кірді. Бірақ Англияның саяси-әскери бақылауы сақталып қалды. Елде ағылшын кеңесшілері, әскери базалары қалды, ал өздері сыртқы саясатта Англиямен келісіп отыруға міндетті болды. Ирак үкіметін нағыз ағылшынша саясаткер Нури Саид басқарды. Англия мандаты жойылды.

Елдің тәуелсіздік алуы 1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыспен тұспа-тұс келді. Бұл өзімен бірге көп қасірет алып келді. Ирактың экспорты тез қысқарып кетті, экспорт тауарларының бағасы түсіп кетті, жұмыссыздық көбейіп және әлеуметтік тоқырау басталды. Елде үкімет ауысып, радикалдар белсенділік көрсетті.

1933 жылдан бастап үкімет басына *Рашид Әли әл-Гейлани* келді, бірақ елде саяси шиеленіс басылған жоқ. 1936 жылы әскерде бүлік басталды: олар корольден жаңа премьер-министр тағайындауды талап етті - ол *Хикмет Сүлейменді* тағайындады. Бірақ 1937 жылы тамызда бұл үкімет құлады.

1938 жылы желтоқсанда *Иракта Нури Саид* үкіметі құлады. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты ол Иракта төтенше жағдай енгізді. Бірақ елдің ішінде саяси топтардың өзара күресі жалғаса берді: 1941 жылы сәуірде әскери төңкеріс болды - билікті Рашид Әли әл-Гейлани басып алды. Ол фашистік державаларға, яғни Германия мен Италияға қолдау көрсетті.

1941 жылы мамырда ағылшындар Иракқа өз әскерлерін кіргізді. Олар армия мен мемлекеттік аппаратта тазалау жүргізді, патша мен атқарушы биліктің өкілеттілігін кеңейтеді. Бүкіл соғыс кезеңі аяқталғанға дейін Иракта ағылшын әскері сақталып қалды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ирак. Қоғамдық өмірді демократияландыру 1940 жылдардың соңында Иракта жаңа ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына алып келді. Соның негізінде 1946 жылы сәуірде Ирак Ұлттық-демократиялық партиясы (ИҰДП) құрылды, олар интеллигенция және қаланың ұсақ буржуазиясының мүддесін қорғады. Ал 1946 жылдан бас-

тап Күрдістан Демократиялық партиясы (КДП) жұмыс істей бастады, күрд халқының мүддесін қорғаушы Жұмысшы табы мен кәсіподақтың рөлі күшейді.

1946 жылы 23 ақпанда *Тауфик ас-Сувейдидің* бейбіт кезеңдегі бірінші кабинеті құрылды. Жаңа үкімет елдегі әскери режимді, баспаға цензураны жойды. Сәуір айында ол көптеген саяси партияларды қайта құрды.

1948 жылы қаңтарда Портсмутта қол қойылған ағылшын-ирак келісімі жаңа үкімет төңірегінде саяси шиеленіске алып келді. Бұл келісім бойынша ағылшындық әскери оккупация және Ирактың тәуелділігі сақталып қалды. Бұрынғыдай ағылшындар Ирактың Қарулы күшке өз бақылауларын жалғастыра берді, әскери әуе базаларын тағы басқа Ирактағы әскери орындарды пайдаланды. Ирак үкіметі сыртқы саясатта да ешқандай мүмкіндікке ие болған жоқ. Англиямен болған жаңа келісім жаппай наразылық тудырды. Патша үкіметінің оны жоюға шамасы келмеді. Осы жылы 2 ақпанда *Мұхаммед ас-Садрдың* жаңа үкіметі келісімді кейінге қалдырып қана қоймай 1930 жылғы ағылшын-ирак келісімін қайта қарауды хабарлады. Бағдадтағы саяси бас көтеріліс ағылшындар мен монархияға қарсы бағытталды.

Монархияныжақтаушылар кезеңіндегі Ирак. Дегенмен, Ирак бұрыннан-ақ келмеске кеткен Бағдад халифатын құру мақсатындағы арманын іске асыруды ойластырды. Сол үшін ол арабтық Шығыста үнемі Египетпен бақталасып отырды. Ирактың монархтары Мекенің басшысы - Хашимиттер болды (иордандық патшалардың туыстары). Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ирактағы билік регент*Абд уль-Илах* қолында болды, ал оның немере ағасы Фейсал патша болды. Ал Абд уль-Илахтың өзі Сирияның патшалығынан үмітенді. Ирак дәстүр бойынша Ұлыбританиямен тығыз байланыста болды. Бірнеше келісімдерге де қол қойылды, ал 1955 жылы Бағдад келісімшартына қол қойылды (бұл ұйымға Англия, Пәкістан, Иран, Түркия және Ирак қатысты). Осыдан кейін, араб әлеміндегі өзінің көшбасшылығына қауіп төнгенін сезген Египет бұған қарсы қадам жасады, осы жылы Египет, Сирия және Сауд Аравиясы бірігіп өз одақтарын құрды.

1958 жылдың басында Египет пен Сирияның одағы жарияланғаннан кейін монарх-Хашимиттер Ирак пен Иорданияда Араб федерациясын құрды. Бірақ 1958 жылы 14 маусымда Ирактың патшасы Фейсал, патшаның жанұя мүшелері, премьер-министр Нури Саид генералдар *Абдель Керим* және *Абдель Салим Арефтың* басшылығымен болған әскери төңкеріс кезінде өлтірілді.

Алайда Ирактағы төңкеріс лидерлері *А.К. Касем* мен Ареф бір-біріне жауластықта болды. Сонымен бірге ең ірі азаматтық партия БААС-тың Касеммен ара қатынасы жақсара қойған жоқ. 1959 жылы оны үкімет билігінен шектеуді қолға алды, алайда ол 1963 жылға дейін өз орнын сақтап қалды. Одан кейін әскери режим бойынша билік Ареф қолына көшеді, бірақ 1966 жылы ол қайтыс болды. Басшының ізбасары оның бауыры Абдель Рахман Ареф болды, яғни 1968 жылы оны жойып билік қайтадан БААС партиясының қолына көшеді. Ирак үкіметін президент Хасан әл-Бакр басқарды, ал шынайы билік елдің Қауіпсіздік министрі - *Саддам Хусейннің* қолына көше бастаған еді.

Ол біртіндеп армияны күшейту шараларын жүргізді өз туыстарын жоғарғы орындарға тарта бастайды, Иракты тоталитарлық әміршіл мемлекетке айналдыра бастады. Бірақ Саддам Хусейннің өзінің алдына қойған міндеті бұл емес; ол өзінің жеке билігін Ирактың әскери күші мен экономикалық жағдайын күшейтуге пайдалануды қолға алды, сөйтіп, Таяу Шығыста оны алдыңғы қатарлы елге айналдыру болды.

Саддам Хусейн 1979 жылға дейін көлеңкеде жүрді, яғни Қарулы күшті күшейтумен ғана айналысты. 1972 жылы КСРО-мен қару-жарақ тасымалдау туралы келісімге қол қойылды. С.Хусейн Ирактың басқа мемлекеттермен байланысын ретке келтірді. 1975 жылы ядролық орталық құрылысын салу үшін Франциямен келісім жасады, сосын Иракқа әскери кемелер тасымалдау туралы және офицерлер даярлауға көмектесу үшін Италиямен келісім жасады.

Тез арада шешуді талап ететін ең маңызды міндет күрдтер мәселесі болды, яғни 1960 жылдары үкімет әскерлеріне қар-сы қарулы күрес жасаған болатын. Саддам Хусейн 1973 жылы күрд

басшыларын үкімет құрамына кіргізді, 1974 жылы наурызда Ирактық Күрдістанның автономиясы жарияланды. Ол 1975 жылы Ирандық шахтан шекараны жауып, оларға көмек көрсетуді тоқтату туралы уәдесін алды. *Мұстафа Барзанидің* бүлікшілері қаруларын тапсыруларына тура келді. Күрдістан автономиясы жарияланғаннан кейін Күрдістан Демократиялық партиясының 4 мүшесі солтүстік провинциялардың губернаторлары болып тағайындалды.

1970 жылдары мемлекеттік секторларды және ауыл шаруашылығында кооперацияны күшейту үшін үкімет экономикалық саясат жүргізді. 1974 жылы бүкіл өнеркәсіптің $\frac{1}{4}$ бөлігі мемлекеттік сектордың үлесіне тиесілі болды. Әрине бұл экономиканың күш-жігерін төмендетті, бірақ дағдарысқа апарған жоқ. Себебі мұнай кірісінің тез өсуі болды; өйткені Ирак экспортының 98%-ын мұнай құрады. 1973 жылы мұнай өндірісі күніне 2 млн. баррель өндірілді, ал 1970 жылдардың соңында ол 3,7 млн. баррельге өсті. Ирак мұнайды экспортқа шығарудан әлемде екінші орынды иемденді. Тәжірибе жүргізу үшін немесе экономикаға байланысты кез келген шығынды «мұнай-доллар» қаржыландыруға шамасы келді.

Саддам Хусейннің ішкі және сыртқы саясаты. 1979 жылы 7 шілдеде Хасан әл-Бакр мемлекеттік биліктен шектетілді, ал арнайы түрде Ирактың президенті болып Саддам Хусейн сайланды.

1980 жылы қыркүйекте С.Хусейн 1975 жылғы Иранмен шекара туралы келісімді бұзып Иранға соғыс ашты. Алайда соғыс күткен нәтиже берген жоқ. Ирак ондаған млрд. долл. көлемінде адам және экономикалық шығынға ұшырады. 1983 жылы тамызда екі жақ бейбіт бітімге келді. 1990 жылы 15 тамызда С.Хусейн екі ел арасында шекара мәселесі туралы келісімге қол қойды. Ирак армиясын Ирандық территориядан алып шықты, соғыс тұтқындарын ауыстырды. 1990 жылы қыркүйекте Иранмен дипломатиялық байланыс қалпына келтірілді.

1990 жылы Ирак тағы бір халықаралық дағдарыстың қозғаушы күші болды. 1990 жылы 2 тамызда Ирак армиясы Кувейт территориясын басып алды. Мұнда С.Хусейн тіпті арыға кетті,

яғни 1930 жылдардағы Ирактың Кувейтке деген талабы болды, бірақ нақты себеп ауыр қаржылық жағдайдан шығу жолы болатын. Өйткені Иранмен болған соғыс Ирактың әскери шығынының өсуіне алып келді, ол 100 млрд. долларға жетті (тек араб емес несие берушілерге қарызы 35 млрд. долл. болды), ал Кувейт өте бай ел болатын.

Ирактың бұл соғысы еш негізсіз болғандықтан тез арада жергілікті сынға ұшырады. 1990 жылы 2 тамызда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі №660 шешімі бойынша Кувейттен тез арада Ирак әскерін шығаруды талап етті. Ал 6 тамыз күні Иракқа қарсы экономикалық жазалау шаралары енгізілді. Ирактың бұл әрекетін Египет, Сауд Аравиясы, Сирия, Біріккен Араб әмірлігі, сонымен бірге АҚШ, Англия және Франция шексіз сынға алды. Халықаралық қарулы күшті құру үшін бұл аймаққа шетелдік әскерлер түсіріле бастады.

Бірнеше айға созылған нәтижесіз дипломатиялық байланыс арқылы бұл дағдарыстың алдын алу үшін жүргізілген нәтижесіз күштен соң, 1991 жылы 17 қаңтарда Халықаралық әскери күш *«Шөлдегі дауыл» операциясын* бастады, яғни бұл 42 күннен кейін ирактық әскердің толық талқандалуымен аяқталды. Ирак әскері үлкен шығынға ұшырады: тек қаза болған адам саны 100 мыңға жетті. Соғыс Иракқа 60 млн. долл. шығын алып келді. 1991 жылы ақпан айының соңында Саддам Хусейн БҰҰ-ның барлық талаптарын орындауға дайын екенін хабарлады. Алайда ел халықаралық қауымдастықтың қатал бақылауына алынды.

Соғыс аяқталғаннан кейін де Ирак ісіне халықаралық қауымдастықтың араласуы аяқталған жоқ. 1991 жылдан 1999 жыл аралығында БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі Ирак туралы 13 резолюция қабылдады. Бірақ БҰҰ-ның инспекторлары ядролық қару жасау бағдарламасы туралы ешқандай құжат таба алған жоқ.

Сонымен бірге БҰҰ екі мәселемен айналысты: 1) күрдтерді қорғау және 2) Ирак территориясындағы ядролық қаруды жою. Халықаралық сарапшылардың арнайы тобы зымыран ұшыратын, ядро орнататын алаңды және химиялық немесе ядролық қару жасайды немесе сақтайды деген барлық мекемелерді бақылауға алды. 1992 жылы ирактық ұшақтардың ұшуына

тыйым салынған аймақтар пайда болды. Бұл ауданды Батыс әуе армиясы қарауылға алып Ирак ұшақтарын еш негізсіз атып түсіріп отырды. 1993 жылы Бағдад маңындағы зымыран жасайтын заводты американдық және ағылшын ұшақтары талқандап тастады, сонымен бірге Ирак барлаушылары орналысқан ғимаратты да талқандады.

1994 жылы қарашада Ирак арнайы Кувейттің егемендігін мойындады және Кувейтке келтірген шығынын өтеу үшін комиссия құруға келісімін берді. Алайда 1995 жылы Ирактың ядролық бағдарламасының басшысы Хусейн Кемель әл-Меджид Иорданияға қашып кетті; бұл американдықтардың ашу-ызасына тиді. 1996 жылы қыркүйекте Солтүстіктегі күрдтер мен ирактық армия арасындағы шиеленіс кезінде АҚШ Ирак территориясындағы әскери бекіністерге соққы берді. 1997-1998 жылдары Ирак елдегі барлық халықаралық инспекторларды шығарды.

Ирак пен Халықаралық әскери күш арасы 1998 жылы нашарлай бастады (жаппай қырып-жоятын қаруды жою туралы Ирактың уәдесіне күмән келтіре бастаған кезде).

1998 жылдың басында тіпті АҚШ президенті Б.Клинтон қол қойған «Иракты азат ету» туралы Заң қабылданды. 1998 жылы желтоқсанда ағылшын-американ әскери әуе күштері Ирактағы бекіністерге соққы берді. Сөйтіп, *«Шөлдегі түлкі» операциясы* басталды. 1999-2000 жылдары Ирактың әскери әуе күштері АҚШ және Англия ұшақтарын атқылауын тоқтатқан жоқ, ал олар да соққы беріп отырды.

2000 жылы Ирак мұнай өндірісін толықтай тоқтатты: Халықаралық экономикалық жазалау шаралары салдарынан болған шығын 150 млрд. долларға жетті. Мұнайды сатуға тыйым салынғаннан кейін Ирактың азық-түлік және дәрі-дәрмек сатып алуға қаражаты болмады. Бұл халықтың зардап шегуіне алып келді, 1990 жылдары елдегі балалар өлімі үш есеге дейін өсті, бірақ С.Хусейн режимін жоюға шамалары келмеді. Ол елде бұрынғыдай толыққанды билеуші болып қала берді, алайда ішкі тәртіпте қиындықтарға тап болды: 1995 жылы Ирактан Саддам Хусейннің екі күйеу баласы қашып кетті; 1998-1999 жылдар аралығында 33 генерал жазаға тартылды.

2001 жылдары да Иракта соғыс тоқтаған жоқ. Америка және БҰҰ-ның комиссиясы жаппай қырып-жоятын қаруды іздеумен болды. Ирак армиясы Солтүстіктегі күрдтердің аудандарын талқандауларын әлі тоқтатқан жоқ. 2001 жылы ақпанның 17-нен 18-не қараған түнде АҚШ пен Ұлыбритания ұшақтары Бағдаттан 10-30 шақырым жердегі әскери бекіністерді бомбалап тастады.

2001 жылы 11 қыркүйектегі АҚШ-та болған лаңкестік оқиғадан кейін лаңкестердің Иракпен байланысы бар деп тапты. АҚШ, Ұлыбритания және олардың одақтастары Иракқа қайта соққы беруге дайындық бастады. Ирак халықаралық лаңкестердің ұйымдары бар деген 7 мемлекеттің құрамына кірді. Нәтижесінде Ирак тез арада қырып-жоятын қару жасап жатыр деп, АҚШ қайтадан халықаралық инспекторларды Иракқа жіберуді БҰҰ-нан талап етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ирак мемлекетінің билік басына Саддам Хусейн қашан келді?
2. Иран-ирак соғысының себептері:
3. 1921 ж. Иракта Фейсалдың таққа отыруына қай мемлекет көмектесті?
4. 1958 жылғы Ирактағы төңкерістің мақсаты не?
5. Ирак-иран соғысы қай жылдары болды және себебін атаңыз.
6. 1990 ж. Ирактың Кувейтке соғыс ашу себебі не?
7. Ирак қай мемлекеттің мандатында болды?
8. «Шөлдегі дауыл» операциясын қай елдер жүргізді?

§ 16. Ауғанстан

Аманулла ханның билік басына келуі. Азиядағы өз алдына ерекше мемлекет Ауғанстан. Бізге белгілі ол - әртүрлі этникалық территория, тайпа алаңы, әрқайсысы өз дәстүрі бойынша беделін көтере билік жүргізеді.

Бірінші рет күшті орталықтанған билік құруды ХҮІІІ ғасырда-ақ пуштун көсемі Ахмед-шах жүргізген, сосын ХІХ ғасырда ағылшындар Ауғанстанда өз бақылауын орнатуға күш салды, бірақ ол істері сәтсіздікке ұшырады.

1880 жылдан бастап әмір *Абдурахман* сепаратистік күштерін жойып, Кабулда орталық билік орнатуға қол жеткізді. Алайда, 1901 жылы ол қаза болған соң оның орнына әмір Хабибулла келді - өте жұмсақ мінезді адам, сыртқы әсерге көнгіш; ол «қатыгез билеушінің» сұңқары бола алған жоқ, сонымен билік қайта әлсіреп кетті.

Ауғанстанда әртүрлі этникалық халықтар тұрады. Халықтың жартысы *пуштундар*, ерекше жауынгер халық, шет аймақтардағы пуштундар дәстүрлі көшпелі түрде өмір сүреді, өз заңдары және өз көсемдеріне ғана бағынған олар басқа ешкімге бағынбайды. Жергілікті халықтың бестен бір бөлігі *тәжіктер*, ел өмірінде маңызды рөл ойнаған олар, ірі қалалардағы тұрғындардың басым көпшілігін құрайды, солтүстік аудандарда жер шаруашылығымен айналысады.

Сонымен қатар елдің солтүсігінде түркі халықтары өмір сүреді: өзбектер, түркімендер, орталықта хазарлар (монғолдар тегі), тіпті нуристандықтар да бар, олар өздерін көне гректердің ұрпағымыз, яғни мұнда Александр Македонскийдің армиясы арқылы келдік деп есептейді. Осындай халықтар арасында қатынас өте күрделі болды.

ХІХ ғасырдың соңында ауған әмірлері «ағылшын үкіметінің талабына сай» сыртқы саясат жүргізуге уәде берді - олар жыл сайын әр түрлі жеңілдік субсидия алып отырды. Сонымен бірге британдық Үндістан территориясы арқылы тауар тасымалдау тегін болды. *1893 жылы* ауған әмірі және ағылшын үкіметі арасында Үндістан жеріне байланысты *Дюранда белдеуі* деп аталатын келісімге қол қойылды. Алайда, кейін келе Ауғанстан басшылары бұл сызықты мемлекеттік шекара деп мойындаудан бас тартты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ауғанстан барлық жағынан артта қалған мемлекет болатын. Әлемдегі басқа елдер-

ден оқшауланып қалды; шетелдердің бұл мемлекетке кіруіне тыйым салынды.

XX ғасырдың басында Кабулда бірінші лицей ашылды - «Хабибля», онда көптеген еуропалық білім берілді. Оның қабырғасынан болашақ реформаны жақтаушылар шықты, соның ішінде доктор Абдул Ғани, жасауғандар қозғалысын ұйымдастырушы. Оған біршама ауған лауазымды адамдары, интеллигенция, көпестер, еуропалық реформа жүргізу мен Конституция қабылдауды жақтаушылар қосылды. Өкінішке орай 1909 жылы наурызда *Абдул Ғани* қастандық ұйымдастырушы деп айыпталып, тұтқынға қамалды.

Жасауғандардың келесі өкілі танымал ағартушы және ақын *Махмұд бек Тарзи* болды, ол әмір сарайында өте танымал тұлға болатын. Ол әмірдің жақын туысы, оның үшінші ұлы, яғни болашақ реформатор патша Аманулланың тәрбиелеушісі болды. Махмұдбек Тарзи бірнеше еуропалық тілді меңгерді, көп саяхат жасады, мұсылман әлеміне өте танымал болды. 1913 жылдан бастап ол Ауғанстанда бірінші рет «Сирадж уль-Акбар» журналын шығарды, онда батыстық басылымдардың аудармасы жарық көрді. Оның төңірегіне модернизацияны жақтаушылар жиналды.

Кейін бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң 1919 жылы 21 ақпанда Джелалабад қаласының маңында әмір *Хабибулла* жұмбақ түрде аңшылық сапарда қаза болды. Оның орнына әмір болып *Аманулла* тағайындалды, ол әмірдің үшінші ұлы болса да, оған Джелалабадтың және Кабулдың тұрғындары мен әскерилер қолдау көрсетті.

Аманулла Манифест жариялады, яғни онда толық тәуелсіздікке қол жеткізу туралы айтылады. Бір уақытта Аманулла Кеңестік Ресеймен байланыс орнатуды қолға алды - 1919 жылы 7 сәуірде ол Ленинге хат жолдады. Ал осы жылы мамырда байланыс орнату мақсатында Мәскеуден Кабулға дипломатиялық миссия келді.

Бұл ағылшын-ауған келісімінің ашық бұзылуы болатын, осыдан кейін шиеленіс басталды, мұны ауғандықтар "үшінші ағылшын-ауған соғысы" деп атады. Ауған әскерінің басқолбас-

шысы генерал Надир-хан тіпті Британдық Үндістанның территориясына басып кірді.

Шиеленіс бір айдан кейін аяқталды, 1919 жылы 3 маусымда келісімге қол қойылды, ал 1919 жылы 8 тамызда болған бейбіт келісімде Англия бұл елдің толық тәуелсіздігін, ал Аманулланы патша деп мойындамады.

Аманулла-ханның реформасы. Ауғанстанның алдында келесі мәселелер тұрды: біріншіден орталық билікті күшейту; екіншіден, елде модернизацияны іске асыру. 1921 жылы 28 ақпанда кеңес-ауған келісіміне қол қойылды, онда Кеңестік Ресейден Ауғанстанға көмек көрсету туралы қаралды.

Бірақ реформаға кіріспес бұрын Аманулла армияны қайта ұйымдастырды, бәріне бірдей әскери міндеткерлік енгізді, елге Түркиядан әскери адамдарды шақырды. Қорғаныс күштері министрі болып 1919 жылы көзге түскен танымал генерал Надир-хан болды. Елде реформа жүргізу үшін ерекше комиссия құрылды, оның орнына патшаның өзі және жасауғандар кірді.

Аманулла-хан реформаны салық жүйесінен бастады - бұл орталық билікті күшейту болды. Салық жинау үшін шенеуніктер Кабулдан тағайындалды, көптеген тайпалар салықтық жеңілдіктен айырылды. Заттай салық енді ақшамен ауыстырылды, алайда салықтың көлемі онша көп болған жоқ. Қазынаға айтарлықтай ештеңе түсе қоймады. Кірісті кеден арқылы толтыруды қарастырды, ішкі кеден жойылып, бірдей кедендік баж салығы енгізілді, бірақ ол да өте жоғары болған жоқ. Мемлекет тез арада қағаз ақша шығаруды қолға алды, бұл ұлттық валютамен қамтамасыз етуге алып келді.

Сонымен бірге көшпенділердің бір бөлігін солтүстікке қарай орналастыру да қарастырылды, сол үшін мемлекет арнайы бағдарлама жасады. Алайда, бұл тайпа көсемдерінің наразылығын тудырды, туған жерді тастап кету, солтүстік халқының да наразылығын тудырды. 1924 жылы осыған байланысты әртүрлі жерлерден көтеріліс шығарып отырды.

1924 жылы Ауғанстанда жеке адамдарға мемлекеттік қор арқылы жерді сату туралы заң қабылданды - бұл жерге жеке меншік құқығын бекітуге талпыныс болатын. Жерді бұрын ием-

денгендердің иеліктері тәркіленді. Алайда бұл шара іске асқан жоқ, өйткені Ауғанстанда жер иеленудің дәстүрлі түрі сақталып келе жатқан болатын.

1925 жылға дейін орталықтандыруды күшейту туралы заң қабылданды.

1923 жылы 10 сәуірде Ауғанстанда Негізгі заң қабылданды. Онда заң жобаларын, бюджетті және шетелдік келісімдерді талқылап және бекіту үшін Мемлекеттік кеңес құру керектігі қаралды. Бірінші рет елде жергілікті басқарудағы Кеңесші жиналысқа сайлау ұйымы құрылды.

Ауғанстанда білім беру жүйесі дамыды. Жаңа мектептер салынды, соның ішінде Кабулда еуропалық үлгідегі мектептер салынды, жастар шетелге оқуға жіберіліп отырды. Күнделікті өмірде де өзгерістер байқалды. Аманулла-хан күнделікті қоғамдық өмірде діннің әсерін шектеуді қолға алды, мемлекеттік зайырлы сот енгізілді, үкімет жергілікті молданы мемлекеттік шеунік жағдайына көтеріп, оған жалақы төлеуді қолға алды.

Мұндай қайта құрулар қоғамның әртүрлі өкілдері ішінен күшті оппозицияға алып келді; 1923 жылдың өзінде елде көтеріліс басталды, алайда үкімет бұған аса мән берген жоқ. Саудагерлерге қолдау көрсете отырып Аманулла ірі сауда компаниясын құруды қарастырды, яғни үкімет атынан сыртқы сауда монополиясына құқық алды. Дегенмен, елде мұндай саясатқа наразы болғандар өте көп болды.

Сонда да Аманулла ауған элитасы ішіндегі бірбеткей басқарушы болды. Ол сыртқы көріністерге, халықаралық істерге үлкен көңіл бөлді. Ол белсенді түрде сыртқы саяси күштер жүргізді. 1926 жылы «Өзара соғыс ашпау және бейтараптық» туралы КСРО-мен Наманган келісіміне қол қойды, сосын Англиямен сауда келісіміне қол қойып, елшілік шарт жасалды, сонымен бірге Германия, Франция, Италия және басқа еуропалық елдермен келісімдер жасалды.

1927 жылдың соңында Аманулла ұзақ уақытқа (жеті ай) шетелге сапарға шығады. Осының барысында ол көптеген елдерде болды және Түркия мен КСРО-ға да ат табанын тіреді. Оны Мұстафа Кемальдың Түркияда жүргізген реформалары таң

қалдырды. Мәскеуде Аманулла экономикалық байланыс туралы келісім жасайды, кеңестік техника мамандары Ауғанстанға шақырылды. Ол еліне бұрынғыдан да табанды шешіммен оралды. Осы кезде бүкіл ел оның билігіне қарсы бас көтерулер жасап жатқан болатын.

Аманулла Кабулға *лоя-джиргуды* (мәжіліс) шақырып, болашақ реформалардың толып жатқан нұсқасын ұсынды. Ірі феодалдар мен тайпа көсемдерінің билігін жою, шенеулік молдаларды қайта аттестациядан өткізу, ер балалар мен қыздарды мектепте бірге оқыту, көп әйел алумен әйелдердің бетперде киіп жүруіне тыйым салу. Сонымен бірге саяси реформа жасау да ұсынылды: Ұлттық кеңес-парламент құру шешілді.

Дегенмен, Аманулланың мұндай ұсыныстарын лоя-джиргу мүшелері наразылықпен қабылдады, ал діндарлар оны исламнан бас тартушы ретінде қарсы шықты. Дінге сенушілер Амануллаға қарсы қасиетті соғыс-джихадқа шақырды.

Патшаға қарсы көтеріліс Джелалабадта басталды. Үкімет әскері шығысқа аттанған кезде, солтүстікте тәжіктер көтеріліске шықты оны Бачаи Сакао басқарды. Тәжіктер табанды түрде Кабулға қарай жақындады. 1929 жылы 14 қаңтарда Аманулла тақтан бас тартып, Қандагарға қашып кетті. Ал келесі күні Бачаи Сакао Кабулды басып алып, өзін әмір деп жариялады.

Алайда, осы кезде Ауғанстанның шығысындағы Хост қаласына *Надир-хан* келді. Ол Аманулла үкіметі кезінде қорғаныс министрі болған. Үкімет әскерін басқарған Надир-хан Бачаи Сакаоға соққы беріп, 1929 жылы 15 қазанда оны жазалап, ал өзін патша деп жариялады.

Мұхаммед Заир-шах режимінің орнауы. Надир-шах та Ауғанстанға міндетті түрде реформа жүргізу керектігін түсінді, бірақ лауазымды көсемдер және діндарлармен ара-қатынасты нашарлатып алмау да қарастырды. Оның ойынша ауған қоғамындағы дәстүрлі өмір қалпын айтарлықтай өзгертудің керегі жоқ - елдің менталитетімен де санасу керек.

Надир-шах КСРО-мен жақсы байланыс орнатты: 1930 жылы солтүстіктегі тәжіктердің соғыс ошағын, 1931 жылы бұхарлық әмір *Ибрагим-бектің* басмач отрядын талқандады. Бұл

1931 жылы маусымда КСРО-мен «Бейтараптық және өзара шабуыл жасаспау» келісіміне қол қойды. КСРО Ауғанстанның сыртқы саудасында бірінші орында болды.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс Ауғанстанға ауыр тиген жоқ, өйткені ауған экспортының көп бөлігі КСРО-ға шығарылып тұратын (каракуль). Ұлттық валюта - күміс рупий құнсыздана бастаған кезде ғана зардап сезіле бастады. Бұл британдық Үндістан әлемдік нарыққа көп көлемде күмісті жіберген кезде пайда болды, нәтижесінде күміс және оның бағасы түсіп, ал басқа барлық тауар құны өсіп кетеді. Ел жеңіл займ алушыға айналды - Англиядан, Германиядан, Швециядан, тіпті Чехословакия және Польшадан да алынды.

Осы кезде ішкі саяси жағдай тұрақтанды, армия барлық сепаратистік күштерді жойды. Алайда Надир-шахпен күресті Римдегі Аманулланың жақтастары бастайды. 1932 жылы Берлинде шахтың бауыры Мұхаммед Азиз-хан өлтірілді; бұған жауап ретінде Надир-шах Кабулда Аманулланың бірнеше жақтастарын жазаға тартады. 1933 жылы Аманулланың туысы Надир-шахты өлтірді. Жаңа патша болып оның баласы *Мұхаммед Закир-шах* тағайындалды. Ол өте білімді және модернизация жүргізу керектігін түсіне білген адам болды. Ол дәстүрлі өмір жағдайын жақсы білгендіктен модернизацияны абайлап жүргізу керектігін түсінді. Сол үшін жаңаруды ірі қалалардың бірі Кабулдан бастауды жөн көрді. Ол әкесінің абайлап қимылдау тәсілімен ел басқарды. Көсемдердің жынына тимеу үшін олардың тайпасы мен территориясына мүлдем тиіскен жоқ.

Бұрын Надир-шах кезінде (1931 ж.) қабылданған Конституцияға байланысты елде парламент енгізілді. Төменгі палатаға сайлау тікелей корольдің бақылауымен жүргізілді.

Біртіндеп модернизация жүре бастады. Бірақ ол ірі қалаларда ғана байқалды. Жаңа мектептер ашылды, Кабулда университет жұмыс істей бастады, яғни Ауғанстандағы еуропалық білімнің көзіне айналды.

1936 жылы арнайы екі мемлекеттік тіл енгізілді, пушту және дари- (парсы тілінің тәжіктік нұсқасы), осы тілдерге біртіндеп кітаптар аударыла бастады.

1939 жылы мемлекеттік фабрика-зауттарды жеке меншікке сату туралы шешім қабылданды, бірақ экономиканың дамуы онша байқала қойған жоқ. Әсіресе инфрақұрылым дамыған жоқ: елде темір жол, трансауғандық тас жол магистралі т.б. болмады.

Экономикалық қызметтің бірден бір көрнекті түрі контрабанда болды. яғни пушту тайпалары жыл сайын заңсыз мал саумен айналысты. Сол үшін Ауғанстанда мемлекеттік монополияны сыртқы саудаға жеткізу таза немқұрайлы түрде болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталарда Ауғанстан арнайы түрде бейтараптық жариялады, бірақ 1941 жылы КСРО-ның қысым көрсетуімен елді герман өкілдері мен фашистік тыңшылардан тазалау қолға алынды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ауғанстан. М.Закир-шах табиғи шикізаты шектеулі және этникалық құрамы жағынан өте нашар елді басқарды. Халықтың көп бөлігі пуштун тайпасын құрады. Шығыс пуштун тайпасы Британдық Үндістан территориясында өмір сүрді, ал Пәкістан тәуелсіздік алған соң бұл территория сол елге қосылды.

Ауғанстан ұзақ жылдар бойы біртұтас пуштун мемлекетін құруды алға тартты, алайда бұл идеяны Пәкістан қолдаған жоқ. Нәтижесінде екі мемлекеттің арасы өте шиеленісті болды, тіпті Пәкістан Ауғанстанға экономикалық байкот жариялады. Мұны Иран шахы реттеуге де ұмтылды, бірақ еш нәтиже берген жоқ.

Осы кезде КСРО мен Ауғанстан достық қатынасты қолдады; сонымен бірге Ауғанстан КСРО-дан көмек алған әлемдегі ең бірінші коммунистік емес мемлекет болды (1953 ж.). 1960 жылдары жолдар салынды батыста Кушка-Герат Кандагардан, шығыста Мазари-Шариф Кабулдан Гиндукуш жотасы арқылы. Сондай-ақ Ауғанстанға Франция және ҚХР-сы да көмек көрсетті, елде біріккен неміс, жапон, үнді фирмалары жұмыс істеді. КСРО-ның көмегімен Джелалабадта жер суландыру кешені, ГЭС және Кабулда көлік жөндеу заводы салынды.

Елдің қоғамдық өміріндегі өзгеріс баяу жүрді. 1959 жылы әйелдерге бет-перде (паранджа) кию жойылды, ал 1960 жылдан бастап әйелдер мемлекеттік қызмет атқаруға мүмкіндік алды. Біртіндеп денсаулық сақтау, білім беру жүйелері дами бастады.

Кабулда батыстық бағдарламадағы мектептер ашылды (неміс, француз лицейлері).

1964 жылы Ауғанстанда жаңа Конституция қабылданды: заң шығару парламентке берілді, ал шах оны бекітті. Шах парламентпен санасуға тура келді, ол оны таратуға немесе айлалы әрекет етуге құқысы болмады. Парламент екі палатадан тұрды - Халық кеңесі және жоғарғы сенат. 1965 жылы парламент саяси партиялар туралы заң қабылдады; шах оны бекітпесе де, саяси партиялар біртіндеп пайда бола бастады.

1965 жылы олардың ішінде бірінші болып Ауғанстан Халықтық-Демократиялық партиясы (АХДП) құрылды. Олар «Халық» және «Парчам» газеттерінің редакция төңірегіндегі маркстік ұйымдардан құрылды. Оның мүшелері қоғамдағы зайырлы қауым - шах әкімшілігінің қызметкерлері, офицерлер, интеллигенция болды. Көп ұзамай-ақ партия «Халық» және «Парчам» деген атармен екіге бөлініп кетті. Біріншісі радикалды болып есептелді, оның негізін пуштундар құрады, ал көшбасшылары *Нұр Мұхаммед Тараки* және *Хафизулла Амин* болды. Ал «Парчам» фракциясына көбіне тәжіктер және басқа солтүстік халықтары кірді, олардың басшылары Барак Кармаль болды. Осы екі фракция да бір-бірімен үнемі жауласып, өзара шиеленісіп отырды.

1965 жылы баспахана ісі туралы заң қабылданды: елде жеке меншік газет, журналдар жарық көре бастады.

1960 жылдардың соңында Ауғанстанда модернизацияға қарсы алғашқы қанағаттанбаушылық пайда болды. Елде «Мұсылман бауырлар» деген ұйым құрылып, оны *Гүлберддин Хекматиар* және *Бурхануддин Раббани* басқарып, олар кез келген батыстық мәдениетке қарсы шықты.

1970-1971 жылдары елде құрғақшылық болып, жұқпалы ауру қаптап кетіп, нәтижесінде бұл малдың жаппай қырылуына алып келді. Сонымен бірге елде ірі құрылыс жұмыстарының аяқталуы себебінен құрылысшы жұмысшылар жұмыссыз қалды. Осы экономикалық факторда *М.Закир-шахтың* билігін жоюды жақтаушыларға қосымша негіз болды. 1973 жылы әскери төңкеріс салдарынан шах билігі жойылды (Еуропа елдеріне сапары барысында). Монархия жойылғаннан кейін елдің президенті болып шахтың немере бауыры *Мұхаммед Дауд* тағайындалды.

Мұхаммед Дауд билігі тұсындағы Республика. АХДП-ның екі фракциясы да *М.Даудтың* билікке келуіне көмектесті, бастапқы кезде Мұхаммед Дауд өзіне қолдау көрсеткендерді ең маңызды министрлік орындарға тағайындады. Халықты әлеуметтік жағынан қорғауға қатысты заңдар қабылданды, 7,5 сағаттық жұмыс күні белгіленді, мемлекеттік секторда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы 2,5 есеге дейін өсті, демалыс, зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру енгізілді, бірақ мұның барлығы ауғандықтардың аз бөлігіне ғана тиесілі болды. Ал 1974 жылы жеке меншік банктер мен сыртқы сауда мемлекет қарамағына өткізілді.

Елдегі ең маңызды саяси қадамның бірі сауатсыздықты жою туралы мемлекеттік басқару жүйесінің құрылуы болды. Білім жүйесіне бақылауды толықтай мемлекет өз қолына көшті, барлық мектептер мен жоғарғы оқу орындар енді діндарлардың емес, Ағартушылық министрлігінің қарамағына берілді.

1975 жылы мұндай реформаларға қарсы елдің шығысындағы халық көтеріліске шықты. АХДП партиясы ішінде шиеленіс басталып, көп ұзамай АХДП-дан тағайындалған министрлердің барлығы қызметтерінен босатылды. 1977 жылдың басында елде жаңа Конституция қабылданып, ол бойынша Мұхаммед Дауд өмір бойы президент болып жарияланды.

Дегенмен, М.Дауд армияға толықтай бақылау жасай алған жоқ, өйткені ондағы офицерлердің көпшілігі АХДП-мен байланыста болатын. 1977 жылы шілдеде «Хальк» және «Парчам» партиялары қайтадан бір партияға бірігіп, *М.Дауд* режимін жоюды қолға алды. М.Дауд мұндай қастандықты алдын ала білсе керек 1978 жылы сәуірде АХДП-ның біраз мүшелерін қамауға алды, бірақ бұл оған көмектесе алған жоқ.

1978 жылы 27 сәуірде Ауғанстан әскери әуе күштерінің Басқолбасшысы полковник *Абдул Қадыр* билікті басып алып, М.Даудты биліктен тайдырды. Бірақ көп ұзамай М.Дауд қаза болады. АХДП-ның басшылары түрмеден босатылды. Ауғанстандағы жоғарғы билікті басқару үшін Революциялық кеңес құрылды. Оны *Н.М.Тараки* басқарып, оның орынбасары *Б.Кармаль* болды. *Х.Амин* сыртқы істер министрлігі мен қауіп-

сіздік комитетін басқарды, ал қорғаныс министрі А.Қадыр болды.

1978 ж. сәуірдегі революция және Азамат соғысы.

Ауғанстан халқының көпшілігі елдегі жағдайды төңкеріс деп қабылдады, яғни биліктің АХДП-мен байланысы бар бір тайпалық тобын (дурран), екінші топқа (гильзай) бағынуы деп түсінді. Әкімшіліктегі «кірісті орынға» тез арада талас басталды. Ал шындығында Ауғанстанда ешқандай қайта құру болған жоқ.

Елдегі оппозицияға қарсы қатал репрессия басталды. 1978 жылы шілденің өзінде-ақ «Парчам» фракциясы «қастандықты ашамыз» деп жариялады, бірақ көптеген белсенділер қамауға алынды, ал саяси көшбасшыларының бірі Б.Кармальды Чехословакияға елшілікке жіберіп, біртіндеп *Х.Амин* барлық билікті өз қолына алды. *1979 жылы қыркүйекте* ол *Н.М.Тараки*-ді өлтіріп, елдегі «контрреволюцияны» басу үшін КСРО-дан әскери көмек сұрайды. *Х.Амин* дінге қарсы шықты, оның ұраны: «Құранды жұғындыға лақтырындар!», «Мен бүкіл ауғандықтарға Маркс пен Ленинді ғана оқуға көндіремін!» деген сөздер болды. Қарсыластық бүкіл елді қамтыды, оппозиция әскері Кабулға қарай жылжыды, олар қаланы жан жағынан жауып тастады. Осыған байланысты 1979 жылы 27 желтоқсанда Кеңес армиясы Ауғанстанға кірді, осы жылдары *Х.Амин* қаза болып, Революциялық кеңесті Б.Кармаль басқарды.

Алғашқы кезден-ақ *Х.Амин* қамауға алған адамдардың барлығы түрмеден босатылды. Кеңестік әскер Ауғанстанның оңтүстік-батысына орналасты. Ауғанстандағы Кеңестік армияның қызметін «Ислам конференциясы» ұйымы сынға алды. Ал АҚШ Пәкістанға және Ауғанстандағы оппозициялық күшке көмек көрсетіп отырды.

Х.Амин қайтыс болғаннан кейін Кабулдағы саяси жүйе жұмсара бастады: үкімет тайпа көсемдерімен қарым-қатынасты жақсартпа бастады, мектептерде дінді оқыту, теледидардан діни бағдарламаларды көрсету, мешіттер салу қайта қолға алынды. Сондай-ақ, елдің премьер-министрі болып *Сұлтан Әли Кештманд* тағайындалды (ұлты хазар).

Ел саясатына Кеңес Одағының араласуы кері әсерін тигізді. Біріншіден, ауғандықтардың наразылығы тез байқалды, өйткені елде «кәпірлер» пайда болды деген түсінік қалыптасады, бірақ дәстүр бойынша ауғандықтар уақытша ішкі шиеленісті ұмытып, ортақ жауға қарсы бірге күресулері керек болды. Екіншіден, соғыс жағдайына байланысты жүргізілген шаралар еш нәтиже берген жоқ; сондай-ақ, кеңестік көмекке қарамай-ақ елдегі экономикалық жағдай өте нашар күйінде қалды: баға өсті, көптеген жанұялар асыраушыларынан айырылғандықтан, өздерін қамтамасыз ете алмай қалды, халықтың күн көрісі нашарлап кетті, елде бұрын соңды болмаған ашаршылық басталды.

Елдегі жағдайды «Хальк» және «Парчам» фракциялары арасындағы бәсекелестік одан әрі шиеленістіріп жіберді, сонымен бірге мемлекеттік аппаратта күшті паракорлық етек алды.

АХДП-ның қарсыластары - «моджахедтер» елдің көп территориясына бақылау жасады. 5 млн. жуық адам Ауғанстаннан тыс жерлерге босқын болды. 1982 жылы БҰҰ басқа елдердің Ауғанстан ісіне араласуларын шектеуге талпыныс жасайды, бірақ ол еш нәтиже берген жоқ.

Бұған 1985 жылы сәуірде СОКП ОК Бас хатшысы болып тағайындалған *М.С. Горбачевте* ат салысты. 1986 жылы мамырда ел басшысы Б.Кармалдың орнына *Мұхаммед Наджибулла* келді, бұрынғы қауіпсіздік қызметінің басшысы болған ол өте қатал және табанды болатын. М.Наджибулла-пуштун, ең көрнекті ахмадзай тайпасынан шыққан. Ол әрбір командирлермен жеке-жеке келіссөз жүргізіп, соғыс қимылдарын тоқтатуды талап етті. Мұның өзі жақсы нәтиже берді. Кабулда соғысты тамамдаған жауынгерлердің лагері пайда болды. 1987 жылы АХДП-сы соғысты тоқтату туралы хабарлады, ал КСРО әскері елден шығуды қолға алды.

1988 жылы 14 сәуірде КСРО, АҚШ, Ауғанстан және Пәкістан арасында саяси келісімге қол қойылды: ол бойынша 1989 жылдың ақпанына дейін КСРО әскері Ауғанстаннан шығарылуы, АҚШ және Пәкістан бүлікшілерді қару-жарақпен қамтамасыз етуді тоқтатулары керек болды.

1990 жылдардағы Ауғанстан. 1991 жылы қыркүйекте кеңес-американ жағы біріккен жарғы жасады. Онда Ауғанстандағы барлық шиеленістер 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатылуы керек болды. Бұл М.Наджибулла режиміне жаңа жағдай қалыптастырды. Ол билігін сақтап қалу үшін БҰҰ-нан көмек сұрады.

1992 жылы көктемде БҰҰ ауғандық мәселеге байланысты жоспар жасады: онда М.Наджибулла үкіметі отставкаға кетуге мәжбүр болды және еркін сайлау жүргізу үшін бейтарап кабинет құрылуы керектігі айтылды. Бірақ моджахедтер балық билікті өздеріне беруді талап етті.

1992 жылы наурызда өзбек генералы *Аудурашид Дустумның* бүлігі М.Наджибулла режиміне әскери қолдау көрсетуді шектеді. 1992 жылы 20 сәуірде ол Ауғанстаннан кетуге тырысты, тіпті шиеленісті қолға алу үшін Кабулға БҰҰ-ның Бас хатшысының арнайы өкілі Обенон Севан ұшағы келді. Алайда астанадағы билікті сыртқы істер министрі *Абдул Вақиль* басып алып, М.Наджибуллаға елден қашуға мүмкіндік бермей, ол Кабулдағы БҰҰ-ның бір офисінде жасырынуға тура келді. Ал 28 сәуір күні Ауғанстан астанасына моджахедтер әскері басып кірді.

Билік АХДП-сы режиміне қарсы барлық топтардан құрылған Джихад Кеңесі қолына көшті. Ел Ауғанстан Ислам мемлекеті деп аталды. Барлық зайырлы заңдар жойылды. 1992 жылы 28 маусымда *Б.Раббани* Ауғанстанның уақытша президенті болды. Елде басшылықты алты ай сайын ауыстырып тұруға келісілді, бірақ Б.Раббани билікті өз қолынан жібермеу керектігін түсінді. Бұл ескі қайшылықтардың шиеленісуіне алып келді, соның ішінде этникалық, өзбектер мен хазарлықтар арасында сепаратистік жағдай күшейді. 1992 жылы тамызда моджахедтер әскеріне қарсы кең көлемде әскери қозғалыс болып, қалалар қирап, адам шығыны көптеп орын алды. Дипломатиялық миссиялар Кабулдан кетті. 1992 жылы 30 желтоқсаннан бастап *Б.Раббани* (ұлты тәжік) елде тағы екі жыл президент, ал премьер-министр *Г.Хекматияр* (пуштун) болды. 1993 жылы 10 қаңтарда парламент қайта шақырылды. Алайда, әскери қозғалыс

тоқтаған жоқ. 1993 жылы наурыздағы соғысты тоқтату туралы Исламабадтағы келісім де еш нәтиже берген жоқ.

1994 жылы қыркүйекте күреске жаңа саяси күш қосылды - Талибан қозғалысы. Оның басшысы *Мұхаммед Омар молда* елдегі азамат соғысын тоқтатып, Ауғанстанда ислам тәртібін орнатуды қолға алды. Талибан қозғалысының бастаушы күші пуштундар мен тәжіктер болды. Талибтар бастапқы кезде Кандагарды басып алды, сосын елдің басқа аудандарына қарай жылжыды. Б.Раббани оларға қолдау көрсетіп отырды. Талибтар Джелалабадты алды, сосын олар 1996 жылы қыркүйекте Кабулға кіріп Ауғанстанды ислам әмірлігі деп жариялады.

Мұнда олар *Г.Хекматиар* әскерін талқандады, сосын М.Наджибулламен есеп айырылысып, БҰҰ-ның қызметкерлері өлтірді. Талибтарға қарсы басты күш Пандшер жазығындағы *Ахмед-шах Масуд* әскері болды, (ол 2002 жылдың басында лаңкестік оқиға нәтижесінде қаза болды). Оның қарулы әскері нақты қозғаушы күшке айналып, 1998 жылы күзде Ауғанстанның 90% территориясын өз бақылауларына алды. Ал талибтар қозғалысына қарсы А. Достум әскері талқандалды.

Ауған қоғамын исламдауға байланысты Талибтар қатал шаралар қолданды. 1997 жылдың өзінде Кабул университетінің 70% оқытушылары жұмыстан босатылды. Темекі шегуге, карта ойнауға, билеуге, ән, музыкаға, кино және теледидарға тыйым салынды, сонымен бірге 9 жастан асқан қыздарды мектепте оқытуға да тыйым салынды.

Осыдан кейін дәстүр бойынша талибтардың елді біріктіруге мүмкіндігі бар ма? деген сұрақ туады. Кабулдағы талибтар режимін әлемдік қауымдастық сынға алды, яғни онда Ауғанстан лаңкестіктің ең жоғарғы деңгейімен танымал болды. Усама бен Ладен ауғандықтарды дұрыс жолдамыз деп сенімділікке шақырды.

2000 жылы күзде миссиялық идеясын таратты және Орталық Азия елдерінде: Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстанда нақты исламды құруды мақсат етті.

2001 жылы 11 қыркүйекте болған АҚШ-ғы лаңкестік оқиғаны исламдар, талибтар жариялады деп, атап көрсетілді. Ауғанстанда лаңкестерге қарсы операция басталды: талибтар ре-

жимі жойылды, штаб-пәтерлері жабылды, елге халықаралық әскерлер түсірілді. Алайда негізгі күш «Әл-Каид» Ливанға қашып кетті.

2002 жылы маусымда бүкілауғандық лоя джирга болып, *Хамид Карзай* (пуштун) Ауғанстанның президенті болып тағайындалды. *Б.Раббани* және Ауғанстанның бұрынғы патшасы *Мұхаммед Закир-шах* елге қайта оралды, Б.Раббани парламентті басқарды. Ең көрнекті саяси қайраткер, пуштун *Г.Хекматиар* оппозицияға кетті.

Қазіргі кезде ауған үкіметі елдегі жағдайды тұрақтандыруды қолға алуда. Халықаралық қарулы күштер елдегі «Әл-Каид» ұйымының содырларының қалдықтарын жоюда.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ауғанстан қай жылы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды?
2. Аманулла-хан қай үкіметте қандай саясат жүргізді?
3. 1926 ж. Ауғанстан КСРО мен қандай келісімге қол қойды?
4. Ауғанстанда «Сәуір революциясы» қай жылы болды?
5. КСРО әскерін Ауғанстанға не үшін кіргізді?
6. Ауғанстанда Аманулла-ханның Манифесті неге арналып жазылды?
7. Мұхаммед Заир-шах режимі қандай саясат жүргізді?
8. Мұхаммед Дауд билігі тұсындағы Республика саясатын анықтаңыз.
9. Ауғанстандағы көшбасшы партияларды атаңыз.

6-тарау

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ СОЛТҮСТІК АФРИКАЛЫҚ ЕЛДЕР

§ 17. Египет

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің жағдайы. Египет сонау *Мұхаммед Әли* реформалары (1769-1849) кезінен-ақ Шығыстағы ең дамыған елдердің қатарында болатын. Осман империясына немқұрайлы түрде ғана тәуелді болған Египет мемлекеттік секторда өнеркәсіп құрылыстарын белсенді түрде жүргізді. Ауылшаруашылық өндірісін табысты дамытты, үкіметтік монополияда экспорт саласын ұлғайтты (мақта, қант, бояу), тұрақты армия және орталықтанған әкімшілік аппарат құрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Египеттің қарулы күшін Англия Палестина мен Сириядағы түріктерге қарсы соғысқа пайдаланды. Ал соғыстан кейін ел ағылшын басқаруына өтті. Осы соғыстан кейін Египетте *Саад Заглул* бастаған «Вафд» партиясы белсенді саясат жүргізді. 1918 жылы бұл партия елге тәуелсіздік беру туралы талаптарын алға тартты. Елде ағылшын отаршылдық үстемдігіне қарсы күшті қозғалыстар басталды.

Сонымен, 1922 жылы 28 ақпанда Египет тәуелсіз мемлекет деп жарияланды және Суэц каналын өз жақтарында қалдырды. 1923 жылы 19 сәуірде жаңа Конституция қабылданды, ол бойынша Египет конституциялық монархия болып, елді I Фуад басқарды, бірақ оның билігін «Вафд» партиясының көшбасшыларынан құралған парламент және министрлер кабинеті шектеп отырды.

1929-1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыс салдарынан ел өте ауыртпалықты бастан кешірді. Өнеркәсіптің басты салалары мақта және қант өндіру жұмыстары нашарлады. Елде ереуілдер етек алды. 1930 жылы елді премьер *Исмаил-Сидки-паша* басқарып, ал 1936 мамырдағы сайлаудан кейін үкіметті Наххас-паша басқарды. Осы жылы Египет 20 жылға Англиямен келісімге қол қойды. Ол бойынша Суэц каналы маңындағы және

Каир мен Александриядағы ағылшын әскері шығарылды. 1937 жылы Египет Ұлттар Лигасына мүше болып қабылданды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Египет ағылшындар жағында болды. Мұнда ағылшын әскери қолбасшылығы орналасып, Таяу Шығыстағы және Шығыс Африкадағы барлық одақтас армияларын қаруландырып отырды. 1940 жылы Италия әскері Эс-Соллумды бомбалай бастады. Ағылшындық әскери көмек оларды шегіндіріп тастады. Алайда біраз тыныштықтан кейін, 1942 жылы герман-итальян әскері қайта Египетке шабуыл жасады. Нәтижесінде Ніл, Суэц жағалауы мен Александрияға қауіп төнді. Эль-Аламейн жеріндегі ірі шайқас жеңіспен аяқталды. 1943 жылы Солтүстік Африкадағы герман-итальян армиясы толық жойылды. 1945 жылы Египет немқұрайлы түрде Германияға соғыс ашады және осы жылы БҰҰ-ның құрамына мүше болып кірді.

Монархияның жойылуы және Г.А.Насер билігінің орнауы. Египет 1922 жылдың өзінде тәуелсіздікке қол жеткізгенмен территориясынан ағылшын әскері шығарылған жоқ болатын, олар Суэц каналы аймағында ғана емес Каир және Александрия аудандарына да шоғырланды. Тіпті қаржы жүйесі әлсірегеннің өзінде Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Англия Египеттің қорғаныс күштерінде маңызды рөл ойнады: Англияның Египетке қарызы 400 млн. ф.ст. шамасында болды.

Ағылшын әскерінің Египетке бұлай үнемі тұрақтап қалуы бұл елдің үкіметін мазаландырдыра түсті, ал Англияның Египетке қатысты өз жоспары болатын, сондықтан Таяу Шығыста жақын арада кетуді мақсат еткен жоқ. Англия бұл аймақта араб мемлекеттері Лигасын құруды қарастырды. Ал Египет болса өз халқының саны жағынан көптігі мен экономикалық күш жігерінің басымдылығын пайдаланып, осы ұйымда көшбасшылыққа ие болуын алға тартты. Сонымен, 1944 жылы бес мемлекет (Египет, Сирия, Ирак, Ливан және Трансиордания) Александрия хаттамасына қол қойды, ал араб елдерінің Лигасы келісімшарты 1945 жылы наурызда бекітілді.

1946 жылы Англия Каир және Александриядан өз әскерлерін алып шығып, Египетпен келісімшарт жоспарын талқылауды

қолға алды, алайда іс өте баяу жүрді, ал 1948 жылы Египет парламенті одан мүлдем бас тартты. Осыдан кейін қиын кезеңдер басталды, 1951 жылы Батыс елдері Орталық Шығыс мемлекеттері үшін құрылатын Қорғаныс ұйымы жобасына Египетті және Суэц каналы аудандарындағы базаны да қоспақ болды. Бірақ бұл жобадан да Египет бас тартты, өйткені шетелдік әскердің канал маңын иемденуі ұлттық мүддені қорлау болып есептелді.

1951 жылы Суэц каналы маңында ислам әскерлерінің лаңкестік оқиғасы, ал 1952 жылы қаңтарда Каирда ағылшындарға қарсы күшті демонстрация болды. Осындай жағдайлар нәтижесінен 1952 жылы шілдеде офицерлер тобы Египет патшасы Фарукты биліктен тайдырып, монархияны жойды. Ал билік *Мұхаммед Нагиб* бастаған «Еркін офицерлер» ұйымының қолына көшеді. 1953 жылы маусымда Египет Республика болып жарияланды. Көп ұзамай 1954 жылы М.Нагибті 36 жасар полковник *Гемаль Абдель Насер* ауыстырды, сонымен бірге тап осы жылы қазанда Египеттен әскерлерін алып шығу туралы ағылшындармен келісімге қол қойылды.

Сыртқы саясатта Г.А.Насерді қатты мазаландырып отырғаны Израиль болды. 1955 жылы наурызда Египет армиясы Газада израильдықтардың соққысына тап болды, ал осыдан кейін Г.А.Насер шұғыл түрде қару-жарақ алудың көзін іздей бастады. 1950-ші жылғы АҚШ, Англия және Франция арасында болған үш жақты келісімде Батыстан қару алу жолын жауып тастаған болатын. Дегенмен, жаңа мүмкіндік те пайда болды: 1955 жылы қыркүйекте Насердің КСРО-дан чех қаруын алғаны туралы жариялады.

Насердің КСРО-ға бет бұруының тағы бір себебі Асуан бөгетіне қатысты мәселе болатын. Бұл жобаның мақсаты бойынша Египет өңделмелі жерді 860 мың га. көбейтуді қолға алды, ал экономикалық жағынан даму үшін электр қуаты өндірісін шешіп алу керек болды. Сарапшылардың бағалауынша құрылыстың жалпы құны 1,4 млрд. долл. құрады. Қаражаттың бір бөлігін АҚШ және Ұлыбритания берулері керек болатын. Алайда 1956 жылы бұл елдермен келіссөз еш нәтиже бермеді, АҚШ және Ұлыбритания бұл жобаны қаржыландырудан бас тартты.

Бұған жауап ретінде Г.А.Насер 1956 жылы 26 шілдеде Суэц каналын мемлекет қарамағына өткізу туралы жариялады.

Сонымен, ағылшын-француз әскерінің Египетке қарсы басқыншылығы басталып, оған Израиль да қосылды, нәтижесінде Синай түбінде мысырлық армия жеңіліс тапты. Бұл жағдайдың қорытындысы бойынша Англия және Франция канал маңынан өз әскерлерін шығаруларына тура келді. Ал үгіт-насихат науқанының табысты жүргізілу салдарынан КСРО Таяу Шығыста өз беделін күшейте түсті.

Г.А.Насер «Маркстік үлгі бойынша Египетте социализм құрылысын орнату» туралы жариялады. Суэц каналын мемлекет қарамағына өткізу Египет басшысының беделін көтеріп, КСРО-ға бағыт ұстануын анықтап берді, яғни олар Египет армиясын тек қару-жарақпен қамтамасыз етіп қана қоймай, қаржылай қолдау көрсетуге де уәде берді. 1956 жылы Египет ҚХР-сын мойындайды, ал 1957 жылы желтоқсанда КСРО-ны Каирда болатын африкалық және азияттық халықаралық конференцияға қатысуға шақырды. 1958 жылы сәуір-мамыр айларында Г.А.Насер КСРО-ға ресми сапармен барып қайтты. 1958 жылы 1 ақпанда Біріккен Араб Республикасын (БАР) құру туралы жарияланды, яғни оның құрамына Египет және Сирия кірді, ал көп ұзамай оған Йемен қосылды. Осы өтпелі кезеңде республика екі ауданнан тұрды - солтүстік (Сириялық) және оңтүстік (Египеттік). БАР-ның астанасы Каир, ал президенті *Г.А.Насер* болды.

Әкімшілік және экономикалық реформалар. «Алты күндік соғыс». 1960-шы жылдары египеттік үкімет кең көлемдегі ұлттандыру саясатын жүргізді. Суэц дағдарысынан кейін-ақ 1957 жылдың өзінде елдегі ағылшын және француз банктері мемлекет қарамағына өткен болатын, ал мұның артынша 182 млн. египеттік фунд құны бар сауда, транспорт және басқа компаниялар да мемлекет қарамағына өтті. Ескі шетелдік капиталды ығыстырып, үкімет әртүрлі жеңілдіктермен АҚШ, ГФР, Жапония және т.б. жаңа салымшыларды өзіне тартты. 1960 жылы үкімет ел қаржысында шешуші рөлдегі ірі банктерді мемлекет қарамағына өткізді. 1961-1964 жж. ұлттандыру деректеріне сай бүкіл өнеркәсіп өндірісі, несие-банк жүйесі, транспорт сала-

сының 85% мемлекет қарамағына берілді. Сонымен қатар жаңа аграрлық заң қабылданды, ол бойынша жер иелену 200-ден 100 федданға қысқарды (1969-50 феддан). 1964 жылы тартып алынған жерлері үшін ауқатты шаруаларға жәрдем ақша беру жойылды.

Осы кезде еңбекшілердің жағдайын жақсартатын заң да қабылданды: 42 сағаттық жұмыс аптасы, жұмысшыларға бірінші рет жыл сайын ақшалай демалыс, зейнетақы, пәтерақы және емделу құны төленді, әлеуметтік сақтандыру жүйесі жақсарды. 1961 жылы қарашада реформа жүргізуге қарсы шыққан ескі Ұлттық жиналыс пен Ұлттық одақ таратылды. Ал 1962 жылы Халық Күштерінің Ұлттық конгресі – экономикалық, әлеуметтік реформа негізінен және жақын 10 жылға саяси бағдарламаның Ұлттық хартиясын қабылдады.

1964 жылы Египетте төтенше заңдар жойылды. Түрме және концлагерлердегі саяси тұтқындар, сонымен бірге коммунистер босатылды. 1964 жылғы жаңа Конституция бойынша Египет демократиялық социалистік мемлекет деп жарияланды, оның негізі ұлттық буржуазия, солдаттар, жұмысшы табы, шаруалар болды. Мұндай ішкі саяси табыстарға қарамай-ақ Египеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ауыр күйде болып, инфляция және жұмыссыздық көбейіп отырды. Осындай жағымсыз құбылыстар салдарынан Египет *«алты күндік соғыста» жеңіліс тапты*. 1967 жылы көктемде Таяу Шығыс аймағындағы саяси жағдай аяқ асты шиеленісіп нәтижесінде Израиль Египетті бомбалай бастады. Осы «алты күндік соғыс» қорытындысында Израиль Синай түбегін, Газа секторын, Иордан өзенінің Батыс жағалауын, Иерусалимнің шығыс бөлігін және Сирияның оңтүстігіндегі Голан жотасын басып алды.

«Алты күндік соғыста» жеңіліс тауып, ішкі саяси күрес шиеленісіп тұрса да таңдалып алынған саяси бағыт өзгерген жоқ. Алайда болашақ стратегиялық реформа ең мықты мемлекеттік қайраткер Г.А.Насердің қазасынан кейін үзілді. Президенттік орынды иемденген Анвар Садат алғашында біртіндеп, кейін толықтай Насер бағытынан бас тартты. Насердің жақтастары мемлекеттік аппараттан шектетілді. Мемлекеттік сектор-

дың бір бөлігі жекеменшік қолына өтті. Жекеменшік кәсіпкерлер мен шетелдік инвестицияға жақсы жағдай жасалды.

Президент А.Садаттың жаңа бағыты. 1973 жылы *Анвар Садаттың* бастамасымен үшінші араб-израиль соғысы басталды, яғни оның мақсаты «алты күндік соғыста» Израиль тартып алған жерлерді қайтарып алу және араб әлемінде египеттік жаңа үкіметтің беделін көтеру болатын. Бұл соғыста бастапқы кезде египеттік және сириялық әскерлер үлкен табыстарға жетті. Израильдықтар көптеген әуе күштері мен танкілерінен айырылды, адам шығыны да өте көп болды. Сонымен, қатты қиналған израильдық Қарулы күшке АҚШ «әуе көпірін» салып берді.

1974 жылы 18 сәуірде А.Садат «Қазан құжатын» жариялады, онда ашық есік саясатының («интифах») негізгі қағидалары айтылды, ол бойынша елде шетелдік капитал еркін айналымға еніп, нарықтық шаруашылыққа өту туралы айтылады. «Интифах» елдің экономикалық өмірін жақсартқанмен (әсіресе үй құрылысы, банк ісі және мұнай саласы) экономика «гажайып» дами қойған жоқ. Сонымен бірге жаңа экономикалық дағдарысы 70-ші жылдардың соңында жұмысшылар мен студенттердің жаппай ереуіліне алып келді.

Сыртқы саясатта да түбегейлі өзгерістер болды. Америкаға қарай бағыт ұстанған Садатқа басқа араб мемлекеттері теріс айналып кеткендіктен, ол Израильмен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. 1975 жылы осындай келіссөз нәтижесінен Синай түбегінің көп бөлігі Египетке қайтарылды. АҚШ президенті *Картердің* араласуымен келіссөздің негізгі бөлімі 1978 жылы Кэмп-Дэвид келіссөзінде қарастырылып, соңғы нұсқасына 1979 жылы наурызда қол қойылды, онда қандайда бір араб елдерінің Израильмен шиеленісі болса да тыныштықты сақтау, Израильға мұнай тасымалдау және дипломатиялық байланыс орнату туралы айтылды. Барлық араб елдері Садаттың бұл қадамына наразылық танытты. Египетпен дипломатиялық байланысты үзіп, мұнайды экспортқа шығаратын Араб елдері ұйымынан шығарылды.

Сонымен бірге ішкі саясатта да өзгерістер орын алды. 1976 жылы Араб социалистік одағы үшке бөлініп кетті: Либе-

ралды социалистік партия (ЛСП), Ұлттық дамушы партиясы (ҰДП) және Араб социалистік партиясы (АСП). ЛСП ұлттық буржуазия мүддесін қорғап, жеке меншік секторды дамыту үшін, ал ҰД партиясы Насер бағытын жалғастыру үшін күресті. АСП үкіметтік партия болды, ол көпшілік қолдауына ие болып, 1976 жылғы парламенттік сайлауда жеңіске жетті.

Мұндай көп партиялы жүйе құру немқұрайлы түрде еді, елде оппозицияны шектейміз деп жүріп, әртүрлі саяси ұйымдар пайда болды (Жаңа Вафд, Ұлттық майдан т.б.). 1980 жылы көктемде «Египеттің отан сүйгіштер майданы» ұйымы құрылып оның құрамына көптеген оппозициялық топтар кірді. Ал 1981 жылдың екінші жартысында белгілі болғандай жағдай тығырыққа тірелді. 1981 жылы қыркүйекте Садат өзінің барлық саяси қарсыластарына қуғын-сүргін науқанын жүргізе бастады. ҰДП мүшелері, коммунистер және белсенді мұсылман қоғамдары қайраткерлерінің көпшілігі тұтқындалды, діни басылымдарды шығаруға тыйым салынып, көптеген мешіттерге бақылау қойылды. Бұл елдегі шиеленісті одан әрі тереңдете түсіп, нәтижесінде 1981 қазанда болған әскери шеру кезінде А.Садат мұсылман батыл шараларды қолдаушылардың қолынан қаза болды.

XX ғасырдың соңы XXI ғасырдың басындағы Египет. Х.Мубарак. Египет Араб Республикасындағы президентік орынға вице-президент *Хосни Мубарак* келіп, ол Садат бағытын одан әрі жалғастырушыға айналды. Мубарак елдегі саяси партия және ұйымдармен ортақ тіл табысуға талпыныс жасады, бірақ одан ештеңе шықпады. Дегенмен, елде сайлау жүріп, Ұлттық-демократиялық партия және Жаңа Вафд партиялары біршама дауысқа ие болды.

1987 жылы араб елдерімен қарым-қатынас жақсарып, Египет Араб мемлекеттерінің лигасына қайта мүше болып кірді. КСРО-мен жағдай жақсарып, батыстық елдердің қолдауына ие болды, бірінші кезекте АҚШ.

1990-шы жылдары экономикалық, әлеуметтік реформалар жүргізілді, нарықтық қатынасты, өнеркәсіп, ауылшаруашылық және инфрақұрылымды тез дамыту қолға алынды. 1998 жылы

Египеттің ұлттық кірісі 253 млрд. египеттік фундты құрады (70 млрд. долл.), ал оның 70% жеке меншік секторға тиесілі болды. Ауыл шаруашылық кірісі-17%, өнеркәсіп-25%, сонымен бірге ауылшаруашылығы көбіне азық-түлік шығарып отырды. Тауар айналымы 18,5 млрд. долл, соның ішінде экспорт-3 млрд. долл., импорт-15,5 млрд. долл. жетті.

Мубарак өз кезінде Садаттың қателіктерін қайталамауға тырысты. Ол Садаттың туыстары мен министрлерін парақорлар деп айыптап, үкіметтен кудалай бастады, ал түрмедегі оппозиция өкілдерін босатып, тыйым салынған газеттерді қайта шығаруға рұқсат берді. 2000 жылдың соңына дейін Х.Мубарак Саяси бюро және хатшылықтағы өз партиясы мүшелерінің құрамын ешқашан өзгерткен емес. Осындай саяси тоқырауда тек исламшылдар ғана белсенді саясат жүргізді. Олардың ішінде «Мұсылман ағайындар» дегенмен парламентте өз депутаттары, өз банктері, өз газеттері және т.б. бар олар бұрынғыға қарағанда біршама тыныштала бастады. Кейбір исламшылдар бейбіт өмірде де ымырағы келе қойған жоқ, олар лаңкестікті жалғасыра берді, тіпті Мубарактың өзіне де қастандық жасау ұйымдастырылды.

2011 жылы қаңтар айында Египетте үкіметке қарсы үлкен ереуілдер етек алды. Каир және Александрия және басқа ірі қалаларда болды. Үкімет саясатына наразы болған халық *Х.Мубарактың* бастапқы кезде отставкаға кетуін талап еткен болатын, ал кейін бүлікшілер оны жақтастарымен бірге тұтқындауды талап етуде.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1919 ж. Египеттегі көтерілістің мақсаты не болды, қорытындысы?
2. Біріккен Араб Республикасы не үшін құрылды?
3. Гамель Абдел Насер қандай саясат жүргізді?
4. Суец каналын «Ұлтандыру» қалай жүргізілгенін анықтаңыз.
5. Анвар Садаттың жаңа бағыты қай мемлекетке негізделді?

6. Кеңес Одағы мен Египет Араб Республикасының «Ұзақ мерзімді достық-ынтымақтастық шартына» қол қойылуы?
7. Хосни Мубарак қандай саясат жүргізді?
8. Х.Мубарактың саясатына қарсы саяси дағдарыс не үшін басталды?

§ 18. Алжир

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Алжир. XX ғасырдың басында да Алжир Францияның ең маңызды және ең үлкен отары болып қала берді. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Алжир Францияға азық-түлік және тағы басқа керек жарақтармен көмек көрсетіп отырды. Ал соғыстан кейін ұлт-азаттық қозғалысының белсенділігі салдарынан 1918 жылы 260 мың алжирлықтар отандарына оралды. Елде отарлық билік саясатына қарсы революциялық идеялар пайда бола бастады. Бұған 1918-1920 жылдары Түркия, Египет, Сирия, Ирак және басқа араб елдерінде болған отаршылдыққа қарсы күшті саяси оқиғалар да әсер етті. Отаршылдардың елден азық-түлік пен шикізатты өз елдеріне қарай тонаушылықпен тасымалдауы халықтың наразылығын одан әрі күшейте түсті. Осындай жағдайларға байланысты француз үкіметі 1919 жылы арнайы декрет қабылдауға уәде берді. Сол үшін алжирлік жериеленушілер, көпестер, интеллигенция өкілдері, шенеуніктер, сонымен бірге бұрынғы әскери қызметкерлер бұл декрет арқылы өзін-өзі басқару ұйымына сайлау құқығына ие болмыз деп үміттенді. Бірақ олар тең құқылы бола алған жоқ, арабтар - тәуелді, ал Алжирде өмір сүріп жатқан француздар - Францияның азаматтары болып қала берді. Сонда да жергілікті халықтың құқығын шектейтін «жергілікті кодекс» нәсілдік дискриминацияға алып келді. Ол әсіресе жұмыспен қамту кезінде ерекше байқалып отырды.

Нәтижесінде 1919 жылғы декрет алжирліктерге ешқандай өзгеріс алып келген жоқ. Өз құқықтарын бейбіт жолмен қолға аламыз деп отырған алжирлік буржуазия да бұған қанағаттана қойған жоқ. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары француз армиясында офицер болып, ал 1920 жылы «Ерлік» («Икдам») газе-

тін шығарып «Жас алжирліктер» партиясын құрған Әмір Халид елге оралды. Ол Алжирдің ұлттық батыры *Абд әл-Кадирдің* немересі болатын. Партия алжирліктерден француздармен бірдей тең құқығын, нәсілшілдікті жою, Алжирдің жергілікті халқын Франция парламентіне ұсыну, баспа мен саяси ұйымдар бостандығы туралы талаптар қойды.

1920 жылы Француз коммунистік партиясында алжирлік федерация құрылды. Бастапқы кезде олардың Алжир халқымен нақты байланыс бола қойған жоқ, тек 1920-шы жылдардың соңына қарай федерация арабтарды өз жақтарына тарта бастады. 1926 жылы наурызда Франция коммунистік партиясының қолдауымен «Солтүстік африкалық жұлдыз» деп аталатын алжирлік жұмысшылардың ұлттық-революциялық ассоциациясы құрылып, төрағасы *Әмір Халид* болды. Олардың мақсаты солтүстік африкалық мұсылмандардың материалдық, рухани және әлеуметтік мүддесін қорғау болатын. Алжирдің тәуелсіздігі үшін жұмыс жүргізген бұл «жұлдыздың» қызметін 1929 жылы тоқтатып тастайды, алайда олар кейінгі жылдарда да жасырын түрде жұмыстарын жалғасытыруды тоқтатқан жоқ.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Алжир. 1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс Алжир экономикасына ауыр соққы болып тиді, фосфор мен темір өндіру азайып, ауылшаруашылық жұмысшыларының табысы төмендеп, жұмыссыздар саны күрт өсті. Төртжылдық қуаңшылықтан кейін малдың 80% қырылып, нәтижесінде малшы-шаруалар толығымен ойсырап қалды. Ал халықтың тағы бір бөлігі күн көріс жағдайымен Францияға қоныс аударды. Капиталистік қатынаста дамып келе жатқан ауылдық жерлерде шаруалардың көп бөлігі жерлерінен айырылды. 1930 жылдың өзінде жер иеліктері бар алжирліктер саны 600 мың, ал жалгерлер саны 713 мың адамға жетті.

Өңделмелі жер мен шикізаттың қысқаруы, жаппай жұмыссыздық пен аштық жергілікті халықтың жағдайын тым нашарлатып жіберді. Әлеуметтік және саяси қиыншылықтардың шиеленісуінен елде жұмысшы мен шаруалар ереуілінін орын алуына алып келді. Осы кезде Алжир коммунистік партиясының

қызметі белсенді жүрді. Алайда, әртүрлі типтегі фашистік топтар шыға бастады, герман-итальяндық арнайы қызметкерлердің қолдауына сүйенеміз деп жоспарлады.

Елде ең күшті беделге ие болған Алжирлік улем-реформаторлар ассоциациясы болды, оның мүшелері 1931 жылы құрылып, арабтілді әдебиетшілер және діни қызметкерлерді біріктіріп ұлттық мәдениетті дамытады. Олар: «Менің отаным-Алжир, менің дінім-ислам, менің тілім-араб тілі» деген ұран көтерді. 1936 жылы Францияда билік басына Халық Майдан үкіметі келген кезде алжирліктерге бірқатар демократиялық бостандықтар берілді (саяси ұйымдар мен кәсіподақтар құру, ақылы демалыс, 40 сағаттық жұмыс аптасы т.б.). Алайда, оңшыл партиядағы кертартпа сенаторлар мен депутаттар және еуропалық отаршылдар елдің дамуына мүмкіндік бермеді. *Л.Блюм* кабинетінің қабілетсіздігі ұлт мүддесін қорғаушылар талабын қанағаттандыра алған жоқ, нәтижесінде 1938 жылы Мұсылмандар конгресі ыдырап кетті. Елде ұсақ қала буржуазиясы, студенттер және жұмысшылардан «Алжир халқының одағы» партиясы құрылып, оларда отаршылдыққа қарсы саясат жүргізді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Алжир.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде француз үкіметі соғыс жағдайын сылтауратып Алжир халық партиясы және Алжир коммунистік партиясының жұмысын тоқтатып тастайды. Сонымен бірге Түземдік федерация және 1938 жылы құрылған Алжир халқының одағы да ыдырап кетеді, ал олардың басшылары *Мұхаммед Бен Жаллул*, *Фархат Аббас* метрополияны қолдап армия қатарына қосылды. Отарлық әкімшілікпен қызметтес болудан бас тартқан улем-реформаторлар ассоциациясының көшбасшылары шейх *Абд әл-Хамид Бен Бадис* және оның ізбасары *Башир әл-Ибрахим* қудалауға түсті.

1940 жылы маусымда Франция тізе бүккенен кейін елдің қожайыны герман-итальяндық комиссия болды. Берлиннің тапсырмасы бойынша Вишидің қуыршақ үкіметі француздық Батыс Африка мен Алжирдің Оран портын жалғастыратын темір жол құрылысын бастайды, ондағы басты мақсат мұндағы табиғи шикізат көзін енді немістердің пайдалануы болатын. Германия

мен Италияға Алжирден фосфор, қара және түсті металл, азық-түлік тасымалдау нәтижесінде 1942 жылы елдегі тауар құны 2 еседен жоғары өсіп кетті.

Ел кедейлік күй кешіп жатса да фашистерге қарсы генерал *Ш. де Голльдің* Қарсыластық қозғалысына да көмек көрсетуін тоқтатқан жоқ. Фашистерге қарсы қозғалыс ауқымы кеңейе бастаған 1943 жылы маусымда генерал де Голль Француз ұлт-азаттық комитетін құрады, ал 1944 жылы ол "Францияның уақытша үкіметі" деп аталып, Алжирден Францияға ауысады.

1940-1944 жж. метрополияның әлсіздігін пайдаланып Мұхаммед Бен Жаллул және Фархат Аббас француз әкімшілігіне 1942 жылы «Мұсылман өкілдерінің ұсынысын», 1943 жылы ақпанда «Алжир халқының манифесін», 1943 жылы мамырда «Реформа жобасын» жібереді. Онда түрме және концлагерлердегі саяси тұтқындарды босату, азаматтық және саяси бостандық кепілдігін автономды алжирлік мемлекеттің конституциясын бекіту үшін болашақта Құрылтай жиналысқа сайлау өткізу туралы айтылды. Бірақ француз ұлт-азаттық комитеті бұл талаптарды орындаудан бас тартады. «Алжир халқының манифесіндегі» қағидаларын өзгертпеген отансүйгіш ұлттық буржуазия Фархат Аббастың бастамасымен 1944 жылы наурызда «Манифестің достары және бостандық» ассоциациясын құрады. Оның құрамына айдаудан келген *Башир әл-Ибрахим*, Алжир халық партиясы, ұсақ қала буржуазиясы, студенттер, қолөнершілер, интеллигенция және жұмысшылар кіреді. Ассоциация шеңберінде жасырын түрде араб және француз тілдерінде газеттер мен үндеухаттар шығара бастайды, онда қоғамдық және мәдени бірлік туралы жазылып отырды.

1945 жылы 8 мамыр күні Сетиф және Гельм қалаларында алжирліктер бейбіт түрде ереуілге шығады, бірақ отаршылдар оларға оқ жаудырып, нәтижесінде бұл оқиға екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталу кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл бүкіл аймаққа тарап, отарлық үкімет армия бөлімшелерін, әуе, теңіз күштерін қайта құрып 1945 жылы 16-17 мамыр күні көтерілісшілерді жаппай қырып-жойып, 40 мың алжирліктер қаза болады. «Манифест достары мен бостандық» ассоциациясының қызметі

тоқтатылды. Бұл мамыр оқиғасы алжирлік белсенділерге тек ауыр жеңіліс қана емес, алдағы ұлт-азаттық саяси күрес үшін маңызды сабақ болды.

Соғыстан кейінгі ұлт-азаттық күрес. 1945-1947 жж. елдегі саяси өмірдің алдыңғы қатарында Алжир коммунистік партиясы, сонымен бірге жергілікті федерация жанынан құрылған Француз-мұсылман демократиялық одағы болды. 1946 жылы наурызда Алжирлік манифестегі демократиялық одақтың алдыңғы қатарлы көшбасшысы Ф.Аббас Алжир конституциясының жобасын жасап, онда Франция федерациясы шеңберінде өздерінің Министрлер кабинеті және заң шығару жиналысы бар автономды республикасын құру туралы айтады. Алайда оны Париж қабылдамай кері қайтарып жіберді. 1946 жылы жасырын Алжир халқының партиясы негізінде "Демократиялық бостандыққа жету үшін" деп аталатын ұйым құрып, олар ішкі қайшылықтарға қарамай-ақ ол көптеген алжирліктерді өз маңына топтастыра білді.

1950 жылы көктемде арнайы жасырын ұйымды полиция біліп қойып, оның мүшелерін 1951 жылы әртүрлі мерзімге түрмеге қамайды. Алайда, 1952 жылы Қозғалыстың белсенді мүшелерінің біразы түрмеден қашып шығады. *Бен Белла* және *Махсас* Египетке қашып барып, Каирда өз штаб-пәтерлерін құрды. 1954 жылы шілдеде құрамында *Бен Мхид*, *Битат*, *Будиаф*, *Дидуш* және партизандар әскерінің командирі Аурес Бен Буланд Революциялық ұлттық кеңес құрады. Кейін оларға партизан басшылары Кабили Белькасем Крим, шетелдік эмиграциядағы көшбасшылар Айт Ахмед, Бен Белла, Хидер қосылады. Соңғыларына дипломатиялық қолдау және әскери-техникалық көмекпен қамтамасыз етіп отыру жүктелді. Көп ұзамай Ұлттық кеңес Ұлт-азаттық майданға біріктіреді және Ұлт-азаттық армия да соның қарамағына өтті.

1954 жылы 1 қараша күні түнде Ұлт-азаттық майдан елдің оңтүстік-шығысында көтеріліс бастайды. Мұнда оларға таулы аудандардағы кедей шаруалар, буржуазия, пролетариат және студенттер қолдау көрсетеді. 1956 жылы тамызда Суммам жазығында Ұлт-азаттық майдан басшылары және партизан коман-

дирлерінің съезі болып, онда күрестің басты мақсаты Алжирдің тәуелсіздігі деп жарияланды. Сонымен қатар демократиялық-элеуметтік республика құру, аграрлық реформа жүргізу, өнеркәсіп орындарының негізгісін мемлекет қарамағына өткізу, алжирліктер мен еуропалықтардың тең құқығы туралы мәселелер қаралды.

Ұлт-азаттық армияның қарсыластығын жоюды көздеген ІҮ Республика үкіметінің саясаты 1958 жылы 13 мамырда отаршылдыққа қарсы еуропалықтар мен француздар армия басшылығының бүлігіне алып келді. Бұл Ш. де Голль билігіндегі Францияда Бесінші Республика режимінің орнауын тездетте түсті.

Алжир халқының тәуелсіздік үшін табанды күресіне басқа араб және социалистік мемлекеттер қолдау көрсетіп отырды. 1960 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Алжирдің тәуелсіздік құқығы туралы ұсынысын қабылдайды. Мұның алдында 1958 жылы қыркүйекте Ұлт-азаттық майдан Алжир республикасының эмиграциядағы Уақытша үкіметін құрып, оны Азия және Африка елдерінің көпшілігі мойындаған болатын. Алайда, отаршылдар алжирліктерге қарсы әскери қимылдарын тоқтатқан жоқ. Ұлт-азаттық армияны француз әскерлері Марокко және Тунис шекаралары жағынан жауып тастады. Шығын көлемі де өте көп болды: 9 млн. алжирліктер қаза болып, 2 млн. адам түрмеге жабылды, 9 мың қоныстар қирап, өртенді бұл оқиғаның өзі де халықтың бостандық үшін күресін тоқтатқан жоқ. 1961 жылы мамырда Алжир республикасының эмиграциядағы Уақытша үкіметі мен Франция арасында келіссөздер басталып, 1962 жылы 18 наурызда Эвиан келісіміне қол қойылды, әскери қимылдар тоқтатылды.

1962 жылы 5 шілдеде V Республика Алжирдің тәуелсіздігін мойындады. 1962 жылы 20 қыркүйекте Құрылтай жиналысқа сайлау болып Алжир *Халықтық Демократиялық Республикасының* (АХДР) құрылғандығы туралы жарияланды. Бірінші үкіметті *Бен Белла* басқарып, ал Қорғаныс министрі *Х.Бумедьен* болды. Сонымен, Алжир тәуелсіз мемлекетінің тарихы басталды.

Ұлттық мемлекет және Революциялық кеңес жылдарындағы Алжир. Сөйтіп, 132 жылға созылған жатжұрттықтардың үстемдігінен кейін жас егеменді мемлекет үлкен қиындықтарға тап болды. Алжир экономикасы көп шығынға ұшырады. 1962 жылы өнеркәсіп орындарының 90% дерлік жұмыс істемей тұрды. Терең дағдарыс транспортты, сауданы, қаржы және басқа шаруашылық салаларына зардабын тигізді. Елдегі 3 млн. жұмысқа жарамды алжирлік азаматтардың 2 млн. жұмыссыз күй кешті.

1964 жылы 8 қыркүйектегі референдумнан кейін АХДР-ның Конституциясы қабылданды. Ұлт-азаттық майдан партиясының ұсынысымен жалпы және құпия дауыс беру арқылы президент 5 жылға сайланды және бір уақытта ол Министрлер кабинетінің басшысы болды. Конституцияда адам адамды қанауды жою, білім жүйесін дамыту және ұлттық мәдениетті көтеру және т.б. мәселелер туралы айтылды. Алжирде нақты жұмыс істеп тұрған партия Ұлт-азаттық майдан болды. 1964 жылы жазда Сахара және Аурестегі жеке ақсүйектерді қолдап бүлік шығарған полковник *Шабани* армиясы талқандалды. Күзде Кабили және басқа таулы аудандардағы қарулы күштер жойылды. Үкіметке қарсы оппозициялық топтардың басшылары Ф.Аббас және *Х.Айт Ахмед* тұтқындалып, эмиграцияға қашып кеткен *М.Будиаф* және М.Хидерді сырттай соттап жіберді.

Мемлекеттің дамуына маман қызметкерлер, аграрлық техникалар жетіспеді және қаржы жүйесінің нашар болуы қатты әсер етті. 1965 жылы мамырда Бумедьеннің жақыны, елдің сыртқы істер министрі Абд әл-Азиз Бутефликті жұмыстан шығару қолға алынған кезден бастап, Бен Белла режимінің құлауын тездете түсті. 1965 жылы 19 маусымда әскери төңкеріс салдарынан билікті полковник Х.Бумедьен басшылығындағы Революциялық кеңес басып алып, нәтижесінде бұл Алжирде Революциялық жаңару күні деп атала бастады.

Революциялық кеңес өздерінің бірінші декларациясында елде анархия мен астаң-кестеңге жол берген бұрынғы үкімет басшыларын сынға алды. 1965 жылы шілдеде Х.Бумедьен басқарған жаңа үкімет құрылды, Ұлт-азаттық майданның Орталық

Комитеті және Саяси бюро енді Атқарушы секретариатқа көшті. Сыртқы саясатта Батыстың алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерімен қарым-қатынас орнай бастады және социалистік елдермен де тиімді байланыс орнатты.

Х.Бумедьеннің стратегиялық дамуындағы басты қолға алғаны елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын модернизациялап, жұмыссыздықты жою болды. 1971 жылы ақпанда мұнай-газ өндірісі мемлекет қарамағына өтті, нәтижесінде шетелдік компаниялардың 51-75% мемлекет меншігі деп есептелді. Елде қалған шетелдік компаниялар тұтастай бірде бір өндіріс орнын иеленген жоқ. 1973-1974 жж. мұнайдың әлемдік бағасының көтерілуі Алжирдің қаржы-экономикалық саласын ғана жақсартып қойған жоқ, сонымен бірге отандық өнеркәсіп өндірісі саласын дамытуға да үлес қосты. Осы 70-ші жылдардағы табыстар елдегі саяси жағдайды да тұрақтандырды. Жұмыссыздық азайып, халықтың өмір сүру деңгейі көтеріліп, артта қалған аудандар дами бастады. 1966 жылдан 1978 жылға дейін 600 мың жұмыс орны 1900 мыңға дейін көбейді. Тегін медициналық көмек көрсетілді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді, жергілікті халықтың кедей топтары салықтан босатылды, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, білім және мәдениет саласында жұмыс істейтін еңбекшілердің жалақысы өсті.

Халықаралық сахнада АХДР саяси одақтарға қосылмай бейтарап бағыт ұстанды. Сонымен бірге Палестинаны азат ету ұйымы, Азия, Африка және Латын Америка елдеріндегі басқа да ұлт-азаттық қозғалыстарға қолдау көрсетіп отырды, ал 1974 жылы әділетті дүниежүзілік экономикалық тәртіп үшін күрес жүргізген жас мемлекет болды.

1978 жылы желтоқсанда мемлекет басшысы *Х.Бумедьен* қайтыс болған соң билік үшін күресте шешуші рөл қайта әскерилерге тиді. 15 жылдық үзілістен кейін, 1979 жылы қаңтарда Ұлт-азаттық майдан партиясының ІҮ съезінде Орталық Комитет және Саяси бюроға сайлау, ал 1979 жылы 7 ақпанда полковник *Шадли Бенджедид* елдің президенті болды. 1965-1976 жж. ел басқарған Революциялық кеңес өз қызметін тоқтатты.

XX ғасырдың соңы XXI ғасырдың басындағы Алжир.

Ұлт-азаттық майдан партиясы біртіндеп мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге өз бақылауын күшейте түсті. Ең маңызды орындардың барлығын партия мүшелері иемденді. Ал 1979-1981 жж. мұнайға әлемдік бағаның түсіп кетуі елде «қара алтын» өндірісінің қысқарып кетуіне алып келді. Мұның барлығы Бумедьен кезіндегі гүлденген экономикаға соққы болып тиді. 1985-1988 жж. мұнай мен газдың экспорттан түсетін табысы 3,5 есеге қысқарып кетті. Мемлекеттік секторда қызмет істейтіндерді жаппай жұмыстан шығару әлеуметтік шиеленіске алып келді. 1988 жылы 4 қазанда астанада болған жастардың бейбіт ереуіліне еңбекшілер, студенттер, жұмыссыздар қосылып, оның арты дүкендерді тонау, сот және әкім ғимараттарына шабуыл жасаумен жалғасты. Ал 6-8 қазанда мұндай оқиғалар Аннаб және Оран және т.б. қалаларында жалғасып, оларға қарсы үкімет әскери бөлімшелер мен танк жіберіліп, нәтижесінде жүздеген адам қаза болып, 10 мыңдай адам қамауға алынды.

Қазан оқиғасы жоғарыдағылардың бағытын өзгертіп, либералдану үрдісін тездетті. 27-28 қарашада болған Ұлт-азаттық майдан партиясының YI съезінде бір партиялық жүйені жойып және жаңа конституция керек екені айтылды.

1989 жылы ақпанда бекітілген Негізгі заңда социализм туралы сөз болған жоқ. Үшінші рет (1979, 1985) президент болып сайланған Шадли Бенджедид енді сыртқы саясат және қорғаныс күштерін өз қолына алды, Министрлер кабинетін де өзі бекітті. Конституция саяси ұйымдардың құрылуына кепілдік беріп, нәтижесінде 1990 жылдың соңында олардың саны 40 жетті.

Алайда, елде азамат соғысының қаупі төне бастаған кезде, Бенджедид парламентті таратып, өзі отставкаға кетті. Билік Жоғарғы мемлекеттік кеңестің қолына көшті. Оны Алжир революциясының негізін қалаушылардың бірі, 30 жылға жуық өмірін эмиграцияда өткізген *М.Будиаф* басқарды. Ол Алжирде ислам республикасын орнату үшін күрес жүргізген Ислам майданы партиясының қызметін тоқтатып және мешіттердегі саяси үгіт-насихат жүргізген имамдарды тұтқындады. 1992 жылы маусым-

да Ислам майданы партиясының басшыларына сот ісі басталғаннан кейін лаңкестік оқиға салдарынан *М.Будиаф* қаза болды.

1993 жылы өтпелі кезеңде генерал *Лиамин Зеруаль* Алжирдің уақытша президенті, ал 1995 жылы қарашадағы президенттік сайлауда ол 68% дауысқа ие болады. 1998 жылдың басында ислам экстремистері ереуілге шығып, қанды қақтығыс нәтижесінен 100 мыңдай адам қаза болды. 1999 жылы 15 сәуірдегі президенттік сайлауда Х.Бумедьеннің ең жақын жақтасы 1954-1962 жж. ұлт-азаттық соғыстың ардагері *Абд әл-Азиз Бутефлик* жеңіске жетті. Ол өткен жылдары үзілген Алжирдің халықаралық беделін көтеру мақсатында Африкалық бірлік ұйымындағы мемлекет басшыларын шақырып, 35-ші конференция өткізді. Арабтық Шығыс және Батыс Еуропа елдерімен байланыс жасады.

2004 жылғы президенттік сайлауда АХДР-ның басшысы қабілетті дипломат және саясаткер Абд әл-Азиз Бутефлик тағы да жеңіске жетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1920-1923 жж. Алжирдегі көтеріліс қай мемлекетке бағытталды?
2. Тәуелсіздік үшін күрес қалай жүрді және басты өкілдерін атаңыз.
3. Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы қай жылы құрылды?
4. Тәуелсіз Алжир мемлекетін алғаш кім басқарды?
5. Абд әл-Азиз Бутефликтің саясатына түсінік беріңіз.

7-тарау

ТРОПИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІ

§ 19. Екі дүниежүзілік соғыс аралық жылдардағы Африка

Салыстырмалы түрде осы кезге дейін Еуропада африкалық тарихқа аса көңіл бөлінген жоқ десе де болады, ал көпшілігі оны жоққа шығарумен болды. Сонда да Африка - ерекше әлем, мұнда өз алдына ерекше, бір біріне ұқсамайтын көптеген халықтар, мәдениет ошақтары, қоғамдық құрылыс және діндер бар. Африкада да өз тарихы болған, сонымен бірге мұнда ірі қалалар пайда болып, өз кезінде олар да талқандалды, әрине ол да өзінше специфика. Кең мағынада Африканы екі аймаққа бөлуге болады: *Солтүстік* және *Тропикалық*.

Африка құрлығының Солтүстік өлкесі араб-ислам мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Мұнда Африканың басқа бөлігімен байланыс жасағаннан гөрі, үнемі Таяу Шығысқа қарай бағыт ұстау басымырақ болды. Дәстүрлі қоғамда тек өздерінің күшті діни-өркениеттік іргетасы бар - Орта ғасырдың өзінде-ақ Солтүстік Африкада исламдық Осман империясы үстемдік етті. Алайда, XIX ғасырдың соңында, XX ғасырдың басында еуропалықтар протекторат орнату, теңсіз келісімдер жасау, әскери байланыс жасау, аннексиялау арқылы өз үстемдіктерін жүргізе бастады, сөйтіп жаңа өркениетке жол ашты.

Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері еуропалық державалар арасында күшті бәсекелестікке түсті. Мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Қара құрлықтың 90,4% территориясы Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Бельгия, Португалия және Испанияның отары болды. Африкада тек төрт мемлекет қана: Эфиопия, Либерия, Египет және Оңтүстік-Африка Одағы жартылай отар болды. Осы мемлекеттердің құрылу тарихы әртүрлі - Эфиопия мемлекеті сонау Ежелгі дүниеден бері өмір сүріп келеді, ол байырғы халқының табанды күресі арқасына тәуелсіздікке қол жеткізген ел. Либерия Республикасы бұрынғы американдық құлдар арқылы құрылған,

олар еркіндік алып өз бабаларының жері Африкаға ХІХ ғасырдың ортасында қайта келіп орналасты. *Оңтүстік-Африка Республикасы* ақ африкалықтар, яғни еуропалықтардың негізінде біріккен мемлекет ретінде құрылды. Ал Африканың қалған бөлігі тұтастай отар елдерге айналды. Ең көп территория Ұлыбритания мен Францияның үлесіне тиді. Отаршылдар Солтүстік және Тропикалық Африкада өздерінің экономикалық және саяси жоспарларын іске асыру мақсатында үлкен отарлық иеліктер құрды. Мысалы, Ұлыбритания Оңтүстіктен Солтүстік Африкаға дейін, яғни Кейптаун-Каир арасындағы үзілмейтін аймаққа иелік жасады. Ал Франция болса Сенегалдан Сомалиға дейінгі аймақты иемденді.

ХХ ғасырдың басында жеке-жеке отарларды аймақтық отарлық иеліктерге біріктіру процесі басталды. Сонымен, жаңа картада *Француздық Батыс Африка* иелігі пайда болды. Франция Африкада ең үлкен отарлық жүйеге, яғни осы жердегі территорияның 43%-ын иемденді. Француздар мұнда Магриб елдеріне үстемдіктен бөлек (Марокко, Алжир, Тунис) құрылықтың Тропикалық аймағында да екі ірі отарлары болды. Сонымен, Француздық Батыс Африка 1904 жылы құрылып, олар өз құрамына сегіз отарды біріктірді: Француздық Гвинея (қазіргі Гвинея Республикасы), Пил Сүйегі Жағалауы (қазіргі Кот-д'Ивуар), Жоғарғы Вольту (Буркина-Фасо), Дагомей (Бенин), Мавритания, Нигерия, Сенегал, Француздық Судан (Мали). Француздық Батыс Африканың әкімшілік орталығы Декар қаласы болды (Сенегал). Келесі отар - Француздық Экваторлық Африка деп аталып, ол 1910 жылы құрылды. Оның құрамына төрт отар елдер кірді: Габон, Чад, Конго, Убанги-Шари (Орталық Африка Республикасы). Олардың әкімшілік орталығы Браззавиль қаласы болды (Конго). Франция сонымен бірге Шығыс Африкада да кішігірім - Сомали мен Комор аралдарын иемденді. Ал Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары француздар ең ірі арал Мадагаскарды басып алды. Соғыстан кейін, бұрынғы герман отарлары Ұлттар Лигасының мандатына берілді: Франция иелігіне Камерунның ең үлкен бөлігі және Тогоның жартысы берілді. Француз отарлық жүйесі үш бағытпен жүрді:

Солтүстіктен оңтүстікке дейін (Мароккодан бастап), Батыстан Шығысқа қарай (Сенегалдан бастап) және Оңтүстіктен Солтүстікке дейін (Конгодан бастап).

Африкадағы Ұлыбританияның иелігі территорияның 38%-ын алып жатты, яғни бүкіл Оңтүстік Африка және Замбез өзені маңындағы барлық территория ағылшындардың отары болды. *Британдық Оңтүстік Африка құрамына*: Оңтүстік-Африкалық Одақ (британдық доминион), Басутоленд (Лесото), Бечуаналенд (Ботсвана), Свазиленд, «ақ отар» Оңтүстік және Солтүстік Родезия (Зимбабве және Замбия). Англия иеліктерінің әкімшілік жағдайы бірдей болған жоқ, кейбір жерлер протекторат, «ақ отарда» өзін-өзі басқару және доминион иеліктерінде болды. Шығыс Африкадағы Ұлыбритания отарлары: Ньясаленд (Малави), протекторат Британдық Сомали (Сомалиленд) және Кения, Уганда. Ал Батыс Африкадағы Ұлыбритания иеліктері: Нигерия, Алтын Жағалау (Гана), Сьерра-Леоне және Гамбия болды.

Бельгия Африкада ең үлкен территорияға иелік етті. Бельгиялық Конго (Заир), Португалия-Ангола, Мозамбик және *Португалиялық* Гвинея (Гвинея-Бисау). *Италияның* екі отары болды - Эритрея және Сомалийя (Итальяндық Сомали). *Испанияның* отарлары көп болған жоқ, олар: Рио-Муни, Фернандо-По аралы, Испандық Сахара шөлі. Ал Африкадағы *Германияның* иелігі Того және Камерун, Намибия, Руанда-Урунди (Бурунди) болды.

Отарлық басқару жүйесінің ерекшелігі. Еуропалықтардың жаппай територяларды басып алуының бірден бір себебі, шикізат көздерін пайдалану болатын: ХҮІІІ ғасырда балық; ал ХІХ ғасырдан бастап қазба байлықтары (түрлі-түсті металлдар, асыл тастар); ХХ ғасырдан бастап ауыл шаруашылық өнімдері (кофе, какао, мақта, жаңғақ, банан, ананас).

Тек ХХ ғасырдың басынан бастап ішкі аудандарды жете игере бастады: еуропалық қоныстар, плантациялар, фермерлік шаруашылықтар пайда болып, тау-кен жұмыстары дамыды және ақша жүйесі енгізілді. Жергілікті халық бұл жаңашылдықты тіпті күнделікті өмірде қиындықпен қабылдады. Африкада инф-

рақұрылым жүйесі пайда болды: теміржолдар, порттар, байланыс жүйесі, сонымен бірге еуропалық үлгідегі әкімшілік мекемелер, мектептер мен емханалар салынды. Ал миссионерлер арқылы христиан діні тарады.

Африканың дәстүрлі қоғамына еуропалық үлгідегі модернизациялық үрдіс енгізілді:

а) *экономикалық* салада сыртқы нарыққа байланысты ауыл шаруашылық өнімдерін экспортқа шығару және африкалық территорияны керек өнеркәсіп тауарымен қамтамасыз ету жүйесі құрылды;

б) *әлеуметтік* салада еуропалық білім алып маманданған жергілікті африкалықтар пайда болып, олар біртіндеп отарлық мекемелерде жұмыс істей бастады;

в) *саяси* салада еуропалық сайлау институттары, билік органдары және еуропалық партиялардың үлгісіндегі саяси ассоциациялар құрылды;

г) *мәдени* салада оқыған жергілікті азаматтар еуропалық тілді меңгере бастады, батыстық заңнама, христиан діні енгізіліп, көптеген африкалықтар Сорбон, Оксфорд және Кембрижде білім ала бастайды.

Алайда бұл тек сыртқы көрініс қана болатын, ал шындығында жағдай басқаша болды, экономикада халықтың көп бөлігі бұрынғыдай дәстүрлі шаруашылықпен айналысты. Ал әлеуметтік салада ескі құрылым (үлкен жанұя, қауым, тайпа), жергілікті көсем, князьдардың билігі мен тайпалар арасындағы шиеленістер, құлдық сақталып қалды. Саяси салада жаңа жүйедегі мекемелер пайда болғанымен ол ескі жүйенің аясында құрылды, оларға көсемдер, абыздар, князьдар төрелік етіп отырды. Мәдени салада да айтарлықтай жетістік бола қойған жоқ, христиандықты немқұрайлы түрде ғана қабылдады, жергілікті халықта бұрынғыдай әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрі сақталды.

Сонымен, еуропалық отаршылдардың жетістігі шектеулі ғана болды. Африканы біртіндеп еуропалық өркениетке көтеру олар үшін мүмкін болмады, бірақ кейде сырт көзге ол солай болып та көрінді. Көптеген бұрынғы салт-дәстүрлер, әсіресе қа-

уымдық құрылыс Африканы артқа шегеріп отырды. Ескіқұрылым сақталып қалды, өздерінің үйреншікті өмірін бұзған жаңашылдыққа қатты тойтарыс беріп отырды.

Саяси ұйымдар мен саяси партиялардың құрылуы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс метрополияның африкалық отарларына деген қызығушылығын арттыра түсті. Жүздеген мың африкалық солдаттар майданда әскери қимылдарға қатысты (тек Францияның өзі отарларының 250 мың солдатын тылға пайдаланды). Мұның өзі жергілікті зайырлы африкалықтардың белсенділігін күшейтті: барлық жерде әртүрлі «жерлестер», этникалық ассоциациялар, мәдени-ағартушылық қоғамдар және тағы басқа ұлттық бағыттағы орталықтар пайда болды.

1920 жылдары бірінші рет Африкалық саяси ұйымдар құрылды: Африкалық ұлттық конгрес, Британдық Батыс Африканың ұлттық конгресі, ал Шығыс Африкада «жақсы тұрмыс ассоциациясы», Танганьик африкалықтарының ассоциациясы т.с.с. Бұл партиялар отарлық режимнің саясатын жұмсарту, салықты азайту және африкалықтар білім алу үшін жақсы жағдай жасау үшін күресті. Осы кездегі Жалпыафрикалық конгрестің рөлі күшті болды. 1900 жылдың өзінде Лондонда Жалпыафрикандық конгрестің I-ші конференциясы, ал 1919 жылы Париж бейбіт конференциясы кезінде Жалпыафрикалық қозғалыстың II-ші Құрылтай конгресі болды. Мұнда бірінші рет тек нақты талаптар ғана айтылып қойған жоқ (денеге жарақат салу, нәсілдік бөліну), сонымен бірге африкалық отар басқармасына жұмысқа алу, саяси институттарды дамыту секілді мәселелер де қаралды. Жалпыафрикалық қозғалыстың көшбасшысы Уильям Дюбуа және Маркус Гарвидің тағы бір талабы Піл Сүйегі Жағалауы мен Сьерра-Леонды Либерияға қосу және Англия мен Францияның африкалық отарларды басқару мандатын жою болды.

1926 жылы Экваторлық Африкадан шыққандардың ассоциациясы құрылып, оны *Андре Гренар Матсу* басқарды. Бұл ұйым күш көрсетпеу, яғни үнділік *М.К.Гандидің* сатыграхи тәсілін пайдаланды. Бельгиялық Конгода 1920-шы жж. Симон Кимбангтің сектасы тез белсенділік танытты, олар христиан

миссионерлеріне қарсы күрес жүргізді. Ислам үстемдік етіп тұрған жерлерде еуропалық отаршылдарға қарсы қозғалыс «джихад» ұранымен жүрді, яғни «сенімсіздерге» қарсы күрес.

Англия өз отарларының көпшілігінде ұзақ уақыт бойы «жанама басқару» саясатын жүргізіп отырды, әлеуметтік құрылымның дәстүрлі түрін пайдаланды. Территорияға әкімшілік бақылауды ағылшындар 1907 жылғы «Түземдік билік туралы заң» бойынша елдегі көсемдер арқылы жүргізді. Алайда, жоғарғы билік ағылшын резиденттері қолында болды. Сонымен бірге олар 1913 жылғы заң негізінде жасалған «түземдік сот» қызметіне де бақылау жасап отырды. Саясат біртіндеп өзгере бастады. Ағылшындардың Алтын Жағалау (Гана) отарлары және басқа территорияда Заңшығару жиналысы құрылды.

Франция бастапқы кезден-ақ бірнеше басқа саясат ұстанды: оларды француз мәдениетіне бейімдеу үшін жергілікті африкандық тұрақтармен араласып тұрды. Отарлар француз тілінде сөйлеп, миссионерлер қызметі жандана түсті, еуропалық үлгідегі білім беру және денсаулық сақтау жүйесі енгізілді, тайпа ақсүйектері Сорбонда білім алды. Әкімшілік басқару жүйесіндегі шенеуніктік құрылым Францияның үлгісінде болды. Біртіндеп бұл орынды Батыстың алдыңғы қатарлы университеттерінен білім алған африкалықтар ауыстыра бастады. Кейбір африкалықтарға еуропалықтармен бірдей тең құқылы азамат болуына мүмкіндік берілді. Ол үшін Францияға 10 жыл қызмет етіп, оқи және жаза алу керек болды – мұндай азаматтар 1930 жылдардың соңында француз отарларында 80 мың адамға жетті. Сонымен Африкадағы отарлардың халқы жергілікті билікке сайлау құқығына да ие болды, тіпті өз өкілдерін француз парламентіне де ұсына алды (Сенегал мұндай құқыққа 1848 жылдың өзінде ие болды).

Тап осындай жүйе - жергілікті африкалықтар мен араласып бейімделу Португалия отарларында да болды. Мұнда жергілікті тұрғындар екіге бөлінді: «мәдениеттілер» және «мәдениетсіздер». «Мәдениеттілерге» жататындар португаль тілін меңгеру, христиандықты қабылдау «жақсы мінездемеге» ие болуы керек және салық төлеу, әкімшілік немесе әскерде қызмет

ету, «португальдық өмір салтымен жүру». Бірақ «португальдану» үрдісі өте баяу жүрді: Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Анголада 24 мың африкалықтар «мәдениеттілер» қатарына жатты, ал Мозамбикте ол 1,8 мың адамды ғана құрады. Сонымен бірге Португалия отарлары тауарлы шаруашылық жүргізді, салықты ақшалай төлеуді талап етті.

Жергілікті халыққа ең қатал саясат жүргізген Бельгия болды. Өртүрлі халықтар қоныстанған Бельгиялық Конгода 1908 жылдан бастап, генерал-губернаторлықтар басшылығындағы бельгиялық азаматтық әкімшілік басқарды. Онда еңбекпен қанау кең етек алды, африкалықтар арасында өлім жиі кездесіп тұрды. XX ғасырдың алдыңғы 20 жылында жергілікті халық саны екі есеге дейін қысқарып кетті. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Конгоның Катанга провинциясында мыс өндіріле бастады, осының нәтижесінде Конгоның басқа жерлерімен салыстырғанда Катанга біршама бай көрініске ие болды. Экономикалық игілікке африкалықтар аз көңіл бөлді. Конгода ешқандай саяси қызметке рұқсат берілген жоқ, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесі тоқырау үстінде болды. Билікті жергілікті халық қолына беру бельгиялықтардың жоспарына кірген де жоқ, сол үшін оларды оқытуға ешқандай қадам жасалмады.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Африка. Соғыс аралық жылдары Африкада көптеген саяси партиялар құрыла бастады. Олар ешқандай тәуелсіздік туралы талаптарды алға тартқан жоқ, дегенмен отарлардағы қатал тәртіпті жұмсартуға, салықты жеңілдетуге, білім жүйесін кеңейтуге қол жеткізді. Француз және бельгиялық отарларда қарсыласудың бір түрі африкалық-христиандық қозғалыс болды, олар көбіне жергілікті халықты салық төлемеуге, отарлық әскер қызметіне бармауға шақырды, мұндай қарсыласу түрі көбінесе бейбіт жолмен жүрді.

1930 жылы әлемдік экономикалық дағдарыс Африкаға үлкен әсер етті. Ауыл шаруашылық өнімдері бағасының құнсыздануы өнеркәсіп өнімдерін экспортқа шығарып отырған халықтың көпшілігіне соққы болып тиді. Тіпті дәстүрлі шаруашылықпен айналысатындар да зардап шекті, салық өсті. Құрылыс жұмыстары мен орман шаруашылығы тоқтап қалды. Мұның

барлығы жергілікті халықтың наразылығын тудырып, нәтижесінде отарлық билікке қарсы шықты.

Отарлық әкімшіліктерде жұмыс істейтін африкалықтар, ұлтжандылар мен интеллигенттер белсенділік танытты: олар нәсілшілдікке қарсы ұранмен күрес жүргізді. Мұғалімдер, дәрігерлер, тілмаштар және әскерилер өз кәсіби қызметтерін жақсартып, біліктілігін арттырды. Ал 1930 жылдың екінші жартысында Африкада экономикалық даму тез қарқынмен жүрді: жаңа өнеркәсіп орындары салынды, инфрақұрылым күшейтіліп, халықтың тұрмыс жағдайы біршама өзгере бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Африка. 1939 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Африка стратегиялық жоспар бойынша маңызды орында болды. Африканың отарлық территорияларына әскери қозғалыс енгізіліп, олар бүкіл соғыс барысында тоқтаған жоқ (Ливия, Египет, Алжир, Марокко, Тунис, Кения, Сомали, Эфиопия, Эритрея, Судан). Мыңдаған африкалықтар Солтүстік Африка және Батыс Еуропа жерінде ғана соғыс қимылдарын жүргізіп қойған жоқ, сонымен бірге Таяу Шығыс, Бирма және Малайя аймақтарында соғысты. Африкандықтардан ұлттық әскерлер жасақталып, кейін олар тәуелсіздік үшін күресте үлкен маңызды рөл атқарды.

1940 жылы шілде айында итальяндық әскерлер ағылшындардың Сомали, Кения мен Суданның бір бөлігін басып алды. Алайда 1941 жылы қаңтарда ағылшындық, үнділік, судандық әскери жасақтар, сонымен бірге «Еркін Франция» қозғалысы (құрамы африкалықтар), Шығыс Африкада итальяндық әскерді талқандап, Сомали, Эфиопия, Эритреяны азат етіп, 1941 жылы мамырда итальяндықтарды тізе бүктірді. 1940 жылы маусымда Франция тізе бүккен кезде оның көптеген африкалық отарлары «Виши» үкіметінің басқаруына өтті. Ал Француздық Экваторлық Африканың губернаторы Феликс Эбуе генерал *де Голль* жағына өтті.

Соғыс жылдары Француздық Экваторлық Африкада әлеуметтік және саяси реформалар жүргізілді. 1941 жылы тамызда Англия және АҚШ үкіметтері Атлантикалық хартияға қол қойды, онда халықтар құқығы және билікті өздері сайлау арқылы

тағайындау туралы айтылды. Соғыстан кейін державалар конституциялық реформа жүргізу және жергілікті халыққа құқық пен бостандық беру, отарларға өзін-өзі басқару ұйымын құруға уәде берді. 1944 тайпа, діни қауым және шыққан тегіне қарай түрлі саяси партиялар құрылды. 1944 жылы тамызда Нигерия мен Камерунда Ұлттық кеңес құрылып, олар тәуелсіздік үшін күресті.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған кезде, 1945 жылы қазанда Англияның Манчестер қаласында 5-ші Жалпы африкалық конгрес болды. Бұл конгреске танымал африкандық қайраткерлер: *К.Нкрума*, *Д.Кениата*, *Х.Банда* және танымал тайпа көсемі Акинтола қатысты. Осы конгресте тәуелсіздік талаптары алға тартылды. Конгрес үш құжат қабылдады: біріншісі – дүниежүзіндегі отар елдерді тәуелсіздік үшін күреске шақыру, екіншісі - метрополия үкіметтері жаңа мемлекеттерге тәуелсіздік берудің барлық мүмкіндіктерін қарастыру, үшіншісі – барлық халықаралық қауымдастыққа, БҰҰ-на, барлық халықаралық ұйымдарға бағытталады, онда африкандық халықтардың тәуелсіздік алуына көмек көрсету туралы айтылған.

Сонымен, Африкада жаңа дәуір басталды - отарсыздану кезеңі, яғни осының нәтижесінде ондаған мемлекеттер өз тәуелсіздігіне қол жеткізді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Африкадағы ең басты отарлық державаларды атаңыз.
2. Франция өз отарлық иеліктерінде қандай саясат жүргізді?
3. Португалия өз отарлық иеліктерінде қандай саясат жүргізді?
4. Африкада өндірілетін басты шикізат көзін анықтап беріңіз.

§ 20. Африканың отарсыздануы

Отарлық жүйені жоюдың алғышарттары. 1945 жылы Африканың тек төрт мемлекеті ғана тәуелсіздік алды: Египет, Эфиопия, Либерия және Оңтүстік Африкалық одақ. Ал Африканың қалған территориясы еуропалық державалар арасында қайта бөліске түсті, олардың ішінде ең ірі территорияны Франция, Англия, Бельгия, Португалия иемденді, сонымен бірге Италия және Испанияның да біраз отары болды. Көптеген отарларда партиялар, ұйымдар, кәсіподақтар және баспаханалар жұмыс істеді, бірақ олар ескі әлеуметтік негізде құрылды, онда тайпа мен олардың көсемдері, діни топтар мен этникалық қауымдар арасындағы өзара бақталастық өрши түсті.

Квам Нкрум «Әлемнің отар елдеріне үндеу», және «жалпыафрикалықтардың әкесі» *Уильям Дюбуа* «Отарлық державаларға арыз» атты құжаттар жасап шығарды, онда еуропалық державалар өздерінің африкалық отарларына тәуелсіздік беру туралы айтылған. Державалар отарларына демократиялық реформа жүргізуге уәде берді. Францияда 1946 жылы жаңа Конституция қабылданып, онда Африкадағы Француз одағы туралы айтылады. Мәселен, отар азаматтары "тең азаматтық құқыққа ие болып және нәсілдік дискриминация жойылады" деп атап көрсетілген.

Англия болса әрбір отарларымен екі жақты келісімге қол қойды, онда отарлардың өзін-өзі басқаруға дайындық деңгейін көрсететін ерекше Конституция жасалды. Ал, 1947 жылы Үндістан мен Пәкістанның тәуелсіздік алуы Африкадағы отарсыздану үрдісіне үлкен әсер етті.

Солтүстік Африка елдерінің тәуелсіздік алуы. Тәуелсіз Египет мемлекеті де Африка жеріне жатады, бірақ Египет көбінесе шығыс-жерортатеңізі аймағындағы араб әлеміне арқа сүйенді. Дегенмен, Солтүстік Африка елдерінің барлығы осы араб әлеміне жатады. Бәрінен бұрын ол Ливия; сосын Магриб елдері: Тунис, Марокко, Алжир; ең соңғысы Судан.

Ливия соғысқа дейін Италияның отары болған. Ал соғыс жылдары ағылшын әскері Ливиядағы германдық және итальяндық корпусты талқандап, елді басып алады. Соғыстан кейін

итальяндық отар елдердің тағдыры БҰҰ-ның құзырына беріледі. 1949 жылы мамырда Италияның үш отарынан Ливия патшалығы құрылады. Таққа Киренаиктың әмірі *Мұхаммет Ыдрис ас-Сенуси* отырады, ал 1951 жылы БҰҰ-ның шешімімен Ливия тәуелсіз мемлекет деп жарияланады.

Магриб елдеріне соғыстан кейін Франция үстемдік етті: Алжир отары, ал Тунис пен Марокко протектараты болды. Осы үш территорияда иммиграция күшті жүріп, нәтижесінде көптеген француз қоныстары пайда болды: фермерлер, саудагерлер, кәсіпкерлер, әкімшіліктер, әскерилер. Франция осы Магрибтегі саясатын жалғастыра берді, ал Алжир туралы мәселені француздар мүлдем есепке алған да жоқ, өйткені ол Францияның бір провинциясы ретінде қала берді. Туниске соғыс жылдары француз түрмесінен босап шыққан «Жаңа Дустур» партиясының басшысы *Хабиб Бургиба* келеді. 1945 жылы ол Каирға барып, одан әрі АҚШ-қа кетіп, елге тек 1949 жылы оралады. 1950 жылы Хабиб Бургиба *бей* басқарып отырған үкімет құрамына кіріп, француздармен бірге болашақ конституциялық реформа жүргізу мәселесін талқылайды. 1955 жылы маусымда Х.Бургиба Тунистің өзін-өзі басқаруына қол жеткізеді, ал 1956 жылы наурызда Тунис тәуелсіз мемлекет деп жарияланады. Марокконың билеушісі *сұлтан Мұхаммет V Бен Жүсін* болса Тунистік *бейге* қарағанда тәуелсіздікке асыққан жоқ. Бірнеше жылдар ішінде сұлтанның тек өзінің араласуымен елде біршама тұрақтылық орнады. 1950 жылы сұлтан Парижге ресми сапармен барды, ал 1951 жылы француздар ұсынған реформаны қабыл алды. 1956 жылы 2 наурызда Марокконың тәуелсіздігі жарияланды. Алжир тәуелсіздігін тек 1962 жылы 3 шілдеде алды (6-тарау. Алжирді қараңыз).

Суданды ағылшындар басқарды, 1945 жылы елде екі саяси ағым болды: «Ағайындар» партиясы басшысы *Измаил әл-Азхари* және «Ұлт» партиясы басшысы *Абд әл-Рахман әл-Махди* (XIX ғасырдың соңында Суданды басқарған ақсүйектің баласы). Осы кезде Суданда діни, нәсілдік, экономикалық және мәдени түрдегі күшті шиеленіс орын алды. Елдің оңтүстігіндегі кара нәсілді тайпалар африкалықтарға қарай бет бұрды, олар-

дың көпшілігін христиандар мен пұтқа табынушылар құрады. 1948 жылы Англия Суданның жаңа Конституциясын бекітіп, Заңшығарушылық және Атқарушы кеңес енгізді. 1953 жылы Измаил әл-Азхари сайлауда жеңіске жетіп, елді басқарды. 1955 жылы Суданның Оңтүстігінде көтеріліс шығып ондаған мың адам көрші африкалық елдерге қашып кетті. Бұл жағдай елдің тәуелсіздік алуын тездетте түсті, сөйтіп 1956 жылы 1 қаңтарда Судан тәуелсіз мемлекет деп жарияланды.

Тропикалық Африка елдерінің тәуелсіздік алуы. Мұнда 1957 жылы ең алғаш тәуелсіздік алған ағылшын отары Алтын Жағалау (Гана) болды. Жергілікті ұлтжандыларды басқарған *Квам Нкрум* Ұлттық партия құрып, елде жаппай ереуілдер өтізді. 1951 жылы Квам Нкрум Заңшығарушы жиналыста жеңіске жетіп, елде бас министр қызметін атқарды. 1955 жылы ел өзін-өзі басқару құқығына ие болды, ал 1957 жылы наурызда Алтын Жағалау (Гана) тәуелсіз мемлекет деп жарияланды.

Барлық француз отарлары екі территорияға біріктірілді - Батыс Африка және Экваторлық Африка; әрқайсысының өзінің құзырлы мекемелері болды. 1958 жылы генерал де Голль Францияда үкімет басына қайта келгенде африкалық саяси өкілдерге екі таңдау ұсынды: толықтай тәуелсіздік немесе Француз одағы құрамындағы автономия. Гвинеядан басқасы соңғысын таңдады, ал Гвинея 1958 жылы қазанда тәуелсіз деп жарияланды.

1960 жыл «Африка жылы» болды десе де болады, яғни африкалық 16 мемлекет өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Бастапқы кезде - француздық Сенегал, сосын тағы 4 француз отары-Піл Сүйегі Жағалауы, Нигерия, Жоғарғы Вольта және Дагомея. Француздық Камерун және Того да өз тәуелсіздіктерін алды; осы отарлардың британдық бөлігі сәйкестендіріліп Нигерия және Ганаға қосылды. Сосын, жылдың соғына қарай Мадагаскар, Габон, Чад, Убанги-Шари (Орталық-Африка республикасы) және француздық Конго (Браззавиль) тәуелсіздіктерін алды. Тропикалық Африкада 14 француз-тілді мемлекеттер пайда болды.

1960 жылы Африкадағы халық саны жағынан ең ірі мемлекет Нигерия өз тәуелсіздігін алды, бұрынғы Ұлыбританияның отары. Бұл елде әртүрлі халықтар өмір сүреді; оның Конституциясы үш облыстың есебі бойынша жасалды: Солтүстік, Батыс және Шығыс. Мұндай алып елді басқару тек федеративті құрылым аясында ғана мүмкін еді.

Осы 1960 жылы итальяндықтардың басқаруына 10 жыл қамқорлыққа берілген Сомали территориясының мерзімі аяқталды; ағылшындар өз кезегінде өздеріне тиесілі бөлігіне тәуелсіздік беруді ұсынды. Нәтижесінде 1960 жылы Сомали жаңа тәуелсіз мемлекеті жарияланып, оған итальяндық және ағылшындық бөлік те қосылды.

Тәуелсіздікке байланысты ерекше жағдай 1960 жылы Бельгиялық Конгода (Заир) орын алды. Бұл үрдіс ешқандай зардапсыз болған Батыс Африкамен салыстырғанда Бельгиялық Конгоның тәуелсіздік алуы азамат соғысына дейін апарды. Ол күшті халықаралық дағдарыс тудырды. Конгода Африканың ортасындағы көп халықтар қоныстанған алып мемлекеттердің бірі. Халықтың көп бөлігі: Батысында - Баконго, Оңтүстік Касаи және Солтүстік Катангада - балуба, Оңтүстік Катангада – балунда. Бельгиялықтар бұл елдің қазба байлықтарын молынан пайдаланды. Тәуелсіздік алар алдында Конгода 100 мың адамдық төсегі бар ауырухана салынып, Бельгияның өзін басып озды, ал сауаттылық жағынан бүкіл Африкадағы ең жоғарғы көрсеткішке ие болды - 42%, ал осы кезде ағылшын отарларында 15-20%, француздарда - 10%.

1959 жылы тәуелсіз Гананың астанасы Аккра Африканың тәуелсіз мемлекеттерінің бірінші конференциясы болып, оған конголық ұлтжандылар да қатысты. Елге келген кезде олар отардың астанасы Лепольдвильде тәртіпсіздіктер ұйымдастырды. Бельгиялықтар жаппай өз елдеріне қаша бастады, оның үстіне 1959 жылдың соңында тайпа аралық қақтығыстар басталды. 1960 жылы қаңтарда африкалық ұлтжандылар Брюсселдегі кездесуде тәуелсіздікті талап етеді, нәтижесінде олар 1960 жылы 30 маусымда өз тәуелсіздіктерін алады.

Тәуелсіздікті төрт күн тойлап, сосын 1960 жылы 5 маусымда астанада әскерилердің бүлігі басталды. Елдегі тәжірибелі саясаткерлердің бірі, Конголық ұлтжандылар қозғалысының басшысы, тайпалық партия жетекшісі Патрис Лумумба сайлауда жеңіске жетіп, елдің премьер-министрі болады. Ал *Жозеф Касаубу* президент, балунда халқынан шыққан *Моиз Чомбе* ең бай провинция - Катанганы басқарады.

Армиядағы бүлік *П.Лумумба* үкіметінің беделін аяққа таптады, Леопольдвильдегі Бельгиялық армия мұндағы жағдайға 10 маусымда араласа бастайды. 11 маусымда *М.Чомбе* Катанганың тәуелсіздігін жариялап, Бельгиядан өздеріне көмек сұрайды. 13 маусымда БҰҰ-ның Бас хатшысы *Даг Хаммаршельд* Қауіпсіздік Кеңесінде сөз сөйлеп, бельгиялықтарды басқыншы деп айыптайды. 14 маусым күні БҰҰ-ның әскері Конгоға енгізіледі. Сөйтіп, Конгоның қасіреті осылай басталды. 1960 жылы тамызда табиғи шикізатқа өте бай Касаи провинциясы да бөліне бастайды.

1960 жылы президент *Ж.Касаубу П.Лубумбаны* премьер-министрлік орнынан алып тастайды, бірақ өзі де көп ұзамай полковник *Жозеф Мобуту* ұйымдастырған төңкеріс нәтижесінде биліктен айырылады. Сонымен *Ж.Мобуту* астанада басты билеуші болды, ал *П.Лумумба* Леопольдвильді тастап кетеді. Елде қаңғыбастық жайлап, мұның арты 1961 жылы 17 қаңтарда белгісіз жағдайда *П.Лумумбаның* мезгілсіз қазасымен аяқталды. Оның есімі тәуелсіз Африканың рәмізіне айналды; Мәскеуде Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университеті ашылып, онда қазірге дейін Азия, Африка және Латын Америкасының студенттері білім алуа.

Бұл кезде отарсыздану өз межесіне жеткен болатын. 1961 жылы Батыс Африкадағы ағылшын отары - Сьерра-Леон тәуелсіздік алды, сосын кезек Шығыс Африкаға келді, бұл жерлер де Англияның бақылауында болатын. 1961 жылы желтоқсанда бұрынғы германдық отар Танганьика, 1962 жылы маусымда екі ел - Руанда және Бурунди және 1923 жылдан бастап, Бельгия мандатына берілген Уганда 1962 жылы қазанда өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. 1963 жылы 12 желтоқсанда -

Занзибар және Кения аралдары, 1964 маусымда Малави тәуелсіздік алып, елді президент *Хестинг Банда* басқарды. 1964 жылы қазанда Замбия тәуелсіздігін алып, оны президент Кеннет Каунд басқарды, 1965 жылы 11 қарашада Оңтүстік Родезия тәуелсіз мемлекет болып, елді Ян Смит басқарды.

Осыдан кейінгі тәуелсіздік Оңтүстік Африкамен шекарасы үш ағылшын протектаратына берілді. 1966 жылы Бечуаналенд (Ботсвана), Басутоленд (Лесото), сосын 1968 жылы Свазиленд. Ал 1968 жылы ағылшындар Маврикий аралына да тәуелсіздік берді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Африкада ең алғаш тәуелсіздігін алған мемлекеттерді атаңыз.
2. Магриб елдерін атаңыз және қай державаның отары болды?
3. Конгодағы Патрис Лумумбаның тәуелсіздік үшін күресі.
4. 1960-шы жыл неге «Африка жылы» деп аталады?

§ 21. Оңтүстік Африка Республикасы

XVII ғасырдың өзінде португалдықтардың артынша Оңтүстік Африкаға голландықтар келіп, 1652 жылы Кейптаун қаласының іргесін қалады. Банту халқы Африканың оңтүстігіне XVIII ғасырда келген болғандықтан, бастапқы кезде голландықтарға тек готтентоттар қарсы тұрды. Ол кезде әр текті нәсілдердің араласып тұруына жол берілген жоқ, Африкаға арнайы түрде Голландияның жетімдер үйінен қыздар алып келді. Голландықтардың ізінше мұндағы жергілікті харық енді Францияға да тәуелді болуларына тура келді. Сосын оларды ағылшын отаршылдары қыспаққа ала бастады. 1930 жылдары голландық қоныстанушылар Солтүстікке орналасып, Оранжевая және Вааль өзендері аралығындағы аудандарда екі республика құрды.

XIX ғасырдың ортасында ағылшындар Кап және Нетал отарларына қоныс тебе бастады, ал Оңтүстік Африкада алмаз жаңа кен орны ашылған соң олар бурлардың иелігіне қарай жылжиды. 1880-ші жылдары осы жерде алтын кен орны ашылған соң бұл жерге ағылшындар одан әрі баса көктеп кіреді. Нәтижесінде бурлармен арадағы үнемі шиеліністің соңы 1899-1901 жылдардағы ағылшын-бур соғысына алып келді, яғни мұнда Англия жеңіске жетеді, алайда 1906-1908 жылдары бурлар республикасына өзін-өзі басқару құқығын және тіпті өз парламенттерін құруға амалсыздан көнді.

1910 жылы екі бурлар республикасы және екі ағылшындар отарында (Наталь және Кап) тәуелсіз доминион - Оңтүстік Африка Одағы (ОАО) құрылды. Дегенмен бурлар мен ағылшындар арасында қайшылық тоқтаған жоқ, бұрынғыдай британдық мәдениет пен тілді таратуға қарсылық жалғаса берді. Әсіресе оларды ағылшындардың жергілікті африкалық халыққа түзу ниетті қатынасы ызаларына тиді. Өз отарларында Англия 1863 жылдың өзінде-ақ, аралас некеден туғандарды ақ нәсілділермен бірге сайлауға қатысу құқығын берді; бурлар республикасындағы парламентке тек ақ нәсілділерге ғана құқық берілді. Бурлар мен ағылшындар арасындағы шиеленіс XX ғасырдың бірінші жартысын түгел қамтыды. Ол кездері жергілікті африкалық халықтарды ақ нәсілділер тек арзан жұмыс күші ретінде ғана қабылдады. Қара халық саны ақтардан 3 есе көп болатын. 1912 жылы Оңтүстік-Африкадағы жергілікті ұлттық Конгрестің негізі қаланды, ал кейін ол Африкалық Ұлттық Конгрес (АҰК) деп аталды. Оның басшылары қара нәсілділердің қоғамдық құрылыстағы орнын табуға талпыныс жасады, сондықтан бастапқы кезде күш көрсетпеу әдісі қолданылды.

Апартеидтік жүйенің құрылуы. Оңтүстік-Африка Одағының өмір сүруінің алғашқы жылдарында-ақ әр нәсілдердің бөлек өмір сүруін қамтамасыз ететін заңдар қабылданды-апартеид. Бұл 1911 жылы «Нәсілге бөліну туралы» заңда африкандықтарды тау-кен өндірісі сияқты маманданған жұмыстарға қабылдауға және заңсыз ереуілге шығуларына тыйым салынды. 1913 жылы «Жергілікті жер меншігі туралы» заң бойынша жердің 87 па-

йызы ақ нәсілділерге тиесілі болды, ал бұл аудандарда африкалықтардың жер меншігін иеленуге мүлдем тыйым салынды. 1923 жылғы «Жергілікті қала аймағы» туралы заңда қалаларда өмір сүру үшін арнайы африкалық аймақтар құрылды. 1925 жылы қабылданған заңда африкандықтарға ұжымдық келісім жасауға тыйым салынды. 1927 жылы «Азғындықпен күрес туралы» заң қабылданып, онда ақ және қара нәсілділер арасында некеге ғана емес, тіпті жыныстық қатынасқа түсуге де тыйым салынды. 1928 жылғы заң бойынша африкалық жерді бақылап отыру үшін үкімет тайпалық шекараны анықтауға құқық алды. Ең соңында, 1940 жылы «Жергілікті істер туралы» заңда африкалықтар үшін бөлек саяси құрылым енгізілді: үкімет арқылы сайланған жергілікті тайпа көсемдерінің Конфедерациясы құрылды, ал оны ақ нәсілділерден құралған арнайы комиссия басқарып отырды.

1914 жылы генерал *Джеймс Герцог* Ұлттық партияның негізін қалады. 1929-1939 жылдары ол Оңтүстік-Африка Одағының премьер-министрі болды; 1933 жылдан бастап Ұлттық партия *Ян Крисчен Сметстің* Біріккен партиясымен коалиция құрды. Ал Еуропада соғыс басталған кезде Д.Герцог үкіметтік биліктен кетеді, оның Ұлттық партиясы оппозиция жолына түседі. Үкімет *Ян Сметс* қолына көшті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің ішкі жағдайы. 1948 жылы мамырда болған парламенттік сайлауда Ұлттық партия жеңіске жетіп, оның басшысы *Д.Ф.Малан* премьер-министр болып тағайындалды. Осы кезден бастап елдегі сегрегаця енді толықтай апартеидке айналды. 1949 жылы аралас некеге мүлдем тыйым салынған заң күшіне енді, 1950 жылы «Халықты мекен-жайға тіркеу туралы» заң қабылданып, ол бойынша: төл құжатқа міндетті түрде нәсілі және этникалық тобы көрсетілді.

Осы жылы «Нәсілдік топ бойынша қоныстандыру туралы» заң қабылданды: африкалықтарды қалалардан қуып, үйлерін қиратты; біраз адамға ғана уақытша қалада тұру құқығы берілді. 1954 жылғы «Жергілікті халықты қоныстандыру туралы» заңда африкалықтарға қалаларда жеке меншік жер иеленуіне тыйым

салды. Кейін келе 1963 жылы қабылданған заң бойынша африкалықтар кез келген уақытта қаладан қуылатын болды. 1953 жылғы «Еңбек туралы» заңда кәсіподақ құру және ереуілге шығуға тыйым салынды. Осы 1953 жылғы «Білім туралы» заңда африкалық қоғамның маманданған жүйе бойынша білім алуларына тыйым салынды: онда африкалықтарды тек қара жұмысқа ғана пайдалану керек деп атап көрсетілді.

1960 жылдың басында Оңтүстік Африкада жалпы заңнамаға өзгерістер енгізіледі. Олар билікке қатысты азаматтар құқығын шектей бастады, күдікті деген адамдарды үйде тұтқындап ұстау т.с.с. Апартеид саясаты алдап-арбау мен зорлық-зомбылық негізінде жүргізілді. Түрмелер тұтқынға толды, полиция өте қатал шаралар қолданды, өлім жазасының жаңа түрі көбейді. Оңтүстік Африка көбінесе полицейлік мемлекетке ұқсап кетті. 1958 жылдан 1967 жыл аралығында Оңтүстік-Африка Одағының премьер-министрі болған *Х.Ф.Фервудті* апартеидтің басты идеологы деп атады. Ол Голландияда дүниеге келіп, Германияда білім алған, Оңтүстік Африкада жұмысын университет профессорлығынан бастады. 1950-ші жылдардың өзінде Х.Ф.Фервуд ішкі істер министрі болған; тап сол кезде апартеид идеясының стратегиясын бастаушыға айналды. Сонымен африкалықтар өз отандары, яғни Оңтүстік Африкада «шетелдіктерге» айналды.

Апартеидті жою үшін күрес. Осы саясатқа қатысты ең алғаш күш көрсетпеу әдісін қолданған Африка Ұлттық Конгресінің басшылары болды. 1955 жылы Кейптаундағы АҰК кезекті съезінде «Бостандық хартиясы» қабылданды, ондағы талаптарға қолдау көрсету үшін халық ереуілге шығарды. Үкімет АҰК басшыларын "мемлекеттік сатқындар" деп айыптап, тез арада 156 адамды тұтқынға алды. 1957 жылы африкалықтар жаппай автобустарға байкот жариялады. 1959 жылы АҰК-нен *Роберт Собукв* бастаған Панафрикалық Конгрес фракциясы бөлініп шықты. 1960 жылы 21 наурызда Панафрикалық Конгрес Шарпевильде африкалықтардың жаппай ереуілін ұйымдастырды. Полициямен арада болған қақтығыс нәтижесінде 62 адам қазаға ұшырады. Оңтүстік Африкада мыңдаған адам қамауға алынып, елге төтенше жағдай енгізілді.

Сонда да АҰК алдыңғы қатарлы басшылары - тайпа көсемі *Альберт Лутули* (кейін Нобель сыйлығының иегері), *Нельсон Мандела*, *Уолтер Сисулу* күш көрсетпеу әдісімен өз саясаттарын жалғастыра берді. Сонымен, үкімет АҰК және Панафрикалық Конгресін заңсыз ұйымдар деп жариялады, оның басшыларының көпшілігін түрмеге қамады. 1961 жылы АҰК «Умконтосизве» («Ұлт найзасы») деген әскери ұйым құрды, ал 1962 жылы осындай әскери ұйымды «Поко» деген атпен Африкалық Конгресте құрды. Дегенмен, осы кезде олардың басшыларын жаппай қамауға ала бастады, АҰК-нің басшыларының бірі *Нельсон Мандела* да тұтқындалып, *өмірінің 27 жылын түрмеде өткізді*.

Сонымен, Оңтүстік Африкадағы нәсілдік саясат елдің халықаралық беделіне нұқсан келді. Шарпевильдегі оқиғадан кейін, Британ Достастығына мүше елдер Оңтүстік Африка Республикасын Достастық құрамынан шығаруға мәжбүр етті. 1961 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы апартеид саясатын сынға алды, ал 1962 жылы БҰҰ-ның барлық мүшелеріне Оңтүстік Африка Республикасымен дипломатиялық байланысты үзіп және экономикалық байкот жариялау туралы ұсыныс жасайды.

Дегенмен, Оңтүстік Африканың экономикалық жағдайы өте нашар емес еді. Мұнда алтын, алмаз, тас көмір, марганец, мыс, сурьм, хром, термір, платин, фосфат және басқа көптеген пайдалы қазба байлықтарының кен орындары бар болатын. 1962 жылдан бастап, Оңтүстік Африканың экономикасы тез қарқынмен дамыды, ал 1972 жылы алтынның бағасы өскен кезде ол одан ары дамуын жалғастырды. 1972-1980 жылдар аралығында алтынның бағасы 10 есе өсіп, бұл елге қосымша кіріс алып келді.

Оңтүстік Африка Республикасын 1967 жылдан бастап *Б.Й.Фостер* басқарды. Ол елдің сыртқы саяси бағытын өзгертті. 1970 жылы Фостер бірнеше африкалық басшылардың қолдауына ие болды; 1978 жылы Фостердің орнына *Питер Бот* президент болып тағайындалып, ол либералды саясат ұстанды. Питер Бот елдегі апартеид саясатын сонымен бірге футболдағы, оқу жүйесіндегі нәсілдік дискриминацияны жоюды қолға алды.

Оңтүстік Африка Республикасының жаңа Конституциясы 1983 жылы 3 қыркүйекте қабылданды, ол бойынша үш палаталы парламент құрылды: ақ нәсілді депутаттар - 178, түрлі-түстілерден 85 депутат, және үнділіктерден 45 депутаттық орын берілді. Елдегі кара нәсілділерге орын берілген жоқ. Бұл конституциялық реформаны радикалдар сынға алып, африкалықтар толықтай бас тартты. 1983 жылы құрылған Біріккен демократиялық майдан партиясы және 1985 жылы құрылған оңтүстікафрикалық кәсіподақтар Конгресі апартеидке қарсы белсенді саясат жүргізді.

Осы кезде Питер Бот үкіметі күшті қуғын-сүргін саясатын жүргізді, цензура күшейтілді, ереуілдерді полиция қарудың күшімен басып жаншыды. Халықаралық жағдай тағы нашарлады. 1986 жылы қыркүйекте америкалық сенат Оңтүстік Африка Республикасына қарсы экономикалық санкция жариялады. Оңтүстік Африка сонымен бірге Ұлыбританияның қамқорлығынан да айырылды, АҰК селсоқ қараған *Маргарет Тэтчер* 1989 жылы Достастық елдердің конференциясынан шектеді. 1980-ші жылдардың ортасында Оңтүстік Африка Республикасы үлкен саяси дағдарыс үстінде тұрды. 1989 жылы 6 қыркүйекте Оңтүстік Африканың президенті болып *Фридерик де Клерк* тағайындалды.

Фридерик де Клерктің реформалары. *Ф. Де Клерк* тек 1989 жылы 2 ақпанда ғана Ұлттық партияның көшбасшысы болды, ал 8 шілдеден ол түрмеде отырған *Нельсон Манделамен* кездесіп, онымен келіссөз жүргізді. Оңтүстік Африканың президенті болып сайланғанан кейін-ақ тез арада *Ф. де Клерк* түрмеден *Уолтер Сисулу* және басқа саяси тұтқындарды босатады, елдегі төтенше жағдайды жояды, АҰК және басқа африкалық ұйымдардың қызметіне соның ішінде митингі және демонстрацияға да рұқсат береді. Көп ұзамай 1990 жылы 11 ақпанда *Нельсон Мандела* да бостандыққа шығады.

Ф. де Клерк және *Н.Манделаның* ендігі басты мақсаты елдің жаңа Конституциясын жасау болатын. Елдегі төтенше жағдай жойылғанан кейін, яғни 1990 жылы тамызда АҰК қарулы көтерілістен бас тартты. Келесі қадам кара нәсілділерге Ұлттық

партияға, ал ақ нәсілділерге АҰК мүше болуларына рұқсат берілді. 1989 жылдың соңында Ұлттар Достастығы және БҰҰ Оңтүстік Африкаға қарсы санкцияны жоюды мақұлдады. Бұл Ф.де Клеркке үлкен серпіліс беріп, ол 1990 жылдың өзінде-ақ апартеидтің көп заңдарын жояды. 1991 жылдың басында апартеидтің соңғы үш заңы жойылды, соның ішінде халықты нәсілдік топ бойынша қоныстандыру заңы.

1991 жылы Демократиялық Оңтүстік Африка үшін Конференция (КОДЕСА) құрылып, 1993 жылдың соңына дейін жұмыс істеген, оған 20-ға жуық партия қатысты. Оның мақсаты - жаңа Конституцияның жобасын жасау болды. 1992 жылы Ф.де Клерктің позициясы күшейді: ол референдумда жеңіске жетті, оның барысында ақ нәсілділердің басым көпшілігі (69%) билікті толыққанды африкалыққа беру туралы пікірді қолдады. 1992 жылы КОДЕСА мүшелері Уақытша Конституцияны қабылдады. Өтпелі Атқарушы кеңес құрылды. Үкімет және АҰК, яғни Оңтүстік Африка Республикасында ортақ армия және азаматтық әкімшілік болады деген келісімге келді. 1994 жылы 26-29 сәуір аралығында жалпыға бірдей сайлау болып, оны халықаралық қауымдастық та "еркін және шынтуайтты" деп мойындады. Сайлауда АҰК жеңіске жетіп, 62,6% дауыс жинап парламентте 252 орынға ие болды. Ұлттық партия 20,4% дауысқа ие болды, парламентте 82 орын, «Инката»- 10,5% дауыс және парламентте 43 мандат иемденді. Нәтижесінде коалициялық үкімет құрылды АҰК - 18 орын алды, Ұлттық партия - 6, «Инката»- 3 орын.

XX ғ. соңы- XXI ғ. басындағы елдің ішкі және сыртқы саясаты. Заңшығару жиналысына сайлауда АҰК жеті провинцияда жеңіске жетті, Ұлттық партия - Батыс Кап провинциясында, ал «Инката»- Квазулу-Наталь провинциясында жеңіске жеткен болатын. Сонымен, 1994 жылы 9 мамырда *Нельсон Мандела* Оңтүстік Африка Республикасының президенті болып тағайындалды, ал 1996 жылы 8 мамырда Оңтүстік Африка Республикасының Конституциясы бекітілді. Елде екі палаталы парламент құрылды: Ұлттық Ассамблея (400 депутат, 5 жылға сайланды) және Ұлттық кеңес (90 орын).

Апартеид жойылса да Оңтүстік Африканы басқа да күрделі мәселелер күтіп тұрды. Ең алдымен елде 11 негізгі топтары болды. Қара нәсілділердің өзі бірнеше тілде сөйледі, оның ішіндегі ең ірілері зулус (халықтың 38,5% сөйлейді), сосын сото (27,5%), коса (11,6%). Сонымен бірге елде 5,1 млн. ақ нәсілділер, 3,4 млн. түрлі-түстілер және 1 млн. үнділіктер өмір сүрді.

Оңтүстік Африкаға қарсы экономикалық санкция жойылғаннан кейін ел тез даму жолына түсті; ішкі кіріс өсті, алтын өндіру елге қайтадан шетелдік капитал қорын алып келді. Қазіргі кезде Оңтүстік Африка Республикасы әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарында, алтын, платина, марганец, хром және т.б. өндіруден бірінші орында, гауһар тас өндіруден - 4 орында, тас көмірден - 5 орынды иемденсе, уран - 7 орында, жыл сайынғы сыртқы экспорты 30 млрд. долл. құрайды.

1999 жылы маусымнан бастап Оңтүстік Африка Республикасының президенті *Тобо Мбеки* болды. Үкімет әлеуметтік, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй құрылысы, сумен қамту, электр қуаты салалары бойынша ауқымды ақша бөліп отырды. Бұл шетелдік инвесторлардың сеніміне кіруге мүмкін болды, тек 2000 жылдың өзінде шетелдік салымшылар саны екі есеге өсіп, дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кірді.

Тобо Мбеки халықты «300 жыл бойы жүргізілген нәсілдік зорлық-зомбылықтан құтылуға» шақырды. Өз идеясында ол кірісті байлар мен кедейлер арасында бірдей бөліп, паракорлыққа жол бермеуге тырысты. Дегенмен Оңтүстік Африка Республикасының алдындағы тағы бір күрделі мәселе - СПИД болды, халықтың әрбір оныншы тұрғыны осы ауырудан зардап шекті. Бұл мәселе туралы пікірталасқа президент Тобо Мбекидің өзі де тікелей қатысып және Оңтүстік Африкадағы СПИД-ке қарсы комиссияны басқарушы доктор Дюсбергтің жұмысына қолдау көрсетіп отырды.

2000 жылы қазанда президент Тобо Мбеки Кейптаунда жаңа технология туралы жиналыс өткізді; ол Оңтүстік Африканы ақпараттық технологиямен қамтамасыз етуге Батыс елдерін шақырды. Африкаға көмек көрсету мәселесімен *Тобо Мбеки* Канадада «үлкен жетілік» елдерінің өкілдерімен кездеседі.

Африкалық екі өкіл БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болды.

2002 жылы тамыздың соңы, қыркүйектің басында Оңтүстік Африка Республикасында тұрақты даму туралы Дүниежүзілік саммит болды. Ол Йоханнесбургте өтеді. Оған БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан және әлемдегі елдердің жүзден аса басшылары қатысады. Саммитте дамыған елдердің бірқатары дамушы елдерге экономикалық көмекті ұлғайту туралы пікірлерін айтты. Кездесуде ғаламдану мәселесі де талқыланды. Мұнда Ұлыбританияның премьер-министрі *Тони Блэр*, Францияның президенті *Жак Ширак*, Германияның канцлері *Герхард Шредер* баяндамалар жасады; тек АҚШ қана өзінің екінші кезектегі делегатын жіберді. Саммит жергілікті халықтың өмір сүру қарқынына айтарлықтай серпіліс берді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оңтүстік Африканы қандай мемлекеттер отарлады?
2. Апартеидтік жүйе не үшін енгізілді?
3. Тәуелсіздік үшін күрескен ұлтжандыларды атаңыз
4. Фредерик де Клерк қандай реформалар жүргізді?

ГЛОССАРИЙ

Абсолюттік монархия – мемлекеттің түрі. Абсолюттік монархияның түрлері: мемлекет басшысы (әдетте мұрагерлік) заң шығару және атқару биліктерін өзінің шенеуніктерінің көмегімен қоса атқарады, тұрақты әскер, қалыптасқан бюрократиялық аппарат, мемлекеттік алымның жалпыға ортақ жүйесі, мемлекеттің бірыңғай заңы, бірыңғай жалпы мемлекеттік экономикалық саясат.

Автократия – бір адамның шексіз билігіне негізделген басқару жүйесі.

Аннекция (*лат. Annexus* – қойып алу) – мемлекеттің, басқа мемлекетке жататын аумағын заңсыз түрде қосып алуы.

Аннекция халықаралық тәжірибеде, феодалдық және капиталистік мемлекеттерде кең тарады. Әсіресе, аннекция, отарлы экспансияның құралы ретінде жиі қолданылды. (мыс., Босния және Герцоговинаға Австро-Венгрияның А. 1908; Ұлы Британияның – бур мемлекеттеріне 1900 және Кипр аралдарына А.; АҚШ-тың ХІХ ғасырдың аяғындағы Гавай аралдарына А.; және т.б.). Аннекция *екінші дүние жүзілік соғыста*, гитлерлік және жапон оккупанттары аумақтарды басып алу кезінде, іске асырылды.

Альтернат (*лат. alternus* – кезектесіп) – халықаралық келісім данасына сай, келісуші тараптардың қол қоюуына арналған, тараптардың атаулары, өкілеттердің қолдары, мөрлері сонымен қатар келісім мәтіні келісуші жақтың тілінде жасалып, бірінші орынға орналастыру ережесі. Бірінші қол қоюшыларға, келісім мәтінінің сол жақ беті құрметті орын болып саналады немесе егер де қолдар бірінші астына бірі қойылса, онда жоғарғы орын. Альтернатты қолдану, келісуші тараптардың теңдігін көрсетеді. Альтернат, әдетте, екі тілде жасалған екі жақты келісімдерде қатаң сақталады. Көпжақты келісімдерде альтернат сирек қолданылады.

Апартейд – (бөлек өмір сүру), Оңтүстік-Африка Одағының үкіметінде қолданылған, нәсілдік дискриминация және сегрегацияның шектен шыққан түрі.

Әлеуметтік реформа – қалыптасқан әлеуметтік құрылысты сақтай отырып, халықтың тұрмысын жақсарту үшін белгілі бір дәрежеде өзгерістер жасау.

Әмір – Орта Азия және Ауғанстандағы билеушілердің титулы.

Байкот – (иелікті басқарушы ағылшын Ч.К.Бойкот есімімен байланысты, бұл шараны алғаш рет 1880 жылы ирландиялық жалға алушылар аталған адамға қатысты қолданған) – жекелеген адаммен, ұйымдар мен мемлекетпен қарым-қатынасты толықтай немесе бөліктей тоқтатыла тұратын саяси және экономикалық күрестің құралы.

Бейтараптылық – бейбіт уақытта әскери одақтасуға қосылмау және соғыс кезінде соғысушы жақтардың ешқайсысын қолдамау статусы.

Бей – бек, бег, мырза, князь, ислам мемлекеттерінде бей титулын алғашқы кезде патша әулетінің мүшелері ғана иемденді. Ал кейін Иранда (Парсы) және Түркияда (Осман империясы) бұл титул әскери және азаматтық шендегілерге де беріле бастады.

Буддизм – әлемдік үш діннің бірі, б.д.б. I-мыңжылдықтың ортасында Үндістанда пайда болып, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияда, Қиыр Шығысқа тарады. Гаутама ханзадасы Будда Шакья-Муни негізін қалаған.

Бурлар – африкалықтар, ХҮІІ ғасырда Оңтүстік Африкадағы Қайырлы Үміт мүйісіне қоныстанған еуропалықтар (француз, голландықтар), тарихи отандарынан байланыстарын мүлдем үзіп, бурлар мемлекетін құрды.

Вали – Иран және Осман империясындағы генерал-губернаторлар.

Брифинг (*ағыл.* Briefing – қысқаша нұсқау) - сыртқы саяси ведомстволар өкілдерінің және басқа мемлекеттік органдардың, халықаралық және де өзге ұйымдардың баспа, радио, теледидар өкілдерімен жүргізетін кездесулері мен әңгімелері, оларға маңызды оқиғалар туралы, халықаралық келісімдердің, конференциялардың, симпозиумдардың, кеңестердің жүру барысы жайында, қатысушылардың көзқарастары мен позицияла-

ры және жеткізілген нәтижелер жайлы мәлімет беру мақсатын көздейді. Брифингтер, пресс-конференциялардан өзінің қысқалығымен ерекшеленді, олар ресмилігі жағынан кемірек және журналистер ақпаратының сипатында болады.

Геосаясат – мемлекеттің географиялық орналасу жағының оның сыртқы саясатына және халықаралық қатынастарға әсерін сипаттайтын түсінік.

Гоминьдан – Қытайдағы ұлттық партия, «Біріккен одақ» аясында 1912 Сунь Ятсен құрып, 1911-1913 жж. Синьхай революциясына белсенді қатысты. 1927 жылға дейін Қытайдағы ең көрнекті партия демократиялық республика үшін күресті.

Девальвация – ұлттық валютаның алтынға немесе басқа елдердің валютасына қатысты алғандағы мөлшерін төмендету.

Демаркация – нақты бір жерлерде мемлекеттік шекараны белгілеу.

Демократия – (грек. демос-халық, кратос-билік) халық билігі, заңдарда азаматтардың бостандығы мен тең құқықтығы бекітілген халық билігінің іс жүзіндегі тәсілдері мен нысандары жүзеге асырылатын және онымен белгіленетін саяси құрылыс.

Демогогия – (грек. демос-халық, аго-ертемің) фактілерді бұрмалап, жалған уәде беріп, өтірік айтып көз көре алдау, саяси мақсаттарға жету үшін сана-сезімі төмен бұқараның көңілінен шығу үшін жалған жанашырлық таныту.

Декларация (лат. Declaration – мәлімдеме, жариялау) – біржақты, екіжақты немесе көпжақты мәлімдеме, мұнда мемлекеттер өздерінің сыртқы және ішкі саясаттарының қағидаларын жариялайды немесе нақты мәселе бойынша өздерінің позицияларын мәлімдейді. Екіжақты және көпжақты декларацияларға көбіне қол қойылады, бірақ қатысушылардың тілегіне қарай, олардың қол қоюынсыз қабылдана беруі мүмкін.

Бірнеше мемлекет, үкімет басшыларының және сыртқы істер министрлерінің т.б. ресми мемлекеттік қайраткерлерінің ортақ декларациялармен сөз сөйлеу тәжірибесі орын алған, соның ішінде халықаралық ұйым шеңберінде. Тәжірибеде халықаралық келісімдер декларациялар түрінде жасалатын жағдайлар кездеседі.

Депутат – өкілетті билік ұйымдарына мүше болып сайланған адам.

Демография – халықтың құрамын, санын және өсуін зерттейтін ғылым.

Диктатура – (шексіз билік) мемлекеттегі билікті жүзеге асыру жүйесі, адамның, топтың, таптың шексіз билігі.

Джирга – Ауғанстан әмірлігі кезіндегі көсемдер кеңесі.

Джихад – дін үшін күрес, Алла жолындағы күрес. Бастапқы кезде исламды тарату және қорғау үшін жүргізілген. Ислам жеңіске жеткен жерлерде сенімсіздерге қарсы қарулы соғыс, осы мағынада мұсылмандар фатх және газават десе, ал мұсылман еместер «қасиетті соғыс» дейді.

Доктрина – теориялық немесе саяси принциптерді басқаратын ілім, ғылыми немесе философиялық теория.

Доминион – мемлекет, Ұлыбританияның бұрынғы отарлары, сосын Британ Достастығы құрамына кірді. Доминионда мемлекет басшысы ағылшын монархы болғанмен, ішкі әкімшілік пен саясатта өзін-өзі басқаруға қол жеткізді.

Егемендік – мемлекеттің ішкі істерін және сыртқы саясатын іске асыруда басқа мемлекеттерге мүлде тәуелсіз болуы.

Идеология – (грек. идея - ұғым, түсінік, логос-сөз, ілім) - саяси, құқықтық өнегелілік, діни, эстетикалық және философиялық көзқарастар мен идеялардың жүйесі.

Интеграция – біртектес қоғамдық құрылыстағы екі немесе одан да көп мемлекеттердің экономикадағы ұлттық шаруашылықтарының бір-біріне үйлесуі және бірігуі.

Индустриаландыру – техникамен қамтамасыз етілген, ірі өнеркәсіп құру, өнеркәсіптік өндірістің экономикадағы үле-сін елеулі түрде көтеру.

Инфляция – айналымдағы қағаз ақшаның құнсыздануы.

Интервенция – бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа бір мемлекеттің ішкі істеріне күштеп араласуы, ол әскери, экономикалық, дипломатиялық, идеологиялық болуы мүмкін.

Колония – (лат. колония-қоныстандыру) саяси және экономикалық дербестігінен айырылған және арнайы режиммен

басқарылатын, басқа шетелдік мемлекеттің қоластына қарайтын ел немесе аумақ.

Конституциялық монархия – онда монархия парламент арқылы шектеліп отырады.

Коалиция – (лат. Coalescere – қосылу, бірігу) - екі немесе бірнеше мемлекеттердің, халықтардың, саяси партиялардың және басқа да ұйымдардың одағы, ортақ қимыл немесе іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін әсіресе, саяси немесе әскери сипатта болады. Халықаралық қатынастар тарихында ең атақты коалициялардың бірі антигитлерлік коалиция болып табылады.

Консул (*лат. consul*) – жүктелген міндеттерді атқару үшін басқа мемлекетке немесе оның белгілі бір ауданында және осы мемлекеттің лауазымды тұлғасы

Конституция – мемлекеттің ата заңы.

Кооперация – (лат. бірлесу) еңбекті ұйымдастыру нысаны, онда көп адамдар бір-бірімен байланысты, бір немесе бірнеше еңбек процесінің бірлесіп қатысады және кооператив мүшелерінің топтық меншігіне негізделген өндірісті социалистік ұйымдастыру нысандарының бірі.

Маратори – мемлекеттің халықаралық келісімге сәйкес ресми белгіленген қандайда бір міндеттемені орындауды кейінге қалдыру немесе бір әрекеттен бас тартуы.

Мемлекет – қоғамдық еңбек бөлінісі, жеке меншіктің шығуы мен таптардың құрылуы нәтижесінде пайда болды.

Меморандум (*лат. Memorandum* – нені еске сақтау керек) – дипломатиялық құжаттың түрі. Меморандумның ерекше белгісі – қандай да болмасын мәселені дәлелге негіздеу немесе заңды түрде толық мазмұндау, мысалы, дипломатиялық хат ауысу заты болып табылатын мәселе (белгілі бір мемлекет үкіметінің басқа мемлекет үкіметіне сыртқы саясат және халықаралық жағдайдың негізгі мәселелер жөніндегі меморандум).

Метрополия – (грек. метер-ана, полис-қала) – отарлық иеліктері бар мемлекет.

Мәжіліс – Иран, Осман империясы және басқа да ислам мемлекеттеріндегі парламенттің атауы.

Милитаризм – қарулануды күшейту және басқыншылық соғысқа дайындалу саясаты.

Мицубиси – XIX-XX ғғ. ең ірі жапондық фирма. 1870 жылы Ивасаки отбасылық өнеркәсібі аясында пайда болған. Шығаратын өнімдері-металл өңдеу, машина жасау және электр бұйымдары. 1919 жылы Мицубиси банкі құрылып, ол компанияны монополиялық бірлестікке айналдырды.

Мицуи – Жапониядағы ең ірі қаржы-өнеркәсіп концерні. ХҮІІ ғасырда саудагер Такатоси Мицуи негізін қалап, көп ұзамай сёгундар үкіметін қаржыландырып, мануфактураны дамытуға қаржы бөліп отырды. XIX ғасырдың ортасында сауда-қаржы отбасылық Мицуи компаниясы оппозицияны қолдап, Токугава режиміне қарсы шықты. Кейін император үкіметімен белсенді байланыс орнатып, 1876 жылы «Миуци Банктің» негізін қалайды.

Муджахидтер (моджахед) – сенім үшін күресушілер, мұсылмандық Шығыс елдерінде әртүрлі әлеуметтік және діни қозғалыстарға қатысушылар.

Модернизация – индустриялық қоғамға өту үрдісі.

Национализациялау – жердің, өнеркәсіп орындарының, тасымал және байланыс құралдарының, банктердің, тағы басқалардың жеке меншіктен мемлекет меншігіне өтуі.

Протекционизм – (жасыру) мемлекеттік экономикалық саясат, ол ұлттық шаруашылықты шетелдік бәсекелестікпен қорғау мақсатында елге әкелінетін тауарларға жоғарғы баж салығын салады, белгілі тауарларды әкелуді шектейді немесе толықтай тыйым салады.

Пролетариат – (жұмысшы табы) капиталистік қоғам таптарының бірі, өндіріс құралдарынан айырылған жалдамалы жұмысшылар, олар өздерінің жұмыс күшін сатып күн көреді.

Петиция – (өтініш) мемлекеттік биліктің жоғарғы басшылығына азаматтардың жазбаша беретін ұжымдық өтініші.

Протекторат – халықаралық құқыққа сай мемлекеттің тәуелділікке түсуінің тағы бір түрі, теңсіз келісім арқылы пайда болады, ішкі істерін шешуде білгілі бір автономияға ие, бірақ

қорғаныс, сыртқы және ішкі мемлекеттік саясаттың аса маңызды мәселелерін реттеуде басқа елге тәуелді мемлекет.

Репарация – (лат. reparatio – бұрынғы қалпына келтіру) - халықаралық құқық субъектінің халықаралық құқық бұзушылықты жүзеге асыру нәтижесінде, басқа халықаралық құқық субъектіге зиян келтіргені үшін, оған жүктелетін материалдық жауапкершіліктің түрі. Репарацияны төлеу реституции, ақша немесе басқа материалдық компенсация не болмаса бір мезгілде реституции және шығындардың компенсациясы түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Репарацияны **контрибуциялардан** ажыратқан жөн (1919 ж. дейін тәжірибеде қолданылған, соғысты жеңушіге алым-салықтар төлеу). 1919 ж. Версаль бейбіт келісім-шартында контрибуциялар туралы ескертулер жоқ, тек 1914-1918 жж. *бірінші дүние жүзілік соғыс* барысында Германиямен және оның одақтастарымен зиян келтірілген зардаптың орнын толтыру түрі негізінде «репарациялар» туралы айтылады.

Республика – (лат. республика-қоғамдық іс) мемлекеттік басқарудың бір түрі.

Референдум – мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелері бойынша жалпы халықтық дауыс беру.

Реформа – (лат. қайта жасау, жаңарту) қолданыстағы әлеуметтік, қоғамдық өмірдің қандайда бір жақтарын жақсарту, өзгерту, қайта құру, кез-келген мазмұндағы жаңа өзгерістер түрінде болады, бірақ реформа деп әдетте прогрестік жаңартуды айтады.

Революция – (төңкеріс) бір формациядан екіншісіне тез секіріп өтетін түбегейлі өзгеріс, қандайда бір табиғат, қоғам, сана құбылыстарын өзгерту.

Репрессия – жазалау шарасы, жазалау. Қуғын сүргін.

Сатьяграха – ақиқат үшін күрес, Үндістанда ағылшындардың үстемдігі кезінде тәуелсіздік үшін күрестің күш қолданбау әдісі. XX ғасырдың басында М.К.Ганди негізін қалаған.

Сварадж – «өзінің басқаруы», XX ғасырдың басынан 1947 жылға дейін отарлық Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың басты ұраны.

Сикхтар – ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Ұлы Моғалдармен ұзақ уақыт бойы күрес жүргізіп, 1765-1849 жылдары Пенджабта өз мемлекеттерін құрады.

Сипай – жауынгер, әскер, ХҮІІІ ғасырдың ортасынан 1947 жылға дейін Үндістандағы жалдамалы әскерлер.

Сепаратизм – бөлінуге ұмтылу; мемлекеттің бір бөлігін бөліп алып, дербес мемлекеттік құрылым жасауға ұмтылу.

Сыртқы саясат – халықаралық іс-әрекеттердегі мемлекеттің жалпы бағыты: сыртқы саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен қатынасын реттейді. Сыртқы саясаттың маңызды құралы дипломатия болып табылады.

Сыртқы саясат мемлекеттің ішкі саясатымен ажырамас байланыста болады. Оның мазмұны мен бағыты, мемлекеттің қоғамдық құрылысының табиғатымен ескертіледі. Мемлекеттердің әр түрлі қоғамдық құрылыстарының болуына байланысты сыртқы саясаттарында да жергілікті айырмашылықтар бар. Тәуелсіз алған және енді ғана дамып келе жатқан мемлекеттердің сыртқы саясаты негізінен өздерінің саяси тәуелсіздігін нығайту және экономикасын дамытуға бағытталған.

Тоталитаризм – ХХ ғ. мемлекеттің бір нұсқасы, бұл мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласына жаппай бақылау орнатылады, билік бір адамның немесе бір партияның қолына шоғырланады, конституциялық құқықтар мен бостандықтар жойылады, бүкіл халық бір идеологияға бағындырылады, еркін ой қудаланады.

Үндістан ұлттық конгресі – 1885 жылы құрылған Үндістанның саяси партиясы, ал ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ұлттық тәуелсіздік үшін ағылшын отаршылдарына қарсы белсенді күрес жүргізді.

Халықаралық конференциялар – белгілі бір мәселені талқылау мен шешімдерді, ұсыныстарды қабылдау үшін өткізілетін *халықаралық үкіметаралық* және *халықаралық үкіметтік емес ұйымдар* өкілдерінің мәжілістері. Халықаралық конференциялардың түрлі атаулары болады (конференциялар, конгрестер, кеңестер, колоквиумдар, форумдар және т.с.с.). Халықаралық конференциялар – үкіметаралық және үкіметтік емес, бүкіләлем-

дік және аймақтық деп бөлінеді; бір не бірнеше мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен шақырылады. Халықаралық конференцияларды әдетте, *қабылдаушы мемлекеттің* өкілі немесе шақырушы ұйымның өкілі ашады.

Халықаралық концессия (*лат. Concession* – рұқсат, жол беру) – мемлекеттің өз аумағында арнайы (концессиялық) келісім-шартқа сәйкес, шетелдіктерге нақты өндірістік – экономикалық іс-әрекетті жүзеге асыру құқықтың берілуі.

Шетелдік жеке тұлғаға (фирмаға) концессия беру, оған беруші мемлекет заңдарымен реттеледі.

Урф – Иранда Каджарлар билігі тұсындағы (1796-1925) зайырлы сот жүйесі, соттың қызметін облыс және провинция билеушілері атқарды.

Федерация – мемлекеттік құрылымның нысаны, онда федералдық бірлестік құрамына мемлекеттік федерация мүшелері кіреді.

Фетва – шешім, мұсылмандық Шығыс елдерінде діни басшылықтың пікірі бойынша жазба түріндегі тұтқындау, Құранда, хадистарда айтылады.

Шариат – мұсылмандардың діни заңдары (теология және құқық).

Экстремизм – ерекше сыртқы көзқарастар мен шараларды жақтау.

Экспанция – өз билігін дипломатиялық, экономикалық және әскери әдіспен басқа мемлекетке жүргізу үшін жүргізілетін саясат.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1-нұсқа

1. Пәкістандағы Азамат соғысы және Бангладештің құрылуы.
2. Ирандағы «Ислам революциясы». 1978-1979 жж. шах билігін құлату.
3. Егеменді Сирия мемлекеті және буржуазиялық үкіметтің қызметі.
4. 1957 жылғы Ливандағы Азамат соғысы және оның зардаптары.
5. Египет президенті А.Садаттың жаңа бағыты (1970-1981 жж.).
6. Египеттегі Хосни Мубарактың ішкі және сыртқы саясаты.
7. Судандағы Халилдің экономикалық және әлеуметтік саясаты.
8. Пәкістанда А.М.Яхья-ханның әскери режимінің орнауы.
9. Пәкістандағы З.А.Бхуттоның ішкі және сыртқы саясаты.
10. Мұсылман Лигасы және Мұхаммед Әли Джинна саясаты.
11. Мұхаммед Зия уль-Хактың Пәкістандағы әскери режимі.
12. Пәкістандағы Беназир Бхуттоның саясаты.
13. Мұстафа Кемальдың реформалық саясаты.
14. Мұхаммед Реза Пехлеви билігі кезіндегі Иранның жағдайы.
15. Ауғанстанда Аманулла-ханның жаңа реформалары.
16. Ауғанстанда Мұхаммед Захир-шах режимінің орнауы
17. Ирактағы Касем билігі (1958-1963 жж.).
18. Ирактағы президент әл-Бакр саясаты (1968-1979 жж.).

19. Ирактағы Саддам Хусейннің тоталитарлық режимі.
20. Египетте Г.А.Насердің үкімет басына келуі. 1956 ж. Суэц дағдарысы.
21. Египет президенті Садаттың жаңа бағыты (1970-1981 жж.).
22. Египеттегі Мубарактың ішкі және сыртқы саясаты
23. Судандағы Х.Халилдің экономикалық және әлеуметтік саясаты.
24. Судандағы Аббуд үкіметі, әл-Халифтың өтпелі үкіметі.
25. М.Кемальдың әлеуметтік-экономикалық саясаты, модернизация.

2-нұсқа

1. М.К.Ганди және Үндістанның қоғамдық-саяси өмірі.
2. Индира Гандидің әлеуметтік-экономикалық саясат
3. Жапонияның Тынық мұхитындағы соғысы (1941-1945).
4. Жапониядағы американдық әскери оккупация (1945-1952).
5. Жапон экономикасының «ғажайып дамуы» (1956-1970).
6. Кореядағы 1919 жылғы 1 наурыз көтерілісі.
7. Екінші және Үшінші Республика кезіндегі Оңтүстік Корея (1960-1972 жж.).
8. Төртінші республика кезіндегі Оңтүстік Корея (1972-1981жж.).
9. Бесінші республика кезіндегі Оңтүстік Корея (1981-1987 жж.).
10. Солтүстік Кореядағы 1957-1985 жж. экономикалық және саяси даму.
11. Қытайдағы 1919 жылы «4 мамыр» қозғалысы.
12. Қытайдағы 1958 жылғы «үлкен секіріс» саясаты.
13. Қытайдағы «Мәдени революция» (1965-1976).
14. Вьетнамдағы реформа кезеңі: жаңа үлгідегі социалистік модель.
15. Индонезиядағы Тәуелсіздік үшін күрес (1945-1950 жж.) Сукарно.

16. Сухарто билігі кезеңіндегі Индонезия (1965-1998 жж.).
17. Орталық Африкадағы Бельгия және Португалия иеліктері.
18. Африкадағы Бельгия және Португалия отарларындағы өзгерістер.
19. 1970 жылдардағы Қара Африка елдері.
20. М.К.Ганди және Үндістанның қоғамдық-саяси өмірі.
21. Джавахарл Нерудің экономикалық реформалары.
22. Қытайда Сун Ятсеннің ілімі.
23. Қытайдағы Чан Кайшидің Гоминьдан үкіметі.
24. Оңтүстік Кореядағы Ли Сын Ман режимі (1953-1960).
25. Солтүстік Кореядағы Ким Ир Сен саясаты.
26. Қытайда Мао Цзэдунның ішкі және сыртқы саясаты.
27. Қытайда Дэн Сяопиннің экономикалық реформалары.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Бірінші дүние жүзілік соғыс қай жылы, қай материкте басталды?

- A) шілде айы 1915 ж. Азия
- B) мамыр айы 1916 ж. Африка
- C) маусым айы 1914 ж. Еуропа
- D) тамыз айы 1918 ж. Америка
- E) сәуір айы 1913 ж. Антарктида

2. 1919 ж. «4-ші Мамыр қозғалысы» қай елде болды?

- A) Жапония
- B) Индия
- C) Иран
- D) Қытай
- E) Аустралия

3. Қытайдағы Маньчжоу-Го қуырышақ өкіметінің құрылған жылы?

- A) маусым айы 1934 ж.
- B) маусым айы 1932 ж.
- C) маусым айы 1936 ж.
- D) маусым айы 1937 ж.
- E) маусым айы 1938 ж.

4. Хасан және Халхин-Гол соғыс жылдары?

- A) 1938-1939 ж.
- B) 1939-1940 ж.
- C) 1940-1941 ж.
- D) 1941-1943 ж.
- E) 1943-1945 ж.

5. Қытай Халық Республикасының жариялаған күні?

- A) 1 қазан 1947 ж.
- B) 1 қазан 1948 ж.
- C) 1 қазан 1949 ж.

- D) 1 қазан 1950 ж.
- E) 1 қазан 1951 ж.

6. ҚХР мен КСРО-ның Достық шартына қол қоюы?

- A) 14 ақпан 1949 ж.
- B) 14 ақпан 1950 ж.
- C) 14 ақпан 1951 ж.
- D) 14 ақпан 1952 ж.
- E) 14 ақпан 1953 ж.

7. Қытай Халық Республикасының 1-бесжылдығы, қабылданған жылдары?

- A) 1950-54 ж.
- B) 1951-55 ж.
- C) 1952-56 ж.
- D) 1953-57 ж.
- E) 1954-58 ж.

8. Мао Цзэдунның «Үлкен секіріс» саясаты қай жылы басталды?

- A) 1956 ж.
- B) 1957 ж.
- C) 1958 ж.
- D) 1959 ж.
- E) 1960 ж.

9. ҚХР-дағы «Мәдени революция» үшін күрес қай жылдары болды?

- A) 1962-72 ж.
- B) 1972-89 ж.
- C) 1963-73 ж.
- D) 1964-74 ж.
- E) 1965-75 ж.

10. Мао Цзэдунның қайтыс болған жылы?

- A) қазан айы 1973 ж.
- B) қазан айы 1974 ж.
- C) қазан айы 1975 ж.

- D) қыркүйек айы 1976 ж.
- E) қазан айы 1977 ж.

11. ҚХР мен Қазақстанның дипломатиялық қарым-қатынасы?

- A) 1992 ж.
- B) 1993 ж.
- C) 1994 ж.
- D) 1995 ж.
- E) 1996 ж.

12. «Шанхай бестігіне» қандай елдер кіреді?

- A) Америка, Англия, Германия, Франция, Италия.
- B) ҚХР, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан
- C) Жапония, Қытай, Корея, Ресей, Туркия
- D) Қытай, Америка, Италия, Испания, Корея
- E) Ауғанстан, Қытай, Өзбекстан, Қазақстан, Үндістан

13. «Мұсылман Лигасы» қандай қоғам, кімдердің мүддесін қорғаған?

- A) Христиандардың
- B) Мұсылмандардың
- C) өзім басқарамын
- D) тірлік үшін
- E) дін үшін

14. «Сварадж» деген қандай қозғалыс?

- A) байлық үшін
- B) меншік үшін
- C) өзім басқарамын
- D) өзім өндіремін
- E) дін үшін

15. Біріккен Араб Республикасының құрылуы?

- A) ақпан-наурыз 1958 ж. Израиль, Греция, Италия
- B) ақпан-наурыз 1958 ж. Сирия, Палестина, Йемен
- C) ақпан-наурыз 1958 ж. Египет, Алжир, Сирия, Нигерия
- D) ақпан-наурыз 1958 ж. Алжир, Марокко, Нигерия
- E) ақпан-наурыз 1958 ж. Египет, Сирия

16. «Бейтараптық» деген қандай саясат?

А) мемлекеттермен келісім-шартқа отырып, сол мемлекеттерге қауіп төнгенде ғана соғысқа араласу

В) ешқандай соғыс блогына қосылмай-ақ дербес түрде соғыс жүргізу

С) соғыс блогына қосылып, тек біріккен мемлекеттермен ғана соғыс жағдайына көшу

Д) тұтқиылдан шабуыл жасау саясаты

Е) соғыс блогына қосылмау, бейбітшілікті сақтау, экономика дербестігі мен теңдік қатынаста болу саясаты

17. Израиль мемлекеті қай жылы құрылды?

А) 1945 ж.

В) 1946 ж.

С) 1947 ж.

Д) 1948 ж.

Е) 1949 ж.

18. Анвар Садаттың Египетке президент болған жылдары?

А) 1970-1981 жж.

В) 1960-1971 жж.

С) 1965-1975 жж.

Д) 1965-1981 жж.

Е) 1970-1985 жж.

19. Египеттің «Қазан соғысы» қай елмен болды?

А) қазан айы 1972 ж. КСРО

В) қазан айы 1972 ж. АҚШ

С) қазан айы 1973 ж. Сирия

Д) қазан айы 1973 ж. Израиль

Е) қазан айы 1973 ж. Англия, Франция

20. Египеттің «Кемп-Дэвид» бейбітшілік шартына қай мемлекетпен, қай жылы отырды?

А) КСРО-Египет арасында 1977 ж.

В) Израиль-Египет арасында 1978 ж.

С) АҚШ-Египет арасында 1979 ж.

- D) Англия-Египет арасында 1978 ж.
- E) Франция-Египет арасында 1978 ж.

21. *Хосни Мубарактың Египетке президент болып келген жылы?*

- A) 1978 ж.
- B) 1979 ж.
- C) 1980 ж.
- D) 1981 ж.
- E) 1982 ж.

22. *Израиль Республикасының бірінші өкімет басшысы кім?*

- A) Бешар Асад
- B) Хосни Мубарак
- C) Бен Гурион
- D) Хафиз Асад
- E) Мохамед

23. *Ясер Арафат кім болған?*

- A) Иранның президенті
- B) Азаттық Палестинаның қолбасшысы
- C) Сирияның президенті
- D) Израиль мемлекетінің қолбасшысы
- E) Египет мемлекетінің президенті

24. *Палестина мемлекеті тәуелсіздігінен қай жылы айырылды?*

- A) наурыз айы 1946 ж.
- B) сәуір айы 1947 ж.
- C) мамыр айы 1948 ж.
- D) маусым айы 1949 ж.
- E) шілде айы 1950 ж.

25. *Муамар Кадаффи қай елдің басшысы?*

- A) Египет елінің басшысы
- B) Ливия елінің басшысы
- C) Сирия елінің басшысы

- D) Иордания елінің басшысы
- E) Алжир елінің басшысы

26. «Араб Лигасы» қандай ұйым, оған қанша мемлекет кіреді?

- A) «Араб Лигасы» болған емес
- B) Араб мемлекеттерінің 50 мемлекеті кірген діни ұйым
- C) Араб мемлекеттерінің капиталистік елдерге қарсы ұйымдастырған 40 мемлекет кіретін әскери ұйым
- D) Араб мемлекеттерінің 23 мемлекеті қатысқан одақ
- E) Араб мемлекеттерінің 35 мемлекеті қатысқан агрессиялық одақ

27. Жапонияның жаңа конституциясының қабылдануы

- A) 3 мамыр 1947 ж.
- B) 10 мамыр 1948 ж.
- C) 1 шілде 1949 ж.
- D) 25 шілде 1950 ж.
- E) 1 қазан 1951 ж.

28. 1947 жылы қабылданған конституцияның 9 бабының ерекшелігі

- A) Жапония жеріне әскер енді тек өз территориясынан басқа жерге шығуына тыйым салынды
- B) салықты уақытында төлеу
- C) отар елдерді босату
- D) Жапония жерінде соғыс ашуға, әскер ұстауға тыйым салынған
- E) Демократиялық мемлекет

29. Жапонияның Қиыр Шығыс Сібірге 150 мыңдық армиясын қай жылдары төкті?

- A) 4 ақпан 1917 ж.
- B) 4-ақпан 1918 ж.
- C) 4-ақпан 1919 ж.
- D) 4-ақпан 1920 ж.
- E) 4-ақпан 1921 ж.

30. Жапония КСРО шартына қай жылы, қай қалада қол қойды?

- A) 20-қаңтар 1922 ж. Токио
- B) 20-қаңтар 1923 ж. Москва
- C) 20-қаңтар 1924 ж. Дели
- D) 20-қаңтар 1925 ж. Пекин
- E) 20-қаңтар 1926 ж. Хаборосок

31. Жапонияның Қытайға агрессиясы?

- A) шілде айы 1931 ж.
- B) шілде айы 1932 ж.
- C) шілде айы 1933 ж.
- D) шілде айы 1334 ж.
- E) шілде айы 1335 ж.

32. Жапонияның Ұлттар Лигасынан шығу жылдары және себебі?

- A) 1931 ж. Қытайды жаулауына байланысты
- B) 1932 ж. Ұлттар Лигасының қысымына төзбегендіктен
- C) 1933 ж. Ұлттар Лигасының шешімін мойындамай
- D) 1934 ж. Ұлттар Лигасының қысымына төзбей
- E) 1935 ж. өз еркімен

33. Жапония өкіметі «Антикоминтерндік шартқа» қай жылы, қай елмен отырды?

- A) 25-қараша 1933 ж. Англия
- B) 25-қараша 1934 ж. Италия
- C) 25-қараша 1935 ж. КСРО
- D) 25-қараша 1936 ж. Германия
- E) 25-қараша 1937 ж. Қытай

34. Хасан және Халхингол жерінде Жапония қай жылдары, қай елдермен соғысты?

- A) 1936-37 ж. Англия, АҚШ, Франция
- B) 1937-38 ж. Италия, Германия, Франция
- C) 1938-39 ж. КСРО, Монғолия, Қытай
- D) 1939-40 ж. КСРО, Англия, Монғолия
- E) 1914-1918 ж. Африка елдерімен

35. Жапонияның Тынық мұхиттағы тұтқиылдан бастаған соғыстары?

- A) 7 желтоқсан 1939 ж. Шанхай қаласында басталған
- B) 7 желтоқсан 1940 ж. Улан-Баторға басталған
- C) 7 желтоқсан 1941 ж. Токиға
- D) 7 желтоқсан 1940 ж. Перл-Харборға шабуылы
- E) 7 желтоқсан 1943 ж. Сахалинге

36. Жапонияның 2-ші дүниежүзілік соғысы жылдарында КСРО-ға жасаған провокациялары?

- A) Дипломатиялық және шекара қатынастары
- B) Әлсін-әлсін шабуылға шығып отырды
- C) Германиямен бірігіп бір мезгілде шабуылға шықты
- D) Германияға материалдық көмек берді
- E) Ел ішін араздастыруға тырысты

37. Жапонияның тізе бүгіп, 2-ші дүниежүзілік соғыстың аяқталған күні?

- A) 2 қыркүйек 1945 ж.
- B) 9 мамыр 1945 ж.
- C) 19 мамыр 1945 ж.
- D) 20 маусым 1945 ж.
- E) 1 мамыр 1945 ж.

38. Сан-Франциско конференциясы Жапония туралы

- A) 1 қыркүйек 1947 ж.
- B) 2 қыркүйек 1948 ж.
- C) 4 қыркүйек 1949 ж.
- D) 4 қыркүйек 1950 ж.
- E) 4 қыркүйек 1951 ж.

39. Израиль-палестина соғысы қай жылы басталды, немен аяқталды?

- A) 15 мамыр 1948 ж. Палестин бастаған арабтар жеңіліп, Израиль мемлекеті құрылды
- B) 15 мамыр 1948 ж. Израиль мемлекетінің жеңілуі
- C) 15 мамыр 1949 ж. екі жақ өзара келісімге келді

- D) 15 мамыр 1949 ж. Араб-Палестин мемлекеті құрылды
- E) 15 мамыр 1950 ж. Израиль мемлекеті құрылады

40. *«Азат офицерлер» ұйымы және оның басшысы кім?*

- A) 1948 ж. Анвар Садат
- B) 1948 ж. Әмір
- C) 1948 ж. Хосни Мубарак
- D) 1948 ж. Мохамед
- E) 1949 ж. Гамель Абдель Насер

41. *Египетке қарсы «үштік агрессия» 31 қазан 1956 ж.*

- A) Франция, Иран, Италия
- B) Англия, КСРО, Қытай
- C) Жапония, Қытай, Корея
- D) Англия, Франция, Израиль
- E) АҚШ, КСРО, Италия

42. *Бірікен Араб Республикасының ыдырауы?*

- A) қыркүйек-желтоқсан 1961 ж.
- B) қазан-желтоқсан 1971 ж.
- C) қазан-қараша 1962 ж.
- D) қазан-қаңтар 1963 ж.
- E) қараша-желтоқсан 1972 ж.

43. *«Маусым дағдарысы» (5 шілде 1967 ж.)*

- A) Египетке империалистердің шабуылы
- B) Египеттің Израильге шабуылы
- C) Египетке қарсы тұтқиылдан жасалған Израиль шабуылы
- D) Азық-түліктің жетіспеуі
- E) Қуаңшылық

44. *Индонезия мемлекетінің президенті және Ұлттық партияның лидері кім болды?*

- A) Сукарно
- B) Мао Цзэдун
- C) Мұстафа Кемаль

- Д) Махатма Ганди
- Е) Дэн Сяопин

45. *Джавхарлал Неру қай елдің саяси басшысы?*

- А) Үндістанның
- В) Қытайдың
- С) Кореяның
- Д) Индонезияның
- Е) Бангладештің

46. *Үндістан мен Пәкістан тәуелсіз мемлекеттері қашан құрылды?*

- А) 1947 ж.
- В) 1980 ж.
- С) 1925 ж.
- Д) 1918 ж.
- Е) 1993 ж.

47. *Иран Ислам революциясы қай жылдары болды?*

- А) 1978-1979 жж.
- В) 1925-1927 жж.
- С) 2000-2001 жж.
- Д) 1944-1945 жж.
- Е) 1915-1916 жж.

48. *Ауғанстанда «Сәуір революциясы» қай жылы болды?*

- А) 1950 ж.
- В) 1945 ж.
- С) 1998 ж.
- Д) 1978 ж.
- Е) 1923 ж.

49. *Қай жылы КСРО әскерін Ауғанстанға кіргізді?*

- А) 1979 ж.
- В) 1945 ж.
- С) 1989 ж.
- Д) 1935 ж.
- Е) 1991 ж.

50. *Аятолла Хомейни лидер:*

- А) Түрік республикалық партиясының
- В) Жапон коммунистік партиясының
- С) Иран шейіттік руханиятының
- Д) Пәкістанның әскери генералы
- Е) ОАР исламдық лидері

51. *Үндістан мемлекетінің Конституциясы қай жылы қабылданды?*

- А) 1980 ж.
- В) 1950 ж.
- С) 1970 ж.
- Д) 1885 ж.
- Е) 1930 ж.

52. *Мароккода мемлекеттік құрылыс қандай?*

- А) Парламенттік республика
- В) Президенттік республика
- С) Конституциялық монархия
- Д) Доминион
- Е) Тәуелді колония

53. *Ахмад шах Масуд қай ұйымның өкілі?*

- А) Ауғанстандағы солтүстік альянс
- В) Талибан қозғалысы
- С) Ирак ислам руханиятының
- Д) Палестинаны азат ету ұйымының
- Е) Ирланд республикалық армиясының

54. *1998 ж. мамырда қай мемлекет ядролық сынақ өткізді?*

- А) АҚШ пен Ресей
- В) Франция мен Ресей
- С) Қырғыстан мен Қытай
- Д) Үндістан мен Пәкістан
- Е) Иран мен Ирак

55. *Иран-Ирак соғысының себептері не?*

- А) Ислам әлеміндегі билікке талас
- В) Индостан түбегіндегі жерге талас
- С) Шатт Эль Араб өзеніндегі шекара сызықтарына талас
- Д) Иракта күрттерді қудалау
- Е) Ирандағы американдық миссионерлерді қудалау

56. *Беназир Бхутто қай мемлекеттің саяси лидері?*

- А) Ауғанстанның
- В) Түркияның
- С) Пәкістанның
- Д) Иранның
- Е) Индонезияның

57. *Қытайға қай мемлекет «21 талап» қойды?*

- А) АҚШ
- В) Германия
- С) Жапония
- Д) Корея
- Е) Вьетнам

58. *XX з. 30 жылдары Жапонияның сыртқы стратегиясы нені көздеді?*

- А) «Азияда жаңа тәртіп» орнату
- В) «Жаңа ұлттық құрылым» құру
- С) Социалистік елдерді жаулап алу
- Д) Қытайды жаулап алу
- Е) КСРО мен әскери одақ құру

59. *Ауғанстан қай жылы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды?*

- А) 1890 ж.
- В) 1919 ж.
- С) 1945 ж.
- Д) 1930 ж.
- Е) 1989 ж.

60. *Иранда исламның қай саласы насихатталған?*

- А) Сунниттік
- В) Шииттік
- С) Исламиттік
- Д) Бахавиттік
- Е) Ағартушылық

61. *Шри Ланка (Цейлон) экспортқа шығаратын өнімдерді атаңыз?*

- А) Кучук пен жүгері
- В) Бидай мен арпа
- С) Апиын мен дәнді дақыл
- Д) Жеміс-жидек
- Е) Шай мен кофе

62. *Хошемин коммунистік партиясы қай мемлекетте?*

- А) Қытайда
- В) Үндістанда
- С) Вьетнамда
- Д) Түркияда
- Е) Кореяда

63. *1919 ж. Египеттегі көтерілістің мақсаты?*

- А) Ұлттық тәуелсіздікті алу
- В) Феодализмге қарсы күрес
- С) Салық жүйесіне қарсы күрес
- Д) Жалақыны көбейтуге байланысты бас көтеру
- Е) Үкіметке қарсы толқулар

64. *1920-1923 жж. Алжирдегі көтеріліс қай мемлекетке бағытталды ?*

- А) Ағылшын отаршылдарына қарсы
- В) Француз отаршылдарына қарсы
- С) Испан отаршылдарына қарсы
- Д) Бельгия отаршылдарына қарсы
- Е) Италиян отаршылдарына қарсы

65. *Лаос қай мемлекеттің отары болды?*

- А) Франция
- В) Англия
- С) Германия
- Д) Голландия
- Е) Испания

66. *Үндістандағы «күш қолданбай қарсы тұру» қозғалысының мақсаты не?*

- А) Англияның отарлық заңдарына қарсы шығу
- В) Ұлттық тәуелсіздік үшін
- С) Экономиканы дамыту үшін
- Д) Халықтың мәдениетін көтеру
- Е) Ағылшын тауарына қарсы

67. *Маунтбеттен жоспары не үшін жасалды?*

- А) Үндістанға доминион статусын беру
- В) Үндістанды доминион статусымен екіге бөлу
- С) Үндістанды басқаруды қолға алу
- Д) Үндістанда отарлық тәртіпті күшейту
- Е) Үндістанға толықтай тәуелсіздік беру

68. *XX з. I ші жартысында Иран мұнайы қай мемлекеттің қолында болды?*

- А) АҚШ
- В) Франция
- С) Англия
- Д) Германия
- Е) Ресей

69. *1950 жылғы Кореядағы соғыстың себебі не?*

- А) КСРО мен АҚШ арасындағы шиеленіс
- В) Кореяның өз ішіндегі қайшылықтар
- С) Кореяның билеуші топтары арасындағы шиеленіс
- Д) Экономикалық жағдайға байланысты
- Е) Соғыстың аяқ асты басталуы

70. Израиль мемлекеті қалай құрылды?

- A) Тарихи жағдайлар салдарынан
- B) Халықтың шешімімен
- C) БҰҰ ның шешімімен
- D) Соғыстың салдарынан
- E) Одақтас державалардың салдарынан

71. Азат Палестина ұйымы қай жылы құрылды?

- A) 1949 ж.
- B) 1954 ж.
- C) 1956 ж.
- D) 1960 ж.
- E) 1964 ж.

72. 1990 ж. Ирактың Кувейтке соғыс ашу себебі не?

- A) Шығыста өз үстемдігін орнату
- B) Мұнай базаларын басып алу
- C) Қарыздарынан құтылу
- D) Тарихи территорияларын қайтарып алу
- E) Кувейтті жойып жіберу

73. 1979 ж. премьер-министр З.А.Бхуттоны не үшін өлтірді?

- A) Саяси төңкеріс салдарынан
- B) Парақор деп
- C) Мемлекетке қарсы саясат жүргізді
- D) Ұлттық мүддені қорғамады
- E) Сатқын деп

74. 1967 ж. АСЕАН-ның құрылу мақсаты не?

- A) Аймақтық одақ құру
- B) Аймақтық әскери одақ құру
- C) Аймақтық мәдени одақ құру
- D) Аймақтың әлеуметтік статусын көтеру
- E) Аймақта экономикалық байланыс орнату

75. Пхеньян қаласы қай мемлекеттің астанасы?

- А) Кореяның
- В) Оңтүстік Кореяның
- С) Солтүстік Кореяның
- Д) Шығыс Кореяның
- Е) Батыс Кореяның

76. Оңтүстік Корея Республикасында «Төртінші республика» қашан құрылды?

- А) 1972-1980 жж.
- В) 1972-1977 жж.
- С) 1972-1975 жж.
- Д) 1972-1985 жж.
- Е) 1972-1979 жж.

77. Қытайда «реформаның әкесі» деп кімді айтады?

- А) Дэн Сяопин
- В) Мао Цзэдун
- С) Чан Кайши
- Д) Сун Ятсен
- Е) Хо Цзинтао

78. Гонконг Қытайдың құрамына қай жылы берілді?

- А) 1995 ж.
- В) 1996 ж.
- С) 1997 ж.
- Д) 1998 ж.
- Е) 1999 ж.

79. «Ақ революция» реформасы қай мемлекетте болды?

- А) Иранда
- В) Иракта
- С) Египетте
- Д) Сирияда
- Е) Ливанда

80. I дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның Вьетнамдағы саясатының негізі?

А) Вьетнамның әлеуметтік-экономикалық дамуына көмектесу

В) Вьетнамның ауыр өнеркәсібін дамыту

С) Вьетнамның ауыл шаруашылығын көтеру

Д) Вьетнамды индустрияландыру

Е) Табиғи қазба байлықтарын пайдалану

81. 1920-1923 жж. Алжирдегі көтеріліс қай мемлекетке бағытталды?

А) Ағылшын отаршылдарына қарсы

В) Француз отаршылдарына қарсы

С) Испан отаршылдарына қарсы

Д) Бельгия отаршылдарына қарсы

Е) Италиян отаршылдарына қарсы

82. 1937 жылы ҚКП мен Гоминьдан арасындағы одақтың мақсаты не?

А) Біртұтас мемлекет құру

В) Ішкі бірлікке қол жеткізу

С) Жапонияға қарсы бірге соғыс жүргізу

Д) Экономиканы бірге дамыту

Е) Әлеуметтік жағдайды көтеру

83. 1941 ж. Жапония АҚШ-тың әскери базасына не үшін соғыс ашты?

А) АҚШ жеңу үшін

В) АҚШ-тың әскери күшін әлсірету үшін

С) Өзінің әскери күшін әлемге көрсету үшін

Д) Тынықмұхиты аймағындағы билікті басып алу үшін

Е) Германия мен Италияға көмектесу үшін

84. 1948 ж. Солтүстік Кореяның басшысы кім болды?

А) Юань Шикай

В) Ли Сын Ман

С) Ким Ир Сен

Д) Юн Бо Сон

Е) Сунь Ятсен

85. Пәкістанда М.Зия уль-Хак қандай билік орнатты?

- А) Азаматтық басқару
- В) Республикалық
- С) Әскери режим орнатты
- Д) Монархиялық билік
- Е) Абсолюттік билік

86. Сунь Ятсеннің құрған партиясы қалай аталады?

- А) Компартия
- В) Солшылдар партиясы
- С) Республикашылдар
- Д) Демократтар
- Е) Гоминьдан

87. 1926 ж. Ауғанстан КСРО мен қандай келісімге қол қойды?

- А) Наманган келісімі «Бір біріне соғыс аспау және бейтараптық туралы»
- В) Экономикалық байланысты дамыту келісімі
- С) Германияға қарсы бірігіп соғысу келісімі
- Д) Достық және келісім туралы
- Е) Жапонияға қарсы соғыс ашу келісімі

88. 1979 ж. наурызда Қытайда қандай реформа басталды?

- А) Әлеуметтік-экономикалық реформа
- В) Саяси-экономикалық реформа
- С) Аграрлық реформа
- Д) «Төрт модернизация» реформасы
- Е) Ешқандай реформа болған жоқ

89. 1951 ж. қыркүйекте болған «Сан-Франциско бейбіт бітімі» қай мемлекетке қатысты өткізілді?

- А) Германия
- В) Италия
- С) Болгария
- Д) Жапония
- Е) КСРО

90. Мұхаммед Реза-шах Пехлеви қай мемлекеттің басшысы болды?

- А) Түркияның
- В) Курдистанның
- С) Ауғанстанның
- Д) Иранның
- Е) Пакистанның

91. 1967 ж. маусымдағы араб-израиль соғысы қалай аталады?

- А) «Жеті күндік соғыс»
- В) «Алты күндік соғыс»
- С) «Сегіз күндік соғыс»
- Д) «Төрт күндік соғыс»
- Е) «Тоғыз күндік соғыс»

92. 1958 ж. 1 ақпанда құрылған Біріккен Араб Республикасының құрамына қандай мемлекеттер кіреді?

- А) Ливан және Иордания
- В) Палестина және Ливия
- С) Ауғанстан және Пакистан
- Д) Сирия және Египет
- Е) Сирия және Ливан

93. 1979 ж. шілде айында Иракта үкімет басына президент болып кім келді?

- А) Фейсал
- В) Нури Саид
- С) Х. аль-Бакр
- Д) Аль-Хусейн
- Е) Саддам Хусейн

94. Үндістандағы «сатьяграх» қозғалысы нені білдіреді?

- А) Британдықтарға қарсы соғыс ашу
- В) Пакистандықтарға қарсы күрес
- С) «Күш көрсетпей қарсы тұру»
- Д) Үкіметтің саясатына қарсы
- Е) Сыртқы саяси күштерге қарсы

95. Мохандас Карамчад Ганди қай мемлекеттің саяси қайраткері?

- А) Пакистанның
- В) Бангладештің
- С) Шри-Ланканың
- Д) Үндістанның
- Е) Индонезияның

96. Аманулла-хан қай мемлекеттің үкімет басшысы болған?

- А) Азербайжанның
- В) Ауғанстанның
- С) Пакистанның
- Д) Бангладештің
- Е) Үндістанның

97. Үндістанда «Неру дәуірі» деп қай жылдар аталады?

- А) 1947-1964 жж.
- В) 1947-1950 жж.
- С) 1947-1955 жж.
- Д) 1947-1970 жж.
- Е) 1947-1976 жж.

98. Үндістанда «Саймон комиссиясы» не үшін құрылды?

- А) Реформа жүргізу үшін
- В) Ағылшындармен байланыс орнату үшін
- С) Сыртқы саясатты бақылау үшін
- Д) Экономиканы жақсарту үшін
- Е) Жаңа Конституцияның жобасын жасау үшін

99. Қытайда Сун Ятсен қай жылы қайтыс болды?

- А) 1923 ж.
- В) 1924 ж.
- С) 1925 ж.
- Д) 1926 ж.
- Е) 1927 ж.

100. Оңтүстік Корея Республикасында «Төртінші республика» қашан құрылды?

- А) 1972-1980 жж.
- В) 1972-1977 жж.
- С) 1972-1975 жж.
- Д) 1972-1985 жж.
- Е) 1972-1979 жж.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАБЫ

№	Әріппен	№	Әріппен	№	Әріппен	№	Әріппен
1	С	26	Д	51	В	76	А
2	Д	27	А	52	С	77	А
3	В	28	Д	53	А	78	С
4	А	29	В	54	Д	79	А
5	С	30	Д	55	С	80	Е
6	В	31	А	56	С	81	В
7	Д	32	С	57	С	82	С
8	С	33	Д	58	А	83	Д
9	Е	34	С	59	В	84	С
10	Д	35	Д	60	В	85	С
11	В	36	А	61	Е	86	Е
12	В	37	А	62	С	87	А
13	В	38	Е	63	А	88	Д
14	С	39	А	64	В	89	Д
15	Е	40	Е	65	А	90	Д
16	Е	41	Д	66	А	91	В
17	Д	42	А	67	В	92	Д
18	Е	43	С	68	С	93	Е
19	Д	44	А	69	А	94	С
20	В	45	А	70	С	95	Д
21	Д	46	А	71	Е	96	В
22	С	47	А	72	С	97	А
23	В	48	Д	73	С	98	Е
24	С	49	А	74	Е	99	С
25	В	50	С	75	С	100	А

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Оқулықтар мен оқу құралдары

Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. М.: Наука, 1996.

Васильев Л.С. История Востока. Т. 2. М.: Высшая школа, 1994.

Крылов А.Б. Сепаратизм в странах Востока. М.: Наука, 1992.

Юрьев М.Ф. История стран Азии и Северной Африки после Второй мировой войны (1945-1990). М.: МГУ, 1994.

Трошин Ю.А. История стран Азии и Африки в новейшее время. М., 2004.

Родригес А.М. История стран Азии и Африки в новейшее время. М., 2009.

Новейшая история стран Азии и Африки в новейшее время. XX век. Часть 1,2,3. /Под ред. *А.М.Родригеса*. М.: ВЛАДОС, 2001.

История Востока. Т.УІ. Восток в новейшее время. М., 2010.

Новейшая история стран Азии и Африки. XX век. М., 2003

История Кореи. Т. 1-3. М., 1974.

История Вьетнама. М., 1991.

История Индонезии. Учебник для вузов. Ч. 1-3. М., МГУ, 1992-1993.

История Ирана. М., 1977.

История Курдистана. М., 1999.

История Афганистана. М.: Наука, 1982.

История Японии. Т. 1-3. М.: Наука, 1971.

Китайская Народная Республика. М., 1989

Деректер мен зерттеулер

Антонова К.А., Бонгард-Левин Г.М., Котовский Г.Г. История Индии. М., 1977.

- Бельский А.Г., Фурман Д.Е.* Сикхи и индусы: религия, политика, терроризм. М., 1992.
- Гопал С. Д.* Неру: биография. Т.1-3. /Пер с англ. М., 1989.
- Горев А.В.* Махатма Ганди. М.: Международная жизнь, 1989.
- Гусева Н.Р.* Индия: общество и традиции. М.: Знание, 1990.
- Плешова М.А.* Демократия в Индии: проблемы местного самоуправления. М., 1992.
- Празаускас А.А.* Этнос, политика и государство в современной Индии. М.: Наука, 1992.
- Белокреницкий В.Я.* Капитализм в Пакистане. История социально-экономического развития. М., 1988.
- Ганковский Ю.В., Гордон-Полонская Л.Р.* История Пакистана. М., 1961.
- Гордон-Полонская Л.Р.* Мусульманские течения в общественной жизни Индии и Пакистана. М., 1963.
- Пономарев Ю.А.* История Мусульманской лиги Пакистана. М., 1982.
- Еремин В.Н.* Политическая система современного японского общества. М.: Наука, 1992.
- Кузнецов Ю.Д.* и др. История Японии. М., 1988.
- Макаров А.А.* Политическая власть в Японии. М., 1988.
- Вербицкий С.И.* Япония в поисках новой роли в мировой политике. М., 1992.
- Шерман Ф.* Война на Тихом океане: авианосцы в бою. М., 1999.
- Мильнер Б.З.* Японский парадокс. М.: Мысль, 1995.
- Поспелов Б.В.* Отношения Японии со странами АТР: социально-экономические аспекты. М.: Наука, 1993.
- Ли Вл. Ф.* Россия и Корея в геополитике евразийского Востока. М., 2000.
- Мазуров В.М.* Антияпонская вооруженная борьба корейского народа. М., 1988.
- Первомартовское движение за независимость Кореи в 1919 г. М., 1999.

- Авдокушин Е.Ф.* Теоретические основы экономической реформы в КНР. М., 1990
- Владимиров О.С.* Советско-китайские отношения в 1940-1980 годы. М., 1984.
- Самбурова Е.Н., Медведева А.А.* Китай. М., 1991.
- Васильева В.Я.* Индокитай. М.-Л., 1947.
- Новакова О.В., Цветов П.Ю.* История Вьетнама. М., 1995.
- Беленький А.Б.* Идеология национально-освободительного движения в Индонезии (1917-1942 гг.). М., 1978.
- Цыганов В.А.* История Индонезии. М., 1993.
- Голубева Е.В.* Государственная бюрократия и политика: Индонезия, Филиппины 70-80-е годы. М., 1988.
- Уразова Е.И.* Экономика Турции: от этатизма к рынку. М., 1993.
- Поцхверия Б.М.* Турция между двумя мировыми войнами. М., 1991.
- Вольский Д.И.* Турция. М., 1994.
- Старченков Г.И.* Современная Турция. М., 1989.
- Агаев С.П.* Иран в прошлом и настоящем. М., 1981.
- Арабаджян А.З.* Иран: власть, реформы, революция. М., 1991.
- Иванов М.С.* Новейшая история Ирана. М., 1965.
- Иранская революция, 1978-1979: причины и уроки. М., 1989.
- Кляшторина В.Б.* Иран 60-80-е гг. От культурного плюрализма к исламизации духовных ценностей. М., 1990.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе.....	3
1-тарау. Шығыс елдері қоғамының негізгі даму бағыттары	5
§ 1. Жаңа кезеңдегі Шығыс қоғамындағы отаршылдық	6
§ 2. Ауыл және аграрлық шаруашылықтың капиталистік жолмен даму үрдістері.....	13
§ 3. Қала экономикасындағы буржуазиялық даму үрдісі.....	17
2-тарау. Қиыр Шығыс Азия елдері.....	20
§ 4. Жапония.....	20
§ 5. Корея.....	34
§ 6. Оңтүстік Корея.....	39
§ 7. Солтүстік Корея.....	44
§ 8. Қытай.....	47
3-тарау. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.....	67
§ 9. Вьетнам.....	67
§ 10. Индонезия.....	77
4-тарау. Оңтүстік Азия елдері.....	82
§ 11. Үндістан.....	82
§ 12. Пәкістан.....	93
5-тарау. Таяу және Орта Шығыс Азия елдері.....	102
§ 13. Түркия.....	102
§ 14. Иран.....	114
§ 15. Ирак.....	133
§ 16. Ауғанстан.....	140
6-тарау. Таяу Шығыстағы солтүстік африкалық елдері	155
§ 17. Египет.....	155
§ 18. Алжир.....	163

7-тарау. Тропикалық және Оңтүстік Африка елдері.....	173
§ 19. Екі дүниежүзілік соғыс аралық жылдардағы Африка..	173
§ 20. Африканың отарсыздануы.....	182
§ 21. Оңтүстік Африка Республикасы.....	187
Глоссарий.....	196
Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары...	205
Тест сұрақтары.....	208
Тест сұрақтарының жауаптары.....	228
Әдебиеттер тізімі.....	229

СМАНОВА АЙГУЛ МОЛДАЛИҚЫЗЫ

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ**

Оқу құралы

Редактор: Б.Е.Ахметова

Тех.редактор: О.А.Баимбетова

Компьютерлік қалыптаушы: Г.М.Тарпанбаева

Көркемдеуші: Ж.Т.Ортаев

Басуға 05.05.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/¹⁶.

Оффсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 14,6

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 95

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
баспаханасы.

050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй.